

Ж.Қ. Балтабаева, Е.О. Арын, Г.Ы. Әбдіраман

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы
11-сыныбына арналған оқулық

11

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2020

ӨОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Қаз-922
Б 22

Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10–11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

Шартты белгілер:



Балтабаева Ж. т.б.

Б 22 Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 11-сыныбына арналған оқулық/Ж. Балтабаева, Е. Арын, Г. Әбдіраман. – Алматы: Атамұра, 2020. – 256 б.

ISBN 978-601-331-762-5

**ӨОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Қаз-922**

ISBN 978-601-331-762-5

© Балтабаева Ж., Арын Е.,
Әбдіраман Г., 2020
© «Атамұра», 2020

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушылар! Міне, мектеп қабырғасында «Қазақ тілі» пәнінен алған білімдеріңді қорытындылап, жинақтайтын соңғы межеге де жеттіңдер. Он жыл бойы ана тілінің қадір-қасиетін сезіндіретін сан алуан тілдік құбылыстармен, заңдылықтармен танысып, қазақ тіл білімінің ғылыми негіздерінен хабардар болдыңдар.

Бұл сыныпта меңгеретін білімдерің осыған дейінгі білім-біліктеріңді жетілдіреді. Сендер нақты лексикалық тақырыптармен қатар, шешендік сөздің негізгі категорияларын – ойталқы, ойкөкпар, пікірталас, әңгіме және дөңгелек үстел, айтыс, көпшілік алдында сөйленетін сөздің ерекшелігі сынды шешендік шеберлікке қажетті дағдыларды оқып-үйренесіңдер. Лексикалық тақырыптар аясында берілген оқу мақсаттарына сай сөзді дұрыс қолдану шеберліктеріңді арттырасыңдар.

«Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – ойларыңды жүйелі, дәйекті, түсінікті етіп жеткізу, яғни коммуникативтік мүмкіндіктеріңді жетілдіру. Ал міндеті – шешен сөйлеудің шарттары мен қоғамдық-әлеуметтік мәні, тіл жұмсаудағы стильдің түрлері мен оны қолдану жолдары туралы ұғым бере отырып, сөз саптау тәсілдерін меңгерту.

Нақты тақырыптар шеңберінде берілген мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу, мәтін мазмұнын сыни тұрғыда бағалау, стильдің табиғатын меңгеру, мәтіндегі негізгі ойды анықтау, мәліметтер мен пікірлерді өңдеу, толықтыру сынды мақсаттар көзделген.

Оқулықтағы оқу материалдары қазақ тілінің шешендік өнер, сөз, пікірталас мәдениетіне қатысты теориялық тұжырымдармен ұштастырыла берілген.

Әдеби тіл нормалары мен мәтін мазмұнын тереңірек меңгерту мақсатында түрлі формада (жеке, жұптық, топтық) орындалатын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) тапсырмалар кешені дайындалған.

Әр бөлімнің соңында бөлім бойынша өткен материалды қорытуға және өзіңді тексеруге арналған тапсырмалар жүйесі де қарастырылды.

ОӘК-і оқулық және мұғалімдерге арналған оқыту әдістемесінен тұрады.

Ана тілінің ғажайып сөз байлығын, теңдессіз сөз оралымдарын, шешендік сырларын терең түсінуге ұмтылыңдар.

Сендерге сәттілік тілейміз!

Авторлар

1- бөлім

ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕСІ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨТКЕНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ

Шешендік сөздер Ойталқы. Ғылыми стиль

Бұл бөлімде сендер:

- қазақ халқының өткен тарихы мен бай салт-дәстүрі, мәдениеті мен құндылықтары жайлы мәлімет аласыңдар;
- шежіреге толы тарихи даму жолы мен жасампаздығы туралы білетін боласыңдар;
- дамудың даңғыл жолына түскен тәуелсіз қазақ елінің болашағы жайлы ой толғайсыңдар;
- ғылыми стильдің тілдік ерекшеліктерін меңгеріп, ойталқыға қатысуды үйренесіңдер.

1-сабақ КӨШПЕЛІЛЕР МӘДЕНИЕТИ

Ойтүрткі:

- Көшпелілер мәдениеті жайлы не білесіңдер?
- Көшпелілер мәдениетінің ерекшелігі неде деп ойлайсыңдар?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Үзіндіден негізгі ақпаратты анықтап және болжам жасап, қазақ тарихымен байланыстырып айтыңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Курсивпен берілген сөйлемдерді өңдеп, толықтырыңдар.

...Жабай сүйретіліп бекетке жеткенде мұнда түнеуге тоқтаған кірешілер өлі орналаспаған екен. Кең ауланың іші – ығы-жығы шана мен көлік, шаң-шұң жанжалдасқан адам. Бұл Игілік бекеті еді. Ұзын-ұзын үш шым үй салғызып, айналасын биік қарау қамыспен қоршатып тастапты. Аула осы ғана. Қыр басынан құлай түскен ұзын-ұзын шөп маялары тұмсықтарын осы кең ауланың төріне тірей тоқтапты. Бірнеше жерде кірмен өлшеніп, шөп сатылып жатыр. Керілдескен дауыстар да сол маңайдан басымырақ шығады...

Бұл даланың өмірінде дәлдік деген бір нәрсе әлі жоққа тән. Әр нәрсесі азды-көпті шамамен ғана танылады. Обал, күнә, артық, кем, намыс, кек, ар-қат дегендердің бәрі де олпылы-солпылы, кейде ебедейсіз асып түсіп, кейде шолтаңдап жетпей жатады. Сол мінезді далаға келген кір мен кез тіпті өрбітіп жіберді. Бұл далада еңбек, сауда, әділет, заң дегендердің де жайы осындай. Тіс кімде, құш кімде – бәрі соның қолында, таразы да –

сол. Бабалар заңы – әлі заң, ескірген сайын ардақтала түседі. Сондықтан кіреші сорлылар босқа дауласатын еді. Ел делініп, есепке алынбайтын көптің қолында наразылық қана бар.

Ғ. Мұсірепов. «Оянған өлке» романынан



Айтылым

3-тапсырма. Берілген пікірді дәйексөз ретінде алып, өз көзқарастарыңды айтыңдар.

Біз XV ғасырда «қазақ» деген ел болып біріккенімізді Ұлытаудың көк тасына қашап басқан ру таңбаларымен куәландырған ел едік. Бірігіміз, бір ел боламыз деп анттасқанымыз да сол, Конституциямыз да сол – тасқа басылған таңба!

Ғ. Мұсірепов. «Егемен Қазақстан» газетінен



Жазылым

4-тапсырма. Тілдік бірліктердің орфографиялық нормасына назар аударыңдар.

Ілімің бар екен, жаным...

Мұғал деген кісі жас Наурызбай бидің үйіне келіп, қонақ болып жатып, қайтарда айтқан екен:

– Ілімің бар екен, жаным,
Білімің әлдеқалай.
Қағуың бар екен, жаным,
Халқыңа жағуың әлдеқалай.
Айлаң бар екен, жаным,
Халқыңа пайдаң әлдеқалай.
Жорғалығың бар екен, жаным,
Халқыңа қорғандығың әлдеқалай.
Заттығың бар екен, жаным,
Халқыңа қымбаттығың әлдеқалай!

5-тапсырма. Мәтінді оқып, ғылыми стильге төн белгілерді түсіндіріңдер.

Көшпелі қазақтардың тұрмыс-салтын зерттеген беделді ғалымдардың бірі, орыс шығыстанушысы, профессор В.В. Григорьевтің ойынша, қазақтардың өміріне тереңірек үңілген сайын «керемет ерекшеліктері» жиі кездеседі.

Қырағы би-қазылардың әділ төрелігі кезеңінен кейін өмір сүрген бұрынғы және қазіргі ұрпақ қазақтардың парасат және саяси мәдениетінің нышанындай болған еңселі ата-бабасын мақтан тұтады.

Көшпелі қазақтар мен билер әділ сотындағы ең киелі түсінік – «Ар» ұғымы. Халық оны өмір заңдылығы деп қабылдап, «Малым – жанымның

садағасы, жаным – арымның садағасы» деген қағиданы ұстанған. Ана сүтімен берілетін бұл өсиетті былай да айтуға болады: «Мал сақтама, ар сақта». Бұл бұқаралық қағида би, хан және ақсақалдар сотының құқықтық нормативінде де көрініс тапқан: «Жігіттің құны – жүз жылқы, ары – мың жылқы». «Ардың» алғашқы иесі би деп есептелген: «Ханда қырық кісінің ақылы бар, биде қырық кісінің ары, білімі бар».

С. Зиманов. «Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі» еңбегінен

5.1-тапсырма. «El.kz» сайтынан көшпелілер мәдениетіне қатысты мәліметтер алып, таныстырылым дайындаңдар.

Ойталқы – белгілі бір мәселені арнайы жиылған топ алдында талқылау түрі. Мақсаты – өзекті мәселе төңірегінде әртүрлі көзқарастарды талқылай отырып, сол мәселені шешу мүмкіндіктерін қарастыру. Онда ортақ бір шешімге келу міндетті емес. Бірақ сол айтылғандардың негізінде бір түйін жасалады.

Ойталқыда ғылыми не қоғамдық тақырып төңірегінде пікірталастыру жүреді. Бір мәселе жөнінде ой, идея алмасатын адамдар тобының арасындағы таласты мәселе проблемалық сипатқа ие болады. Сондықтан оған қатысушыларға қорғануға да, қарсы пікір айтуға да ерік беріледі. Сөйлеушілердің оң немесе теріс пікір беруіне шек қойылмайды.

Белгілі бір мақсатты көздеп, арнайы тақырыптағы айтылатын ой талқылауға ұсынылу үшін, әрине, онда жеке адам баяндама жасайды.

Ойталқының түрлеріне ғылыми жұмыстарды, белгілі бір шығарманы талқылау жиындары жатады. Ойталқыға қатысушылар талқыланып отырған мәселе жөнінде өз еріктерімен сөйлейді. Талас диалог түрінде өтеді.

Төраға талқылауға ұсынылатын тақырыпқа қысқаша түсінік береді.

* * *

Ғылыми әдебиет тілінің ерекшеліктері

Ғылыми стиль адамның ең озық интеллектуалдық әрекетіне қызмет етеді. Бұл – адамның ғылыми ізденісін, зерттеу нәтижесін ауызша немесе жазбаша жеткізу мақсатында қалыптасқан стиль.

Ғылыми стильдің ерекше функционалдық міндеті бар:

- 1) ойды дәл, нақты әрі түсінікті етіп жеткізу;
- 2) ойды тұжырымды түрде хабарлау;
- 3) осы талаптарға жету үшін эмоция, экспрессия көп қолданылмайды.

Ғылыми стильде:

- 1) ғылыми ұғымдарды дәл атайтын терминдер жиі қолданылады;
- 2) үдерістерді, тұжырымды ойларды бір терминге түйіндеп айту негізгі тәсіл болады;
- 3) ойды үйреншікті, тұжырымды жеткізу мақсатында тұрақты үлгідегі сөйлемдер, сөз тіркестері жиі қолданылады;
- 4) сөйлемдердің мынадай құрылымдық түрлері көп жұмсалып, оған өзіндік ерекшелік береді:
 - а) баяндауыштары ауыспалы осы шақ формалы етістіктен жасалады. Мысалы: *Алюминий тез балқиды.*
 - ә) ырықсыз етіс тұлғасынан жасалған баяндауыштар көп жұмсалады. Мысалы: *Бидай құнарлы жерге егіледі.*

2-сабақ

МЕН ҚАЗАҚПЫН

Ой түрткі:

- Қазақстанның кеңестік дәуіріндегі тарихы жайлы білетіндеріңді айтыңдар.
- Арқа төсінде мыс өндірген ежелгі адамдар туралы не білесіңдер?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Автор идеясына сүйеніп, төмендегі талқылау сұрақтарына жауап беріңдер.

Талқылау сұрақтары:

1. «Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген» деген өлең жолын өз сөздеріңмен қалай түсіндірер едіңдер?
2. Осы поэманың жазылған уақыты жайында не айта аласыңдар?
3. Шетелдік қонақтарға қазақ ұлтын қалай таныстырар едіңдер?



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқып, берілген ақпараттарды БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік еңбектердегі деректермен салыстырыңдар. Сыныпта талқылаңдар.

Тарих қойнауына үңілсек, сонау ерте заманда-ақ адамдар Арқа төсінен мыс өндірген, сөйтіп, игілігіне жарата білген екен. Әрине, сүймен жеткен жер бетіндегі мысты сүзіп алғаннан артыққа барды деуге болмас. А. Дерев деген көпес 1901 жылы «Қоңырат» мыс кен орны жайында ресми түрде тұңғыш тілегін білдіріпті. Артынша «жолдан тайған періштелердің» – кәсіп иелері мен өндірісшілердің – саны әлденешеге жетіпті.

«Аңқау елге арамза молда» әр кезде-ақ болған. Жергілікті байлар аңызға желі ойнаған сар далаға бар-жоғы «атақонысым» деп қана қараған, сөйтіп, ауыз жарымайтын ақшаға сатып жіберіп отырған. Ал көктен іздегені жерден табылып жатқан ісмерлер сол кен орындарын пайдаланып, белшеден байлыққа батқан.

Революциядан кейін Балқаш өңіріне ашкөздене қараған, алты қырдың астындағыны алдын ала болжап білетін ағылшын кәсіпкері Лесли Урквартты ғана еске түсірелікші. Ол 1928 жылы Мәскеуге жазған хатында: «Сіздер маған қазақ даласын, Балқаш маңын және одан арғы жерді барлау жасауға мүмкіндік бермес пе екенсіздер? Бәрібір бұл жерлермен сіздер ең кемі 50, тіпті 100 жылдан кейін ғана айналысасыздар. Ал мен іздестірем едім. Бәлкім, бірдеңе тауып қалармын», – деп жазыпты.

Алайда ағылшын іскерінің сәуегейлігі сандырақ болып шықты.

Д. Қонаев. «Өтті дәурен осылай» естелік-эссесінен

3-тапсырма. Берілген пікірді басшылыққа алып, «Қазақ қандай халық?» тақырыбында сыныпта ойталқы ұйымдастырыңдар.

Қазақ деген ел – бостандықты, азаттық пен даланы, таза ауаны, таза суды, таза көгалды сүйетін халық.

Ф. Мүсірепов

4-тапсырма. Мақал-мәтелдерде берілген ойды түсіндіріп, пікірталас ұйымдастырыңдар.

Бірлік болмай, тірлік болмас.

Бірлік еткен озар,
Бірлеспеген тозар.

Байлық – байлық емес, бірлік – байлық.



Жазылым

5-тапсырма. Мәтінде берілген тілдік бірліктердің орфографиялық нормаға сай жазылуына назар аударыңдар. Мәтінге қатысты өз ойларыңды тұжырымдап жазыңдар.

Мына бір оқиғаны еске алмай кету мүмкін емес. 1955 жылы кеңестік Қазақстан тарихында тұңғыш рет республикамыз халықаралық деңгейде аса мәртебелі қонақты қабылдады. Есімі дүниежүзіне белгілі мемлекет қайраткерлерінің бірі, Үндістанның премьер-министрі Джавахарлал Неруді қазақ жері құшақ жая қарсы алды. Неру сол кезде-ақ

қоғамдық-саяси әлемге таныла бастаған сүйікті қызы Индира Гандиді ерте келген еді. Жер жүзінде саны жағынан да, тарихы жөнінен де, ұлы перзенттері санатынан да шоқтығы биік тұратын елдің аяулы азама-тына көрсетілген құрметтің жөні мүлде бөлек болды. Адамдар көшеге сыймай кетті. Жолына төселген гүлшоқтарында есеп жоқ еді. Ел ықыласына риза болған Неру: «Мейірім шуағы мол, пейілі кең халықтың перзенті болудан асқан бақыт жоқ. Бізде екі ұқсастық бар екен. Бірі – қарапайымдылықтарыңыз қалай аумаса, жасыл желекке оранған Алма-ты біздің Кашмирмен егіздің сыңарындай ма деп қалдым. Ғажап!» – деді.

Сол күндері қазақстандықтар республикамызды экономикалық жағы-нан нығайта отырып, өзіміздің ел ішінде қалай бедел жинай бастаса, халықаралық көлемде де сондай абыройға бөлене түскенін тұңғыш рет жете сезінген-ді.

Д. Қонаев. «Өтті дәурен осылай» естелік-эссесінен

6-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтіннен қарамен жазылған тілдік бір-ліктердің лексикалық мағынасын анықтап, орфоэпиялық нормаға сай айтыңдар.

3-сабақ

ШЕЖІРЕЛІ ҚАЗАҚСТАН

Ойтүрткі:

- «Егеменді ел болу» ұғымын қалай түсінесіңдер?
- Қазақ даласының тарихы мен шежіресі жайлы өз ойларыңды айтыңдар.



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Автор ойына қатысты талқылау сұрақтарын құрастырыңдар.



Айтылым

2-тапсырма. «Шежірелі Қазақстан» тақырыбында пікірталас ұйымдас-тырыңдар.



Оқылым

3-тапсырма. Мәтінді оқып, автордың ойын өз пікірлеріңмен толықтырыңдар.

Егемен ел туралы екі ауыз сөз

Туған жерді, туған елді сүйеге келгенде ақын шіркін алдына жан сала ма?

Қасым да, міне, ел дегенде елжіреп, жер дегенде еміреніп, айтарын айтты.

Енді дәл осы мағынада бір сөт біз ойланып көрелікші.

– Туған жер! – дейді Қасым.

Өрине, туған жері бар екені рас: алыс жүрсе, сағынатыны да туған жер; жақын келсе, табынатыны да туған жер.

Сонымен бірге:

– Отан, Отаным! – дейді Қасым.

Ал енді, Отаны бар ма Қасымның? Туған жері туған Отанына айнала алды ма?

Туған жердің тұтқасы Қасымның қолында болса ғана, ол Отанға айналар еді, бірақ о заман да бұ заман, Қасымның қолына тиіп көрді ме туған жердің тұтқасы?!

Тұтқа, тұтқа!..

Ойлап қараңыз!

Қазақ жерінің тұтқасы, қазақ елінің тұтқасы ғасырлар бойы жат қолында емес пе еді?..

Қасым енді Қазақ елін, туған жерін өзінің Қазақстанын қалай жырлаудың бабын таба алмай, көп қиналды.

3. Қабдолов. «Егемен ел туралы екі ауыз сөз» мақаласынан



Жазылым

4-тапсырма. Төмендегі дөйексөзді қолданып, «Тіршілік майданында сыналған ел» тақырыбында дискуссивті эссе жазыңдар.

Қазақ елі – өз мұңын өзі ойлап, өзі ізденіп, тіршілік деген кең майданда сыналған ел.

Ф. Мүсірепов



Айтылым

5-тапсырма. Өлеңді оқып, автор көзқарасына қатысты өз пікірлеріңді айтыңдар.

Дала мен тау

Бір жерімде ағыл-тегіл жауын көп,
Бір жерімде алай-дүлей дауыл көп.
Байтақпын деп мақтанбайды кең далам,
Мақтанады:
«Биік менің тауым!» – деп.

Сахарамдай сахара жоқ әлемде,
Сағынышты туған жермен ал емдеп.
Биікпін деп мақтанбайды тауларым,
Мақтанады:
«Байтақ менің далам!» – деп.

Қадыр Мырза Әлі.

«Таңдамалы туындыларының көптомдығы». 5-том



Жазылым

6-тапсырма. Мәтінді оқып, ғылыми стильге тән белгілерді түсіндіріңдер. Терминдер мен ұғымдарды теріп жазыңдар.

Алаш қозғалысының серкелері «Оян, қазақ!» формуласымен түйінделген ұлттық идеяның мазмұны мен пішінін, көздеген нәтижелерін, нақты іс-қимыл бағыттары мен идеологиясын қасаң қағидаға айналдырмаған. Қайта шығармашылықпен жетілдірген, толықтырған. А. Байтұрсыновтың осы рухта жазған «Маса», «Қырық мысал» кітаптары, Ө. Бөкейхан шығармалары зор беделге ие болды. «Айқап», «Қазақ» сынды газет-журналдар, қазақ кітаптары бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыруға, ұлттық тұтастықты сақтауға баға жетпес үлес қосты. Алашшылар империядағы және өлкедегі, тіпті әлемдегі өзгерістерге сай ұйымдастырған іс-әрекетпен, қайраткерлікпен халқының жүрегі мен санасын билеп алды. Оқу, білім, жер, келімсектер, ұлт, дін, әйел теңдігі, билік, әділдік мәселелері алғашқыда қазақты ояту мақсатында көтерілсе, империядағы дағдарыстың асқынуымен дербес мемлекет құру мүмкіндігімен шендестірілді. Қысқасы, қоғамдық сана мен саяси мәдениеттегі бетбұрыс ұлттық идеяға жеткізді, соңғысы өз кезегінде миллиондардың тағдырына ықпал етті. Осы үшін де қапысыз анықталған ұлттық идеяны ұлы идея ретінде ұлықтауға негіз бар.

Х. Әбжанов. «Алаш қозғалысындағы ұлттық идея эволюциясы» мақаласынан

4-сабақ

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰЫ АСТЫНДА

Ойтүрткі:

- Қазақ халқы тәуелсіздікке жету жолында қандай нәубеттерді басынан өткерді?
- Тәуелсіздік даңғылына түскен елдің болашағы жайлы ой қорытыңдар.

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, оқиғаның қалай аяқталатынын болжаңдар.

Айтылым

2-тапсырма. Қазақстан тарихына қатысты өздеріңді толғандыратын мәселелер бойынша талқылау сұрақтарын құрастырыңдар.

Оқылым

3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтіндегі терминдер мен ұғымдарды түсіндіріңдер. Айтылған пікірлерді толықтырыңдар.

«Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» дейді қазақ. Елу жыл түгілі азаттықтың таңы атып, тәуелсіздіктің көк байрағы желбіреген жеті жылдың ішінде-ақ қоғам жаңарды: ...мемлекеттікті қалыптастыру үдерісі басталды; қаланың келбеті, халықтың ой-санасы, тұрмыс-тіршілігі, әрекеті бүтіндей өзгерді; жаңа қоғам, жаңа заман, жаңа болмыс келді; тарих, әдет-ғұрып, салт-дәстүр жаңғырды; еркіндікті, демократияны сезінген жұрттың тілі шықты; тіліміз шығып тұрғанда сөйлеп, қолымыздан келіп тұрғанда істеп қалайық дедік; берік ішкі-сыртқы саясат қалыптасты; ынтымақ-бірлік орнықты; толып жатқан партия, қозғалыстар өмірге келді; Алматыда адамнан мәшине көбейді, шүкір, мейрамхана, той көбейді; Қазақстанды әлем таныды, Елбасының жер дүниедегі ықпалы артты.

*М. Жолдасбеков.
«Шың мен шыңырау» кітабынан*

Жазылым

4-тапсырма. Суреттерге қарап, «Рухани жаңғыру – ұлт болашағы» тақырыбында сипаттама эссе жазыңдар.





5-сабақ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Ой түртікі:

- Ұлттық құндылық дегенді қалай түсінесіңдер?
- Қазақ тарихына шолу жасаңдар.
- Атамекеннің құдіреті туралы ой толғаңдар.



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Берілген ақпараттарды өз білімдеріңе сүйеніп толықтырыңдар.



Айтылым

2-тапсырма. Тыңдалым материалы бойынша талқылау сұрақтарын құрастырыңдар. Автор көзқарасын қазақ тарихымен байланыстырып айтыңдар.



Оқылым

3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Берілген пікірлерге сүйене отырып, негізгі ойды анықтаңдар.

Баяғыда бір саяси басшы: «Домбырамен коммунизмге баруға болмайды», – деп келте пікір айтса, біз бүгін домбыраға қобызды қосып, Қорқыт философиясын шындыққа айналдырып, телегей теңіздей мол мұрамызды заманымыздың өркениет көшіне қосып отырмыз. Тіптен кеңестік заманның өзінде-ақ қазақтығымызға керемет жарнама жасаған екі тұлғаны қалайша атамасқа, бірі – «Ленинградтық өренім» деген толғауымен қазақ халқының ұлы қасиеттерін әлемге паш еткен жырау Жамбыл болса, екіншісі – бір өзі ғылым академиясы болған ғалым Қаныш Сәтбаев. Шындық қандай ілімнен болсын биік. Нақтылы өзі

ғұмыр кешкен шындықты кемеңгер Мұхтар Әуезов те «Өскен өркен» романында ашық баяндап еді. Бұл роман социализм емес, сол заман шындығының көркем шежіресі, ол сонысымен құнды. Сонымен бірге бұл роман – қазақы болмысты сырт көзбен қараудың әрі талқыға салып, салмақтаудың үздік үлгісі. Бұл жайлар – қилы-қилы замандарда қазақтығымызды жойып, жоғалтып алмағанымыздың куәсі.

Ғ. Есім. «Егемен Қазақстан» газетінен



Жазылым

4-тапсырма. Мәтінде берілген ақпараттарды қолданып, «Бүгінгі қазаққа керегі – қасірет емес, қасиет» тақырыбында дискуссивті эссе жазыңдар.

Абайдың бір өлеңі

«Парасат» демекші, мен қазаққа бәрінен бұрын парасат байлығын тілеймін. Ол үшін әр қазақ басқаны қойса да, бір ғана Абайды біліп, ең болмаса оның бір өлеңін – «Қалың елім, қазағым, қайран жұртын» ұғып, тереңіне бойлап, түсініп, Құранның сөзіндей жаттап алса екен. Жаттап қана қоймай, күнде таңертең ұйқыдан ояна бере дұғадай қайталап, өзінің иманына айналдырса екен. Сонда ол өзіне кез келген пендеде бола бермейтін кереметтей кемел парасат дарытып, өзгелерді де парасатсыздықтан арылтуға қызмет етер еді.

Парасат – қасиет, парасатсыздық – қасірет. Бүгінгі қазаққа керегі – қасірет емес, қасиет!

З. Қабдолов. «Абайдың бір өлеңі» мақаласынан



Жазылым

5-тапсырма. Мәтінді оқып, ғылыми стильге тән белгілерді түсіндіріңдер. Терминдер мен ұғымдарды теріп жазыңдар.

Әлемдік тарихи үрдістің объективті логикасы арқылы адамзаттың өткен, қазіргі және болашақ дамуына ортақ мағына беретін, нақты стандарттармен қамтамасыз ету – бүгінгі күні алда тұрған өзекті мәселе. Адамзат жаһандық өтпелі дәуірде индустриалды кезеңнен әлемнің постиндустриалды дамуына өтуде. Бүгін біз 2050 жылы әлем қалай болатынын ойлауымыз керек шығар.

Бүгінгі таңда әлемдік қауымдастық алдына өркениетті басқарудың және әлемдік үрдістерді реттеудің жаһандық жүйесінің қажеттілігі жөніндегі мәселені қоюдың уақыты келді. Бұл – экономикалық және саяси шешімдердің жаһандық жүйесін жасау деген сөз.

Жалпы әлемнің болашағы, өркениеттің дамуы рухани және интеллектуалды лидерлердің қарым-қатынасына, олардың өзара түсінісушіліктеріне байланысты болмақ.

О. Сәбден. «Абай және қазақ елінің болашағы» еңбегінен

6-сабақ

АЛТЫН ҰЯҢ – ОТАН ҚЫМБАТ

Ойтүрткі:

- «Алтын ұям – Отаным» ұғымы сендерге қаншалықты қымбат?
- Абайсыз қазақ қоғамы қалай өмір сүрер еді?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Толғауда айтылған ойды жалғастырып, «Отан» деген тақырыпта ой толғаңдар.



Айтылым

2-тапсырма. Өлең идеясына сүйене отырып, өз жұптарыңа «Туған жер» деген тақырып бойынша сұрақтар дайындаңдар.



Оқылым

3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Автор еңбегін сілтеме ретінде ала отырып, мәтіннің тақырыбы мен идеясын түсіндіріңдер. Төмендегі кестені толтырыңдар.

...Сондай-ақ Абайсыз баратын жаңа ғасырда да, Абай парасатын еркін баурап, сана-сезіміне терең сіңіріп алмай тұрып, жаңа ғасырға құр далақтап, дабырамен баратын даңғыра қазақта да қандай қасиет бар?

Абай не деп еді:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
 Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
 Жақсы менен жаманды айырмадың,
 Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.

Демек, осы өлеңнің әр сөзін әр қазақ тек өз ішінен өзінше байыптап, содан соң бар қазақ біріге пайымдап, бәріне ортақ бір тұжырымға келіп, бірегей түйін түйіп, ынтымағы мықты бір ұжым болып бірлескен іс-әрекетке, қимыл-қарекетке көшуі шарт.

Абай ащы да болса ашық айтқан тағылықтан, мәңгүрттіктен, қырттықтан арылтып, құлдық құрсауын үзіп, егемен елдікке келу – кемел ақылға, сара санаға кенелу.

Парасат байлығы деген осы. Қазаққа тек осы байлық – парасат байлығы ғана керек. Өзге байлықтың бәрі өзінде – елінде, жерінде – тұнып тұр.

З. Қабдолов. «Абайдың бір өлеңі» мақаласынан

Мәтіндегі негізгі ойды анықта	Айтылған мәселені тауып, баға бер	Мәліметтер мен пікірлерді жіктеп, қайта өңдеп жаз



Айтылым

4-тапсырма. Мәтіндегі терминдер мен ұғымдарды анықтап, олардың қолданылу ерекшелігін түсіндіріңдер. Орфографиялық норманың сақталуына назар аударыңдар.

...Төраға одан соң былай жалғастырды:

«... Кеңес мүшелері атынан Қазақстан Республикасын Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке қабылдауға Бас Ассамблеяның кепілдеме беру туралы шешімін хабарлап, құттықтаудың құрметі маған тиді.

Бұл шын мәнінде тарихи оқиға болды. Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылдануы және оған тиісті міндеттемелердің барлығын орындауы әлемде соңғы бірнеше айда болған оңды өзгерістерді нығайтуға көмектеседі. Қазақстанның саяси және экономикалық дамуы баршаға белгілі. Мен Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы жұмысының барлық саласына өз үлесін қосатынына күмәнданбаймын.

Кеңес мүшелері Қазақстан бейбітшілік сүйгіш, көрсетілген міндеттемелерді орындай алатын және оған өзін мемлекет ретінде БҰҰ-ның Жарғысы мен принциптерін жүзеге асыруға белсенді ықпал етеді деп санайды.

Біз Қазақстанның ортамызда, Біріккен Ұлттар Ұйымында болғанына қуаныштымыз».

А. Арыстанбекова. «Ұлттар Ұйымы және Қазақстан» кітабынан



Жазылым

5-тапсырма. «Жаһан таныған Қазақстан» тақырыбында дискуссивті эссе жазыңдар.

 **Айтылым**

6-тапсырма. Суреттерге қарап, «Қазақстан өлемдік аренада» тақырыбында ойталқы ұйымдастырыңдар.



7-сабақ

ҚАЗАҚСТАН – ӨЛЕМ НАЗАРЫНДА

Ойтүрткі:

- «Қазақ жері – ата-баба аманаты» тақырыбы бойынша өз ойларыңды айтыңдар.
- Өлемдік деңгейде танылып келе жатқан Мәңгілік Елдің келешегіне болжау жасаңдар.
- БҰҰ мен Қазақстанның арасындағы қарым-қатынас туралы пікір алмасыңдар.

 **Тыңдалым**

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Автор ойын қазақ тарихымен байланыстырып, өз пікірлеріңді айтыңдар.

 **Айтылым**

2-тапсырма. Тыңдалым мәтінде берілген өлең мазмұны бойынша талқылау сұрақтарын құрастырыңдар.

2-5185

 **Оқылым**

3-тапсырма. Мәтінді оқып, берілген мәліметтерді БАҚ т.б. дереккөздер арқылы сілтеме жасай отырып толықтырыңдар. Пайдаланылған әдебиеттердің шыққан жылын, атауын, үзінділердің бетін көрсетіңдер.

Ерекше атап өтерім, тіпті 1990 жылдардың басындағы елеулі экономикалық қиындықтарға қарамастан, Қазақстан БҰҰ-ға жарнаның қажетті бөлігін әрдайым төлеп отырды. Осы жылдар аралығында ТМД елдері ішінде Қазақстан ғана Ресеймен қатар Бас Ассамблеядағы дауыс беру құқығынан айырылған жоқ. Бұл БҰҰ-дағы Қазақстанның орнын айқындай түсті.

Біздің еліміз біртіндеп Біріккен Ұлттар Ұйымындағы өз жағдайын жақсартты.

1994 жылы Қазақстан ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарға пайдалану жөніндегі Комитетке мүшелікке қабылданды. Ол үшін екі жыл толассыз жұмыс атқарылды, сансыз кездесулер мен кеңес отырыстары өткізілді. Біздің еліміз БҰҰ-ға өте салысымен, мен бұл жайтты Комитеттің төрағасы, Австрияның БҰҰ жанындағы елшісі П. Хохенфельнердің құзырына ұсынғанмын.

Мәжілістердің бірінде мен делегацияларды Қазақстанды қолдауға үгіттеп отырып: «Біз бұл мәселені талқылап жатқан уақытта қазақ ғарышкері Талғат Мұсабаев бірлескен экипаж құрамында ғарышта ұшып жүр», – дедім. Сөйттім де төбеге қарадым, бүкіл зал да сонда төбеге қарасын. Біз, әрине, Талғатты көре алмадық, бірақ мұның өзі оларға қатты әсер етті.

А. Арыстанбекова. «Ұлттар Ұйымы және Қазақстан» кітабынан

 **Жазылым**

4-тапсырма. Төменде берілген пікір бойынша өз көзқарастарыңды білдіріп, талдау жазыңдар.

Өз тарихын өздері жасайтын елдер бар, тарихи өсу-өшуі басқа елдің қолында болған елдер бар.

Ф. Мүсірепов

 **Айтылым**

5-тапсырма. «Ғарышты игерген Қазақстан» тақырыбында пікірсайыс ұйымдастырыңдар.

8-сабақ

ҚАЗАҚ РЕНЕССАНСЫ

Ойтүрткі:

- «Жерұйық» ұғымының мәнін қалай түсінесіңдер?
- Алашорда қайраткерлерінің еңбектері жайлы айтыңдар.
- Ұлт азаттығы үшін арпалысқан ерлердің түпкі мақсаты қандай еді?



Тыңдалым

1-тапсырма. Өлеңді тыңдап, алған әсерлерің жайлы айтыңдар.



Айтылым

2-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріп, өз туған жерлерің жайында сыныптастарыңмен пікірсайыс ұйымдастырыңдар.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. «Кең дала» тіркесі қандай ойды білдіреді?
2. Ақынның туған жерді «алтын бесікке» теңеуінде қандай сыр бар деп ойлайсыңдар?
3. «Мен де аямай барым саған беремін...» деген жолдан қандай қорытынды жасауға болады?
4. Еліміздің бүгінгі даму жолына қандай баға берер едіңдер?



Оқылым

3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Берілген деректер мен мәліметтерді жіктеп, өз білімдеріңе сүйеніп толықтырыңдар. Төменде берілген кестені толтырыңдар.

Қазақ ренессансы

...Қазақстан Республикасы – өзінің тарихында «алтын ғасырлары» болған, яғни тарихи-мәдени, саяси құндылықтары болған мемлекет. Соның ең бастысы – XVI ғасырдың орта тұсында қазақтардың өз мемлекетінің болғандығы, ол тарихта «Қазақ ордасы», «Қазақ хандығы» деп аталған. Халқымыз үш ғасырдан аса дербес мемлекет болып өмір сүрген. 1822 жылға дейін қазақ халқының хандық дәуірі салтанат құрды. Қазақтардың саяси топтасуына Асанқайғы есімімен байланысты айтылатын Жерұйық идеясы ұлттық негіз болды. Бұл – ұлттық идеяның тарихи алғашқы формасы. Қазақтар мемлекеті осы идеядан бастау алды. Халық бұдан бес ғасыр бұрын айтылған Жерұйық идеясын сақтап, осы заманға жеткізіп қана қоймай, оған өріс ашты. Ұлттық идеяның келесі тарихи формасы Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсыновтар бастаған зиялылар тобы көтерген «Алаш» ұраны болатын.

Ғ. Есім. «Егемен Қазақстан» газетінен

№	Негізгі ой	Мәліметтер	Пікірлер	Менің ойым	Тұжырым
1.					
2.					
3.					
4.					
5.					

4-тапсырма. Мәтіндегі тілдік бірліктердің орфографиялық нормаға сай жазылуына назар аударыңдар.

Қазақ ренессансы дәл 1991 жылдан басталған жоқ, ол идея Қазақ хандығы тарқаса да, халық саяси бас еркінен айырылса да өшпеген. Оның айғақты нышандары Исатай–Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілісінен, Кенесары ханның елдікті сақтау мақсатындағы жорықтарынан, 1916 жылғы Амангелді, Бекболат сынды батырлардың әрекеттерінен көрінді. Қазақ даласында ұлт-азаттық мазмұнда көптеген көтеріліс ошақтары болды.

Айтпағым, сол замандарда болған құрбандықтардың, азаттық, елдік үшін қантөгістердің бәрі еш кетпеді, олар қазақтың түптің түбінде жаңғырып, түлейтін заманына қосылған айрықша бастаулар, оқиғалар еді. Соның бәрі ХХ ғасырдың соңында қазақ болмысының жаңа заманын ашты, ол 1986 жылғы Желтоқсан қозғалысы болатын.

Ғ. Есім. «Егемен Қазақстан» газетінен



Айтылым

5-тапсырма. Сызба бойынша «Қазақтың жұлдызы жанатын ғасыр» тақырыбында пікір алмасыңдар.



БӨЛІМДІ ҚОРЫТЫНДЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР



Айтылым

1-тапсырма. Мәтін не туралы екенін айтыңдар. Әдебиеттану терминдерін тауып, дәптерге жазыңдар.

Эпикалық образ – кескін-кейпі, мінез-құлқы, іс-әрекетімен тұтас көрінген, әрі толық жинақталған, әрі әбден дараланған тип. Портрет пен мінездеу, диалог пен монолог, түрліше сезімдер мен қаракеттерді суреттеу секілді көркем бейне жасаудың көп-көп амал-тәсілдері әсіресе эпикалық образ үшін керек. Өйткені мұнда адамның түр-түсін де, ішін де, ісін де кең суреттеп, мол көрсетуге, терең әрі жан-жақты танытуға мүмкіндік бар. Оған эпикалық шығарманың өрісі де, құшағы да еркін жетіп жатыр.

Оқырман эпикалық образдың тек түсін танып қана қоймайды, оның ішін де білгісі келеді. Бұл ретте эпикалық жанр оның мінез-құлқын асықпай, ашып танытуға, ойын, сезімін, тіпті сөз мәнері мен сөйлеу машығына дейін оқырман алдына жайып салуға мүмкіндік береді.

З. Қабдолов. «Сөз өнері» еңбегінен



Жазылым

2-тапсырма. Төмендегі мәтіннен ғылыми терминдерді тауып, мағынасын түсіндіріңдер. Қай ғылымға тән екенін ажыратыңдар.

Идиомалардың тағы бір ерекше белгілерінің бірі – олардың көнелігі. Сөздер тізбегі идиома болу үшін көп замандар керек. Оның құрамындағы сөздер мүлде дерексізденіп, өзінің негізгі лексикалық мағынасынан алшақтауы осындай ой туғызады. Мақалдар сол қалпында өзгермей, басқа сөздермен арасына «де» («деп», «деген», «дегендей») етістігі дәнекер болып қолданылады. Ал идиомалар морфологиялық өзгерістерге түседі, бірақ олардың синтаксистік тиянақтылығы ешбір өзгермейді. Морфологиялық әрі синтаксистік беріктігі бірдей идиомалар да бар, бірақ олар көп емес. Идиомалар тұтас бір ғана ойды білдіруіне орай көбіне бір сөздің орнына жүреді.

Идиомалар мен фразалардың тағы бір ерекшелігі – біразының дыбыс үйлесімі болуы.

Ө. Айтбайұлы. «Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары» еңбегінен

 Оқылым

3-тапсырма. Мәтінді оқып, ғылыми терминдерді табыңдар. Қай ғылым саласына тән екенін анықтаңдар.

Күн – Жерге жақын болғандықтан, жеткілікті түрде толық зерттеуге болатын жалғыз жұлдыз. Бұл – диаметрі жүз мың жарық жылдамдығына жуық Біздің Галактикадағы екі жүз миллиард жұлдыздың бірі, ең қалыпты жұлдыз. Күн басқа жұлдыздардың ішінде өзінің өлшемі, температурасы бойынша ерекшеленбейді; бұл – бас тізбектегі қарт ергежейлі жұлдыз.

Біз Күннің ішкі құрылысын тікелей бақылай алмаймыз. Сондықтан бізге оның тұрақтылығы туралы болжамды қабылдап, жарық күшінің қасиеттері уақыт бойынша айтарлықтай өзгермейді деп есептей отырып, саналы болжам жасау ғана қалады. Бұл гипотеза геологиялық және палеонтологиялық мәліметтермен айғақталады. Ол мәліметтер бойынша Күннің жарқырауы соңғы 2-3 млрд жыл ішінде айтарлықтай өзгерген жоқ.

«Oyla» журналынан

4-тапсырма. Мәтінді абзац пен бөліктерге бөліңдер. Ой желісін, ақпараттардың жүйелі жалғасуын реттеу үшін логикалық түзетулер енгізіңдер.

...Халық жасаған мәдениет үлгілерінің, ол шұғылданған кәсіптердің, табиғат дүкенінен өзіне керегін ала білуден туған ой-қиял айшықтарына, көркемдік нақышқа ие болған кестешілдік, оюшылдық, зергерліктен туған бұйымдардың және сынтас өнері мен сәулет өнерінің алғашқы үлгілерінің образды мүсіндеуге тиер септігі орасан зор.

Аспан шырақтарын, құстар дүниесін, гүлдің түрлерін, аңның денесін, ізін, құрт-құмырсқалардың, қару-жарақтардың суреттерін тасқа түсірумен айналысқан «қазақтың ертегі, жыры қандай сұлу, қызықты болса, оның ағашқа, матаға, киізге, темірге, сүйекке, шыныға тағы басқаларға түсірген ою-үлгілері де сондай қызықты болған».

Арғы бабаларымыз темір балқытты, шаһар тұрғызды, егін өсірді. «Көшпелі тайпалар мекендеген аймақты Геродот алтын және мысқа толы өлке, көшпелі скиф тайпаларының ойлап тапқан бір ғажабы темір рудаларын балқытудың құпиясын табу деп таныған».

Айталық, қисапсыз жұлдыздарға көңіл аударып, бір орыннан қозғалмайтын жұлдыз тауып, оны «Темірқазық» деп атады. Бұл – көңіл жітіліктің, көз қырағылықтың белгісі. Сапар шексе, Темірқазықты маңдайына алып, оң иығына немесе сол иығына келтіріп, қараңғы түн құшағында қалаған жағына қарай жүре беретін болған.

Жұлдыздың көп ағуына қарай, таңның атуға таяу қалғанын сезсе, Таразының тууынан егіннен мол өнім алатын кезді білді. Қоңыржай

күзді Сүмбілеге (Сириус) қарап айырды. Үркер тас төбеде тұрса, қыстың, еңіске құласа, жаздың, тіпті көрінбей кетсе, шілденің белгісі екенін аңғару – халықтың сонау ерте заманның өзінде аспанға қарап, мерзімді, уақытты бұлжытпай тани алатын болғандығының куәсі.

Олар жұлдыз ғылымымен айналысты. Аспан шырақтарының құпиясына құмартып, шаншыла көз тікті. Міне, адамзат ұрпағының осындай игі қадамдары олардың ойын, сезімін, қимылын, түйсігін қанағаттандыра, қуаттандыра, байыта түсті.


Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі жөнінде жазған еңбегінде А.И. Левшин: «Бір сөзбен айтқанда, олар аспанға еуропалықтардың қалтасындағы сағатына қарағанындай қарайды», – деп жазды.

Ал халықтың Шолпан жұлдызы жөніндегі байламы да қызық. Ол күзде таң алдында туса, қыс жұмсақ болады деген болжам айтысады. Сондықтан Шолпан жөнінде эмоциялық жылылықпен жырлайды.

С. Негимов. «Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі» еңбегінен

Жазылым

5-тапсырма. «Ғылыми әдебиет» сөзжұмбағын тіл білімі саласының термин сөздерімен толтырыңдар.



Тест тапсырмалары

1. «Стиль» сөзі қай тілден енген, білдіретін ұғымы:

- a) латын тілі, таяқша – әдемі сөйлеу
- b) орыс тілі, жазу өнері
- c) араб тілі, жазу – әдемі жазу
- d) грек тілі, жазу – әдемі жазу
- e) грек тілі, таяқша – әдемі сөйлеу

2. Қарым-қатынастың ресми түрін атайтын сөзді көрсетіңдер:

- a) сөйлеу тілі
- b) кітаби тіл
- c) жазба тіл
- d) ауызекі тіл
- e) әдеби тіл

3. Қарым-қатынастың бейресми түрін атайтын сөзді көрсетіңдер:

- a) сөйлеу тілі
- b) әдеби тіл
- c) жазба тіл
- d) ауызекі тіл
- e) кітаби тіл

4. Ғылыми стильге тән баяндау үлгісін табыңдар:

- a) сөйлемдер публицистикалық сипатта болады
- b) сөйлемдер ықшам, әдеби мағынасы кең болады
- c) сөйлемдер ықшам, түсінікті
- d) қарапайым, өздерінің негізгі, тура мағынасында қолданылады
- e) ресми мағынада болады

5. Ғылыми тілге тән белгілерді атаңдар:

- a) сөз баяндау түрінде болады
- b) сөз желісі логикалық жүйеге бағынады, өзара бірімен-бірі байланысты арнаулы ақпараттар баяндалады, сөз сипаттау түрінде болады
- c) сөз желісі тек логикалық жүйеге бағынады
- d) сөз тек сипаттау түрінде болады
- e) тек қана арнаулы ақпараттар баяндалады

6. Ғылыми баяндауларда сөздердің орын тәртібін көрсетіңдер:

- a) стихиялы
- b) психологиялық ойлауға негізделеді
- c) нақты, жүйелі
- d) нақты емес, жүйесіз
- e) әдеби тілдегідей көркем

7. Ғылым мен техника салаларында терминге айналған күрделі атауды табыңдар:

- a) адвокат, доктор
- b) ұлтабан, аққайран
- c) жанкүйер, қылқалам
- d) тілхат, жарыссөз
- e) автомәшине, өлкетану

8. «Жұмыс жасау» тіркесінің білдіретін ұғымы:

- a) тұрмыстық
- b) ғылыми
- c) әдеби
- d) құқықтық
- e) саяси

9. «Шаршыгүлділер тұқымдастары» тіркесі қолданылатын ғылым саласы:

- a) география
- b) тарих
- c) биология
- d) зоология
- e) анатомия

10. «Айнымалы ток» тіркесі қолданылатын ғылым саласы:

- a) математика
- b) география
- c) химия
- d) қазақ тілі
- e) физика

11. Тұрмыстық ұғымды білдіретін сөзді табыңдар:

- a) тұщысу гидрасы
- b) ішекқуыстылар
- c) өзекшелер
- d) киіз қалпақ
- e) құлақты медуза

Шешендік сөздер

Ойкөкпар. Публицистикалық стиль

Бұл бөлімде сендер:

- жастарға артылар үміт пен тәрбие жөнінде;
- еліміздегі жастар мәселесі мен білім беру туралы;
- ұрпақтар сабақтастығы жайында білесіңдер;
- публицистикалық стильдің тілдік ерекшеліктерін меңгеріп, ойкөкпарға қатысуға машықтанасыңдар.

1-сабақ

Жүрегі жылы, бойы – құрыш

Ой түрткі:

- «Жүрегі жылы, бойы – құрыш» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Абайдың пікірінше үлгілі жас қандай болуы керек?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Берілген ақпаратты әлемдік деңгейде таны-мал болған қазақстандық өнерпаздар мен талантты жастар туралы мәліметтермен салыстырыңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтіндерді оқыңдар. Олардың құрылымын, тілдік ерекшеліктерін салыстырып талдаңдар.

Абай қанша өмірден түңілсе де, қаншама үміті үзіліп, сарсаң күйге түссе де, қазақтың болашағынан күдер үзіп көрген жоқ. Жеке басы ел билеуден, мал бағудан, сопылық қылып дін бағудан, бала өсіруден тіпті ғылыммен айналысудан бас тартқаны рас, бірақ бұл бастартулар ұлы таңдауға алып келді. Ұлы таңдау, мәңгілікті таңдау – ақ қағаз бен сия!

Сол ақ қағаз бен қаламның қуатымен ақын қазақтың болашағын меңзеп қана қойған жоқ, нақты жобасын жасап кетті. Осы нақты жобаның бірі де бірегейі – Әбдірахманның образы. Ол оны жайдан-жай «жаңа жылдың басшысы» атандырып отырған жоқ, «жаңа жылы» – қазақ қоғамының жаңа сапасы, жаңа күні, отаршылдық езгіден құтылып, тәуелсіздікке жетуі.

Сол тәуелсіздігіміз баянды болуы үшін бізге Әбдірахман керек. Біз Әбдірахманға мұқтажбыз. Әбдірахман – бүгінгі қазақ жастарының идеалды бейнесі... Әбдірахманның Абайдың назары түсетіндей қандай ерекше қасиеті бар?

Біріншіден, Абай Әбдірахманды «ер Әбіш» деп атайды. Назар аударыңыздар, жай ғана кез келген әке еркелетіп айтатын Әбіш емес – ер Әбіш. Мұнда түсінген адамға үлкен сыр бар. Абай лексикасында «ер» деген сөз – рух деген мағынаны береді. Рухы нәпсісінен үстем түскен адамды қазақ «ер» дейді.

Зер салып қарасақ, «ерек» сөзінің түбірі де «ер» деген лексемадан тұрады. Осыдан келіп «ерекше» сөзі де туындайды. Қалай болғанда да, бұл сөздердің бәрі де сөз қылып отырған кісінің рухани артықшылығын білдіреді. Ал «жүрегі жылы, бойы – құрыш» жұптық ұғымына келер болсақ, «жылы жүрек, ыстық қайрат, нұрлы ақыл» – Абайдың әйгілі триадасы – «толық» адамның қасиеті. Абай ұғымындағы «жылы жүрек» иесі – ақылы мен қайратын жүрекке бағындырған, жүректегі әділет пен мейірімді, аяушылық пен рақымды ту етіп көтерген адам. Ал осы жүректегі ақыл нәпсіге толықтай билік жүргізгенде адам өз бойын өзі билей алатын дәрежеге жетеді. Ондай адам нәпсі-шайтанның азғыруына бой алдырмай, өзін таза ұстайды. Осындай адамды «бойы құрыш» деп атаса керек. Қысқасын айтқанда, біз іздеп жүрген «толық» адамның персонификациясы – ер Әбіш, Әбдірахман. Оның бейнесін жан-жақты талдап, бүгінгі жастарға үлгі ету – бүгінгі күннің талабы!

О. Жәлелұлы. «Харекет» кітабынан

Алатаудың бөктері. С. Зиманов пен С. Оразалы әңгімелесіп отыр:

– *Сіз уыздай жас едіңіз. Өздеріңізді атуға бұйрық бергенде өлемін-ау деп ойлаған жоқсыз ба? Сонда өмір қымбат болмағаны ма?*

– Бұл енді өзімнің жеке қасиетім бе, әлде сол кездегі жастардың бойындағы қасиет пе, білмеймін. Отан үшін, ел үшін деп бел буып, керек болса, жанымызды пида еттік. Біз соған сендік. Бізді солай тәрбиеледі. Заманымыз сондай еді. Соғысқа барған кезде кіші сержант болып бастадым. Соғыс кезінде тез өстік. Аға лейтенант, капитан болдық. Қырық төртінші жылы дивизионды басқардым.

– *Қарша бораған оқтың астында қалғанда қандай күйде болдыңыз?*

– Соғыс күндері деген – өлім мен өмірдің арасы... Әрине, еш адам өзін өлімге қиғысы келмейді. Дегенмен сол заманда «Отан үшін, ел үшін» деген ұғым және ар-намыс маған күш-жігер берді. Командир болғандықтан, өзің туралы аз ойлап, қарамағыңдағылар туралы көп ойлайсың.

С. Зиманов. Естеліктер

№	Автор көзқарасы	Тілдік оралымдары	Менің пікірім
1.			
2.			
3.			
4.			

2.1-тапсырма. Электронды құралдарды пайдаланып, төменде берілген сөздердің мағынасын жазып шығыңдар.

Сарсаң күй, сопылық қылу, рух, лексема, триада, персонификация.
(<http://www.mtdi.kz> сайтында қазақ тілі бойынша түрлі сөздіктер берілген).



Жазылым

3-тапсырма. Шешендік сөзді оқыңдар. Мәтіннен нақыл сөзді дәптерге түсіріп, негізгі ойды анықтаңдар. Орфографиялық нормаға назар аударыңдар.

Ата тұрып ұл сөйлесе, ержеткені болар...

Сырым жиырма алты жасында бір жолдасымен Нұралы ханның үйіне барса, хан Қараман тана Малайсарымен сөйлесіп отыр екен.

– Балалар, аман ба? – депті де, елемей өздері сөйлесе беріпті. Сырым жолдасына дауыстап:

– Жүр, кетейік, бұлар бізді адам деп отырған жоқ қой! – дейді.

Малайсары жалт қарап:

– Ата тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без. Сырнайдай сарнаған мына бала кім еді? – дейді.

– Ата тұрып ұл сөйлесе, ержеткені болар, ана тұрып қыз сөйлесе, бойжеткені болар, – дейді Сырым.

– Сен толған екенсің, мен тозған екенмін, – деп Малайсары сонда Сырымды қасына шақырған екен.

«Шешендік сөздер» кітабынан



Айтылым

4-тапсырма. 2, 3-тапсырмалардың мәтінін салыстырып талдаңдар.

Екі мәтіннің ұқсастығы	
Екі мәтіннің айырмашылығы	
Түрі	
Аудитория (кімдерге арналған?)	
Мақсаты	
Мазмұны	
Стилі	
Тілі	

Оқылым

5-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтінді оқи отырып, интонацияның құрамдас бөліктерінің (өуен, өуез, тембр, қарқын, кідіріс) қызметіне мән беріңдер.

«Атың барда жер таны, асың барда ел таны» дегендей, күрең төбел құнан астында тұрғанда бала Мұхтар құла қасқа дөненін сипай қамшылаған Қасымбек ағасының соңынан құлыншақтай құлдырап ере қалса, басқасын былай қойғанда, бабасы Бердіқожаның қызы Нұрғаным Құнанбайдың тоқалы екенін де, ағасы Разақтың әйелі Әлила Абайға не-мере екенін де анық танып алуға болатынын тағы да осы жолы аңғарды. «Қарғатамырлы қазақ» деген осы емес пе? Әрине, осы! Ол – ол-ау, «қарғатамырлы» демекші, қазақтың қазақты ғана емес, күллі қазақ атаулының тіпті кісі жатырқамайтыны қалай?

Міне, бір апта болды, Қасымбек пен Мұхтар бір ауылдан шығып бір ауылға келеді, бір үйден шығып бір үйге кіреді, біріне түстенеді, біріне қонады. Осылай апта ғана емес, ай жүр, мейлің, ешбір қазақтың үйі сенің жатар орныңа, ішер асыңа ақы сұрамайды. Өз отының басындай қабылдайды, өз туысындай күтеді, бағып-қағады.

Бұл не деген мейірім? Бұдан асқан меймандостық бола ма? Әрине, жоқ.

З. Қабдолов. «Менің Әуезовім» роман-эссесінен

Ойкөкпар – белгілі бір мәселе төңірегіндегі топтық пікірталас түрі. Бұл нақты мәселе жөнінде ойды, пікірді, жобаны қолдау не жоққа шығару сипатында жүргізіледі. Ойкөкпарда бір-біріне қарама-қарсы пікірді қолдайтын екі топ сайысқа түседі. Бұл саяси ұйымдар, топтар өкілдері арасында да жүзеге асады.

Ойкөкпардың мақсаты – қарсылас топтың ой-пікірін жоққа шығара отырып, өз көзқарастарын дәйектеу арқылы жеңіске жету.

Ойкөкпардың тақырыбы алдын ала айтылып, нақты қарар ұсынылады. Оған екі топ қатысады. Өр топта үш адамнан болады. Жүргізуші тақырыпты айтып, топтың ақтаушы не даттаушы болатынын хабарлайды. Ол уақытты дәл санап, ескертетін тайм-кипер тағайындайды.

Ойкөкпар үстінде сөйлеушілер тек нақты дереккөздерін пайдалануы тиіс. Өр топтың мүшелері спикер деп аталады. Ойкөкпарда жақтаушы да, ақтаушы да өз критерийін – мақсатын бір-ақ сөйлеммен нақты, түсінікті, тақырыпқа сай етіп айтады. Сол пікірге қатысты айғақ, дәлелдер келтіреді.

Публицистикалық стильдің тілдік ерекшеліктері

Публицистикалық стильдің сипатына сай мынадай тілдік бірліктер қолданылады:

- а) экспрессивті сөздер, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, сөйлемдер;
- ә) тақырыпқа сай терминдер, неологизмдер;
- б) толымсыз сөйлемдер, эллипсис сөйлемдер;
- в) тыңдаушылардың көңілін бұратын қаратпа сөздер, сұраулы және лепті сөйлемдер.

Осы бірліктер публицистикалық экспрессивтік екпін, ырғақ, жинақылық береді.

Публицистикалық сөздің қоғамдағы мәні өте зор. Ол қоғам мүшелерін ірі істерге жұмылдырады, идеяларды дәріптейді.

Публицистикалық сөз зор талант, мол біліммен қатар дайындықты да талап етеді.

2-сабақ

ЖАСТАР ЖЫЛЫ АЯСЫНДА

Ойтүрткі:

- Бүгінгі жастар кімдерді үлгі тұтады?
- Бүгінгі үлгілі жастарға қандай теңеу айтуға болады?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, стиль ерекшелігіне тән тілдік оралымдарды түсіндіріңдер. Мәтіндегі ойды бүгінгі күнмен байланыстырып айтыңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқып, стильдік ерекшелігін түсіндіріңдер. Тақырып қойып, құрылымын зерделеңдер.

Тұңғыш Президент қорының жетекші сарапшысы Жақсылық Сәбитов өз кезегінде жастар үшін ғылымда карьера жасаудың мүмкіндіктері туралы баяндады. Ол ғалымдарға деген қоғамның көзқарасы бұрынғыдан әлдеқайда өзгергенін, оған заманауи талаптардың әсер еткенін айта келе: «Қазір ғалымдардың заманы. Сондықтан ғылым жолына түсу – табыс табуға, елге қызмет етуге, қоғамды алға жылжытуға және жетістікке жетуге жақсы мүмкіндік», – деді. Оның ойынша, лайықты нәтиже көрсету үшін жастар өзі оқитын жоғары оқу орнын алдын ала мұқият зерттеп, саралап, ең үздігін таңдаулары керек.

Билік, қоғам, бизнес және жеке тұлғалар арасын байланыстыратын көпір болуды көздейтін «Serpін» білім және инновация ұлттық палатасы соңғы уақытта университет студенттерімен ғана емес, мектеп оқушыларымен және мектепке дейінгі дайындық жасындағы балалармен жұмыс істей бастаған. Аталған палата директоры Өкім Хазіретәлі қолға алған істерінің елеулісі ретінде «Samsung» компаниясымен бірлесіп, бағдарламалау бойынша түрлі олимпиадалар ұйымдастырылып жатқанын жеткізді. «Жақында «Тоғызқұмалақ» федерациясымен келісімге отырдық. Сол арқылы балалар мен жастардың ұлттық ойындарға деген қызығушылығын арттыруды мақсат етеміз. «Тоғызқұмалақтың» пайдасын зерттеуде оның шахматқа қарағанда жүрістерінің артықшылықтары, ақыл-ойды дамытуға әсер ететін ерекшеліктері барын аңғардық», – деді Ө. Хазіретәлі. Оның айтуынша, палата университетке түсетін үміткерлерге арналған мүмкіндіктерді жалғастыратын «Serpінinfo» платформасын әзірлеу үстінде. Онда талапкерлер жинаған балы бойынша қай

оқу орнына түсуге болатынын біле алады. Сондай-ақ Ө. Хазіретәлі отандық қана емес, 10-ға жуық шетелдік ЖОО-дарымен түрлі келісімшарт жасағандарын тілге тиек етті.

«Егемен Қазақстан» газетінен



Айтылым

3-тапсырма. Мәтіннен дәйексөз келтіріп, Қазақстанның қазіргі келбеті мен болашақ бейнесі туралы ойларыңды айтыңдар. Пікірлесу барысында тілдік бірліктердің лексикалық мағынасына көңіл бөліңдер.

Үздік жобаларға сәттілік!

...Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялауы – біз үшін қуантарлық жағдай. Мемлекет тарапынан жастарға ерекше назар аударылып, жағдай жасалғалы отырғандықтан, осы күнге дейін шетелде және Қазақстанда алған біліміміз бен тәжірибемізді елімізге арнауға дайынбыз.

Мен Ұлыбританиядағы Уорик және Назарбаев университеттерінің түлегімін. Қазіргі уақытта Жоғары білім беру мектебінде постдокторант-зерттеушімін. Біздің мектепте білім беру және зерттеу саласына үлес қосып жүрген бірнеше жас ғалым жұмыс істейді, көптеген талантты магистранттар мен докторанттар білім алады. Біздер, яғни жас зерттеушілер, үш тілде білім беру, жоғары білім беру саласын басқару, инклюзивті білім беру сияқты аса маңызды тақырыптарды зерттеумен айналысамыз. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, еліміздегі білім жүйесін жақсартуға бағытталған ұсыныстар дайындаймыз.

*Л. Қарабасова. Назарбаев университеті
Жоғары білім беру мектебінің постдокторанты*



Жазылым

4-тапсырма. Қазақ тілінде қалыптасқан теңеу сөздердің дәлдігін анықтаңдар, жас аруды, жігітті сипаттайтын сөздерді сәйкестендіріп, кестені толтырыңдар.

№	Теңеу сөздер	Жас ару	Жігіт
1.	Қыздай биязы		
2.	Аюдай ақыру		
3.	Арыстандай арыс		
4.	Шын сұлудай албырау		
5.	Арыстандай жұлқыну		

№	Теңеу сөздер	Жас ару	Жігіт
6.	Сұлудай қызыл шырай		
7.	Арыстандай тиісу		
8.	Жас сұлудай жасану		
9.	Барыша қарғу		
10.	Жолбарыстай ышқыну		
11.	Ұйқыдағы арудай		
12.	Барыстай атылу		
13.	Жас сұлудың көзіндей		
14.	Барыстай тап беру		
15.	Қыздардай қызыл		

5-тапсырма. Мәтіндегі бас әріппен жазылған бірліктердің емлесін түсіндіріңдер. Нақыл сөз үлгілерін дәптерге жазып алыңдар.

«Бақ, қайда барасың?»

Төле жас кезінде талай жасы үлкен атақты абыз, билердің алдынан өтіп, батасын алады.

Бала Төле Өнет бабаға барыпты. Жасы жүзге келген Өнет баба ынтымақ, ел бірлігі жөнінде әңгіме айтып отырады. Төле: «Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ?» – дегенді сұрайды. Сонда Өнет баба әуелі жауап айтпас бұрын бір бума солқылдақ шыбық алдырады.

– Балам, мынаны сындырып көрші.

Төле буылған шыбықты олай-бұлай иіп сындыра алмайды.

– Енді сол шыбықты біртіндеп сындыршы. Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп, пырт-пырт оп-оңай сындырып береді. Өнет баба:

– Бұдан не түсіндің, балам? – дейді.

Сонда Төле бала:

– Түсіндім, баба, бұл мысалыңыздың мәнісі – ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды. «Саяқ жүрген таяқ жейді» демекші, «бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай алады» дегеніңіз ғой.

– Бәрекелді, балам, дұрыс таптың. Ел билеу үшін алдымен елді ауыз-бірлікке, ынтымаққа шақыра біл. «Бақ, қайда барасың? – Ынтымаққа барамын» дегеннің мәнісі осы, – депті.

3-сабақ

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН

Ойтүрткі:

- М. Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» деген өлең жолдары қандай міндеттер жүктейді?
- Қазақ тарихындағы әйгілі шешендердің қайсысын үлгі тұтасындар?
- Бүгінгі қоғамымызда ұлттық тәрбиенің маңызы қандай?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Өлеңнің идеясын өз болашақтарыңмен байланыстырып айтыңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтінде айтылған мәселе мен өз көзқарастарыңды салыстырыңдар.

Қазақ халқы ер баланы еркелеткенде басынан сипамаған. Арқасынан қаққан. «Басынан сипау ұл баланы аяп, мүсіркеу сезімдерін туғызады, төмен қарап жүретін жасық болып қалады» деп түсінген. Ата-анасына, ел-жұртына қорған болатын, шаңыраққа ие болатын ұлдың көзін жерден алмайтын жігерсіз, есіркеуді тілеп тұратын ынжық болғанын қаламаған. Ал арқасынан қаққанда ер бала батылданады, жігерленеді, еңсесін тік ұстап, тура қарауға дағдыланады. Неге болса да тайсалмай қарайтын қайратты, батыл болып ержетсін деп ұлды арқадан қағыпты. Ал қыздарды керісінше басынан сипаған. Қыз – жатжұрттық, қыздың бағы үйде емес, түзде. Қыз басқа босағаны аттап, өзге үйдің отын жағады, ұрпағын өсіреді. Қызды «кететін бала ғой» деп еркелетеді. «Алдында не күтіп тұр екен, тағдыр-талайы қалай болады?» деп басынан сипап, аялаған. Қыз баланы басынан сипағанда басы еріксіз еңіс тартады, көз жанары төмен түсіп, жасырынады. Кісі бетіне бажырайып қарамайтын әдетке үйреніп, қызға лайық биязы мінез қалыптасады. Арқадан қағу мен бастан сипаудың осындай талғамды астары, тәрбиелік мәні бар екен.

Бауыржан Момышұлы



Жазылым

3-тапсырма. 1, 2-тапсырмалардың мәтіндерін салыстырыңдар. Мәтін не туралы екенін жазыңдар.

Тақырыбы
Аудитория (кімдерге арналған?)
Мектеп оқушылары Жалпы оқырмандар
Мақсаты
Автор бұл мәтінді жазғанда қандай мақсатты көздеп отыр?
Стилі
Ресми тілді қолданып отыр, демек ...
Тілі
Лексика Ғылыми, ресми лексикасы – терминдер Кейбір жерде бағалау Ұсыныстары Күрделі сөйлемдердің басымдылығы Жазбаша тілдің сипаттамасы ретінде есімшелі тіркестері Мәтін Анық құрылымы бар мәтін Мәтін бөлімдерге бөлінген, әрбір бөлім өз идеясын дамытады Мәтін логикамен құрылған



Айтылым

4-тапсырма. Мәтіндегі бас әріппен жазылған бірліктердің емлесін түсіндіріңдер. Шешеннің тұжырымы жайлы өз ойларыңды айтыңдар.

Қапқан иттен өш алам десем...

Абайды Оразбайдың озбырлары сабапты деген хабарды естіп төрт арыс – арғын, найман, керей, уақтың игі жақсылары жиналып барып Абайды қорғап, жақтап сөйлей бастағанда, бірден суырылып Бегеш:

– Абай мырза, «ерге жара – түйін» деген. Ит арамды, тентек Құдайды танымайды. Сіз жалғыз тобықты үшін ғана ұл емес, Орта жүздің арысы едіңіз. Көптің қара бұйра нарындай, көктемдегі жауындай жақсымыз едіңіз. Ала өкпелердің қолы тиді дегенді естіп келдік. Көштің байсал тапқаны – көгорайға қонғаны, даудың байсал тапқаны – төрешіге барғаны. Отқа салып қанша өртесең де алтын, сірә, жез болмас, аяққа шылғау қылсаң да асыл жібек бөз болмас. Білім – бақтың қазығы, білімсіз бақ – әлдекімнің азығы. Талай жан бар ауызбен аспандағы айды алады, қолымен қосаяқ та соға алмайды. Ұстазынан, жақсысынан айы-

рылса, ел не таппақ? Сағымдай құбылып, сабындай бұзылып, іріп-шіріп жоғалады да. Абай сияқты есті, ақылды адам надан еліне бола қалпынан айырылса не болмақ? Рұқсатыңды бер, тентегіңді тыюға келдік, – депті. Сонда Абай:

– Әй, Бегеш-ай! Шешендікпен қиыстырып айтасыз-ау! Қаділет пен қасірет бар емес пе? Қара шиенің дәні болғанша, бидайдың сабағы бол. Жаман қауымның жақсысы болғанша, жақсы қауымның жаманы бол десе, не дер едіңіз? Жамандықты жолым деп кеткен Оразбайға айтқан сөз – суға жазғанмен тең. Мені бір ит қапты ғой. Қапқан иттен өш аламын десем, мен де ит болғаным ғой. Айыпты әпермеңдер, аяғыма жықпаңдар, – деп тоқтайды.

«Шешендік сөздер» кітабынан

4-сабақ

ЕЛ ЕРТЕҢІ – БІЛІМДІ ЖАСТАР

Ойтүрткі:

- Жастардың болашағына қоғам неліктен зор үмітпен қарайды?
- Жаңашыл жастарға қандай талап қойылады?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Ондағы ұғымдар мен жаңа тілдік оралымдарды түсіндіріңдер.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жанрлық ерекшелігі мен құрылымына талдау жасаңдар. Өз өмірлеріңмен байланыстырып, ойларыңды айтыңдар.

Бүркіт ұзақ жасайды, бірақ ол ұяда жатқан балапанын небәрі бір рет қана ұшырып үйретеді. Енді ғана темір қанат болып келе жатқан балапанын тістеп алған күйінде көз жетпес аспан тұңғиығына самғап ұшып шығады да, кенет аузындағы балапанын төмен қарата лақтырып жібереді. Өлі бір рет те қанат жазып, ұшып көрмеген өз балапанын аямайды екен-ау деп қаласың. Бірақ қас-қағым сәтте әлсіз қанаттарын ашуға шамасы келмей, жерге қарай құлдырап бара жатқан балапанының соңынан ана бүркіт құйындай ағып келеді. Егер балапан жерге жақындағанша қанатын жазбаса, ана қыран шүйіліп кеп оны қағып алады да, қайтадан биік шың басындағы өз ұясына апарып қояды.

Бірақ ол шексіз аспан әлемінде өз күш-қуатымен бірден самғап кете алмаған балапанына мойын бұрып қарамайды екен. Енді әлгі балапан өзінің жер бауырлап жүретін жылан емес, көкте самғайтын қыран екенін тек өз қайратымен, ерік-жігерімен ғана дәлелдей алады. Егер оған рухы жетпей қалса, онда қайырымсыз қанаттарына қарғыс айтып, үн-түнсіз мына жарық дүниемен мәңгілікке қоштасады екен. Өмір сүргің келсе – өз бетіңмен тіршілік етуді қазірден бастап үйрен. Өмір аспанында өз қанатымен ұша алатын қыран екеніңді балапан кезіңде көрсет. Мен сені сақалың шыққанша сүйрей бермеймін. Жетелеген ит аңға жарамайды. Өз әрекетіңді өзің жаса...

Н. Келімбетов. «Ұлыма хат» эссесінен



Жазылым

3-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтіннен негізгі ақпараттарды анықтап, тұжырымдаңдар. Өздеріңе ұнаған тілдік бірліктерді қолданып, «Жарқын болашақ» тақырыбында шығарма жазыңдар.

5-сабақ

ҰЛТ БОЛАМ ДЕСЕҢ...

Ой түрткі:

- «Ұлт болам десең, бесігіңді түзе» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Ұлт тұлғалары деп кімдерді айтуға болады?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Ақын ойын бүгінгі отандық және ғаламдық мәселелермен байланыстырып айтыңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Автор көзқарасын өз пікірлеріңмен салыстырыңдар. Сыныпта талқылаңдар.

Қазақ ғұрпында кіші үлкенге алдымен сәлем береді. Жасы кішінің бірінші болып сәлемдеспеуі барып тұрған тұрпайылық саналады. Жас адам үлкеннің алдында амандаспай сөз бастаса немесе бедірейіп қарап тұрса, ондайларды «көргенсіздің баласы», «тәрбие көрмеген тексіз» деп, оның өзінен бұрын ата-анасын кінәлайды. Сондықтан әрбір ата-әже, әкешесі баланы қарғадайынан сәлем жолын жасауға үйретіп, санасына сіңіреді. Ол – отбасындағы үлкендердің бір парызы.

Жасы кішінің үлкенге құрмет көрсетуі – ата-ананың, ауылыңның, қала берді еліңнің абыройы. Өйткені ата-ана, ауыл-аймағыңа алғыс естірту немесе жағымсыз атқа қалдыру кейде бірауыз сәлемнің берілу-берілмеуімен бағаланып кететіні бар. «Тексіз елдің баласы», «нұсқасыздың қызы» деген секілді ауыр сөз есту кімге жеңіл дейсің?! Ал «өнегелі ауылдың баласы екен», «өсер елдің ұрпағы екен», «өнегелі шешенің қызы екен», «текті атаның ұлы екен» деген сияқты жанға жағымды, ауылыңа, ата-анаңа алғыс әкелетін мақтау сөзді есту жас адам үшін бір мәртебе емес пе?!

Қазақта жасы кіші өзінен үлкенге ат үстінде отырып сәлемдеспейтін. Жас кезімізде көлікпен келе жатқанда ересек кісілер ұшыраса қалса, атымыздан қарғып түсіп, амандасатынбыз. Ат үстінде қоқырайып отырып сәлемдесу өркөкіректік, надандық ретінде қабылданатын. «Шіріген шөпті мал жаратпас, шіренген жігітті ел жаратпас» деп ондайларды жағымсыз сөзге іліктерін.

З. Ахметова. «Бабалар аманаты» кітабынан



Жазылым

3-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып, негізгі мәселені анықтаңдар. Қарамен жазылған сөздердің мәнмәтіндегі қызметін анықтап, берілген сызба бойынша өз ойларыңды жазыңдар.

Бағзы мен Бақиды жалғастырар сара жол

(Тарихи-мәдени мұра: кеше, бүгін, ертең)

Адамзат бұрын жанарын тек алысқа ғана тігетін. Назарына тосын мен таңсық қана түсетін. Көкжиекке дейінгіні көзіне де ілмейтін. Асылдың бөрі алыста, таңсықтың бөрі тасада деп ұратын.

Кейінгі кезде айналамыздағыны да абайлай бастадық. Басқа галактикалар мен өркениет жайындағы қиян-кескі дау-дамайды күрт тыйып, атшаптырым жердегі айдыңның неге тартылғанына, құрық тастам жердегі көне үйіктің неге құлағанына көбірек алаңдайтынды шығардық.

Өзін-өзі жерқұдіреттей көріп, желпініп жүрген адамзаттың тап бұлай аяқастынан бүгежектей қалуының сыры неде? Қалай ғана ол бүгін кешегісінен гөрі дәрменсіз, кешегісінен гөрі мүсәпір күйге түсті екен?

Жоқ, тап бұның қисыны келе қоймас. Соны дәл мұндай абайшыл қылып жүрген құтының қашуы емес, құдіреттің тасуы болмасын...

Ө. Кекілбайұлы. Шығармаларының 20 томдық толық жинағынан

Ұлт болудың
қандай
алғышарттары
бар?



Айтылым

4-тапсырма. «Елдің болашағы – жастар» тақырыбында сыныпта пікірталас ұйымдастырыңдар.

5-тапсырма. Көркемдегіш құралдарды пайдаланып, бір-екі шумақ өлең немесе өңгіме, естелік, шығарма дайындаңдар.

6-сабақ

ЕЛ ТІРЕГІ

Ойтүрткі:

- Бүгінгі қоғамда ұлт жанашыры деп кімдерді атауға болады?
- Жас Қазыбектің қоңтажыны тігіреткен құдіреті неде деп ойлайсыңдар?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтінде берілген ақпаратты бүгінгі күнгі қоғамдық мәселелермен байланыстырып айтыңдар.



Жазылым

2-тапсырма. Мәтіннен көркемдегіш құралдарды теріп жазып, қолданыс мақсатын түсіндіріңдер. Берілген кесте бойынша мысалдар келтіріңдер.

Қазыбек пен қоңтажы

Қалмақ қоңтажысы қазақ елін үш рет шауып алғанда, малдан бөлек, сол шабылғанның ішінде бірталай ұл мен қыз да кетіпті. Соны сұрап қазақ елші жіберсе, қоңтажы ешбір есе бермепті. Сондықтан қазақ билері бас қосып: «Қалмақта шынымен-ақ ұлымыз құл, қызымыз күң болып кеткені ме? Қол жинап, бір шайқассақ қайтеді?» – деп Абылайдың алдына келіпті. Сонда Абылай:

– Біз әлі де өткір елші жіберіп сынасқанымыз жоқ, іріктеп елші жіберіп, оған есе бермесе, сонан соң шайқасайық! – дейді. Осыған жиналған халық бөтуа қылып, сөз байласады.

Елшілер сансыз қиыншылықты бастан өткізеді, аязды күні аттарына қар тепкізеді, әлденеше қиын асу белдерден де асады, суы ащы көлдерден де асады. Сұрай-сұрай Тарбағатай тауының таң жағында, Алтай тауының оң жағында отырған хан ордасына жетеді.

...Содан кейін қоңтажыға тура қарап тұрып:

– Ел ебелек емес, ер кебенек емес, дат! – дейді.

– Өй, өзің жөніңді айтшы, атың кім? – депті хан.

– Атым – Қазыбек, әкем – Келдібек. Халқым – қазақ, руым – қаракесек, – деп жауап беріпті.

Дауысың қаздың даусындай қаңқылдап тұр екен, ал датыңды айтшы, – депті хан. Сонда Қазыбек:

– Біз – қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен қалмақ болсаң, біз – қазақ, қарпысқалы келгенбіз, сен темір болсаң, біз – көмір, еріткелі келгенбіз. Қазақ, қалмақ баласы табысқалы келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен – арыстан, алысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар, жарысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммін, жабысқалы келгенбіз. Берсең, жөндеп бітіміңді айт, не тұрысатын жеріңді айт! – депті. Сонда қоңтажы не дерін білмей сасып қалыпты.

«Шешендік сөздер» кітабынан

№	Теңеу	Эпитет	Метафора	Әсірелеу	Кішірейту	Нақыл сөздер т.б.
1.						
2.						



Айтылым

3-тапсырма. «Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйінерге жарар ол» тақырыбында пікірталас ұйымдастырыңдар.

4-тапсырма. «Біздің мақтанышымыз» тақырыбында мектептегі, өңірдегі танымал, үлгілі жастар туралы шығарма жазыңдар.

5-тапсырма. Төменде берілген мәтіннен ғалымның тілдік оралымдарын, қолданылған терминдер мен ұғымдарды түсіндіріңдер.

Қазаққа ғылымның қай саласын дамыту керек?

Қазақта «Ит тойған жерінде, ер жігіт туған жерінде», «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген мақалдар бар. Осы сөздердің мағынасын терең түсінулеріңді сұрар едім. Қазіргі кезде «Болашақпен», басқа да түрлі бағдарламалармен шетелде оқу жолы көп. Әрине, шетел көріп, білім, тәжірибе алған жақсы. Бірақ, жоғарыда айтқанды ұмытпаңдаршы, аталы сөзден асып не айта алам сендерге?

Әскери қару, автокөлік, ұшақ жасаудан біз шетелді басып оза алмаймыз. Қанша тырыссақ та, шетелдің көшірмесін жасаумен шектелеміз. Сонда бізге ғылымның қай саласын дамыту керек? Ең бірінші, халықтың интеллектісін өсірген жөн. Интеллект базасы – сөз өнері, математика, биология, философия. Көптеген ғалымдар математиканы бірінші орынға қояды. Мен сөз өнерін біріншіге қоямын. Өйткені сөйлей бастағанда ғана біз саналы болдық. Одан кейін $2+2=4$ болатынын дәлдікпен дәлелдедік. Бұдан шығатын қорытынды не? Ғылымды игерем десең, ана тіліңмен қатар басқа жұрттың тілін үйрен.

М. Өтелбаев. «Ұлан» газетінен

7-сабақ

ӨНЕР, ОҚУ – ЖАСТЫҚТЫҢ ҚАРУЫ

Ой түрткі:

- Өнер мен ғылым-білімді неге жастықтың қаруы деп атаймыз?
- Қандай ғаламдық мәселелерге үн қосар едіңдер?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Тақырыпқа қатысты шешендік оралымдарды тауып, талдау жасаңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жанрлық ерекшеліктеріне назар аударыңдар. Өздерің оқыған материалдармен салыстырыңдар. Бүгінгі күні өзекті болып отырған отандық және ғаламдық мәселелер жайлы көзқарастарыңды төмендегі кестеге түсіріңдер.

Ұлым Алаш Бостон қаласындағы Лоуренс мектебінде бастауыш сыныпта екі жыл оқыды. Америка мектептері тек ағылшын тілінде оқытады. Олардың ерекшелігі: бастауышта біліммен қоса, тәрбиеге көбірек мән береді. Баланың бойына адами құндылықтарды жақсы сіңіреді. Айталық, жылдың ортасында елге үш аптаға келдік. Америкадағы сыныптастары түгелдей Алашқа хат жазып, жағдай сұрасты. Балалар хаттарды безендіріп, туған жеріміз туралы білгісі келетіндерін айтып жазып жіберіпті. Тіпті Алашқа арнап сурет те салған. Көрдіңіз бе, баланы кішкентайынан бауырмалдыққа тәрбиелейді.

Бір күні мектепке барсам, 6–7-сыныптың оқушылары мектептің ауласында лимонад сатып тұр. Сириядағы балаларға көмектесу үшін ұйымдастырылған қайырымдылық шарасы екен. Шараға ата-аналары да үлес қосып, киім-кешек, бұзылмайтын тамақтарын беріп жатыр.

Білім ғылыми прогресті дамытса, тәрбие қоғамды реттейді. Үлкен адамды тәрбиелеу өте қиын. Америка мектептері баламыз арқылы бізді де тәрбиеледі. Мәселен, жарықты сөндірмесем, балам маған: «Адамдар тек Жерде ғана өмір сүре алады. Жерді өлтіргіңіз келіп жүр ме?» – деп уәж қалдырмайтын сөз айтты. Электр қуаты көміртегіні көбейтіп жіберіп, ақыр соңында Жер шары жанып кететінін ескертті.

*Ш. Мұқан. Гарвард университетінің түлегі.
«Ұлан» газетінен*

№	Ғаламдық мәселе	Отандық мәселе	Менің ұсынысым
1.			
2.			
3.			
4.			

3-тапсырма. «Біздің мақтан ететін құрдастарымыз» тақырыбында ойкөкпар өткізіңдер.

8-сабақ

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Ойтүрткі:

- «Ұрпақтар сабақтастығы» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Ата-баба дәстүріне адалдық бүгінгі жастардың бойынан табыла ма?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Өлеңдегі ойды бүгінгі күнмен байланыстырып айтыңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқып, автор көзқарасын өз пікірлеріңмен салыстырыңдар. Төмендегі кестені толтырыңдар.

Өкінішке қарай, жастардың үлкендерге деген қарым-қатынасы құбылып тұр. Бұрын жастар жасы үлкенді тыңдайтын, білмегенін сұрайтын. Енді «Үлкендер ештеңе білмейді. Олар – ескінің адамдары. Біз жаңаның басымыз, өз жолымызды табуымыз керек» деген көзқарас пайда болды. Себебі өзгерістер уақыты жылдамдады. Бұрын қоғамда елді жалт қарататын жаңалықтар сирек болса, қазір өте жиі болып жатыр. Оны игеруге үлкендердің жылдамдығы жетіңкіремейді. Ал жастар тез меңгергендіктен, өздерін білімдірек санайды. Бұл – қате түсінік. Жастарда білім үлкендерге қарағанда көбірек шығар, бірақ бір қазан сүтті бір қасық айран ұйытатыны секілді, таудай білімің болса да, оны тырнақтай тәжірибе пайдаға асырады. Сондықтан біз үлкендердің тәжірибесі мен жастардың ұшан-теңіз білімін байланыстыруымыз керек. Өйтпесе екі буынның мәселесін екі бөлек қарастыра берсек, елде береке болмайды. Мәселен, Италия, Жапония, Норвегия сынды дамыған елдерде жетпістегі қарт пен жиырмадағы жігіттің көзқарасы мен өмірлік ұстанымдарында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Ал біз секілді бір қоғамдық формациядан екіншісіне ауысып жатқан және онысы әлемдік жаһандану заманына тап келген қоғамда жетпістегі қария мен жиырмадағы жігіттің көзқарасы жер мен көктей. Бізге үлкендер мен жастарды жақындастыратын жобалар керек.

Мысалы, «Рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» деген құндылықтар бізді байланыстыруы керек. Өйткені ол – біздің тамыр-тарихымыз.

М. Тазабек. «Ана тілі» газетінен

№	Автор көзқарасы	Менің көзқарасым	Түйін
1.			
2.			
3.			
4.			
5.			



Жазылым.

3-тапсырма. Өздеріңді толғандырып жүрген бүгінгі күн мәселесі бойынша «Аспан астының көркеюі мен күйреуіне әрбір азамат жауапты» (Конфуций) тақырыбына шығарма немесе әңгіме жазыңдар.

4-тапсырма. Әдеби тіл нормасын басшылыққа ала отырып, қосымша дереккөздерден басқа тілден енген сөздерді тауып жазыңдар. Төменде берілген басқа тілден енген сөздердің орфографиялық нормаға сай жазылуын естеріңе сақтаңдар.

1. Орыс тілінен ертеректе еніп, дыбысталуы жағынан өзгеріп кеткен бірқатар сөздер фонетикалық принциппен қазақша айтылуынша жазылады: **самаурын** (самовар емес), **пәуеске** (повозка емес), **шәйнек** (чайник емес), **шөген** (чугун емес).

2. Араб-парсы тілдерінен енген сөздер қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарына қарай өзгерген күйінде айтылуынша жазылады: **әділ** ('адл), **пайда** (файда), **ақпар** (әхбар), **ақыр** (ахир), **қайран** (хэйран), **қате** (хәта), **дүние** (дүнийә), **нәпсі** (нәфс), **әсиет** (уасийәт), **ауа** (һауа), **мазақ** (мәзх). Мұндағы жақша ішіндегі көрсетілгендер – бұл сөздердің арабша-парсыша транскрипциясы (яғни сөздердің өз жазуымызбен сол тілдегі айтылуының көрсетілуі).

Р. Сыздықова.

Көптомдық шығармалар жинағынан

4.1-тапсырма. Мәтіндегі мағынасы белгісіз сөздерді төмендегі электрондық құралдарды пайдаланып анықтаңдар.

ҚР Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің сайты – <http://www.til.gov.kz>,
<http://www.mtdi.kz>. сайты.

БӨЛІМДІ ҚОРЫТЫНДЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Төменде берілген мәтіндердің тақырыбын, құрылымы мен тілдік ерекшелігін салыстырып талдаңдар.

Жастарды қолдау – болашақтың іргетасын қалау

Жастар – ілгері дамудың негізгі қозғаушы күші, еліміздің дүниежүзілік аренада бәсекеге қабілеттілігінің басты факторы, еліміздің салт-дәстүрін келер болашаққа жеткізуші көпір. Көпірдің нық салынуы – оған бөлінген қаржы мен сапаға байланысты. Жастардың білім алуы мен іс бастауына қаншалықты мүмкіндігі көп болса, ол соншалықты нық болатыны анық. Жастар – берілген мүмкіндікті дұрыс пайдаланып, артылған сенімді жауапкершілікпен сезініп, елдің аманатын болашаққа жеткізушілер.

Әрине, барша жасты сапалы білім беру жүйесі, қолжетімді жоғары білім, қолына диплом алған жас мамандарды жұмыспен қамту, жас отбасыларды тұрғын үй мәселелері толғандырады. Бүгінде әр жас азамат қоғамда өз орнын табуға талпынып жүргенінің куәсіміз. Кешегі жастар форумында Қазақстан Республикасы Президентінің ірі қалалардағы жас отбасылардың тұрғын үй проблемалары, еңбек нарығына шығатын жастардың санын арттыру, жаңғыртылған 200 оқу орнының базасында сұранысқа ие 100 индустриялық және қызмет көрсету мамандықтары бойынша кадрлар даярлау, қашықтан оқыту мүмкіндігін жоғарылату, отбасы институтын қалыптастыру сынды көтерген мәселелері мен Үкіметке берген тапсырмалары қазақ жастарының үмітін жалғады.

«Егемен Қазақстан» газетінен

Жастар аз уақытта тез өсудің оңай жолдарын іздемесе...

Ертеректегі әке-шешеміздің «көп кітап оқы» дейтін кеңесін қазіргі заман ыңғайына қарай «дұрыс кітап тауып оқы» деп өзгертер едім. Мысалы, «Google» корпорациясының есебі бойынша, 2010 жылға дейін әлемде 130 миллион түрлі кітап басылған екен. Ал онлайн ресурстар мен ғылыми зерттеулер ше? Интернет пен бестселлинг бизнесінің ілгерілегенін ескерсек, бүгінге дейін бұл көрсеткіштердің бірнеше есеге өскені айдан анық.

Сүбелі нәтиженің артында көпжылдық еңбек жатқанын ешқашан ұмытпау керек. Америкалық журналист Малкольм Гладуэльдің «Генийлер мен аутсайдерлер» атты кітабында дарын мен еңбектің арасалмағы өлшенеді. Автор өз салаңыздың бесаспап әрі майталман маманы болу үшін оны үйренуге он мың сағат жұмсауыңызды сұрайды. Содан

келіп, тек үздіксіз еңбек сізді шыңға жетелейтінін түсінесіз. Егер жастар аз уақытта тез өсудің оңай жолдарын іздемесе және жемқорлықпен немесе таныстықпен көтерілуге қызықпаса, онда оң нәтижеге еңбекпен жете алары сөзсіз.

«Ақ желкен» журналынан

Әр адам өз жағынан әлеуметтің мүшесі болып, әлеуметке пайдасын тигізу керек. Екінші, әр адам өз пайдасын, өз мақсатын көздеме. Бас мақсатын біржола ұмытып, әлеумет қызметіне түгел берілетін адам болу мүмкін емес. Ондай адам кемде-кем. Біреу әлеумет үшін еңбегін көп жұмсайды. Біреу бойын тежеп, бас мақсатын көбірек сағалайды. Айырма жалғыз осында. Бұл – адамның табиғатынан туатын заң. Неге десеңіз, әр адамға тіршілік ету керек. Азды-көпті өмірін әр адам өз көңіліндегідей мұңсыз өткізуге талпынады. Сондықтан ең күшті мақсат – бас мақсаты. Қайткенде әрі жеке адамның, әрі әлеуметтің пайдасы бірден табылады? Қай уақытта әлеумет тілегі мен жеке адам тілегі тоғысады? Әр адам табиғатына біткен қабілетіне, зеректігіне қарай өз орнында қызмет етсе, сонда табылады.

Ж. Аймауытұлы. «Психология» еңбегінен

Алтыбақан Сүйіндік ауылынан қашаңдау жерде, кең алаңда екен. Ойынға жиылған жастар қалың көрінді. Кәмшат бөрік, мақпал, жібек шапан киген қыздар көп. Араларында қынай бел, әсем қамзол ғана киген қыздар да жүр. Шолпылары тоқтаусыз сылдырлап, көп үнге салады. Ақ шаршы, кестелі кимешектерін әсем ғып салған күлкіші келіншектер де көп. Балалар да мол екен. Жігіт жағы сиректеу көрінді.

Мықты ғып құрылған биік алтыбақанда сұңғақ бойлы екі қыз өлпеншек теуіп тұрып, жаңағы «Топайкөкті» әлі шырқап жатыр. Абайлар тоғай ішінен шығып, сумаңдаған аяңмен дәл қастарына жеткенше, сауықшы топ байқамапты. Алтыбақанның қасына келе бере екі жігіт:

– Ойнар көбейсін!

– Сауық молайсын! – десті. Қыздар іркіліп қалды. Келіншектер екі жігітке қарай жақындап келді. Араларында Асылбектің әйелі мен Сүгірдің келіндері бар екен.

Барлығы да Ерболды танып:

– Ербол! Ербол ғой!

– Қайдан жүрсіндер? – деп, сонымен сөйлесе бергенде Асылбектің келіншегі Абайды танып:

– Абай! – деп, жарқын жүзбен амандасты.

М. Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясынан

**Айтылым**

2-тапсырма. Мәтіндегі тілдік бірліктердің орфографиялық нормаға сай жазылуын түсіндіріңдер.

Дүниеде не өлмейді?

Өз Жәнібектің алпыс биі болған екен. Бір жолы хан билеріне: «Дүниеде не өлмейді?» – деп сұрақ қойғанда, алпыс биі бірауыздан былай депті:

Ағын су өлмейді,
Асқар тау өлмейді.
Аспанда Ай мен Күн өлмейді,
Өлемде қара жер өлмейді.

Сонда Жиренше шешен бәріне қарсы шығыпты:

Ағын судың өлгені –
Алты ай қыста қатқаны.
Асқар таудың өлгені –
Басын бұлттың жапқаны.
Ай мен Күннің өлгені –
Еңкейіп барып батқаны.
Қара жердің өлгені –
Қар астында жатқаны.
Ажал деген атқан оқ –
Бір Алланың қақпаны.
Дүниеде не өлмейді?
Жақсының аты өлмейді,
Ғалымның хаты өлмейді.

«Шешендік сөздер» кітабынан

3- бөлім

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ. МИГРАЦИЯ. ЗИЯТКЕРЛІК МИГРАЦИЯ

Шешендік сөздер

Сөзталас. Ресми ісқағаздар стилі

Бұл бөлімде сендер:

- қазіргі қоғамдық үрдістер, жаһандану жағдайындағы миграция, оның ішінде зияткерлік миграция жөнінде;
- дүниенің көрінетін және көрінбейтін сырлары жайында;
- интеллектуалды ұлт болу мен білімнің күші туралы білесіңдер;
- ресми ісқағаздар стилінің тілдік ерекшеліктерін үйреніп, сөзталас категориясын меңгересіңдер.

1-сабақ

ДҮНИЕ СЫРЫ

Ой түрткі:

- «Адамдық борыш» деген тіркесті қалай түсінесіңдер?
- Дүниенің көрінетін сырларына нелерді жатқызуға болады?
- Дүниенің көрінбейтін сырлары жайында ойланып көрдіңдер ме? Оған не жатады?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Ақын өлеңінің идеясы мен тақырыбы жайлы пікірлеріңді айтыңдар. Өлеңдегі тірек сөздерді пайдаланып, брифингте сөйленетін сөз мәтінін дайындаңдар.



Айтылым

2-тапсырма. «Адамның шын бақыты...» тақырыбы бойынша сыныпта пікірлесіңдер.



Оқылым

3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтіндегі ұғымдарды жіктеп, синтаксистік құрылымына, мәтіндегі баяндауыш жасайтын бірліктердің құрамына талдау жасаңдар.

Жетінші сөз

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – төннің құмары, бұларсыз төн жанға қонақұй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп көзі көрген,

құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары: білсем екен, көрсем екен; үйренсем екен деген.

Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады. Өзелде Құдай Тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны. Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екенбіз?

Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді.

Абай. «Қарасөздерінен»

№	Дүниенің көрінетін сырлары	Дүниенің көрінбейтін сырлары	Тұжырым
1.			
2.			
3.			

Интонация – сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді айтудағы дауыс мәнері, дауыс ырғағы, сөйлеудің ритм-мелодикалық бейнесі. Интонация төмендегідей компоненттердің бірлігінен тұратын құбылыс: мелодия, ритм, темп, қарқындылық, тембр, фразадағы сөздер мен сөз тіркестерін бөліп айтуға қызмет ететін логикалық және тіркес екіні.

Мелодия (әуен) дауыс ырғағының көтеріліп немесе бәсеңдеп отыруынан туады.

Сөйлеу ритмі – құрылымдық сипат беруші, мәтін құраушы әрі экспрессивті-эмоционалды қызмет атқарушы, ұқсас, үндес сөйлеу бірліктерінің үнемі қайталанып отыруы. Ритм – табиғаттың ырғақтылық тудыратын қалыпты күрделі заңдылығының көрінісі. Ол өлең, проза түріндегі көркем мәтіннің эстетикалық негізі болып табылады. Әсіресе өлең мәтіндерінде айқын көрінеді, ал еркін диалог сөздерде азырақ байқалады. Сөйлеу ритмінің прозадағы бірлігі – синтагма, ал өлеңде – дыбыс, буын, өлең жолы, шумақ. Бұлардан тіл бірліктерінің иерархиялық (сатылы) жүйесі қалыптасады.

Сөйлеу темпі – сөйлеу элементтерін (дыбыс, буын, сөз) айту жылдамдығы. Сөйлеу темпі уақыт бірлігі мөлшерінде (көбінесе секунд ішінде) айтылатын дыбыс пен буын санының немесе олардың орташа созылыңқылық мөлшерімен өлшенеді. Неғұрлым ықтимал өлшем – естіп қабылдау кезіндегі буынның орташа ұзақтығы болып табылады. Сөйлеу темпі интонацияның құрамды бірлігінің біріне жатады.

Қарқындылық – дыбысты әсіресе дауысты дыбысты айтуда өкпеден шығатын фонациялық ауаның күшеюі мен солғындау дәрежесі.

Тембр – дыбыс дірілімен байланысты негізгі тон мен көмекші тонның көтеріңкілігі және күші жағынан өзара қарым-қатынасынан туатын дыбыс сапасы.

Пауза (кідіріс) – сөйлеу үстінде болатын кідіріс, үзіліс. Сөйлемдер, ондағы сөздер мен сөз тіркестері әр уақытта бірсыдырғы ұласқан әуенмен айтылмай, әредік олардың арасы үзіліп айтылады. Пауза ұзақ сөйлемді, құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдерді немесе сөйлем мүшелерін айырып нақтылап айтуда кездеседі. Мысалы: Қабақ қақпай// қадалып ұмтылған Базаралы// енді тебініп кеп// жи-рен айғырлы жылқышы мен Өзімбайдың// екі арасынан ағындап кіре берді (М. Әуезов).

Ғ. Қалиев. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінен



Айтылым

4-тапсырма. Ұлы тұлғалардың даналық сөзін басшылыққа алып, қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелер жөнінде әңгіме-сұхбат жүргізіңдер. Ол үшін, ең алдымен, сұрақтардың тізімін жасап алыңдар.

Үлгі: Қазіргі қоғамда білімді жастар көп. Олар өз білімдерін шет елдерде жалғастырып, білікті маман ретінде елімізге оралады. Дегенмен сол жастар неліктен өз кәсібіннің нәтижесін көре алмайды? Қандай кедергілер бар? Кедергілерді қалай жоюға болады?



Жазылым

5-тапсырма. Абайдың жетінші қарасөзіне сүйеніп, «Әлемдегі терең сыр» тақырыбы бойынша ойларыңды тұжырымдап, сұхбат сұрақтарын дайындаңдар.

6-тапсырма. Ісқағаздарының түрлерін тауып, сөзжұмбақты шешіңдер.

1. Қызметке тұрарда жеке адамның бұған дейінгі өмір жолы туралы толтыратын құжат түрі.
2. Істі орындауды басқа біреуге тапсыруда орындалатын құжат түрі.
3. Екі адам арасында орындалатын құжат түрі.
4. Жеке адамның талап-тілегін білдіретін құжат түрі.

5. Істің, оқиғаның барысына келіспеушілікті білдіретін құжат түрі.

6. Қандай да бір істің қорытындысы баяндалатын құжат түрі.


7. Жеке адамға жекетұлғалар немесе мекеме тарапынан берілетін құжат.

8. Мекеме тарапынан жеке адамға берілетін құжат түрі.

9. Істің, оқиғаның шұғыл орындалуында жіберілетін ісқағаз түрі.

10. Қызметке тұрған тұлғаға байланысты шығарылатын құжат түрі.

11. Мекеме, оқу орны тарапынан жекетұлғаға берілетін құжат түрі.



Сөзталас

Пікірталас түрлерінің ішіндегі ең залалсыз, жоспарсыз, күнделікті өмірде жиі кездесетін қарапайым сөз қақтығыстары **сөзталас** деп аталады. Оған құрдастардың, нағашы мен жиеннің, жезде мен балдыздың, жеңге мен қайын іні, қайын сіңлілердің арасындағы өткір қалжыңдар да жатады.

Сондай-ақ белгілі бір мәселе жөнінде туыс-туғандардың, отбасы мүшелерінің, көршілердің, қызметтестердің, кездейсоқ адамдардың да даулы сөздері сөзталасқа жатады.

Сөзталасқа суырыпсалма айтқыштық, ауызба-ауыз жауап қайтара білу, астарлап сөйлеу, сипай сынау, ұлттық мінез, этикалық сөз орамдары, эмоциялылық тән.

* * *

Ресми ісқағаздары тілінің ерекшеліктері:

- 1) мәтін өте жинақы құрылады;
- 2) сөйлемдер негізінен номинативті, екі негізді болып келеді;
- 3) сөйлемдегі сөздер базистік (негізгі) тәртіпке сай орналасады, инверсия өте сирек ұшырасады;
- 4) экспрессивті сөздер қатыспайды;
- 5) мәтін баяндау түрінде келеді;
- 6) ісқағаздарының басында, соңында қағаздың жіберілу мерзімі міндетті түрде цифрмен (араб цифрларымен) көрсетіледі.

2-сабақ

ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ҚАЗАҚ ЕЛІ

Ойтүрткі:

- Бүгінгі таңдағы қазақ елінің жетістіктері жайлы не айтар едіңдер?
- Әл-Фараби бабамыздың қандай еңбектерімен танысыңдар? Араб еліне не үшін қоныс аударды деп ойлайсыңдар?
- Бүгінгі күнгі ғылым мен техника саласындағы ең ірі жетістіктерге қандай мысалдар келтіре аласыңдар?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтіндегі тілдік оралымдарды талдаңдар. Ақын өлеңінде келтірілген көркемдегіш құралдарды пайдаланып, Тәуелсіздік күніне орай баяндама дайындаңдар.



Айтылым

2-тапсырма. 1-тапсырмада берілген мәтіннен көркемдегіш құралдарды тауып, кестені толтырыңдар. Шешен сөйлеуге дағдыланыңдар.

№	Теңеу	Эпитет	Метафора	Көнерген сөз	Тұрақты тіркес
1.					
2.					
3.					
4.					
5.					



Оқылым

3-тапсырма. Мәтінді оқып, ондағы терминдер мен негізгі ұғымдарды анықтаңдар. Синтаксистік құрылымына назар аударыңдар. Автордың жай сөйлем түрлерін қолдану ерекшелігін түсіндіріңдер.

Әбу-Наср әл-Фарабидің бала кезінде Отырар сол кездегі, сол төңіректегі ірі қаланың бірі еді. Оның әкесі атақты, ауқатты, қолында билігі бар адамдар қатарынан. Әл-Фараби бала шағында алғашқы сауатын осы өзінің елінде, өз тілінде ашқан. Ол 16 жасында (кейбір мәлімет бойынша 12 жасында) керуенге ілесіп, Бағдадқа оқуға барған. Ол кезде Ғаббастық нәсілдің Бағдад халифасының сенімді сарбаздары көбінесе түркістандық әл-Фараби елінен болған. Сол себепті әл-Фарабидің бұл жерден ғылым үйренуіне толық жағдай болды деп білеміз. Оның үстіне Бағдад хали-

фаттары ежелден Арун Рашид кезінен бастап ғылым жолына, өнерге бет алған адамдарға қақпасын кең ашқан. Онда ғалымдар үйі ерекше құрметте болған. Алғашқы кезде әл-Фараби өзін ақын, әнші-күйші музыкант ретінде танытқан. Одан кейін ол ірі ғалымдардан дәріс алуға, сабақ үйренуге кіріскен. Оның алғашқы ұстаздары ертедегі Александриядан, Византиядан ығысып келген ғалымдар болған. Грек тілінен арабшаға ғылыми кітаптарды аударуда оның ұстазы Әбу Матта деген адам болды. Грек, араб тілдеріне жетіліп алған соң, ол басқа шаһарларда тұратын ғалымдардан дәріс алады. Мысалы, ол атақты ғалым ибн Хайланнан Аристотельдің логика ғылымын үйренген. Әл-Фарабидің алғашқы ұстазы болған Әбу Матта, ибн Хайлан сияқты көптеген адамдар – несториандық ғалымдар. Олардың аталары Византиядан қудаланған соң, осы елді, Таяу Шығыс пен Орта Азияны паналаған. Грек ғылымы мен араб ғылымының арасын жалғастырған да осылар. Араб елі бұларға зор құрмет көрсетіп, ғылым жасауға пайдаланған. Сөйтіп, грек ғалымдары Платон, Аристотельдер бірінші ұстаз болса, әл-Фараби екінші ұстаз болып шықты.

А. Машанов.

«Әл-Фараби және Абай» кітабынан



Жазылым

4-тапсырма. Өздерің үлгі тұтатын ғылым саласындағы белгілі тұлғаларға арналған сұхбат сұрақтарын дайындаңдар. (Мысалы, Мұхтарбай Өтелбаев, Асқар Жұмаділдаев, Стив Джобс, Илон Маск т.б.)



Айтылым

5-тапсырма. Берілген нақыл сөздерді басшылыққа ала отырып, «Мен еліме не беремін?» тақырыбы бойынша ойларыңды айтып, өз тұжырымдарыңды қорғаңдар.

Отаным – алтын ордам.

Отан – елдің анасы,

Ел – ердің анасы.

Отанды сүю отбасынан басталады.

Ел-елдің бәрі жақсы,

Өз елің бәрінен жақсы.

Отан үшін күрес –
Ерге тиген үлес.

Аққу көлін аңсайды,
Адам туған жерін аңсайды.

«Мақал-мәтелдер» кітабынан

6-тапсырма. Кестеде берілген ісқағаздардың түрлерін ретімен айтыңдар. Сыныптастарыңмен салыстырыңдар. Кім қанша көп табар екен?

бүй	деме	хат	а	шарт	хабар
куә	дел	теле	жол	дау	се
нім	хат	келі	ша	да	а
кт	фон	өмір	же	қол	хат
деме	баян	ғым	ма	мінез	лама
сім-	рыз	түйін	хат	лік	рық

3-сабақ

ӨНЕРЛІГЕ ӨРІС КЕҢ

Ойгүрткі:

- «Өнерліге өріс кең» деген мақалмен мағыналас қандай нақыл сөздерді білесіңдер?
- Қазақ қоғамы қандай өнертапқыш ғалымдармен мақтана алады? Кімдерді мысалға келтіруге болады?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, ғалым тұжырымын сыныпта талдаңдар.



Айтылым

2-тапсырма. Өз өмірлеріңмен байланыстырып, өздерің байқаған қызықты құбылыстар жайында әңгімелеңдер.



Оқылым

3-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырыпқа қатысты терминдер мен ұғымдарды түсіндіріңдер. Өзара пікір алмасыңдар.

Абай шығармаларында «ғылым» сөзін ең көп келтірген екен (11 рет). Ең басты мәселе – білім арқылы адамның жоғарғы санасын қалыптастыру,

оның зиялы әлеуетін көтеру. Сонда ғана адам өзінің бар мүмкіндігін іске асырады.

Әдетте, әр адамның ойы мен бойында білім мен түрлі қабілеттің алғашқы нышаны жатады. Ал өзін әлі танытып үлгермеген сол қабілет-нышанының бастама күйіндегі сыртқы көрінісі – талап. Ал талаптың өзі белгілі бір қабілетке ықылас көрсетуден туады:

Кісіде бар болса талап,
Отырмас ол бойын балап.
Жүрер, әрқайдан ізденер,
Алар өз сүйгенін қалап.

Талап мұрат-мақсатқа жетудің құралындай, амалындай көрінісін келесі өлеңінде тиянақтай түседі:

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.

Абай «талаптыға» деп ынталы, ықыласты, сүйген көңілді айтып отырғаны ақиқат:

Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз.

Әр нәрсенің де көпшілік көре бермейтін қыр-сырын, артықша қасиеті – нұрын тану, көру – білімді адамда ғана болатын қасиет.

*О. Сәбден. «Абай және қазақ елінің
болашағы» кітабынан*

№	Мен таныған тұлға	Оның табыстары	Тұжырым
1.	Ғылым қайраткерлері		
2.	Спорт шеберлері		
3.	Өнер жұлдыздары		
4.	Еңбек ардагерлері		
5.	Ақын-жазушылар		



Жазылым

4-тапсырма. Төменде берілген нақыл сөздерді мәтінмен байланыстырып, өз тұжырымдарыңды жазыңдар. Нақыл сөздерді мәнерлеп оқыңдар.

Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.

А. Құнанбайұлы

Талаптан да, білім мен өнер үйрен,
Білімсіз, өнерсіз болады ақыл тұл.

Ш. Құдайбердіұлы

Адамға тіл, құлақ қандай керек болса... білім де сондай керек.

А. Байтұрсынұлы



Айтылым

5-тапсырма. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген тақырыпта пікірталас ұйымдастырыңдар.

6-тапсырма. Ресми құжаттардағы этикет сөздердің астын сызыңдар.

Ресми ісқағаздары мәтінінде марапат, мадақ, кемсіту, қорлау т.б. мазмұндағы сөздердің қолданылуы тым шектеулі болады. Егер адресаттың құрметті атақтары мен дәрежелері болса, оларды атап көрсету іскерлік қатынастағы этикеттік нормаға лайық деп танылады.

*Қайнар академиясының ректоры,
профессор Е. Омаровқа*

Сіз басқаратын оқу орнының филология факультетінің IV курс студенті Асқаров Сұңқар Талғатұлын «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен мұғалім ретінде қабылдауға келісім беретіндігімді хабарлаймын.

Педагогикалық практика жетекшісі, педагогика ғылымының докторы, профессор, Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері А. Әбділданың қойған бағасына келісім беремін.

Мектеп-интернат директоры:

Б. Есенбай

6.1-тапсырма. Берілген сөздер қатарынан ісқағаздарына тән стандарт сөздердің астын сызыңдар.

Өтініш, сөз сазы, жеті қазына, конкурстық таңдау, айына 20 000 теңге айлықпен жұмысқа алынсын, жиған-терген, жалынышты, негіздеме,

кеңес мәжілісі, мекеме басшысы, бұйрықпен таныстым, бақытты, жұмысқа алу туралы, рақым қылды, жұмыстан босату.

6.2-тапсырма. Анықтама үлгісін нормаға сай толтырыңдар.

Анықтама

Бұл анықтама _____
 Абай атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатының _____
 оқитындығын растайды. Анықтама тиісті жерге тапсыру үшін берілді.

Мектеп-интернат директоры:

С. Асқаров

4-сабақ

ҚИЯЛЫҢА ЕРІК БЕР

Ой түркі:

- Қандай табысты тұлғаларды өздеріңе үлгі тұтасыңдар?
- Қай салада жаңалық ашқыларың келеді?
- Қиял-ғажайып ертегілері сендерге ұнай ма? Неліктен?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, өздеріңе керекті мәліметтерді жазып алыңдар. Сыныпта мәтінді талдаңдар.



Айтылым

2-тапсырма. Болашақтағы өз міндеттерің жайлы таныстырылым дайындаңдар.



Оқылым

3-тапсырма. Мәтінді оқып, айтылған ойды өз болжамдарыңмен дамытыңдар. Тақырыпқа сай терминдері мен синтаксистік құрылымына талдау жасаңдар.

Келешек – білімді ұрпақтың еншісінде

Өлем бойынша Нобель сыйлығына ие болғандардың қатарында АҚШ бірінші, Ұлыбритания екінші орында тұр. Бұл екі ел озық ойлы ғалымдардың білігі мен білімін іске айналдыруға татымды идеяларын сарқып алады. Америкалық Нобель сыйлығының иегерлері арасында

кезінде Ресейден кеткен ғалымдар да бар. Сондай атақ-абыройға лайықты жандар біздің елде де бар. Тіпті біздің математиктер ғылыми-зерттеу жұмыстарының жетістіктері жөнінен алдыңғы қатарлы 36 мемлекеттің ішінде 5-орында. Мұхтарбай Өтелбаев, Уәлібай Өмірбаев сынды қазақ математиктері Америкада да өте танымал. Олар дәл қазіргі шақта барынша пісіп-жетілген, бір мемлекеттің ілім-білімін арқалап, өрге сүйрейтін кемел күйде. Міне, мемлекет осы сияқты жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан ғұлама ғалымдардың бар жағдайын жасап, олардың әлеуетін тиісінше пайдалануға ынталы болуға тиісті ғой деген ойдамын.

Бір кездері Британияда да техникалық және жаратылыстану ғылымдарынан гөрі гуманитарлық мамандыққа ойысу шамадан тыс көбейіп кетсе керек. Осы үрдісті шектеп, жас жеткіншектерді техникалық ғылымдарға қарай бейімдеу үшін Британияның Аэроғарыш агенттігі арнайы Лафборо университетін ашып, техникалық пәндерді көбірек оқытатын мектептерді де қоса ұйымдастырыпты. Осы шаралардың нәтижесінде британдық балалар он жастан бастап-ақ техникалық мамандықтарға бет бұрып, мектеп бітірген кезде өз таңдауларымен әлгі Аэроғарыш агенттігінің университетіне келіп түсетін болған.

Ө. Ахметов. «Тәңіртау тұлғегі» кітабынан



Жазылым

4-тапсырма. Зияткер жастарға тән қасиеттерді талдап, «Табысты болу үшін керекті дағдылар» тақырыбы бойынша тұжырым жасаңдар.



5-тапсырма. «Қазақстан үшін зияткерлік миграция қауіпті ме?» деген тақырыпта пікірталас ұйымдастырыңдар.

6-тапсырма. Әр терминнің өзіне лайықты анықтамасын сәйкестендіріңдер.

1	Түйіндеме	А	Ұйым басшысының, лауазымы жағынан жоғары тұрған адамның атына белгілі бір ақпаратты, өтінішті, мәліметті жеткізу
2	Бұрыштама	Ә	Мазмұны белгілі бір фактіні немесе оқиғаны дәлелдейтін, растайтын, сипаттайтын ақпараттық-анықтамалық ісқағаз түрі
3	Мінездеме	Б	Заңмен рәсімделген екі жақтың нақты бір міндеттерді өзіне ерікті түрде алу туралы жазбаша келісімі
4	Арыз, өтініш	В	Түрлі мекеме, ұйым, бірлестік, оқу орындарында жеке адамды өмірбаяндық, біліктілік, кәсіптік тұрғыда жазбаша сипаттау
5	Еңбек шарты	Г	Белгілі бір тұлғаның өмірбаяны, білімі, мамандығы, біліктілігі т.б. жайлы мәлімет беретін ісқағаз түрі
6	Анықтама	Д	Келіп түскен ісқағаздарының бұрышына жазатын мекеме басшысының қысқаша нұсқауы

5-сабақ

ЗИЯТКЕРЛІК МИГРАЦИЯ

Ой түрткі:

- «Зияткерлік өлеует» деген тіркесті қалай түсіндірер едіңдер?
- Шетелде жүріп үлкен жаңалықтар ашқан қандай тұлғаларды білесіңдер?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Айтылған пікірлер мен көзқарастарды салыстырып, сыныпта талдаңдар. Абайдың оқу-білім турасындағы даналық сөздерін негізге алып, «Абай ізімен...» тақырыбында үндеу дайындаңдар.

**Айтылым**

2-тапсырма. Тыңдалым мәтінін қорытындылап, тұжырым жасаңдар. Өз жұптарыңмен бөлісіңдер.

**Оқылым**

3-тапсырма. Төмендегі мәтінді оқыңдар. Айтылған ойды бүгінгі күнмен байланыстырып өңгімелеңдер.

Қазақ диаспорасы қалыптасуының үшінші кезеңі (1991–2000)

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдары Еуропаға қоныс аударған қазақтардың саны көбейді. Қазақстаннан Германияға қоныс аударған этникалық немістермен бірге аралас некедегі қазақтар да Еуропаға кетті. Біреулер жұмыс іздесе, біреулері кәсіп іздеп барды, ал жастар көбінесе оқу, білім іздеп бара бастады. ҚР Президентінің «Болашақ» бағдарламасы бойынша немесе ҚР Білім және ғылым министрлігінің академиялық ұтқырлық бағдарламасы немесе халықаралық түрлі бағдарламалар аясында Еуропаның жоғары оқу орындарында білім алып жүрген қазақ жастары жетерлік. Бұрынғы социализм кезінде Шығыс Еуропаның жоғары оқу орындарында Моңғолиядан келіп, жоғары және кәсіптік білім игерген қазақ жастары көп болатын және олар Еуропада біржола қалуды өсте ойламайтын. Бәрі де елге қайтушы еді. Соңғы жылдары Еуропаның жоғары оқу орындарында Қазақстаннан және Қытайдан келіп оқып жатқан қазақ жастарының саны көбейген.

Еуропадағы қазақ қоғамдары қауымдастығының мәліметі бойынша бүгінгі күні басым көбі Түркиядан қоныс аударған бес мыңдай қазақ Германия, Франция, Швеция, Австрия, Нидерланды, Ұлыбритания, Норвегия және Дания секілді он шақты елде өмір сүруде. Біздің есебіміз бойынша 1991 жылдан кейін Еуропаға Қазақстан, Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Иран және Түркиядан қоныс аударған және кәсіп іздеп, білім іздеп келген қазақтарды қоссақ, онда Еуропада жүрген бар қазақтың саны он мыңдай деп айтуымызға болады.

Д. Баймолда. «Еуропадағы қазақтар» мақаласынан

**Жазылым**

4-тапсырма. Шетелде білім алып жатқан қазақстандық жастарға арнап сұхбат сұрақтарын жазыңдар.

5-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріп, зияткерлік миграцияның Қазақстанның болашағына әсері туралы болжам жасаңдар.

- Зияткерлік миграцияның қандай тиімді/тиімсіз жақтары бар?
- Еуропа қазақтары әлем қазақтарының бір бөлшегі болып табыла ала ма? Неліктен?
- Атажұртын сағынған әлем қазақтары Қазақстанның келешегіне қандай көмек бере алады?

Хат түрлері, қатынас хаттар

Ресми іскерлік қарым-қатынастың жазбаша үлгілеріне, негізінен, мекемелердегі ісқағаздар жатады. Оған белгілі бір мекеменің (заңды тұлғаның) негізгі құжаттары – жарғы, бұйрық, анықтама, мәлімдеме, ақпараттық хаттар т.б. жатады.

Анықтама, мәлімхат, бұйрық, жолдаухат, акт, түсініктеме т.б. құжаттар стандартқа сай өзірленеді.

1. Ресми хат. Белгілі бір ортаның атқаратын жұмыстарына байланысты мәселелер жазбаша қарастырылады. Олар ресми түрде мекеменің атынан жазылады және қызметтен тыс мәселені қозғамайды.

2. Жеке хат. Бұл хаттардың ерекшелігі айтылатын мәселе өрісінің кеңдігі және қызметтен тыс мәселелерге де арналатындығы. Дегенмен қызметтен тыс мәселелер, адамның өз қызметімен, ұйымның атқаратын қызметімен шеше алатын мәселелер өрісімен тікелей байланыста болады. Мұндай хаттар жеке тұлға атынан жазылады.

3. Ұсыныс хаттар. Бұл хаттар бір мақсатта жазылады: қызметкерді белгілі бір орынға, қызметке ұсыну жөнінде басшыға ұсыныс жасау. Аталған қызметкердің сол орынға лайық екендігіне кепілдеме беру. Хат ресми, өзіне тән құрылымы сақталып жазылады. Бұл хатқа ұсыныс жасаған тұлға қол қояды.

4. Сұраныс хаттар. Бұл хаттар да бір ғана мақсатпен жазылады: мекемеден керекті ақпаратты немесе белгілі бір құжатты жіберуін сұрау. Сұраныс хатқа мекеменің жауапты адамы қол қояды.

5. Шағым хаттар. Белгілі бір мекеменің немесе мекеме қызметкерінің заңсыз іс-әрекетін көрсету, соған орай шара қолдануды сұрау мақсатында жазылады. Хат мазмұнының негізгі құндылығы онда көрсетілген фактілерге байланысты. Шағым хатқа шағым беруші адам, кейде хат мазмұнына байланысты мекеменің жауапты қызметкері де қол қояды.

6. Циркуляр хат. Ведомстволық жағынан бағынышты барлық мекемелерге бір мезгілде жөнелтілетін хат. Олар негізінен тапсырма беру сипатында болады.

7. Жолдама хаттар. Құжатпен бірге жіберілетін қосымшаның немесе қосымшалардың құрамы, мазмұны, көлемі, саны жайлы мәліметтер көрсету үшін жазылады. Бұл хаттар көрсетілген ақпараттың дәлдігімен ерекшеленеді. Жолдама хатқа мекеме басшысы қол қояды.

6-сабақ

БІЛІМДІ МЫҢДЫ ЖЫҒАДЫ

Ой түртікі:

- Білімді алыстан іздеу қаншалықты маңызды деп санайсыңдар?
- Өздерің үлгі тұтатын табысты тұлғалардың қандай жаңалығын атай аласыңдар?



Тыңдалым

1-тапсырма. Даналық сөздерді тыңдаңдар. Ғұламалардың пікіріне қатысты өз ойларыңды айтыңдар. Сыныпта талқылаңдар.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Даналық сөздердің қайсысын ең маңызды деп санайсыңдар?
2. Берілген даналық сөздерден қандай қорытынды жасауға болады?



Айтылым

2-тапсырма. Бүгінгі қазақ жастарының ел мүддесі жолындағы көзқарастары туралы «Мен жастарға сенемін» тақырыбында ой бөлісіңдер.



Оқылым

3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Онда берілген мәліметтер мен деректерді салыстырып талдаңдар.

Жастар сапалы білімді қайдан іздейді?

Бүгінде білім іздеген жанға қай елге барып білім аламын десе де, жолы ашық. Өз елімізде де азаматтарымыздың сапалы білім алып, білікті мамандар қатарын толықтыруы үшін көптеген мүмкіндіктер қарастырылған.

Соңғы жылдары елімізбен шегаралас кейбір мемлекеттер жыл сайын біздің жастарымыз үшін білім гранттарын бөлуде. Мәселен, биылғы

жылы Ресей Қазақстанның жас талапкерлеріне 300-ге жуық білім грантын беруді қарастырып отыр.

Қазірдің өзінде Ресейдің оқу орындарында білім алып жатқан қазақстандықтар саны 15 мыңға жуық екен.

Қытай Халық Республикасы да қазақстандық мектеп бітірушілерге үлкен мүмкіндіктер беруде. Сөйтіп, Аспан асты еліне білім алуға баратын жастардың саны арта түсуде.

Қазіргі жаһандық үрдіс бойынша жастардан қамқорлығын аямайтын мемлекеттер дарынды, талантты деген түлектерді өз елдерінде қалдыру үшін барын салып бағады. Осылайша, білікті жас мамандар өзге елдің әлеуетін арттыруға қызмет етіп кетуі де мүмкін. Өзге мемлекеттің жастарына қолжетімді білім гранттарын үлестірген елдердің олардан қайтарымын талап ететіні сөзсіз. «Алмақтың да салмағы бар» дегенді қазақ атам осындайда айтқан ғой...

ЭБДҮ тиісті мекемелерінің мәліметтері бойынша шетелдік студенттердің 15-тен 35-ке дейінгі пайызы диплом алғаннан кейін сол елде жұмыс істеуге қалып жатады. Соңғы деректер бойынша шетелде білім алатын, тәжірибе жинайтын қазақ студенттерінің саны 30 мыңнан асқан.

Дәлірек айтқанда, 15 мың студент Ресейде, 10 мыңға жуығы Қытайда, қалған 5 мыңы Еуропа мен АҚШ-та білім алуда.

Е. Омарұлы



Жазылым

4-тапсырма. Мәтінде берілген деректер мен үрдістерді талдап, «Өркімге туған жері – Мысыр шаһары» тақырыбына қатысты тұжырымдарыңды салыстырып жазыңдар.


5-тапсырма. Автордың тұжырымымен танысыңдар. «Білімдінің жүзі жарық» тақырыбында пікірталас ұйымдастырыңдар.

Жалпы білімнің үш түрі бар. Біріншісі – бейсаналы білім. Мысалы, бала кішкентай кезінде ыстық шәйнекті ұстап алса, кейін оған қайта жоламайды. Екінші – жиналған білім. Ол өсе келе кітап оқып, интернет қарап, ақыл-кеңес тыңдап табылады. Үшіншісі – өз білімі. Жиналған білімін іс жүзінде өмірде қолданып көргендіктен пайда болған білімі. Ондай білімді өндіру үшін екі шарт керек. Біріншісі, біреумен сөйлесу, ақылдасып, пікір таластыру қажет, яғни адамға айна керек, сонда жаңа бір идея, жаңа білім пайда болады. Немесе біреуді оқыту керек. Екінші шарты – жеке қалып көп ойлану керек.

М. Сейсембай. «Ана тілі» газетінен

Оқылым

6-тапсырма. Ұлттың жалпы ішкі қаражатын ғылымға бөлетін елдердің мөлiмeгiн салыстырып, өз ойларыңды айтыңдар.



Сұрақтар:

1. Отандық ғылымды дамытуға қандай үлес қосқың келеді?
2. Интеллектуалды дәуірде өнері мен ғылымы кенже қалған ел неден ұтылады?

7-сабақ

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ

Ойтүргкі:

- Интеллектуалды ұлттар қатарына қандай елдерді жатқызуға болады?
- Интеллектуалды ұлттың қандай ерекшеліктерін атар едіңдер?
- Кемел тұлға болу үшін адамға қандай мінез керек деп ойлайсыңдар?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтіннің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.



Айтылым

2-тапсырма. «Интеллектуалды ұлт – озық ұлт» тақырыбы бойынша мәтіндегі ойды өз пікірлеріңмен жалғастырыңдар.

 **Оқылым**

3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Берілген ақыл-кеңестерді өз өмірлеріңмен салыстырып талдаңдар.

Сізді ақылды ететін әдеттер

Ақылды адамдар үздіксіз ізденіп, ой-өрісін дамытып отырады. Сондай-ақ жақсы әдеттерді үйреніп, ақыл-ойын тәрбиелейді. Осы орайда ақыл жинауға көмектесетін 10 әдетті ұсынамыз.

1. Сұрақ қойыңыз. Сізге айтқан нәрсенің бәріне бірдей сеніп, келісе бермеңіз: сұраңыз, интернеттен іздеңіз.

2. Көп оқыңыз. Кітаптар, журналдар және сайттардағы лонгридтерді оқыңыз. Күнделікті кітап оқу кестесін сақтаңыз. Ғалымдар ақпаратты жақсы қабылдау үшін таңертең оқуды ұсынады.

3. Ақылды адамдармен араласыңыз. Зияткерлер өз миларын немен қоректендіретінін біледі, сондықтан олармен әңгімелесу пайдалы. Олардың оқу стилін үйренесіз.

4. Ақыл-ойыңызды ғана емес, денеңізді де жаттықтырыңыз. Ақыл-парасатыңызды дамытуды ойлағанда дұрыс тамақтану мен жаттығулар туралы ұмытпаңыз. Ми мен дене әрқашан тығыз байланыста.

5. Жаңа идеялар ойлап табыңыз. Блокнотқа немесе арнайы сервистің аккаунтына ойыңызға келген идеяларды жазып немесе салып жүріңіз. Шығармашылық жаңаша ойлауға шабыттандырады. Өз идеяларыңызды әрдайым тексеріп, редакциялаңыз.

6. Күнделік жазыңыз. Ақылдырақ болудың тағы бір әдісі – жеке тәжірибеңізден сабақ алу. Зерттеулер бойынша күнде бірнеше минутыңызды болған жағдайды немесе ойды жазуға арнау ми күшін арттырады екен.

7. Теледидарды онлайн-оқуға ауыстырыңыз. Бос уақытыңызды әлеуметтік желіге немесе бітпейтін сериалдарға арнағанша, пайдалы нәрсемен айналысыңыз. Интернетте мида дамытуға арналған оқыту құралдары толып жатыр. Талғамыңызға қарай курс, сабақ, тест, бағдарлама және дамытушы тәжірибе таңдай аласыз.

8. Біліміңізбен бөлісіңіз. Жаңа нәрсені үйрену сөзсіз ақыл-парасатты дамытады, ал білгеніңізбен бөлісу үдеріс тиімділігін еселейді.

9. Жаңа біліміңізді қолданыңыз. Егер білімді тәжірибеде қолдану ойыңызда болмаса, оны үйренудің қажеті жоқ. Ақылды адамдар алған білімін табыс үшін ғана қолданбайды, зияткерлік ресурсын ашу оларды бағалы адам етеді.

10. Ойлануға уақыт бөліңіз. Адамның көңілі бір нәрседен екіншісіне жылдам ауысады. Кейде тіпті келіп түскен ақпараттың шынайы мәнін түсініп үлгермейді. Алған білімді ойлауға үзіліс алып үйреніңіз.

Massaget.kz



Жазылым

4-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтіннің маңызды тұстарын анықтап, тұжырым жасаңдар.



Оқылым

5-тапсырма. Мақал-мәтелдерді мәнерлеп оқыңдар. Берілген мақал-мәтелдерге сүйеніп, пікірталас ұйымдастырыңдар.

Басы – көсем, тілі – шешен, қолы – шебер.

Ойлы адам оза береді,
Ойсыз адам тоза береді.

Талапсыз жас – қанатсыз құс.

Білмеген надан емес,
Білгісі келмеген надан.

6-тапсырма. Мәтінді сөйлеу мәнері талаптарына сай оқыңдар. Бейнелі сөздерді дәптерге жазып алыңдар.

Жетестің көрілік туралы айтқаны

Қаракісі руының Жағал деген бір азаматы жасы сексенге келіп қартайып отырған Кіші жүз Жақайым Жетес бимен әңгіме үстінде:

– Иә, Жетеке, сіз сексенге келдіңіз, әрбір он жылды бір белеске қойғанда, не нәрсеге теңер едіңіз? – деген екен.

Сонда Жетес сәл ойланып:

– Е, қарағым-ай, мен он жасымда асық ойнадым, қызығына тоймадым, қатар балалардың асығын ұтып қоймадым; жиырмаға келдім, бойға жетіп бойлады, онда да балалықты қоймадым. Жиырма беске жеттім, жақсы іске сүйіндім, жаман іске күйіндім, барымды бойға киіндім, сұлу қыз-келіншек болса, соған шүйілдім; отызға келдім: қызыл алтайы түлкі болдым, қыран бүркітке алдырмадым, құмай тазыға шалдырмадым, қатар құрбымның көңілін қалдырмадым; қырыққа жеттім: арғымақтай аңқылдадым, тау қырандай шаңқылдадым, ақ алмастай жарқылдадым, дариядай сарқылдадым; елуге келдім: биік бір қара төбенің басы-

на шықтым, алды-артымды тегіс көрдім, бірақ қай жағы алыс, қай жағы жақын екенін біле алмадым; алпысқа жеттім: алты тарау жолға кездестім, қайсысына түсуді білмей, дағдарысқа ұшырадым. Жетпіске келдім: жеңілгенімді білдім, билікті бала-шағаға бердім, айтқанына көндім, жетегіне ердім; тап осы күні сексендемін: алдым терең құз, артым биік жар, сол жағым – су, оң жағым – от; қалай қарай қозғалсам да, маған тірлік емес-ау! – деген екен.

«Шешендік сөздер» кітабынан

8-сабақ

ӨНЕРПАЗ ОН КІСІМЕН ТЕҢ

Ой түрткі:

- Сендерге ерекше әсер еткен қандай шығармаларды атай аласыңдар?
- Өз орталарыңнан кімдерді өнерпаз тұлға деп таныстырар едіңдер?
- Ғылым мен өнерде жаңалықты тек шетелдерде жүріп ашуға болады деген пікірмен келісесіңдер ме?



Тыңдалым

1-тапсырма. Даналық сөздерді тыңдаңдар. Дәйексөз ретінде мақал-мәтелдерді алып, «Ел үмітін ақтаймыз» тақырыбына қатысты өз ойларыңды айтыңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Өздерің оқыған шығармалармен байланыстырып, маңызды тұстарын талдаңдар.

Прозалық шығармалардың зияткерлік әлеуетті арттырудағы қызметі

Зияткерлік әлеуетті арттыруда қазіргі қазақ прозасының өркендеуіне үлес қосып жүрген жазушылардың шығармаларының алатын орны ерекше. Тәуелсіздік қаламгерлерге өткен тарихымыздың белгісіз беттерін түгендеуге мүмкіндік берді. Олардың бірсыпырасы – ХХ ғасыр шындығын арқау еткен туындылар.

Соның нәтижесінде ұлттық әдебиет тың тақырыптармен, тарихи тұлғалар бейнесімен толықты. Қазақ жазушылары өткен тарихымызды бағамдаумен бірге бүгінгі замандас бейнесін жасауда көптеген жетістіктерге жетті.

Еліміз тәуелсіздік алған ширек ғасыр ішінде ХХ ғасырдың басындағы Қазан төңкерісі, жаппай колхоздастырудың салдарынан қандастарымыз-

дың елден үдере көшуі, қызылдар қырғыны, жаппай ашаршылық, сталиндік репрессия, коммунистік тоталитаризм, Ұлы Отан соғысы, соғыс жылдарындағы ауыр тұрмыс, шаруашылықты қалпына келтіру, тың және тыңайған жерлерді игеру тәрізді ел өмірінен үлкен орын алар ұлт тарихының қасіретті жылдары қазақ әдебиетінде біршама игерілді.

Ірілі-ұсақты прозалық шығармаларды іріктеп қарағанда жазушыларымыздың дені тарихи тақырыпқа және кеше ғана тарих қойнауына енген ХХ ғасырдағы аумалы-төкпелі оқиғаларға жан бітіргеніне куә болдық. Сондай-ақ бүгінгі таңда арамызда жүрген замандастарымыздың да көркем шығармалардың негізгі кейіпкерлеріне айналғанына көзіміз жетті.

*«Ұлттық әдебиет және еліміздің зияткерлік әлеуеті»
кітабынан*



Жазылым

3-тапсырма. Сыныптастарыңа арнап «Біз жанбасақ лапылдап...» деген тақырыпта сұхбат сұрақтарын дайындаңдар.

3.1-тапсырма. Өздерің ұнатқан, білетін, шетелде жүрген қазақстандық өнертабыс иелеріне хат жазыңдар. Оны «Youtube» сайтында жариялаңдар.



Айтылым

4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Берілген кеңестердің біреуін таңдап, өз көзқарастарыңмен түсіндіріңдер.

Өлемге әйгілі «Microsoft» компаниясының негізін қалаушы Билл Гейтстің афоризмге айналған 11 кеңесін ұсынамыз.

1. Өмір – әділетсіз, осы ақиқатқа көндігуің керек.
2. Сенің ішкі сезімің мен өзіңе деген сыйластығың өлемге керек емес. Өлем сенің сезімдеріңе назар аудармас бұрын сенен белгілі бір нәтижелер күтеді.

3. Мектеп бітіре салған соң саған жылына 40 мың доллар жалақы төленеді деген ойдың орындалуы екіталай. Өзің соған лайық болмай тұрып, лимузині бар компанияның вице-президенті бола алмайсың.

4. Егер оқытушыңды қатал әрі талап еткіш деп ойласаң, онда бастығыңмен таныстықты күт. Оқытушыға қарағанда бастықтың мансабы сенің жақсы жұмыс жасауыңа байланысты.

5. Асханада бургер қуыру абыройсыз жұмыс емес. Ата-бабаң кез келген тіпті осы сияқты жұмысты «жақсы мүмкіндік» деп атар еді.

6. Өз сәтсіздіктерің үшін ата-анаңды кінәлама. Уайымдама, сәтсіздіктеріңе қарап сабақ ал.

7. Сен туғанға дейін ата-анаң қазіргі күндегідей жалықтырғыш болған жоқ. Олар сенің балалық шағыңның жақсы өтуі үшін қолдарынан келгенін жасады. Сондықтан Амазонканың ормандарын құтқаруға кетпес бұрын, өз бөлмеңді жинастыруға тырысып көр.

8. Мектебің жеңімпаздар мен жолы болмаушылар деп екіге бөлмегенімен, өмір оған қарамайды. Кейбір мектептерде нашар баға қою туралы ережені өзгертіп, сан рет тест тапсыруға мүмкіндік береді. Бірақ бұл жағдайлар шынайы өмірде болып жатқан нәрселерге қатысты емес.

9. Өмір семестрге бөлінбеген, онда жазғы демалыстар жоқ. Өз «меніңді» табуға көмектесетін адам өте аз, сондықтан оны өзің қолға алуың керек.

10. Шынайы өмір мен теледидардың ар жағындағы оқиғаларды шатастырма. Өмірде адамдар көп уақытын кофе ішетін жерде емес, жұмыста өткізеді.

11. Оқымыстылармен жақсы қарым-қатынаста бол. Олардың біреуі кейін сенің бастығың болуы мүмкін.

Massaget.kz

5-тапсырма. Филология ғылымдарының докторы, профессор М. Балақаевтың дәйексөзінен сөйлеу мәдениетінің қандай ерекшеліктерін байқауға болады? Дәйексөзді басшылыққа алып, сөйлеу ағымындағы интонацияның қызметі туралы жұптарыңмен пікірлесіңдер.

...Мысалы, «Оның айтқаны түсінікті» деген қып-қысқа сөйлемді кемінде он түрлі нұсқада түрліше құбылтып айтуға болады. Сонда әуеннің, дауыс ырғағының, екпінінің әртүрлі болуынан сол бір сөйлемнің білдіретін мағынасы әртүрлі болмай ма? Сөйлемнің айтылу интонациясын құбылтып, оны хабарлы да, сұраулы да, лепті де етіп айтуға болады. «Оның» сөзіне ой екпінін түсіріп, басқаның емес, оның айтқаны түсінікті екенін аңғаруға болады, «түсінікті» сөзін бөліп, созып айту арқылы сөйлемге өзгеше өң беруге де болады. Сөйтіп, әрбір сөйлемнің өз орайында әр алуан ырғақты үн, тиісті әуені, музыкалық сазы болады...

М.Б. Балақаев. «Тіл мәдениеті» еңбегінен

БӨЛІМДІ ҚОРЫТЫНДЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1-тапсырма. Кестедегі ісқағаз үлгілерінің жеке немесе заңды тұлғаға қатыстылығын анықтаңдар.

№	Ісқағаз үлгілері	Жеке тұлғаға қатысты	Заңды тұлғаға қатысты
1	куәлік		
2	жарғы		
3	пікір		
4	өкім		
5	өмірбаян		
6	қаулы		
7	өтініш		
8	бұйрық		
9	арыз		
10	акт		
11	хаттама		
12	мәлімдеме		
13	түсініктеме		
14	сенімхат		
15	түйіндеме		
16	міндеттеме		
17	есеп		
18	жарнама		
19	анықтама		
20	кепілдеме		
21	келісімшарт		



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқып, тиісті сөздерді орнына қойып жазыңдар.

Шешендік деген не?

Шешендік – кейбіреулердің ұғымындай әншейін ширақ сөйлеу, құрғақ пысықтық жасау емес. Шешендік шексіз білімнен, терең ойдан, асқан парасаттан туатын нәрсе. Өуезовтің шешендігі ғұлама ғалымдығында жатыр. Әйтпесе, күрмеуге келмейтін қысқа жіп секілді тақ-тұқ тапшылық пен жоқшылықтан шешендік туар ма?

Шешендік шалқар шабыттан, шалқыған сыр мен сезімнен туады.

Шешен болу үшін адам кәдімгідей қанатты болуға тиіс. Қанат болғанда, жай емес, парлап ұшатын қанат болуы керек. Өйтпесе, қанат тауықта да бар. Бірақ тауық пен бүркіттің қанаттарында біраз айырма бар-ды.

Демек, шешенге біткен қанат тауыққа емес, бүркітке тән талмайтын, самғайтын қанат болуы шарт!

З. Қабдолов. «Менің Өуезовім» роман-эссесінен

Шешендік – кейбіреулердің ұғымындай әншейін _____ сөйлеу, құрғақ _____ жасау емес. Шешендік _____ білімнен, _____ ойдан, _____ парасаттан туатын нәрсе. Өуезовтің шешендігі _____ ғалымдығында жатыр. Өйтпесе, күрмеуге келмейтін қысқа жіп секілді тақ-тұқ тапшылық пен _____ шешендік туар ма?

Шешендік _____ шабыттан, шалқыған _____ мен _____ туады.

3-тапсырма. Мәтін бойынша өз тұжырымдарыңды дайындап, топта талқылаңдар.

Бегеш есіп тұрған қызыл жел емес пе?

Бес болыс тобықтының белді, басшы адамдары Абай алдында айтулы бір дауды шешкен отырыста Бегеш те бар екен. Абайдың ұйғаруымен дау Бегештің сөзіне тоқтайды. Бегеш кеткен соң біліктілер мен ел жуандары отырып:

– Абай, сенің бізге істемегенің қалмады. Бес болыс тобықтыны бір болыс керейге билеттің. Осының жөн бе? – десіп наразылық білдіреді. Сонда Абай:

– Сендердің сөзің Бегештікіндей негізді, шешімді болып, жүйесін тауып тұрса, мен Бегештің сөзін алып неғылайын? Сен бесеуің Бегеш болам десеңдер, осы қазір атқа қоныңдар да, анау керей жақтағы жонның үстіне шығып, бесеуің маған бес уыс жел ұстап әкеліңдер, – дейді сынап қарап.

– Абай-ау, жел ұстатушы ма еді? Мұны не қыр, не сырмен айтып отырсың? – десіп даурыққандарға Абай:

– Ендеше, Бегеш сол есіп тұрған жел емес пе? Жел ұстата ма? Сендер Бегеш бола алмайсыңдар, – деп сөз түйіпті.

«Шешендік сөздер» кітабынан

Сөз сазы дегеніміз – сөйлеу үстінде сөздердің дұрыс айтылып, құлаққа жағымды естілуі. Ал сөздерді дұрыс айту дегеніміз – тілдің табиғи дыбыс заңдылықтарын сақтау болып табылады.



Жазылым

4-тапсырма. Берілген мәтінді сөйлеу тіліндегі сөз сазы нормаларына сай жазыңдар.

Жаздыгүн шілде болғанда,
 Көгорай шалғын, бәйшешек
 Ұзарып өсіп толғанда;
 Күркіреп жатқан өзенге
 Көшіп ауыл қонғанда,
 Шұрқырап жатқан жылқының
 Шалғыннан жоны қылтылдап,
 Ат, айғырлар, биелер
 Бүйірі шығып, ыңқылдап,
 Суда тұрып, шыбындап,
 Құйрығымен шылпылдап.
 Арасында құлын-тай
 Айнала шауып бұлтылдап,
 Жоғары-төмен үйрек, қаз
 Ұшып тұрса сымпылдап.

Абай. Шығармалар жинағынан

Тест тапсырмалары

1. Ісқағаздар тілінің сөз бедері деген не?

- a) дайын сөз үлгілерін қолдану
- b) ауызекі тілдегі сөздерді қолдану
- c) әдеби тілдегі сөздерді қолдану
- d) тілдік стандарттарды қолдану арқылы сөздің ресми қалыпқа түсуі
- e) өмірдегі зат, құбылыстардың атауы

2. Ұғым деген не?

- a) зат, құбылыстардың атауы
- b) шындық өмірдегі зат, құбылыстар белгілерінің санамызда бейнеленуі
- c) тұрмыстық қарапайым лексикаға тән сөздер
- d) ойды, сезімді образ арқылы бейнелеу
- e) көркем әдебиет тілі

3. Ресми ісқағаздар тілінде жиі кездесетін сөз қолданыстар:

- a) жалаң қабат күртеше
- b) жазиралы кең дала
- c) өз сұлулығын бағаламайды
- d) іссапарға баруыма байланысты
- e) айналасында адамдар бар

4. Ісқағаздар тіліне жататын бірліктер:

- a) автобус, құлақшын
- b) өтініш, оқушы
- c) гүрілдеп, сырылдап
- d) және, мен, бен
- e) үлде мен бүлде

5. Қай тіркес өтініште көп кездеседі?

- a) облыс орталығы
- b) бұйрық бердім
- c) рұқсат беруіңізді өтінеміз
- d) ғалымдар кеңесі
- e) конкурстық таңдау

6. Ісқағаздар тіліне айнала алатын күнделікті қолданып жүрген сөздер:

- a) сабақ оқу үшін
- b) бір-біріне соқты
- c) қыстың қаттылығы
- d) тықылдатқан
- e) құндыз жағалы

7. Ісқағаздар тіліне жатпайтын сөз тіркесі:

- a) мен тарихшымын
- b) сын есім
- c) ағылшын тілін білемін
- d) компьютерді білемін
- e) бас мақала

8. Қайыр – жезтаңдай әнші, он саусағынан өнері тамған суретші және ақын. Стиль түрін көрсетіңдер:

- a) әдеби стиль
- b) ісқағаздар стилі
- c) публицистикалық стиль
- d) ғылыми стиль
- e) ауызекі стиль

9. Төмендегі ісқағаздар тіліне жататын қолданысты аяқтаңдар.**Мені өзіңіз басқарып отырған мектептің...**

- a) болашағын зерттеуді бұйырамын
- b) ісқағаздарын тексеруге беріңіз
- c) 11-сыныбына қабылдауыңызды өтінемін
- d) жазылған өтінішке қол қойыңыз
- e) сенімділікке бейім

10. Ғылыми ұғымға жататын қолданыс:

- a) Ай – түнді жарық етіп тұрады
- b) Ай – Жерге жарығын түсіріп тұратын аспан шырағы
- c) Ай – жылдың бір бөлшегі
- d) Ай – Жердің табиғи серігі
- e) Ай – қараңғыда көрінбейді

11. Ісқағаздар тіліне жататын сөз:

- a) сынып
- b) тітіркенген
- c) жалт-жұлт
- d) деді
- e) екен

12. «Осы ... бойынша өкілдік басқа адамға берілмейді» қолданысы қай ісқағазға тән:

- a) хаттама
- b) өтініш
- c) бұйрық
- d) мінездеме
- e) сенімхат

13. «Қиын жағдайда өз бетінше дұрыс шешім қабылдай біледі» қолданысы тән ісқағаз түрі:

- a) өтініш
- b) іссапар куәлігі
- c) мінездеме
- d) хаттама
- e) телефонхат

14. «Мәтіні қысқа, дәл, анық, ең ұзақ дегенде 300 сөзден аспауы керек» сөйлемі тән ісқағаз түрі:

- a) мінездеме
- b) жеделхат
- c) мәжілісхат
- d) өтініш
- e) еңбек келісімі

15. Жеделхат мәтінінде қолданылмайтын сөздер:

- a) қысқа, дәл, анық сөздер
- b) кіріспе, шылау сөздер
- c) әдеби сөздер
- d) сөздер
- e) зат есімдер

Шешендік сөздер

Пікір алмасу. Публицистикалық стиль

Бұл бөлімде сендер:

- әлемдік және қазақстандық өнертабыс иелерінің жарқын үлгілері жайында;
- өнертапқыш болуға керекті дағдылар жөнінде;
- өнердің сарқылмайтыны жайлы білесіңдер;
- пікір алмасудың мазмұнын үйреніп, публицистикалық стильдің ерекшеліктерін меңгересіңдер.

1-сабақ

ҒЫЛЫМ ТАПШАЙ МАҚТАНБА

Ой түрткі:

- Адам баласының өмірінде ғылым қаншалықты маңызды деп ойлайсыңдар?
- XX ғасырдың қандай жетістіктерін атар едіңдер?
- Әлемді өзгерткен өнертабыстарға қандай мысалдар келтірер едіңдер?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Ақын көзқарасын ғаламдық (отандық) мәселелермен байланыстыра отырып талдаңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтіннің тілдік ерекшелігіне көңіл бөліп, стилін анықтаңдар.

...Жалпы алғанда, XX ғасыр адамзат баласына ғалами қауіп-қатерлер әкеліп қана қоймай, сонымен қатар оларға қарсы тұрудың бірнеше жалпыға ортақ жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді.

...Өкінішке қарай, адамзат көптеген қауіпті технологиялардан бірден бас тарта алмайды. Сондықтан ғалымдар, сарапшылар және саясаткерлер қоғамға бұрыннан бар технологияларды қалайша анағұрлым қауіпсіз және сенімді етудің, қалай сақтану керектігінің жауабын беруге талпынады.

Экологиялық сауаттылық пен сенім жоқта, аталған технологияларды енгізуден бас тарту қағидасын ұстану қажет.

...Жаңа технологияларды дамыту кезінде мемлекеттің міндеті адами даму мен технологиялық үдеріс сияқты екі үрдістің орын алуына және бірін-бірі толықтыруына жағдай жасалуы тиіс.

Н. Ә. Назарбаев. «Ғаламдық қоғамдастықты тұбегейлі жаңарту стратегиясы және өркениеттер серіктестігі»

3-тапсырма. Жоғарыдағы мәтінді басшылыққа алып, әлемді өзгертудегі ғаламдық жаңалықтарға өз көзқарастарыңды білдіріңдер және төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Неліктен адамзат қауіпті технологиялардан бас тарта алмайды?
2. Өнертабыстардың жаңалығы адамзат үшін қаншалықты пайдалы?
3. Жаңа технологияларды енгізуде қауіп төнсе, не істеуге болады?
4. Адами даму мен технологиялық үдеріске деген автордың көзқарасы қандай?

Оқылым

4-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар. Қарқын мен кідірістің сақталуына назар аударыңдар.

Бұл заманда не ғаріп?

Бұл заманда не ғаріп?
 Қадірін біліп ұқпаса,
 Дүррі ғауһар сөз ғаріп.
 Замандасы болмаса,
 Қариялар болар тез ғаріп.
 Ел жағалай қонбаса,
 Бетегелі бел ғаріп.
 Қаз, үйрегі болмаса,
 Айдын шалқар көл ғаріп.
 Өділ биі болмаса,
 Билігі кетіп ел ғаріп.
 Қадірін елі білмесе,
 Қайратты туған ер ғаріп.
 Бақытты адам қаласа,
 Қар үстінде от жанар.
 Бақытсыз адам қаласа,
 Құрғақ үйден су тамар.
 Жақсы туған баланың,
 Атасы жаман болса да,
 Тәрде отырып сый табар.
 Жаман туған баланың,
 Атасы жақсы болса да,
 Түйе үстінен ит қабар.

«Шешендік сөздер» кітабынан

**Жазылым**

5-тапсырма. 2-тапсырма мәтінінің тірек-сызба түріндегі жоспарын жазыңдар.

**Айтылым**

6-тапсырма. Мәтіндегі көркемдегіш құралдарды табыңдар. Бейнелі сөздердің қолданысын түсіндіріңдер.

Біз – елдің туымыз

Әйтеке шешен бірде Қаз дауысты Қазыбекке келіп, сәлем береді. Бұл Әйтекенің әлі жастау кезі болса керек.

- Уа, бала! Атадан жақсы ұл туса – елдің туы болады, жаман ұл туса – соры болады деуші еді. Соның қайсысы боласың? – дейді Қазыбек.
- Ораздының көрісі қартайғанда қазына болады, шиырлының көрісі қартайғанда қазба болады деуші еді, сіз соның қайсысыз? – дейді Әйтеке.
- Иншалла, қазынамыз, – дейді Қазыбек.
- Ендеше, біз – елдің туымыз! – дейді Әйтеке шешен.

«Шешендік сөздер» кітабынан

7-тапсырма. Тыңдалым материалы бойынша тілдегі көркемдік құралдарды жіктендер, қолданысына талдау жасаңдар.

Пікір алмасу – көпшілік қатысатын пікірталас түрі. Мақсаты – пікірталастыра отырып, әртүрлі көзқарастардың тоғысуы нәтижесінде дұрыс, ортақ бір шешімге келу. Пікір алмасуға қатысушылардың барлығының ортақ мақсат-мүдделері болады. Соңында бір шешімге тоқтайды.

Пікірталастың бұл түрінде арнайы баяндамашы белгіленбейді, қатысушылар тек тыңдарман болып қалмайды, олардың әрқайсысының да пікірталастыруға құқығы болады. Көпшілік қатысатын пікірталастың бұл түрінде төрағадан басқалар тең дәрежеде өз ойын білдіре алады.

Пікір алмасуға жалпы көпшілік қатысатын митингілер, арнайы құрылған комиссияның мәжілістері, семинарлар, іскерлік сессиялар т.б. жатады.

Пікір алмасу нәтижесінде қатысушылар саналы түрде бір келісімге келеді. Тек дұрыс сөздің, дәлелі мен дәйегі анық әрі мықты пікірдің, шешендік талаптарына сай оралымды сөздің өтімділігі бағаланады да, ортақ шешімнің негізіне де сол алынады.

Пікір алмасудың нәтижелі болуы жүргізушінің (төрағаның) де, оған қатысушылардың да ішкі мәдениетіне және дайындық деңгейлеріне байланысты болады.

2-сабақ

ӨНЕРТАБЫС ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Ой түрткі:

- Бүгінгі қоғамға ғылымның қай саласында жаңалық ашу аса маңызды деп санайсыңдар?
- Ғылым мен тәрбиенің байланысы бар деп ойлайсыңдар ма?
- Қазақстандық қандай ғалымдардың жаңалықтарын білесіңдер?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Терминдер мен ұғымдарды түсіндіріңдер.



Айтылым

2-тапсырма. Тыңдалым мәтінде берілген ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстырып айтыңдар. Публицистикалық ерекшеліктерді түсіндіріңдер.



Оқылым

3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Жанры мен құрылымдық ерекшелігін түсіндіріңдер.

Елімізде талантты оқушы көп. Соның бірі – Жалын Қабыкен. Қазіргі уақытта Америкада Kent high school-да 12-сыныпта оқиды.

Жалын сабағын жақсы оқумен қатар, түрлі бағдарламаларға қатысқан. Соның бірі – Америкадағы ТОП-100 университет қатарына кіретін MIT (Massachusetts Institute of Technology) LaunchX бағдарламасы.

Оның өз бетінше ізденіп, білім алғаны тек LaunchX бағдарламасына өтуге ғана емес, одан кейін де пайдасын тигізген. Жалын топтағы бағдарламалауды білген жалғыз оқушы болғандықтан, оған командада графикалық дизайнер мен маркетингтің жұмысын жүктеген. Бағдарламалауды білгені Allerscan қосымшасын дамытуға да септігін тигізіпті.

«Бағдарлама барысында аллергиямен ауыратын адамдарға арнап қосымша жасауды қолға алдық. Өйткені әлем бойынша аллергиямен ауыратын адамдардың арасында жиі кездесетін проблеманы байқадық.

Ал Allerscan қосымшасы телефонға түсірілген суреттегі мәтінді жасанды интеллект алгоритмін қолдана отырып, тез арада тани алады. Тіпті мәтінді секундтан да аз уақытта сізге анықтап береді. Бұл көру қабілеті нашар және денсаулығы сыр берген адамдар үшін пайдалы».

«Ұлан» газетінен



Жазылым

4-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін бойынша тезистік жоспар дайындаңдар.

5-тапсырма. «Адамзат өркениетінің жетістіктері» тақырыбында мақала дайындаңдар.



Айтылым

6-тапсырма. Мәтіндегі көркемдегіш құралдарды табыңдар. Бейнелі сөздердің қолданысын түсіндіріңдер.

Әйтеке бидің тапқырлығы

Би – ру басшысы. Ең алдымен өз руының, руластарының сөзін сөйлеп, мүддесін қорғаушы. Бұл жағынан да Әйтеке өз замандастарынан қалыспаған, ешкімнің атақ-даңқына табынбаған.

Би бір жолы құн даулай Ұлы жүзге келеді. Төле би қарсы алып:

– Биеке, жол болсын! – дейді.

– Айтқаныңыз келсін, би! Жол болмақ сізден болсын! Тірімен танысқалы келдік, өліге болысқалы келдік, – дейді Әйтеке.

– Бұйрығыңызға құлдық. Қылышыңыз болса – мойнымызға, құшағыңыз болса – қойнымызға, – деп Төле орнынан тұрады.

– Биеке, мойын бұрмас па екенсіз?

– Жарлық сізден болған соң, жабдық бізден!

Төле би тысқа шығып кеткен соң, Әйтеке бірге келген жолдастарына:

– Сіздер не ұқтыңыздар? «Ердің құны – екі ауыз сөз» деген осы.

Төле би отаулап қыз беретін болды, – депті.

– Оны қайдан білдіңіз? – дейді жолдастары.

– «Қылышыңыз болса мойныма» дегені – айыбын мойындағаны.

«Құшағыңыз болса – қойныма» дегені – кісінің құнына жасаулап қыз беремін дегені. «Мен түспалдап: «Айнып қалмайсыз ба?» – деп едім, – «сіз келіссеңіз, біз қамына кірістік», – деп шығып кетті.

Айтқандай-ақ, Төле би құн даулай келген қонақтарын отаулап, жасаулап қыз беріп, екі-үш күнде разы ғып қайтарыпты.

«Шешендік сөздер» кітабынан

3-сабақ

ДӘУІР ПЕРЗЕНТТЕРІ

Ой түрткі:

1. Қандай тұлғаларды «дәуір перзенттері» деп атауға болады?
2. Өнертабыстың шегі болуы мүмкін бе?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Ғалымның нақыл сөздерін сыныпта талдаңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырыбы мен идеясын айтыңдар. Публицистикалық ерекшеліктерін түсіндіріңдер.

Біз арнайы білімі болмаса да, «Boeing 757» ұшағының жобасын жасаған Евгений Демиденко туралы айтып отырмыз. Өйгілі мектепте оқымаसा да, еңбегі көпті мойындатты. Оның жасаған ұшағын «Boeing» компаниясы аттай қалап, сатып алды. Қазір Ұлыбританиядағы Крэнфилд аэроғарыш университетінің мамандары одан әрі дамытуды қолға алды. Ал оқушыға ұшақ жасау туралы ой кезекті жарыс кезінде келіпті.

«Өмірде анама айтар алғысым шексіз. Балабақшада қазақ тобына барып, төрт жасымда қазақ тілінде еркін сөйледім. Мектепте оқып жүргенде ата-анам компьютер алып берді. Интернет ақтарып, қызықты сұрақтарыма жауап ала бастадым. «Мына компьютер қалай жұмыс істейді? Қалай жасалған?» деген сұрақтар мазалайтын. Өнертапқыштық қабілет осылай дамыды. Nazarbayev Fund Schools Challenge халықаралық авиақұрылыс олимпиадасына қатыстым. Ұшақ үлгісін жасау Крэнфилд университеті оқытушысының тапсырмасы болатын. Ұшаққа қатысты барлық сұраққа жауап беріп отырдым. Нәтижесінде біздің команда жеңіске жетіп, Крэнфилд университетіне жолдама жеңіп алдық. Көп ұзамай «Boeing» компаниясы жобаны сатып алғысы келетінін айтты. Автор ретінде есімімнің сақталғанын қаладым. Екі жақ келісіп, жобаны сатып жібердім.

Ұшақ көп нәрсені үнемдейді. Жолаушылар санын көбейтуге, лайнердің қауіпсіздігін және энергия тиімділігін арттыруға арналған. Техникалық қызмет көрсету персоналы қажет емес. Бұл – гибрид ұшақ».

«Ұлан» газетінен



Айтылым

3-тапсырма. «Өркениеттің ең маңызды мақсаты – адамға ойлануды үйрету» тақырыбында пікір алмасыңдар.



Жазылым

4-тапсырма. Суреттерге қарап, «Ізденген жетер мұратқа» тақырыбы бойынша аргументативті эссе жазыңдар. Эссе жазу барысында төмендегі талаптарды басшылыққа алыңдар.



- жеке көзқарастың көрінісі;
- фактілі дәлелдер (аргументтер);
- теориялық негіздеме;
- терминдерді қолдану;
- цитаталарды келтіру;
- өртүрлі көзқарастарды мысалға алу;
- логикалық заңдылықтың сақталынуы;
- салыстыру және қорытындылау әдістерін қолдану;
- сауаттылық (пунктуациялық, орфографиялық);
- юмор, сарказм;
- қолданылатын ғылыми еңбектерге сілтеме жасау.

5-тапсырма. Мәтіндегі көркемдегіш құралдарды табыңдар. Бейнелі сөздердің қолданысын түсіндіріңдер.

Сөз құған бәлеге жолығады

Ұлы жүздің жігітіне атастырып қойған Орта жүздің бір қызы өз елінің бір жігітімен қашып кетеді. Соған байланысты Ұлы жүз жағының жігіттері Орта жүз ауылдарынан барымталап жылқы айдап алады. Ақыры Ұлы жүздің биі Төле мен Орта жүздің биі Қазыбек айтысады.

– Аға болып алдымен туысасың,
Алдымен жылқымды неге қуасың? –

дейді Қаз дауысты Қазыбек.

– Артымнан ерген еркемсің,
Ағаңның көзі тірісінде
«Жеңгеңді» неге ертесің? –

дейді Төле би ашуланып. Сонда екі жағын да тыңдап отырған Әйтеке би былай депті:

– Сабыр егіндер, билер!
Ашу бар жерде ақыл тұрмайды.
Ашу деген – ағын су,
Алдын ашсаң, арқырар.
Ақыл деген – дария,
Алдын тоссаң, тоқырар.
Кісі бірге туыспау керек,
Туысқан соң сөз қуыспау керек.
Сөз құған пәлеге жолығады,
Жол құған олжаға жолығады.
Төле, сен жылқыны қайыр,
Қазыбек, сен жесірін қайыр!

Әйтекенің төрелігін екі жағы да қабыл алып, ауысқан адамын, малдарын біріне-бірі қайтарып, ел арасы тыныш болыпты деседі.

«Шешендік сөздер» кітабынан

4-сабақ

БІЛІМ – ҰЛЫ КҮШ

Ой түрткі:

- Адам баласы ғылымсыз өмір сүре ала ма?
- Ғалым болу үшін керекті қандай қасиеттерді атай аласыңдар?

**Тыңдалым**

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Автордың ойын бүгінгі ғаламдық мәселелермен байланыстырып талдаңдар.

**Айтылым**

2-тапсырма. Мәтінде айтылған ойды бүгінгі жастар мәселесімен байланыстырып, пікірталас ұйымдастырыңдар.

3-тапсырма. Ғылыми стильдегі мақаланың жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар.

Жанама ұйқас – жырда негізгі желілі ұйқасқа қосарланып, ара-арасында келетін қатар тармақтардың үйлесімі. Желілі ұйқас түйдек-түйдек болып топтасатын көптеген тармақтарды қамтиды да, арасында қалып отыратын кейбір тармақтар өзара ұйқасады. Мысалы:

Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күреңді мінер ме екенбіз?
Күдеріден бау тағып,
Ақ кіреуке киер ме екенбіз?
Жағасы алтын, жеңі жез,
Шығыршығы торғай көз
Сауыт киер ме екенбіз?..

(Ақтамберді жырау).

З. Ахметов. Әдебиеттану терминдерінің сөздігінен

**Оқылым**

4-тапсырма. Мәтінді оқып, білім және байлық жайлы өз ойларыңды айтыңдар.

Білім – дүниенің ең үлкен қазынасы

Ерте, ерте, ертеде Иранның кішкентай бір қаласында жалғыз баласы бар жесір әйел өмір сүріпті. Жалған дүниемен қоштасатынын сезген кезде әлгі әйел баласын шақырып: «Басымыздан қиын күндерді өткердік, кедейшіліктен бас көтермедік. Бірақ саған үлкен байлық мирас етемін. Кезінде оны маған бір ғұлама берген болатын. Сол кітапта үлкен асыл қазынаға жету жолы жазылған. Оны оқитын менің уақытым болмады. Бірақ сен міндетті түрде оқуың керек, кедейшіліктен құтылып, бай болуға тиіссің!» – дейді.

Анасының жаназасынан кейін баласы аманат еткен үлкен ескі кітапты қолына алып оқи бастайды. Кітаптың бірінші беттерінде былай жазылған екен: «Қазынаға жету үшін кітаптың әрбір бетін кезек-кезегімен оқыңыз. Бір бетін оқымай, екіншіге өтпеңіз. Егер де соңында не бар екен деп, дереу кітаптың соңғы бетін ашар болсаңыз – кітапқа сиқырлы күш еніп, кітап өз-өзінен жоқ болады. Содан кейін қазынаға ешқашан жете алмайсыз». Осындай кіріспеден кейін бір елді мекенде сақталған үлкен қазына туралы айтылады. Қазына жатқан үңгір жақсы қорғалуда-мыс.

Кітаптың бірінші беттері парсыша жазылса, бір жерінен бастап кітап араб тілінде жалғасады екен. Өзін қазірден бай сезінген жас жігіт, бұл құнды кітап туралы басқа біреу біліп қоймасын, өзінен басқасы қазынаға жете алмасын деп арабша жазылғандарды аудартуға қимайды. Содан кітапты ары қарай оқу үшін араб тілін меңгеріп, жақсы түсініп оқиды. Белгілі бір жерден бастап кітап араб тілінде емес, қытай тілінде жалғасады. Сосын тағы-тағы басқа тілдерде. Жас жігіт бар ынта мен жігерін қосып кітап қай тілде жазылса, сол тілдердің бәрін үйренеді. Көп тілдерді меңгергені арқасында қаланың ең жақсы аудармашысы атанады. Өмірі реттеле бастайды.

Көп тілді беттерден кейін кітапта қазынаның қалай жұмсалу керектігі жайлы нұсқаулар жазылады. Осы беттерді оқып, жігіт экономика мен сауда салаларын да меңгереді. Сонымен қоса, қазынадағы асыл тастар мен гауһарлар туралы ғылымды да оқиды. Оқып-үйренгендердің бәрін теориядан тәжірибеге енгізіп жүреді. Оның бірнеше тілді білетіндігі, көп саладан теңдесі жоқ маман екені сол елдің патшасының құлағына да жетеді. Патша жігітті қасына шақыртып, жақсы қызметке тағайындайды. Ұзақ алғы сөзден кейін кітап негізгіге өтеді: үңгірдегі үлкен есік қалай жасалғаны, бұрандалары қалай құрылғаны, үңгірге жету үшін не жасалыну керектігі жайлы баяндалады.

Осы құпияларды басқа ешкіммен бөліскісі келмейтін жесір әйелдің баласы сол елдің ең білгір, ең білімді адамына айналады. Тіпті кейіннен қаланың сәулетін көркейтетін болады. Патша жігіттің біліміне тамсанып, өз сарайының сәулетшісі, ал кейін өзіне ең жақын уәзірі қызметіне тағайындайды. Расында да сол елде сол жігіттен артық білімге жақын бірде-бір адам табылмайды. Осылайша, жігіт кітаптың соңына жетеді. Кітаптың соңғы бетін ауыстырғанда «Білім – дүниенің ең үлкен қазынасы!» деген бір-ақ сөйлем жазылғанын көреді.

<https://angimeler.wordpress.com/>



Жазылым

5-тапсырма. Оқылым мәтіні бойынша күрделі жоспар құрыңдар.



Айтылым

6-тапсырма. Суреттерге қарап, «Білім – дүниенің ең үлкен қазынасы» тақырыбы бойынша пікір алмасыңдар.



7-тапсырма. Мәтіндегі көркемдегіш құралдарды табыңдар. Бейнелі сөздердің қолданысын түсіндіріңдер.

Жас Абайдың шешендігі

Абай он үш жасында қайын атасы Алшынбайға сәлем беруге келеді. Абайдың қайын жұрты және нағашысы да – қаракесек ішіндегі шаншарлар. Абай атасының үйіне кіріп келсе, шаншардың алты-жеті қарты жиендерін әрі сыйлау, әрі сынау мақсатымен оны арнайы тосып отыр екен.

Абай есіктен кіре дауысын созып:

– Ас-са-ла-ма-ға-лей-күм! – деп, үйдегі кісілерге сәлем береді.

Сонда қарттың бірі:

– Пай-пай-пай, мына көмейі суырылған шешеннің ұрпағы-ай, сәлемінің өзін әндете баптауын-ай! – дегенде, екінші қарт іле:

– Е, әкесі Құнанбайға ұқсамай, өзін тіл мен сұқтан Құдайдың сақтауын-ай! – деп қалады. Үшінші қарт жұлып алғандай:

– Өлден-ақ жүндес тоқты қошқардай, бүкіл денесін қалың түктің қаптауын-ай! – дейді...

Сол кезде Абай басқа шаншарларға сөз кезегін бермей, тосыннан киіп кетіп, әлгі үшеуіне тесіле қарап тұрып:

– Өй, өттеген-ай! Өуелде қыздарыңды ұзатқанда, бөрің бірдей жабыла жамырап: «Түкті бала таппа» деп айтпауың-ай! – деп төрге барып отыра кетіпті...

Орталарында отырған Алшынбай аналарға оқыс бұрылып, рақаттана мырс-мырс күліп:

– Ал ендеше, үшеуіңе бір сыбаға! – деген екен.

«Шешендік сөздер» кітабынан

5-сабақ

ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТКЕН ӨНЕРТАПҚЫШ

Ойтүрткі:

- Бүгінгі күннің ең озық өнертабысына қандай мысалдар келтіре аласыңдар?
- Қоршаған ортаның қай саласы ерекше қызықтырады?
- Болашақта қай салада жаңалық ашуды армандайсыңдар?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Өз өмірлеріңмен байланыстырып талдаңдар.



Айтылым

2-тапсырма. Компьютердің мүмкіндіктері мен болашағы жайында өз болжамдарыңды айтыңдар.



Оқылым

3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтін мазмұны бойынша пікірлесіңдер. Публицистикалық стильдің ерекшеліктерін түсіндіріңдер.

Рүстем Әкішбеков балаларға роботтехникасын үйрететін стартап ойлап тауып, олардың бос уақытын тиімді пайдалануына үлес қосып жүр.

«Robo Wunderkind» – бағдарламалау арқылы жұмыс істейтін робот.

Бала роботпен жұмыс істеу үшін алдымен модульдерді жинауы керек. Кейін роботты смартфон немесе планшеттегі арнайы мобайл қосымшасы

арқылы басқара алады. Бізде роботтың 9, 15 және 25 деңгейлі модулі бар. Осылайша, бағдарламалау мен роботтехникасын біріктіріп, стартапты баланың күнделікті өмірде пайдаланатын ойыншығы ретінде іске асырдық. Роботтың «Robo Wunderkind Starter Kit», «Robo Wunderkind Advanced Kit» және «Robo Wunderkind Kit» атты үш жинақ бар. Өр пластик блокта сенсор, мотор, қуаттағыш және қашықтықтан басқаратын бөлшектері бар. Роботтың әр компонентін байланыстыру үшін сымның да қажеті жоқ. Бала роботты құрастырып болған соң Android немесе IOS платформа жүйесіндегі «RoboPlay App» және «RoboProgramming App» мобайл қосымшамен бағдарламалайды. Бірінші мобайл қосымшаның функциясында тек роботпен ойнау мүмкіндігі қарастырылған. Ал екінші мобайл қосымша баланы бағдарламалауға үйретеді. Осындай қосымшалар арқылы роботты өзіңіз қалаған күйде бағдарламалау мүмкіндігі бар. Роботтың жинағында қозғалыс, температура блоктары, камера және микрофон бар.

«Ақ желкен» журналынан



Жазылым

4-тапсырма. Қазақстандық өнертапқыштарды атаңдар. Олардың өмірі мен шығармашылығы жайында тезистік жоспар құрыңдар.

5-тапсырма. Төменде берілген мәтінге сүйеніп, өздерің таңдаған мамандық жөнінде мақала жазыңдар. Публицистикалық стильдің ерекшеліктерін түсіндіріңдер.

Қазақстандық студент Илон Масктың байқауында үздіктер қатарынан көрінді

Америкалық миллиардер Илон Масктың Хайперлуп Hyperloop байқауына жолдама алған 1600 қатысушының арасынан 35 команда үздік шықты. Олардың қатарында Ұлыбританиядағы Уорик университетінің студенті Санжар Тайжанның да жобасы бар. Ол транспорттық капсуланы әзірлеуден мықты атанған. Дарынды жаспен осы елдегі тілшіміз Ғалымжан Қараманұлы кездесіп қайтты. 22 жастағы қазақстандық Санжар Тайжан келешектің көлігін ойлап табу үшін команда жасақтаған. Серіктестері қатарында болашақ инженер, физик және бизнесмендер бар. Туған елдерінің географиясы да әрқилы: Англия, Испания, Үндістан, Австрия, Оңтүстік Корея және басқа да мемлекеттер. Хянсог Ли – Warwick Hyperloop жобасының қатысушысы/Оңтүстік Корея/: «Санжар өртүрлі факультеттерде білім алып, оқу кестесі әрқилы болғанына қарамастан, өте көп адамның басын қоса білді. Санжардың

командасы энергия үнемдегіш қабілетімен жылдамдығы өте жоғары капсула жасап жатыр. Оның көмегімен жолаушылар мен жүктерді дыбыс жылдамдығымен құбыр желісі арқылы тасымалдауға мүмкіндік тұмақ. Команда жобалаған капсула магнитті өріске негізделеді. Ол әйгілі Илон Маскке тиесілі аэроғарыштық компанияда сынақтан өтетін болады.

Санжар Тайжан – Warwick Hyperloop жобасының жетекшісі: «Алдағы 10 жылда өзімді техникалық тұрғыда шыңдап, жобаларымды дамытқым келеді. Менің болашағым өз елімде екендігіне сенімдімін. Өйткені бойымда қазақтың қаны бар және әлдебір жобаны қолға алған кезімде Қазақстанға пайдам тисе екен деп ойлаймын». Санжар келешекте Ұлы Жібек жолымен жүк тасымалдау ісіне өзіндік үлесін қосқысы келеді. Инновациялық жобасын жүзеге асыру үшін халықаралық мемлекеттерді тарту – оның басты арманы.

www.24.kz сайтынан



Айтылым

6-тапсырма. Мәтіндегі көркемдегіш құралдарды табыңдар. Бейнелі сөздердің қолданысын түсіндіріңдер.

Шет қонған ағайын жеккөрінішті

Шілденің ыстық күндерінің бірінде Құнанбайдың Оспаны құдық басында астауға үймелеп тұрған жылқыларды көріп, суарайын деп жанына Өубөкірді ертіп, құдық жаққа бара жатыпты. Ысмағұлдың (Құнанбайдың Айғыз деген кіші әйелінен туған баласы) бір бұқасы бар екен. Жолшыбай сол Оспанға жүгіріпті. Сонда Оспан екі қолымен екі мүйізінен ұстап алып, мойнын қайырып бұрап жығып тастапты. Өубөкірге: «Бар да ауылға хабарла. Бұқаны тез бауыздап алсын, енді қайта тұра алмас», – депті. Ертеңіне Ысмағұл Оспанға өкпелеп, менің бұқамды әдейі өлтірді деп ешкімге айтпай, шешесінің (Айғыздың) төркініне, нағашысына көшіп кетіпті. Оспан артынан іздеп өзі барса да, кісі жіберсе де келмей қойыпты. Ең соңында Абай хат жазып, кісі жіберіпті. Абайдың:

Тау жебелеп жортады көк бөрілер,
О дағы ат артына бөктерілер.
Қиыр жайлап, шет қонған ағайындар
Талай жанның көзіне жек көрінер, –

деген бірауыз өлеңі Ысмағұлға тоқтау салыпты.

«Шешендік сөздер» кітабынан

6-сабақ

ТАҢҒАЖАЙЫП ТАБЫСТАР ИЕСІ

Ойтүрткі:

- Өнертапқыш адамдардың балалық шағы жайында қандай қызықты өңгімелерді білесіңдер?
- Адам баласының Марсқа қоныс аударуы мүмкін бе?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Өнертапқыштың өмірі мен шығармашылығы жайлы сұрақтар дайындап, сыныпта талдаңдар.



Айтылым

2-тапсырма. Ғаламдық өнертабыстар жайлы пікірлесіңдер. Өлеуметтік желіден Илон Масктың шығармашылығымен танысып, өз ойларыңды айтыңдар. Оның жетістіктерін бағалаңдар.



Оқылым

3-тапсырма. Мәтінді оқып, құрылымына талдау жасаңдар. Публицистикалық стильдің ерекшеліктерін түсіндіріңдер. Өз өмірлеріңнен мысалдар келтіріп, талдаңдар.

Он жеті жасар ғалым

Бүгінде қоғамға табысты идеяларды қалыптастыра алатын, креативті ойлайтын жастар керек. Осы орайда Тараз қаласында тұратын талантты жас ғалым Исаак Мустопуло өзінің қарым-қабілетімен ерекше дараланып көрінеді.

Жас ғалым ғарышқа ұшу үшін балама энергия көздерін алу жолын зерттеп, өзіндік теориясын жасап шыққан болатын. Мүмкіндігі шектеулі екеніне қарамастан, он жеті жасар ғалым ғылым жолында бұдан да басқа ізденістерге барып жүр. Оның Лондон қаласында әлемге әйгілі физик Стивен Хокингпен кездескені де талайдың қызығушылығын тудырды. Жас ғалым осы уақытқа дейін мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған STEM инновациялары ұлттық конкурсының лауреаты атанып үлгерді. Сондай-ақ былтыр қараша айында Оңтүстік Корея елінде әлемнің 23 елінің өкілдері қатысқан ақпараттық технологиялар байқауында да үздік деп танылып, жеңіске жетті.

«Егемен Қазақстан» газетінен

**Жазылым**

4-тапсырма. Оқылым мәтіні бойынша тезистік жоспар жасаңдар. Өздеріңді қызықтыратын сұрақтар негізінде жас ғалым Исаак Мустопулоға арнап хат жазыңдар.

**Айтылым**

5-тапсырма. «Ғылымның ғаламат күші» тақырыбында жұптарыңмен пікір алмасыңдар.

**Жазылым**

6-тапсырма. Берілген мәтінді өз қиялдарыңмен дамытып, шағын әңгіме жазыңдар.

Марсқа табанымыз тиеді деп үміттенемін

...Тарту күші бар ұшақтың алғашқы басқарылатын ұшуын алып қарайық. 1903 жыл, ағайынды Райттар. Осы оқиғадан 66 жылдан кейін адамды Айға жібердік. Яғни менің айтқым келгені, егер 1900 жылы адамдардан Айға ұшып бару мүмкін бе деп сұрасаңыз, сізді есі ауысқан адам деп қабылдар еді.

Егер де әлдекімен интернет жайлы әңгімелессеңіз, сізді мүлдем түсінбес еді.

Мен тек өзім армандайтын нәрсенің бағытын ғана жобалай аламын, бірақ шын мәнінде қалай болатынын білмеймін. Мүмкін өзім қалайтын нәрсені шындық деп қабылдайтын шығармын.

Марсқа табанымыз тиеді деп үміттенемін. Тіпті Юпитердің серіктеріне де барып қалармыз. Бәлкім, Күн жүйесінің айналасында тұрақты ұшып-қонып жүретін де шығармыз. Көрші жұлдыздар жүйесіне ұшуға да дайындалармыз. Меніңше, осы аталғандар алдағы 50 жылда орындалатын сияқты. Ол өте қызықты болады. Дербестік пен жасанды интеллект саласындағы қарқынды дамудың куәгері боламын деп ойлаймын. Айтпақшы, соңғы аталғаны анағұрлым ертерек орындалады.

Он жылдан кейін автоұшқышпен жабдықталмаған жаңа көліктер сирек кездесетін болады деп ойлаймын.

Илон Маск. «Аңыз адам» журналынан

7-сабақ**АСЫЛ МҰРА****Ой түрткі:**

- Кемел тұлға болуға кедергі жасайтын теріс әдеттерді атай аласыңдар ма?
- Бүгінгі қоғамда табысты тұлға болу үшін қанша тіл білу керек деп ойлайсыңдар?

**Тыңдалым**

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Терминдер мен тірек ұғымдарды білдіретін тілдік оралымдарды талдаңдар.

**Айтылым**

2-тапсырма. Білімнің артықшылығы жайында мысалдар келтіре отырып, өз ойларыңды айтыңдар.

**Оқылым**

3-тапсырма. Мәтіндерді оқыңдар. Адамзат өміріндегі өнертабыстар жөніндегі ойларыңды дамытып, әңгімелеңдер.

Көліктің қай түрі ең жүйрік?

Зымырандар мен ғарыш кемелерінің ең жүйрігі Шаттл (көп рет пайдаланылатын ғарыш кемесі) сағатына 24000 шақырым жылдамдықпен қозғалады. Ең жүйрік әскери реактивті ұшқыштың жылдамдығы сағатына 3000 шақырымнан астам, ал жолаушылар реактивті ұшағы сағатына 900 шақырым жылдамдықпен қозғалады. Жерде «оқ пойыз» – жүрдек электр пойызы сағатына 300 шақырым жылдамдықпен қозғалады. Ауа жастығындағы жолаушылар теңіз кемесі жылдамдықтарын сағатына 70–80 шақырымға дейін ұлғайта алады, ал тез жүретін жолаушы кемелері сағатына 40–50 шақырымға жуық жүзеді. Көптеген автомобильдер жылдамдықтарын сағатына 150 шақырымға дейін ұлғайта алады, бірақ жылдамдыққа шектеулер мен көлікке толы жолдарда қауіпсіздік мақсатында ақырын қозғалуға мәжбүр.

Сұрақ және жауап. Энциклопедия

Ұялы телефондар кішірек бола ала ма?

Ұялы телефонның көлемі батарея мен оларды басуға ыңғайлы болатындай түймешік мөлшерімен анықталады. Бұдан басқа суреттер мен бейнеге арналған экрандар тым кішкентай бола алмайды. Болашақта ұялы телефондар дауыспен басқарылуы мүмкін, сондықтан оларға түймешіктердің қажеті болмайды. Қауіпсіздік үшін олар иесінің ерекше дауысын танитын болады.

Сұрақ және жауап. Энциклопедия

**Жазылым**

4-тапсырма. Адамзат қол жеткізген өнертабыстары жайында тірек-сызба дайындаңдар.

5-тапсырма. Көркемдегіш құралдарды пайдалана отырып, «Болашақтың бейнесі» тақырыбында шағын әңгіме дайындаңдар.



Айтылым

6-тапсырма. Мәтіндегі көркемдегіш құралдарды табыңдар. Бейнелі сөздердің қолданысын түсіндіріңдер.

Қиясбайдың есебі

Абайдың Қожанасыр мінездес Қиясбай деген досы болған. Бірде Абай үй ішімен есеп жөнінде әңгімелесіп отырса:

– Абай аға, сіз есеп білесіз бе? – деп сұрапты Қиясбай қасында шынтақтап жатып:

– Аздап, Қиясжан, – депті Абай.

– Аздап білсеңіз, екі жүз ешкінің мүйізі қанша болады?

– Төрт жүз болады да.

– Пәлі, Абай аға, сен де есеп білемін деп мақтанасың-ау, – депті Қиясбай, – сонша көп ешкінің мүйізі жоқ тоқалы, мүйізі сынған кемдері болмай ма екен? – деп мырс еткенде, үй-іші де ду күліпті.

«Шешендік сөздер» кітабынан

8-сабақ

ӨНЕР САРҚЫЛМАЙДЫ

Ой түрткі:

• ХХІ ғасырдың ең үлкен ғылыми жаңалығы қай салада ашылуы мүмкін деп ойлайсыңдар?

• Өнер мен білім жайында қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

• Адамзат тұрмысындағы әрекеттерді роботтехникалары толықтай ауыстыруы мүмкін бе?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, даналар сөзіндегі ойларды бүгінгі күн тұрғысынан талдаңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқып, адамзат қол жеткізген өнертабыстар жөніндегі деректерді өз білімдеріңмен дамытып, талдаңдар.

Қазіргі компьютер орта ғасырдағы бүкіл кітапхананың қолжазбалары мен қағаздарындағы сөздерді, цифрларды жадына түгел сақтай алады, өлі тағы бос орын қалады. Қазіргі шақта кез келген ірі банк осы заманға дейін дәурендеген әлем патшалықтарының қаржысынан артық мөлшердегі ақшаны сақтайды.

1500 жылы тұрғындары 100 мыңнан асатын қалалар болған жоқ. Баспананы сазбалшықтан, ағаш пен сабаннан салған олар тіпті үшқабатты үйлерді зәулім ғимарат санар еді. Көшелердің жазда шаңы бұрқырап, қыста балшығы былжырап, жаяу жүргіншілер мен салт аттылар, ешкілер, тауықтар және сирек кездесетін арбалар сапырылысып жататын. Қаладағы негізгі дыбыс – адамдардың дауысы мен жануарлардың үні, балғаның тарсылы мен қолараның шыңылы. Ымырт үйірілген сәттен қала іші түнекке айналып, тек тастай қараңғыда өр тұстан шырақ пен оттың сәулесі жылтылдайды. Мұндай қаланың тұрғыны қазіргі Токионы, Нью-Йорк пен Мумбайды көрсе, не ойлар еді?

1969 жылғы 29 шілдеде адамдар Айға қонды. Бұл жай ғана тарихи оқиға емес. Эволюциялық, тура мағынасында: ғарыштық құбылыс деуге келеді. Эволюцияның төрт миллиард жылында ешбір организм Жер атмосферасынан суырылып шығып, Айға табанын тигізіп көрген емес.

Ювал Ноах Харари. «Адамзаттың қысқаша тарихы»



Жазылым

3-тапсырма. Төменде берілген мәліметтер бойынша таныстырылым дайындаңдар.

4-тапсырма. Өздерің ұнатқан өнертабыстар жөнінде «Ғылымның шамын жаққан» деген тақырыпта мақала жазыңдар.

Электроника ғасыры

1904 жылы – Амброс Флеминг алғашқы электронды құрылғылардың бірі диодты шамды ойлап тапты;

1962 жылы – алғашқы «микрочиптерді» немесе баспа платаларын жаппай өндіру басталды;

1971 жылы – алғашқы микропроцессорлар әзірленді;

1981 жылы – IBM PC-тің (жеке микрокомпьютерлердің) алғашқы үлгілері пайдалануға енгізілді;

1988 жылы – Ұялы телефондар ойлап табылды;

1996 жылы – Компьютер ойындары үшін ойын қосымшалары жасалды;

1998 жылы – «Apple» компаниясы IMAC компьютерін жасап шығарды.

Техникалық жаңалықтар

- 1959 жылы – көп мөлшерде фотокөшіруші машиналарды сату;
 1961 жылы – байланыс спутнигін пайдаланып, теледидарлық тікелей тарату;
 1963 жылы – аудиокассеталардың пайда болуы;
 1967 жылы – Ұлыбритания түрлі түсті теледидарлық хабар таратуды бастады;
 1969 жылы – Айға алғашқы қону;
 1981 жылы – алғашқы дербес компьютерлер;
 1984 жылы – шағын бейнекамера жасап шығарылды;
 1993 жылы – алғашқы бейнетелефон;
 1994 жылы – интернетті 30 млн-нан астам адам пайдаланды;
 1999 жылы – Халықаралық ғарыш стансасы құрылысының басталуы.

Көліктегі өнертабыстар

- Паровоз, XIX ғасыр;
 Жаппай автомобиль өндірісі, 1908 жыл;
 Ұшақ, 1903 жыл;
 Дөңгелекті пароход, 1807 жыл;
 Жолаушылар тасымалдайтын «Конкорд» реактивті ұшағы, 1969–2003 жылдар;
 Магнитті жастықтағы «Могилев» пойызы, 1960 жыл.

5-тапсырма. Жалпыхалықтық тілге тән бейнелі сөздердің, фразеологизмдердің мағынасын ашып, тілдік қызметін анықтаңдар.

Фразеологизмдер	Мағынасы	Тілдік қызметі
Ат төбеліндей	Аз, мардымсыз	Көптің ішінен ат төбеліндей он шақты жігіт қана сөзін қолдады.
Ат құйрығын кесу		
Соқырға таяқ ұстатқандай		
Іші-бауыры елжіреу		
Оң-солын таныған		
Мойны жар бермеу		
Оң-солын танымайтын		
Аузынан жалын шашқан		

БӨЛІМДІ ҚОРЫТЫНДЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР



ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Төменде берілген әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстырып талдаңдар. Кестені толтырыңдар.

№	Көзқарас	Дәлел	Тұжырым

1-мәтін

Он бесінші сөз

...Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, ақыретке, не дүниеге жарамды өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?

Абай. Шығармалар жинағынан

2-мәтін

Ғылымға ынтық адамдардың, яғни ғалымдардың екі тобы болады: бірі – адамзат баласы қорытып шығарған ғылыми жетістіктерді, дәстүрлерді меңгеріп, ғылым әлеміне белгілі нәрселерді оқып-тоқып білген ғылым насихатшылары. Бұл ғалымдардың жүгі жеңіл емес, бір ғылымның әлемдік деңгейдегі тынысын біліп, оны насихаттап отыру

осал шаруа емес. Екінші топтағы ғалымдар – ғылыми жетістіктерді қанағат тұтпай, білмегенді білімге айналдыру ісімен, яғни ғылыми жаңалық ашу ісімен шұғылданушылар, бұларды қазіргі түсінікке салсақ, креативті ғалымдар дейміз. Бұларсыз ғылым жоқ. Шәкәрім ғалымдардың екінші тобы туралы айтып отыр, ол:

Сен ғылымға болсаң ынтық,
Бұл сөзімді әбден ұқ:
Білгеніңнің жақсысын қыл,
Білмегенді біле бер.

Білгеннің жақсысын қылу – айтулы мәселе. Шынында, білгеніңнің жақсысы да, жаманы да бар. Шәкәрім болса, «білгеніңнің жақсысын қыл» дейді. Ол осал шаруа емес...

Екінші шумақта Шәкәрім: «Білген ердің бол шәкірті», – дейді. Бұл – ғылымдағы шарт. Білген ердің шәкірті болу – ғанибет. Осындай ойларымен бірге Шәкәрім ғылымның басты мақсатын ашып берген:

Қай ғылымды білсеңіз де,
Қазір оны елге жай.
Құр ішінде кеткенінше,
Пайдалансын өзгелер, –

дейді. Бұл да – ғылымның шарты. Егер ғылымды елге жаймасаң, ғылымның мазмұны қалай ашылмақ?

Ғ. Есім. «Данышпан Шәкәрім» еңбегінен



Жазылым.

2-тапсырма. Берілген мәтіндер негізінде тезистік жоспар дайындаңдар.

3-тапсырма. Мәтінді оқып, көркемдік құралдарды айқындаңдар.

Сырымның екі рет сөзден жеңілуі

Сырым бір үйге қонса, бір келіншек шай құйып отырады. Келіншектің өзі жас, күйеуі шал адам екен. Сырым отырып өз жолдасына қарап:

– Япыр-ай, аққудың қасында жапалақ жараспайды екен-ау! – дейді.

Сонда келіншек түсіне қойып:

– Батыр, сіз бір кезде тай жейтін Сырым едіңіз, енді қой жейтін Сырым болдыңыз, әр нәрсе өз уақытында емес пе?! – депті.

Сырым шөлдеп келе жатып, бір үйге түсіп сусын ішіпті.

– Япыр-ай, бір аяқ сусын бір кісінің құны екен ғой! – депті Сырым маңдайының терін сүртіп.

– Жоқ, батыр, бір аяқ сусын бір емес, екі кісінің құны. Бұл сусын табылмаса, шөлдеп сіз де өлер едіңіз, ұялып мен де өлер едім, – депті үй иесі.

«Шешендік сөздер» кітабынан

4-тапсырма. Ғылыми стильдегі мақаланың жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар.

Фраза – тіл білімі мен музыкада қолданылатын термин. Аяқталған ойды білдіретін сөйлеудің негізгі бірлігі. Фраза тұтастығы белгілі бір синтаксистік құрылымның интонациялық құралдары арқылы жасалады. Кей жағдайда фразалық құрылым сөйлемнің бір бөлігі бола алады. Мәселен, сөйлемді бірнеше дербес фразаларға бөліп, интонация арқылы мағыналық реңк үстеуге болады. Сондай-ақ тыныс белгісімен ажыратып көрсетеді. Мысалы: Соғыс жүріп жатты. Барлық жерде. Соғыс. а) терминологиялық қолданыстарда сөйлем деген ұғымды да білдіреді; ө) екі жағынан да пауза арқылы интонацияға негізделген мағыналық бірлік. Қазақ тіл білімінде фразеологизм деген сөздің орнына кейде фразалық тіркес деп те қолданылады.

«Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» басылымынан

Шешендік сөздер
Пікірталас

Бұл бөлімде сендер:

- бейбітшілік пен қауіпсіздік, оның әлемдік маңызы және Қазақстанның бейбітшілікті сақтау ісіне қосқан үлесі жайында;
- жаһандық ядролық қауіпсіздік жөнінде;
- әлемдік экономиканың сыры туралы білесіңдер;
- көркем әдебиет стилінің ерекшеліктерін талдайсыңдар, пікірсайыс түрлерін үйренесіңдер.

1-сабақ

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

Ой түрткі:

- Біріккен Ұлттар Ұйымының басты қызметін атай аласыңдар ма?
- Қазақстан ядролық державаға жата ма?
- Бейбітшілікті сақтаудың алғышарттарын атаңдар.



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. БҰҰ қызметі жөніндегі терминдерге сүйеніп, үзіндіні талдаңдар.



Айтылым

2-тапсырма. Мәтінде көтерілген мәселе мен автор көзқарасын түсіндіріңдер.



Оқылым

3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтін бойынша тұжырымдардың дұрыс, бұрыстығын анықтаңдар.

№	Тұжырым	Дұрыс	Бұрыс
А	Біздің еліміз БҰҰ-ның жедел әрекет ету жүйесіндегі елу бірінші ел болды.		
В	1997 жылы Қазақстан БҰҰ құрамынан шығарылды.		
С	Бейбітшілік жасаушы күштерді даярлау барысында БҰҰ елімізге орасан зор көмек көрсетті.		

Қазақстан БҰҰ резервтік келісіміне 1996 жылы қосылып, БҰҰ-ның бейбітшілікті сақтаудағы іс-қимылдарына қатысуға өз өзiрлігін бiлдiрдi. Біздің еліміз БҰҰ-ның жедел әрекет ету жүйесіне қосылған елу бірінші ел болды. Бұл бізге әлемде баянды бейбітшілікті тұрақтандыру мәселелерін шешуге қабілетті қызметкерлер даярлауға, қажетті ақпараттар мен материалдар алуға мүмкіндік берді.

1995 жылдың желтоқсанынан бастап 1996 жылға дейін Орта Азиядағы бейбітшілікті сақтау мақсатымен бірлескен «Центразбат» батальонын құру жұмысы белсенді түрде жүргізілді. Мұндай әскери күштерді даярлау барысында БҰҰ елімізге орасан зор көмек көрсетті.

Бұл – Қазақстанның Орталық Азия аймағындағы тұрақтылықты және БҰҰ-ның халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жолындағы күш-жігерін нығайтуға қосқан үлесі болып табылады.

1997 жылы наурызда Қазақстан БҰҰ-ның бейбітшілікті қолдау жөніндегі іс-қимылдар бойынша Арнайы комитетіне мүшелікке қабылданды.

А. Арыстанбекова.

«Ұлттар ұйымы және Қазақстан» кітабынан

Көркем әдебиет стилінде айтылатын ой мен сезім образ арқылы беріледі. Жазушы, сөйлеуші оқырманға ойын жай баяндай салмай, көркем көріністер, бейнелер арқылы әсер етеді. Сондықтан оқырман мен тыңдаушының ой-сезімін баурап алады. Көркем әдебиет тілі экспрессивті-эмоционалды болады.

Қолданылатын орны: көркем шығармаларда жазбаша түрі; көпшілік алдында, сахнада айтылатын әңгіме, аңыз т.б. жанрларда ауызша түрі қолданылады.

Стильдік сипаты: сөз деректі, образды мәнде қолданылады. Эмоционалды, экспрессивті болады.

Тілдік амал-тәсілдері: сөздерді өртүрлі ауыспалы мағынада қолдану жиі ұшырасады.



Айтылым

4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Негізгі ойды анықтап, қарамен берілген пікірлерге қатысты өз көзқарастарыңды айтыңдар.

Қарусыздану саласындағы еліміздің ұстанымын анықтаумен БҰҰ-дағы қызметімнің алғашқы күнінен бастап айналыстым. БҰҰ-ның осы саладағы мақсаты қарусыздану мен халықаралық қауіпсіздік мәселелері жайлы біздің бағытымызға сәйкес келеді. Қазақстанның саяси және

қарусызданудың өзекті мәселелерін шешуге қатысты дауыс беру нәтижесі басқа елдер делегациялары тарапынан қолдау тапты деп сеніммен айта аламын. БҰҰ еліміздің Орталық Азияны ядролық қарудан азат аймақ жасау барысындағы маңызды саяси бастамасы мен ядролық қаруды жоюдағы теңдессіз үлесіне жоғары баға берді.

БҰҰ-ның арнайы комитеті осы мәселе бойынша қарар қабылдады.

А. Арыстанбекова.

«Ұлттар ұйымы және Қазақстан» кітабынан



Жазылым

5-тапсырма. Суреттер мазмұны бойынша «Ядролық қарудан азат аймақ» тақырыбы бойынша аргументативті эссе жазыңдар.



Айтылым

6-тапсырма. Мәтіндегі бейнелеуіш сөздердің қолданысын түсіндіріңдер.

Бауырыңның жылуы кетпесін

Жаугершілік ойраны тынышталған бір күндері ел-жұрт малын, балашағасын іздестіре бастайды. Жұртта қалып кеткен бір кемпір үш айлық нәрестені тауып алып, бауырына басып, көш ізімен жүре береді. Бәрі бір ауылға келіп жетеді. Жап-жалаңаш балаға екі әйел таласып қалады. Ұрыс-жанжал шығады. Кемпір бөбекті ешқайсысына бермейді. Екеуін ертіп биге келеді.

Төле кемпір құшағында шырқырап жатқан баланы әуелі аққұбаша келіншекке береді. Ол нәрестенің бетінен сүйіп, арқасынан қағады. Бірақ бала жылағанын қоймайды. Енді би баланы қара торы келіншекке береді. Бұл келіншек нәрестені құйрығынан шөпіндетіп сүйіп, бауырына баса бергенде емшегі иіп кетіпті, бала жылағанын қойыпты.

– Емшегіңнің сүті кетпесін,
Бауырыңның жылуы кетпесін, –

депті би сонда қара торы келіншекке.

«Шешендік сөздер» кітабынан

7-тапсырма. Мәтінді оқып, жазушының сөз саптауына, сөйлем құрауына назар аударыңдар. Эмоционалды, экспрессивті сөз қолданысын түсіндіріңдер.

Аспанға атылған мылтық дауысына жан-жақтан лезде жұрт жиналып қалды. Базардағы жан біткен бірден хабарланып, Мирза-ауфтың ауласына қарай ағылды. Халықтың дүрліккенінен сескеніп, полиция да азандатып, аттарын ойқастатып тез жетті.

– Тараңдар! Тараңдар! – деп атты жасақ алдында кім кездесе, соны дойыр қамшымен осып өтіп, жұртты сетінете бастады.

– Тұрарды ұстамақшы! – деп шырылдады топ.

– Ойбай, бермейміз! Қолында өлеміз! – деп өршелене қайта ұмтылды қалың жұрт.

Дауылдағы өртті қоздырып алмайық деп шошынған полиция Тұрарға тіктеп тиісе алмады. Соны көрген Тұрар дереу сатылы арбаға қарғып шығып, қалыңға қарап, жай отындай жарқылдады:

– Ей, жарандар! Біреудің үйі өртеніп жатса, біреу барып дереу сол өрттің отына қойдың басын үйтіп жатыр дейді. Міне, мына Айбар байлар сондай. Халық шілдедегі көлдей кеуіп, аштықтың тырнағына ілінгенде, Айбар байдың қамбалары астықтан шермиіп тұр. Өрбір қадағын әкесінің құнындай әуелете сатып, халықтың қасіретінен пайда тауып, байыған үстіне байып барады. Осы да әділет пе, ағайын?!

III. Мұртаза. «Қызыл жебе» романынан

Пікірсайыс – пікірлер, идеялар күресі, сөзбен сайысу өнері. Оған қатысушылар ымыраға келмейді: не жеңеді, не жеңіледі. Сондықтан пікірсайысқа қатысушыда бір ғана мақсат бар. Ол – қарсыласты ойсырата жеңіп, өз пікірін дәлелдеп шығу.

Пікірсайыс, негізінен, жаңа көзқарастарды енгізу, жалпыадамзаттық құндылықтарды қорғау, адам құқығын сақтау т.б. мәселелер төңірегінде ұйымдастырылып, қоғамдық пікірдің қалыптасуына ұйытқы болады. Ол үшін әр шешен өзі көтеріп отырған мәселенің көкейкестілігіне, маңыздылығына, қажеттігіне тыңдармандардың көзін жеткізуге тырысады. Пікірсайыста принципшілдікпен қатар, айтар уәждің ғылыми негіздемесінің мықты әрі сенімді болуы – басты шарт.

Көркем әдебиет стиліне тән ерекшеліктер мыналар:

1. Образды сөздер көп болады;
2. Экспрессивті сөздер көп қолданылады;
3. Мәтінге ритм, интонация әсерлілік құру үшін көп қатысады;
4. Шығарма тартымды болу үшін синоним сөздер, грамматикалық амалдар көп жұмсалады.

Осы ерекшеліктері арқылы көркем әдебиет адамның көңіл күйін, сезімін оятады, көркемдік тәрбие береді, сөз мәдениетін ұштайды.

2-сабақ

ЖАҒАНДЫҚ ЯДРОЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Ойтүрткі:

- Жағандық ядролық қауіпсіздікке Қазақстан қандай үлес қосып келеді?
- Семей ядролық полигонын жабу қаншалықты дұрыс шешім болды деп ойлайсыңдар?
- Қандай ядролық державаларды атай аласыңдар?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, тақырыпқа қатысты өз пікірлеріңді айтыңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Берілген мәліметтерді өз білімдеріңе сүйеніп толықтырыңдар. Қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсіндіріңдер.

Семей аймағы бойынша қарар

Бұл сессияда біздің делегация Бас Ассамблея залында бірінші қатарда төраға отырған төралқа үстелі мен мінберге тура қарсыда орналасты.

Мануэль Телль біздің қарарды дауысқа қойды да, маған қарады. «Ассамблея мына қарардың жобасын дауыс берусіз қабылдауға дайын деп айта аламын ба? – деп сұрады ол. – Шешім қабылданды». Ол төрағаның балғасымен ағаш тұғырды тық еткізді... Шынымды айтсам, бұл сәтте менің көзімнен жас тамып кеткен.

Қабылданған қарардың мәтіні біздің бастапқы нұсқамыздан айтарлықтай өзгеріпті. Ол қатаң, қысқа екен, бірақ басты түйіні сақталыпты және оны барлық мемлекеттер бірден қабылдады.

Кейін А /52/ 169М нөмірін алған қарарымыз мынау:

...5. Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше барлық мемлекеттерге, қорлар мен бағдарламаларды қоса алғанда БҰҰ жүйесінің органдары мен ұйым-

дарына Семей аймағында зардап шеккен тұрғындар мен экожүйені сауықтыруға қатысуды ұсынады.

Мәжілісте сөйлеген елшілер Семей жөніндегі қарардың БҰҰ-да қолдау табуы барысындағы Қазақстанның белсенді жұмысын атап өтті. Бұл мысалды «халықаралық ынтымақтастық үлгісіне» айналдыруды ұсынды. Ал Дания елшісі Йорген Бойер былай деді: «Сіздер жоғары кәсіптік деңгейде жұмыс істейсіздер. Бұл басқа делегациялар үшін үлгі болады».

Содан бері ядролық сынақтардың зардаптарын жоюда біздің елімізге көмек көрсету мәселесі БҰҰ Бас Ассамблеясының күн тәртібіне берік енді.

А. Арыстанбекова.

«Ұлттар Ұйымы және Қазақстан» кітабынан



Айтылым

3-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтіндегі негізгі ойды анықтап, Қазақстанның саяси-әлеуметтік жағдайымен байланыстырып, өз көзқарастарыңды айтыңдар.



Жазылым

4-тапсырма. «Бейбітшілік сүйген Қазақстан» тақырыбында аргументативті эссе жазыңдар.



Айтылым

5-тапсырма. «Ядролық қауіпсіздікке үн қосқан Қазақстан» тақырыбында пікірталас ұйымдастырыңдар.

6-тапсырма. Мәтіндегі бейнелеуіш сөздердің қолданысын түсіндіріңдер.

Төле бидің өсиеті

Төле би қатты дертке ұшырап, төсек тартып жатқан ауыр күндері Қаз дауысты Қазыбек би науқастың бас жағында, Көкі би, Мәлік би мен Ержан би аяқ жағында отыр екен. Үйге сәлем беріп, жақсы киінген қару-жарақты үш қария кіріпті. Біреуінің көзі қылилау, екіншісі қасқа бас, үшіншісі доғал тұмсық екен дейді. Өлгілер Төле биге: «Үшеуіміз үш жүзден көңіліңізді сұрай келдік. Қазақ сорлының ендігі бақыты қайда, ардақты еліңізге қандай өсиет-өнеге айтып қалдырасыз?» – депті пысықтық танытып доғал тұмсық.

Сонда Төле би басын көтеріп:

Жүзге бөлінгендердің жүзі қара,
Руға бөлінгендердің құруға асыққаны.
Атаға бөлінгендер адыра қалады,

Көпті қорлаған көмусіз қалады.
Хан азса, халқы сатады,
Халық азса, хандыққа таласады, –

депті де: «Қазақ бақыты бұрын өзара достық, бірлік, ынтымақта болатын еді, ендігі жерде қазақ бақыты: «Таздың басында, соқырдың көзінде, пұшықтың мұрнында қалып тұр», – депті.

«Шешендік сөздер» кітабынан

7-тапсырма. Мәтінді оқып, тарихи романға тән стильдік бояуына, сөз қолданысына талдау жасаңдар.

Хан енді қазақ әдетімен алдымен құшағын айқастыра, кеудесіне кеудесін тигізіп, әуелі Асанқайғымен сәлемдесті, содан соң барып Қотан жыраумен, Қазтуғанмен амандасты. Қазтуғанның орнына енді Жәнібек ханның өзі Асанқайғының қолтығынан ұстады. Бәрі бірдей хан Ордасына беттеді. Ақ Ордаға тәжім етіп кіргеннен кейін үш жырау хан тағының оң жағындағы шайы көрпенің үстіне барып отырды. Асанқайғы төрде. Одан сәл төмендеу Қотан қарт, сосын барып Қазтуған тайшы жайғасты. Хан нөкерлері аяқтарының ұшымен дыбыс шығармай жүріп, шынтақтарына үлпілдеген мамық жастық салды. Сөйтсе де Жәнібек ханды сыйлаған қарттар, аяқтарын көсіліп жастыққа жантаймады, сол малдастарын құрып отырған қалыптарынан қозғалмады.

– Жол болсын, қария, – деді Жәнібек, Асанқайғыдан жөн сұрап, – Алыстан келесіз бе?

– Ақсираққа жақын, ақсақалға алыс жерден келемін, жарқыным. Бабам Майқы би көш салған Алатаудың қойнауындағы, гүл-бақшасы жайнаған, бұлбұл құсы сайраған Алмалықтан шыққан бетім бар...

І. Есенберлин. «Алмас қылыш» кітабынан

3-сабақ

ЖАҒАНДЫҚ ЭКОНОМИКА

Ой түрткі:

- Қазақстанның қандай елдермен экономикалық тығыз қарым-қатынасын атай аласыңдар?
- Қазақстан шетелге қандай өнімдерді шығарады?
- Қазақстан экономикасын өрге сүйрейтін салаларды атаңдар.



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, үзіндіде берілген негізгі ойды анықтаңдар. Төмендегі терминдер мен қысқартылған сөздердің мағынасын түсіндіріңдер.

**Оқылым**

2-тапсырма. Мәтінді оқып, берілген ақпараттардың ішінен негізгі ойды тауып, сыныпта талқылаңдар.

Еуразиялық кеңістіктегі макроөңірлік үдерістер

XXI ғасырда елдердің күш-жігерін, ресурстары мен мүмкіндіктерін біріктіру ғана айтарлықтай ұзақмерзімді үлес-пайда беретініне сенімдімін.

Адамзат экономикалық интеграцияның белгілі тәжірибесін жинақтады. Бүгінде дүниедегі елдердің басым көпшілігі Еуроодақ, НАФТА, МЕРСОКУР, Африка одағы, АСЕАН, АТЭС, ЕурАзЭҚ және басқа да алуан түрлі интеграциялық бірлестіктерге қатысады.

Еуропалық одақ жуық арадағы жылдарда өзіне Хорватияның, ал одан арғы болашақта Сербияның, Черногорияның және басқа да елдердің қосылуы есебінен қатарын одан әрі кеңейте түспекші.

Түркия да бірталайдан бері Еуропалық одақтың табалдырығында тұр. Шығыс Азияда Қытайдың және АСЕАН елдерінің қатысуымен бірден екі миллиард тұтынушыны қамтитын ғаламшардағы аса ірі еркін сауда аймағы қалыптасты. Парсы шығанағының өңірі қаржы-экономикалық тұрғыдан өздігінен құрылуда. Оңтүстік Америка елдерінің интеграциясы нығайып келеді.

Интеграция – дәуірдің келелі талабы. Ол – осы заманғы және болашақтағы дүниенің басқа өңірлік бірлестіктерімен өзара тығыз ықпалдасып, тиімді бәсеке жүргізетін жемісті макроөңірлік экономикалық жүйе құрудың пәрменді құралы.

*Н. Назарбаев. «G-GLOBAL XXI ғасыр әлемі»
еңбегінен*

**Айтылым**

3-тапсырма. Берілген мәтіндер бойынша автор көзқарасын өз көзқарастарыңмен салыстырып айтыңдар.

**Жазылым**

4-тапсырма. «Интеграция – дәуірдің басты талабы» тақырыбында дискусивті эссе жазыңдар.

**Айтылым**

5-тапсырма. Мәтіндегі бейнелеуіш сөздердің қолданысын түсіндіріңдер.

Жаманның сөзі шаяндай

...және біреу Телені сынамаққа «жақсы-жаманды қайтіп білеміз?» дегенде, Төле: «Сөзінен білсе болады, – деген. – Жаманның сөзі шаяндай, жақсының сөзі асылдан шыққан маядай, екі жақсы қосылса – жарысқан аттай болады, бір жақсы мен бір жаман қосылса – ала жаулы иттей, екі жаман қосылса – ырылдасқан иттей болады», – дейді.

«Шешендік сөздер» кітабынан

6-тапсырма. Мәтінді оқуда «Болжап оқу» стратегиясын пайдаланып, автор ойын дамытыңдар.

Біріншіден, біздің барлық жерасты және жерүсті байлықтарымызды зерттеп, електен өткізу керек. Аудит жасап, ең алдымен барымызды түгендеп алайық. Бір мысал, Ресей ғалымдарының ізденістері бойынша тек Қостанай өңірінде өте үлкен жердің жеті қабатын алып жатқан көмірсутегі қоры бар екен. Ал егер ертең машинадан бастап басқа да техника-технологияның бәрі тұтыну мәселелері көмірсутегінің арқасында болатынын ескерсек, бұл шексіз байлықты игеру керек. Бұл да – біздің бағымыз.

О. Сәбден. «Абай және қазақ елінің болашағы» еңбегінен

6.1-тапсырма. Мәтінді оқып, стильдік сипатына, тілдік амал-тәсілдеріне талдау жасаңдар.

Алеша бірнеше көшені артқа тастап, кеңінен орағытып Белованың үйіне қора жақ есігінен келіп кірді. Бүгін де Шура ешқайда кетпеген екен. Ол Алешаның алдынан шығып:

– Халдерің қалай, түнгі шабуыл кезінде қайда болдыңдар? – деді.

– Неміс солдаттарымен бірге аулаға шығып аспанға қарадық та тұрдық. Біздің самолет біразын жайратты-ау деймін, – деді Алеша қуанышын жасырмай.

– Есінен тандырды ғой...

– Біз қайткен күнде қасымыздағы солдаттардың сеніміне кіріп алсақ дейміз. Ол үшін бізге бір гармоньшы керек боп тұрғаны. Өзіңіз білесіз, мен жаман билемеймін, – деді Алеша Шураға күлімдей қарап.

– Сенің жақсы билейтініңді анада «Үлкен жерден» кететін күні көрдім ғой... Гармонь тартатын кісіні алыстан іздеп жатудың керегі жоқ. Володя Ольхов деген өзіміздің бір жігіт гармоньды өте жақсы тартады. Өзі – өте сенімді адам. Сол жігіт кешке таман гармонь алып сендерге барсын. Келістік қой...

– Келістік. «Үлкен жер» сізге тағы көптен-көп сәлем айтыпты. Берген ақпарларыңызға өте риза болыпты. Оның нәтижесін түнде өзіңіз де көрдіңіз ғой, – деді Алеша қоштасып тұрып.

Ә. Шәріпов. «Қапастағы жұлдыздар» повесінен

4-сабақ

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ӘЛЕМ ЕЛДЕРІ

Ой түрткі:

- Экономикалық қарым-қатынассыз өмір сүруге бола ма?
 - Қазақстан Еуропа елдерінің ішінде қай елдермен тығыз байланысты?
- Ойларыңды дәлелдеңдер.



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, мазмұнын зерделеңдер. Төменде берілген кестені толтырыңдар.

№	Автор көзқарасы	Терминдер	Ұғымдар	Тілдік оралымдар
1.				
2.				
3.				



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Берілген мәліметтерге сүйеніп, өз ойларыңды айтыңдар.

Малшаруашылығы өнімдері

Қазақстан 2017 жылы 42 елге өңделген өнім экспорттаса, өткен жылы әлемнің 48 еліне экспорттаған. Жаңадан қосылған алты елдің қатарында Швейцария, Жапония сияқты жоғары дамыған елдер де бар. Өндірістің өсімі ет, балық және сүт өнімдерінің артуынан байқалады. Ет өндіру өнеркәсібін дамыту 4 еткомбинатын жаңғырту және жылдық қуаты 27 тонна болатын ет өңдейтін 3 жаңа еткомбинатын салу есебінен қамтамасыз етілетін болады. 2019 жылғы ақпанда Алматы облысында жылдық қуаты 8 мың тонна болатын Эмпайр Фуд (Иран) ет өңдеу кешені пайдалануға берілген. Бұдан басқа, үстіміздегі жылы жылына 5 мың тонна ет өңдейтін «Ерейментау-Ақбас» ЖШС ет өңдеу кешенін

пайдалануға беру жоспарлануда. Қазір Тайсон Фуд (АҚШ), Данбиа (Ұлыбритания), Гранд Фарм (ҚХР), Бауман (Германия), Иналка/Кремонини (Италия) және Седар Митс (Австралия) сияқты трансұлттық компанияларды тарту жұмыстары жүргізілуде.

«Егемен Қазақстан» газетінен



Жазылым

3-тапсырма. Оқылым мәтіндеріндегі мәліметтерге сүйеніп, «Қазақстанның экспорттық әлеуеті» тақырыбында аргументативті эссе жазыңдар.

4-тапсырма. «Қазақстандағы дамыған шаруашылық түрлері» тақырыбында пікірталас ұйымдастырыңдар.

5-тапсырма. Мәтіндегі бейнелеуіш сөздердің қолданысын түсіндіріңдер.

Қазыбек пен Бұқар

Бұқар жыраудың өте қартайған кезінде көңілін сұрамақ болып Қаз дауысты Қазыбек би келеді.

Төсекте жатқан Бұқар жырау:

– Бірден онға дейінгі санның мағынасын маған ешкім айтып бере алмады, Қазыбек, сен айтып берші, – деген екен. Сонда Қазыбектің берген жауабы:

– Бір дегеніңіз – бірлігі кеткен ел жаман. Екі дегеніңіз – егесіп өткен ер жаман. Үш дегеніңіз – үш бұтақты шідерден шошыған ат жаман. Төрт дегеніңіз – төскейге шыға алмаған көрілік жаман. Бес дегеніңіз – білікті адамнан белгілі бала тумаған жаман. Алты дегеніңіз – аймағын билей алмаған адам жаман. Жеті дегеніңіз – жетем деген мақсатына жете алмаған жаман. Сегіз дегеніңіз – серкесіз бастаған қой жаман. Тоғыз дегеніңіз – толғанғаныңыз. Он дегеніңіз – өткеніңіз, о дүниеге жеткеніңіз.

Қарт жырау бас бидің жауабына риза болыпты.

«Шешендік шиырлары» кітабынан

5-сабақ

ЖАҒАНДЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ КӨШБАСШЫЛАРЫ

Ой түрткі:

- Қазақстан әлемдік деңгейдегі қандай алпауыт елдерден үлгі алуда?
- Жаһандық экономиканың дамуындағы қаржы орталығының маңызы қандай?

**Тыңдалым**

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтінде айтылған пікірге қатысты өз ойларыңды айтыңдар. Сыныпта талқылаңдар.

**Оқылым**

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтінде берілген негізгі ойды анықтап, мәліметтерді зерделеңдер.

Қаржы орталығының құрылуы

1965 жылы Сингапур Малайзиядан бөлініп шыққанда «Сингапур ірі қаржы орталығына айналады» десе, бұған ешкім сенбеген болар еді. Расында да, бүгінгі заманның үлгісімен салынып, жарқыраған ғимараттар, онда орналасқан банктер, Лондон мен Нью-Йорк, Токио, Франкфурт, Гонконг және өзге де аса маңызды қаржы орталықтарымен байланыстырып тұрған компьютерлік жүйе атаулы қайдан пайда болды? Бұл тарихтың басталуы шындықтан гөрі ертегіге көбірек ұқсайды. Доктор Винсемиус 1968 жылы өзінің досы, Лондондағы «Банк оф Америка» банкінің Сингапур бөлімінің вице-президенті Ван Оненге қоңырау шалады. «Ван мырза, Сингапур алдағы 10 жыл ішінде Оңтүстік-Шығыс Азия бойынша қаржы орталығы болғысы келеді», – дейді. Ван: «Жақсы. Ондай болса, Лондонға келіңіз, сіздер бұған 5 жылда қол жеткізе аласыздар», – дейді.

Винсемиус тез арада Лондонға жетеді. Ван Онен оны отырыс залында тұрған үлкен Жер шарының жанына алып келеді: «Міне, қараңыз, – дейді, қаржы әлемі Цюрихтан басталады. Ол ертеңгі сағат 09:00-де ашылады. Франкфуртте, одан сәл кештеу Лондонда банктер ашылады. Түс ауа Цюрих банкі жабылады, одан кейін ретімен Франкфурт, Лондон банкілері жабылады. Бұл кезде Нью-Йорк банкілері әлі ашық болады. Міне, осы кезде Лондон банкілері қаржы тасқынын Нью-Йоркке жібереді. Ал түстен кейін Нью-Йорк банкілері жабыла бастағанда, қаржы ағыны Сан-Францискоға ағылады. Сан-Францискодағы банктер жабылған кезде, Швейцария уақытымен Швейцария банктері ашылғанша, қаржы әлемінде тыныштық орнайды. Егер Сингапурды осы екі ортаға қоятын болсақ, Сан-Франциско банктері жабылғанға дейін, Сингапур эстафетаны қабылдап үлгереді. Сингапурда банктер жабылған кезде, қаржы тасқыны Цюрихке бағытталады. Осылайша, адамзат тарихында бірінші рет, тәулік бойына қаржы айналысы жұмыс істеп тұратын болады». Винсемиустың өтініші бойынша, Ван Онен мұның бәрін қағазға түсіріп, Лимен екі арадағы байланысшы Хон Суй Сенуге жібереді. Суй

Сен Ли Куан Юмен жолығады. Ол шетелдік валютаға бақылау жасамау және оған шектеу қоймау туралы ұсынысты бірге ала келеді.

«Жаһан таныған жеті тұлға» кітабынан

Көркем әдебиет стилінің ерекшеліктері

Көркем әдебиет тілінде суреткер кейде шарықтаған қиялмен ақиқаттағы, шындықтағы заттар мен құбылыстардың бейнесін өмірдегіден алшақ алып та кетеді. Сөйтіп, тілсіз нәрсеге тіл бітіріп, жансыз нәрсеге жан кіргізеді.

Күнделікті қарым-қатынаста қолданылатын қатардағы жай сөздердің өзі де, көркем тіл кестесіне енген жай сөздер арқылы да затты, іс-әрекетті, сапаны шындық өмірдегідей түйсініп, «көзбен көріп, құлақпен естігендей» әсер қалдырады.

ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқындар. Берілген мәліметтерді өңдеп, «El.kz» сайтын пайдаланып, қосымша мәліметтермен толықтырындар.

1969 жылдан бес Оңтүстік Африка (ОАР, Ботсвана, Свазиленд, Лесото, Намибия) елдерінің Кеден одағы жұмыс істейді. Оны министрлер кеңесі басқарады. Шешім тек консенсус арқылы қабылданады.

Оңтүстік Америкада төрт мемлекет (Аргентина, Бразилия, Парагвай және Уругвай) ортақ нарықта жұмыс істейді. Басты мақсаттарының бірі – осы елдердің арасында еркін сауданы ұйымдастыру. Ортақ нарықты басқаратын әр мемлекеттің өкілдерінен тұратын Кеңес, ол шешімдерін консенсус арқылы қабылдап, жүргізеді. Осы елдердің интеграцияны дамыту мақсатында құрылған ортақ парламент комитеті де бар.

Еркін сауданы дамыту мақсатымен құрылған Парсы шығанағындағы араб елдерінің Ынтымақтастық кеңесінің, Орталық Африка елдерінің кедендік және экономикалық одағының (ТЭСҚА), Орталық Америка елдерінің интеграциялық одағының (СЦАИ), Батыс Африка елдерінің экономикалық қауымдастығының (ЭКОВАС), Кариб бассейні елдерінің (КАРИКОМ) еркін сауда жүргізу жұмысы мен тәжірибесіне қарасақ та, осы консенсустық тәртіпті қолдайтындарын көреміз. Сондықтан біздер де Кеден одағына кіргенде мәселе шешерде оның мүшелеріне теңдікті сақтау мақсатында жоғарыда көрсетілген консенсус қағидатын қолданғанымыз дұрыс.

К. Сагадиев. «Алдымен – экономика...» мақаласынан

**Айтылым**

4-тапсырма. Тыңдалым, оқылым материалдарын бүгінгі қоғамдық-саяси жағдаймен байланыстырып, автор көзқарасын түсіндіріңдер. Өздерің түртіп алған мәліметтерге қатысты пікірлесіңдер.

**Жазылым**

5-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтіндерден негізгі ақпараттарды іріктеп, дәптерге жазыңдар. Берілген кестені толтырыңдар.

№	Негізгі мәліметтер	Автор көзқарасы	Терминдер	Менің көзқарасым	Тұжырым
1.					
2.					
3.					
4.					

6-тапсырма. Мәтіндегі бейнелеуіш сөздердің қолданысын түсіндіріңдер.

Қазып айтқан Қазыбек

Жас уақытында Төле би мен Әйтеке би екеуі Қаз дауысты Қазыбекті сынамақ болып, бір ерге өтірік таласып, оның алдына жүгініпті. Ер иесі Әйтеке, даулаушы Төле би болыпты. «Қапталың қайың, қасың тал, Қазыбек қосқан ермісің?» – деп Әйтеке би іліп әкетіп, өз уәжін айтады. Төле би ердің өзінікі екенін дәлелдеп, ерден айырылмайтынын, керек болса жан беруге баратындығын айтып, қасарысып бағады.

Сонда Қазыбек Төле биге қарап:

– Сен қараның ұлы Төлесің, адам болайын деп жүрген немесің, қу ағаш үшін жан берме, жан берсең күніңнен бұрын өлесің. Сен екі шіркін қартайғанда мені сынамай-ақ қойсаңдар қайтеді? Орта жүзде бір кісінің жауырыны жерге тимей-ақ қойса қайтеді? – депті.

«Шешендік сөздер» кітабынан

- «BilimLand» сайтынан Қазыбек би туралы мәліметтермен толықтырыңдар.

7-тапсырма. Мәтінді оқып, көркем әдеби тілге тән тілдік белгілерге талдау жасаңдар. Көркем әдеби тіл стиліне тән қандай тілдік белгілерді байқауға болады?

Төкежанмен көш алдында қағысқан күні Абылғазы екеуі Дәркембай қасында отырып, ұзақ-ұзақ сырлар ақтарысады, мұңдар айтысады. Жігітек кедейлері Базаралы беттеткен бағытпен төрттен, бестен топталып, жатақ ішіне келіп, әр үйлерге, оңаша ауылдарға жайласқан. Базаралыдан өмір күтіп жатқан. Бірақ бар жігіт түгел келіп болмағандықтан, Базаралының белгісіз ісі әлі аз күн аял күтіп, іркіліп тұрған-ды.

Дәркембайдың кішкене жер үйінде, пеш жанында отырып үш сырлас шерткен әңгімелер әр саққа кетеді. Қазіргі күндерде бұлар аш-тоғын да елемейді. Дәркембайдың кемпірі істеп берген қара көже ең қымбат, дәмді астарындай.

Бүгін әртүрлі әңгімені өзі қозғап, толғана шертіп отырған Базаралы ғана. Оның ендігі кеңесінде үнемі бір өріске шалқып, бір сағаға құйып жатқан ой мен есеп бар-ды. Қырық жігіт қимылына бағышталған көмек әңгіме тәрізді. «Осы іске неліктен бекіндім» дегенді аңғартқандай. Ендігі Базаралы Төкежан қылығын сөйлемейді. Тіпті тобықты ішінің бәлесін де айтпайды. Ол ісі қазақ көріп-білген жай да емес.

М. Әуезов. «Абай жолы»

БӨЛІМДІ ҚОРЫТЫНДЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР



ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді оқып, төменде берілген жаттығуды орындаңдар.

Өзі ешкімге ізденіп соқтықпайды. Ит баласына заты қастай, жібімейді. Өлі күнге бір рет жадырап ойнап көрген емес. Татулық жоқ, суық. Жалғыз-ақ атын біледі. Құрмаш пен әжесі шақырса келеді. Онда да жүгіріп келмей, құйрығын сәлектетіп, бүкеңдеп қана келеді. Бұны да ашыққан уақытында істейді. Әйтпесе, көбінесе анадай жерде қырыстанып, көзінің астымен жалт-жұлт қарап жатып алады. Барып түрткілеп, орнынан тұрғызып жіберген соң ғана үйге қарай жүреді. Өскен сайын сызда-нып, суықтанып келеді. Сол мінезін байқаған үлкендер:

– Енді бұны өлтіріп, терісін алу керек, осы көпір түбінде ел болмайды, – дейтін де болып еді. Бірақ Құрмаш көнбеді.

– Осымен тағы біраз жүргенде бір күні Көксерек қара ала төбетке майдан берді. Қара ала төбеттің иесі Жұмаш бала жаз бойы Құрмашқа:

– Қасқырың болса қайтейін, менің қара ала төбетім бір-ақ бұрап соғады.

– Арашаламасаң, әлдеқашан өлтіріп тастар еді, – дей беретін.

Бір күні түсте Құрмаш Көксеректі тысқа алып шығып, ас құйып жалатып тұрғанда, анадайдан шылапшынның салдырын естіген қара ала төбет үйдің көлеңкесінен шығып алып, адымды қойып еді.

Екпіндеген бетімен жолында жасқап тұрған Құрмашқа қарамастан, келе Көксеректі бүйір жағынан келіп арс етіп қауып түсті.

Бұрынырақ кезде бұндайда асын тастап, кісіге қарап жалтақтап шығып кететін Көксерек енді зор дауыспен «гүрр» етіп, қара ала төбетті алқымынан ала түсті.

М. Әуезов

Өзі ешкімге ізденіп _____ .

Ит баласына _____ , жібімейді.

Татулық жоқ, _____ .

_____ пен _____ шақырса, келеді.

Онда да жүгіріп келмей, құйрығын _____ , _____ қана келеді.

Өскен сайын _____ , _____ келеді.

_____ : – Түбінде _____ болмайды, – дейді.

Бір күні Көксерек қара ала төбетке _____ .

Жұмаш: «Менің қара ала төбетім _____ ,» – деді.

Шылапшынның салдырын естіген қара ала төбет үйдің көлеңкесінен шығып алып, _____ еді.

Екпіндеген бетімен Көксеректі _____ жағынан келіп арс етіп қауып түсті.

Бұрынырақ кезде кісіге қарап жалтақтап шығып кететін Көксерек қара ала төбетті _____ ала түсті.

М. Әуезов

Сөз таңдау – шығарманың мазмұнына, тақырыбына қарай және көркемдік үшін, эстетикалық-стильдік мақсатпен белгілі бір сөздерді таңдап жұмсау.

2-тапсырма. Мәтіндегі курсивпен терілген сөздердің стильдік қолданысына талдау жасаңдар.

Дәл осы тұста ай астынан күміс ағыс төгілгендей қылаң атын сылаң қақтырып келе жатқан жалғыз жүргінші кілт тоқтап, аттан түседі де, шеткі үйден ұрлана шығып, шолпы сыңғырын қамзолымен тұншықтыра өзіне қарай *үргедек* басқан жас сұлудың жолын тосады.

Мен Мергенді түсінемін: бағана бұл Мұқаңа *кермал* келіп қалған тұстағы біздің ыңғайсызданғанмыз секілді енді өзінен-өзі қысылып, «Ағаға осынша тымық түкпірін қопартып, тұнығын лайлағандай несіне сұңқылдай қалып едім» деп өкініп отыр.

Бейнелі сөзді, образды ойды бұлай ежіктеуге болмайды. Сен енді мұндай сауатсыз сұрақтан *аққұла* безесің.

«*Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше*» деген емес пе, Тұрағұл өзі бұрыннан білетін Қасымбекті ғана емес, енді Мұхтарды да етене іш тартты.

«Ораздының он қонағы бір келеді» дегендей, көршілер дәм-тұзының үстіне ойда жоқта қашаннан қадірлес, сыйлы Әуез ауылының екі жігіті кеп қосылғанына қонақжай, әкесіне тартқан ақылды тіпті ақындығы да бар *ақжелең* Тұрағұл қатты қуанды.

Үй тігіп жүрген әйелдердің ішінде бұл келіншектің *бедені* бөтен: сырғасы мен шолпысы қосыла сыбырласқан кәдімгі қиғаш қас, бұраң бел сылқымның өзі екен.

З. Қабдолов. «Менің Әуезовім» роман-эссесінен

3-тапсырма. Мәтіннен қазақ түсінігімен берілген тілдік бірліктерді тауып, атқарып тұрған қызметіне талдау жасаңдар.

Велосипедшілер құйысқан тістесті. Пәкстан командасы үзеңгі қағысты. Қытай велосипедшілері құлақ шайнасты. Тәуекел құйысқанын көтере қашты. Арттағы қалың топ та қамшыны басып келеді.

Төрт жапон рульге жарбиып еңіретіп барады, Венгрия команда-сы Уэльсті бой-бойымен сөгіп шығатынына ешкімнің шүбәсі жоқ еді... Бельгия футболшылары Брюссельді 2:1 есебімен ұтып, Еуропаның жан жуытпас көкжалдарының бірінен төрт ұпайдың үшеуін бітеу сойып алды.

*С. Бердіқұлов. «Үшінші подъезд»
повестер мен әңгімелер жинағынан*

4-тапсырма. Аллитерация, ассонанстардың қызметіне талдау жасаңдар.

... қияда тосып, қырындай жолыққан қырғиқабақ жау; кеңірдегін күнге, кіндігін айға ілген; жарық өкше, жалаңаш батыр егінші; қырық құйқылжыған қырқылжың дау;

... алқымынан ала кетер, арқасына сала кетер; айтқаны болып, атқаны тиіп... тұрған абыройлы шағы; ал өз қолыңнан өрге сүйреп, өркенін өсірген тұқымың өле-өлгенше...

Ә. Кекілбаев

5-тапсырма. Мәтінді оқып, стильдік ерекшелігін түсіндіріңдер. Бейнелі, образды сөздердің қолданысына талдау жасаңдар.

Келіндер – Ай-Шешек-бегім мен Ділшат-сұлтаным және Сүйініш-Мұхаммед-оғлан үшеуі орталық, кең бөлмеде, түгі тұтам қызыл ала парсы кілем үстінде асық ойнап отыр екен. Ойын қызығына берілген бе, әлде әкесіне өкпелі ме, Сүйініш атып тұрып, бас сап құшақтамады. Ай-Шешек те тұрмаған. Нұрлы жүзбен жәудірей қарады да, орын босатып, сәл төмен жылжыды.

Ал Ділшат қосетек көйлегі судырай төгіліп, лып етіп орнынан көтерілген.

– Алла жар, сұлтан, айыптымын, алдыңнан шыға алмадым, – деген. Қызара толқып кетті. – Анамызды, бауырымызды, ағайын-туғанды құтты жолға түсіріп, ат-көлік аман келдің бе?..

– Шүкір, тегіс сәлем айтты, – деді Ораз-Мұхаммед төрдегі, өзіне Ай-Шешек босатқан орынға отырып жатып. Ділшатқа бажайлай қараған. Бидай өңнен қара торыға бейім. Бірақ жүзі жұқа екен. Қызылы тез тарады. Бүкіл болмыс-бітісінде серіппелі нәзіктік бар. Тынығып, тынығып қана емес, өңейіп қалғаны бірден танылды.

– Біз асық ойнап... – деді кешірім сұрағандай, тағы да. Аяғын астына бүгіп, жамбастай отырды.

– Мені де қосыңдар, – деді бойы біртүрлі жеңілейген Ораз-Мұхаммед. – Ойындарыңның аты не?

– «Хан», – деді Сүйініш.

М. Мағауин «Аласапыран» романынан

6-тапсырма. Мәтінді оқып, бейнелі, образды сөздердің қолданысына талдау жасаңдар. Жазушының өзіне тән қандай стильдік ерекшелікті байқауға болады?

Таңатар он жылдан артық Жұман үйінде жүрген жылқышы еді. Өткен қыста бұл баққан қос қырылып қалды да, Игілікке ауысты. Қашаннан бері Жұман есігінде жүрген Күңшемен әр кезде мұңдас та сырлас болушы еді. Назыкешті Сейіт алып кетті дегенде, Таңатар қатты қуанып, екіталай кезеңге кездесе ашықтан-ашық болысуға аттанған болатын. Сол тілегіне қарай бұған қашқындардың алдын орай шабу тапсырылды да, Таңатар бәрінен бұрын келіп, қуып жетіп, ойындағысын оңай орындап қалды.

Назыкеш пен Сейіт Қарағандының қарасын көргенде, күн де көтеріліп қалып еді. Әр қырқадан андап көрінген қуғыншылар да аянбай түйлігіп келеді. Көз ұшында Нұраның өткеліне қарай төте тартқандар да шалынып қалды. Кең жайылып, жайрап жатқан көмір мен топырақ, сарғайған барактар, ығы-жығы көп көлік, сапырылысқан көп адам қашқындардың қауіптенер де, үміттенер де жері – Қарағанды еді. Мұнда орыс жұмыскерлері бар, қазақ жұмыскерлері бар, таныстары да бар. Сонымен бірге Игіліктің кіресі де осында тұрған сияқты.

– Назыкеш, паналар бір жер – осы. Өлсек-тірілсек те осы арада көрейік. Алдымызды орап барады... Қашып, қайда құтыламыз, – деді Сейіт. Назыкеш басын изеді.

Ғ. Мүсірепов. «Оянған өлке» романынан

Тест тапсырмалары

1. Көркем шығармадағы айтылмақ ойды білдіретін құрал:

- a) сөз-символ
- b) портрет
- c) пейзаж
- d) поэтикалық тіл
- e) ауызекі сөйлеу

2. «Күн ашық, жер қара» деген сөйлемнің көркем нұсқасы:

- a) Күлімсіреп аспан тұр, жерге ойлатып әрнені
- b) Алтын күн аспаны, алтын дән даласы
- c) Біз, қазақ, ежелден еркіндік аңсаған...
- d) Өрқашан күн сөнбесін, аспаннан бұлт төнбесін...
- e) Бүгін күн шайдай ашық екен

3. «Жаманға беліңді шешіп иланба, илантып тұрып өлтірер» деген қатардың көркемдік тәсілі:

- a) синекдоха
- b) эпитет
- c) теңеу
- d) метонимия
- e) метафора

4. Көркем шығармалардағы «жас қайың», «жаңа біткен балдырған» тіркестерінің символдық мағынасы:

- a) кәріліктің
- b) жас өмірдің
- c) қиын өмірдің
- d) арманның
- e) сұлулықтың

5. «Туғызған ата-ана жоқ,

Туғызарлық бала жоқ.

Туысқан-туған құрбылас

Қызығымен және жоқ» деген шумақтың көркемдік тәсілі:

- a) тұрақты тіркес арқылы
- b) есім сөздер арқылы
- c) түбірлес сөздер арқылы
- d) сөз-символ арқылы
- e) етістіктер арқылы

6. «От орнындай тұяқтым,

Омыртқаң бар отаудай.

Шықшытыңа болайын

Оралып жатқан түбектей...». Үзіндідегі көркемдік тәсіл түрі:

- a) аллитерация
- b) гипербола
- c) литота
- d) антитеза
- e) эпитет

7. «Аласыз қара көзі айнадайын» деген жолдағы тіл айшығын табыңдар:

- a) ауыстыру
- b) портрет
- c) өсірелеу
- d) теңеу
- e) кейіптеу

8. «Солаң етіп жолықса қайтқан ізі,

Сағадан сымпың қағып із шалғанда» деген жолдағы көркемдегіш құрал:

- a) символ
- b) теңеу
- c) кейіптеу
- d) ассонанс
- e) аллитерация

9. Махамбет өлеңдеріндегі *Еділ, Жайық* сөздерінің символдық мағынасы:

- a) туған жердің сұлу табиғаты
- b) туған жерді аңсау
- c) туған жерде емін-еркін өмір сүру
- d) туған жерді жат қолынан айыру
- e) туған жерден көшу

10. Махамбетке төн сөз қолданысы:

- a) айыр құйрық шаянсың, қызыл сырлы жебе
- b) сере қар, ақ шымылдық
- c) қалайылаған қасты орда, жез қарғылы құба арлан
- d) торғай көз, жалаулы найза
- e) емен сапты болат найза, серке санды ат

11. Ақын қиялынан туған бейнелі сөзді көрсетіңдер:

- a) бұл – Абай лирикасының бір асыл айшығы ғана
- b) – Шырағым, жылама! – дегені маған алғашқы сөтте жеку секілді естілген
- c) мен аузымды ашып, аңыра қарап қалыппын
- d) ауру жүрек ақырын соғады жай
- e) Ер қанаты – ат

6- бөлім

ҰЛТТЫҢ ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛЕРІН САҚТАУ

Шешендік сөздер

Дөңгелек үстел. Сөз дәлдігі

Бұл бөлімде сендер:

- тарихи мұралардың құндылығы туралы;
- тарихи жәдігерлерді сақтау ісі және шетелдегі ұлттық тарихи-мәдени жәдігерлер жайлы;
- қазақ халқының өркениет көшіне қосқан үлесі жайында білесіңдер;
- сөз дәлдігі мен ой айқындылығына дағдыланасыңдар.

1-сабақ

ҒАЖАЙЫП МҰРА

Ойтүрткі:

- Ұлттық тарихи жәдігерлерді сақтау қаншалықты маңызды деп ойлайсыңдар?
- Ұлттық деңгейдегі тарихи жәдігерлерге нелер жатады?

Пікірталаста өз пікірін білдіріп, ой-көзқарасын нанымды жеткізу үшін белгіленген тілдік сапалар бар:

- сөздің грамматикалық жағынан дұрыс құрылуы;
- сөздің дәлдігі;
- ойдың тиянақтылығы;
- өзіндік сөйлеу ерекшелігі;
- шешендік қасиеті т.б.

Сөздің грамматикалық құрылысын дұрыс құру үшін терең білім керек. Грамматиканың заңдылықтарын игеру, өзі үлгі тұтатын шешендердің ойды беру тәсілдерінен үнемі үлгі алу мәтіндермен жан-жақты жұмыс нәтижесінде қалыптасады. Мәтінмен мынадай жұмыс түрлерін үнемі жүргізу керек: нақты тақырып бойынша мәтін құрап жазу; сөзі жұтаң мәтіндерді редакциялау; мәтін мазмұнын өз сөзімен байыта әңгімелеу.



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Тақырыбы мен идеясын, көркем айтылған тілдік оралымдарды талдаңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтін мазмұны бойынша тезис дайындап, дәптерге түсіріңдер.

«Алтын адам» – Есік обасынан табылған алтын киімді сақ жауынгері. Жасы 17–18 шамасындағы сақ жауынгерінің мүрдесі қабірде басы

батысқа қаратылып жатқызылған. Қабір ағаш қақпақпен жабылып, темір құрсаулармен бекітілген, еденіне тақтай төселген, ал адам қойылатын жерге алтын жапсырмалармен безендірілген төсеніш салынған. «Алтын адам» киімі 4 мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген. Әшекейлер барыс, бұлан, таутеке, арқар, ат, түрлі құс бейнелерін беретін «аң стилімен» жасалған. Бас жағынан жақұт тастармен әшекейленген алтын сырға табылды. Баскиімі кейінгі қазақ киімі үлгілеріне ұқсас – биік, шошақ төбелі. Мойнындағы дөңгелек жүзік сияқты алтын алқа, ішкөйлегі, көкірегінің тұсы, жеңі алтын тоғалармен өрнектелген, саусағында екі алтын жүзік, қамзолы құрастырылмалы ауыр белбеумен буылған. Белбеуге аңға ұқсас бейнелер, 16 тоға жапсырылып, оң жағында қызыл қынапты ұзын семсер, сол жағында алтын пластиналар жапсырылған. Қынаға салынған темір қанжар – ақинақ, шалбар балағы да алтын тоғалармен әшекейленген. Киім үлгісі, жерлеу рәсімі «Алтын адамның» Қазақстан жерінде өмір сүрген сақтардың көрнекті елбасының ұлы немесе жас көсем, әскербасы екенін айқын көрсетеді. «Алтын адам» – Қазақстанның азаттық символына айналды.

«Ежелгі Қазақстан» кітабынан

Тоға – белдік, тартпа сияқты заттардың ұшын бекіту үшін темірден жасалған зат.

Ақинақ – көне сақ, сармат жауынгерлері қолданған қанжар және қысқа семсер.



Оқылым

3-тапсырма. Мәтінді оқып, мәтіннің құрылымына назар аударыңдар.

Бесшатыр ескерткіші

Бесшатыр – сақ дәуірінің аса ірі ескерткіші. Қорым біздің заманымыздан бұрынғы VI–V ғасырларда салынған. Жетісу өңірі Желшағыр тауының бөктерінде орналасқан. Қорым құрамында үлкенді-кішілі 31 оба бар. 18 оба қазылып зерттелген. Олардың үшеуі үлкен, қалғандары орташа және кіші обалар. Таспен жабылған 21 обаның алтауында шағын тастармен қоршалған ұзын тізбектер бар. Тізбектердегі көптеген тас плиталардың беттеріне таутеке, қабан, қасқыр сияқты аңдардың суреттері салынған. Үлкен Бесшатыр обасының маңындағы кейбір қоршаудың плиталарына түрлі таңба іспеттес суреттер де түсірілген. Олардың арасында күн рәмізіне жақын тұрған немесе қазақтың «көз» таңбасына ұқсас дөңгелек бейнелер кездеседі. Мұндай тізбектер қорымның тек жерлеу орны ғана емес, сондай-ақ діни салт-жоралғылар шерулерін өткізетін ерекше сал-

танат орны болғанын да көрсетеді. Бесшатырдағы үлкен обаларға сақ рубасылары мен әскери көсемдерін жерлеген. Орташа обаларда бұлардан кейінгі әскербасылар мен атақты жауынгерлер жерленсе, кіші обаларда қатардағы жауынгерлер мен қарапайым адамдар жерленген. Қорымнан көбелек тәрізді өрнегі бар қысқа семсер-ақинақ, жебе ұштары, ағаш қалқан қалдығы, темір тоға, төрт ақық моншақ және іші қуыс алтын түйіршіктерден бір-біріне дәнекерленіп жасалған екі моншақ табылған.

«Ежелгі Қазақстан» кітабынан



Айтылым

4-тапсырма. Тарихи мұралар жөнінде өз тұжырымдарыңды айтыңдар. Төменде берілген кестені толтырыңдар.

№	Тақырыбы мен идеясы	Терминдер	Маған ұнаған тілдік оралымдар	Менің ойым	Тұжырым
1.					
2.					
3.					

5-тапсырма. «Көне мұралар сыр шертеді» тақырыбында дөңгелек үстел өткізіңдер.

6-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Құрылымына назар аударыңдар. Бейнелі сөздерді дәптерге жазып алыңдар.

Тауда жүріп, таста өскен

Досбол Қарауыл Ордабайды ертіп, Екі Шектіге дауға барады. Сөз арасында Ордабай күле беріпті.

Сонда Досболдың Ордабайға айтқаны:

Көлде жүрген қоңыр қаз,
Шөл қадірін не білсін?
Шөлде жүрген дуадақ,
Көл қадірін не білсін.
Тауда жүріп, тауда өскен,
Ағайыннан басқа өскен
Ордабай күлмей, кім күлсін!

«Шешендік сөздер» кітабынан

7-тапсырма. «Сөзмерген» ойыны. Берілген сөздерден тұрақты сөз тіркестерін құрастырыңдар.

иман	қамшы
мата	
өсімдік	
ақпарат	
аспан	тал
өмір	
су	
от	
ашкөз	ит
бет	
дәстүр	
ауыл	

Дөңгелек үстел

Дөңгелек үстелдің мақсаты – қоғамдағы өріс алып отырған өзекті бір мәселе жөнінде қоғамдық пікір қалыптастыру, көпшілікке ой тастау.

Өңгімеге не дөңгелек үстелге бірнеше адам қатысатындықтан, әр қатысушыдан мәдениеттілік, жалпы әңгімені үзбей өрбітіп отыру талап етіледі. Өйтпеген жағдайда, тыңдаушылар үшін қойылып отырған мәселенің түйіні белгісіз болып қалады, басқосудың мақсаты айқындалмауы мүмкін.

Егер әңгімелесу үстінде тыңдармандар сұрақ қоятын болса, ол сұрақтарды соңына дейін зейін қоя тыңдап, оның сұрағының негізгі мәнін дұрыс түсінуге тырысқан жөн. Кейде тыңдаушылар тарапынан түсінбестік болып, қолайсыз сұрақтар туындауы мүмкін. Мұндай жағдайда жүргізуші мәселені ушықтырмайтындай етіп, мәдениетті түрде шешуі тиіс.

Сөздің дәлдігі, ойдың айқындылығы

Ойдың айқындылығы сөз қолданыстағы дәлдікпен тығыз байланысты. Сөз қолданыстағы дәлдік сөйлеушінің тақырыпты қаншалықты меңгергендігімен, ойлау жүйесінің тереңдігімен, қазақ әдеби тілінің байлығы мен нормасын жетік білуімен өлшенеді. Сөз мағыналарын жақсы білген адам сөзді орнымен жұмсай алады. Сөйлеуші сөздердің табиғи мүмкіншіліктерін – тура мағынасын, көп мағыналылығын, синонимдік, антонимдік, омонимдік қасиеттерін кең түрде пайдаланумен бірге сөздерді ауыспалы мағынасында, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерді орнын тауып қолдана білгені жөн.

2-сабақ

ӨРКЕНИЕТ БЕСІГІ

Ойтүрткі:

- Таңбалы таста бейнеленген «арба үстіндегі жауынгер» туралы естіп пе едіңдер?
- Қазақ даласын «Өркениет бесігі» деп айтуға бола ма? Өз ойларыңды дәлелдендер?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Қазақстан аумағынан табылған тарихи-мәдени ескерткіштерге нақты мысалдар келтіре отырып, үзіндіні талдаңдар.



Оқылым

2-тапсырма. «Берел қорымы» мәтіндегі негізгі ақпаратты басшылыққа алып, пікірлесіңдер.

Берел қорымы

Берел қорымы – Қазақстандағы сақ дәуірінен сақталған тарихи ескерткіш. Біздің заманымыздан бұрынғы V–IV ғасырларда салынған. Шығыс Қазақстан облысындағы Бұқтырма өзенінің оң жағалауында Берел ауылынан оңтүстік батысқа қарай 7 шақырым жерде, таулы аңғарда орналасқан.

Моланың тоналғанына байланысты адамдардың аса құнды киімдері мен әшекей бұйымдарының көбі сақталмаған, бірақ әр алуан лақтырылған заттар табылды. Ер адамның өрілген, әшекейленген, терімен қапталған бұрымы және мұртының қалдықтары сақталған. Текше шарбақтың сыртында, оның солтүстік жағында, тоңның арасында қатып қалған үш-үштен екі қатар және екі қабаттан жатқызылған аса құнды әбзелдермен әшекейленген 12 жирен аттың мүрделері сақталған. Аттармен бірге: былғары ер-тоқым, ою-өрнек бедерленген бөстек, өмілдірік, құйысқан, киізден жасалған және жіптен тоқылған бұйымдардың бөлшектері, салпыншақтар, аңдар бедерленген шағын ағаш текшелер, екі басты фантастикалық арыстан мен күшігеннің біріккен бейнесін көрсететін мүсіндер, таутекенің мүйізі іспеттес аттың маскалары, қанатты және айдарлы күшігеннің мүсіні т.б. жүздеген «аң стилімен» жасалған заттар табылды. Берел қорымынан табылған көне заттар халқымыздың үздік мәдениеті мен өнерінен хабар береді.

«Ежелгі Қазақстан» кітабынан

№	Тақырыбы	Автор көзқарасы	Құрылымы	Тілдік ерекшелігі	Тұжырым
1.					
2.					
3.					

Айтылым

3-тапсырма. Өз білімдеріңді пайдаланып, «Өркениет бесігі» тақырыбында ауызша таныстырылым дайындаңдар.

4-тапсырма. Оқылым мәтіні бойынша «Тереңге тартқан тамырын» атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізіңдер.

5-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Құрылымына назар аударыңдар. Бейнелі сөздерді дәптерге жазып алыңдар.

Жылқының сүті – шекер, еті – бал

Ертеде Ташкент ұлығы Нарымбет: «Жылқыға қандай мақтау сыяды?» – деп Досболдан сұрапты.

Сонда Досбол: «Жылқының сүті – шекер, еті – бал, иісі – жұпар, терісі – киім, мінсең – тұлпар, Жаратқанның ісіне таңғалыңдар!» – депті.

«Шешендік сөздер» кітабынан

6-тапсырма. Синонимдік қатарды белгілеңдер.

1. Дүниеқор	Дүниеқұмар
Дұшпандық	Дүниелік
Дүниежанды	Дүниешіл
Дүниеқоңыз	Дұрыстау
Дұңкию	Дүниемен
2. Дұрыс	Түзік
Ой	Жөндем
Жөн	Жөндемді
Тура	Пәтуасыз
Ожарлау	Жөнді
Түзу	Оңды
3. Мақсаттас	Денелес
Мұраттас	Имандас
Делдал	Тілектес
Мүдделес	Еңсегей
Ниеттес	Тілеулес
Тілеуқор	Қапсағайлас

3-сабақ

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚАРУ-ЖАРАҒЫ

Ойтүрткі:

- Қандай дәстүрлі қару-жарақ атауларын білесіңдер?
- «Ер қаруы – бес қару» деген сөздің мағынасын түсіндіріңдер.



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Жыраулар поэзиясы жайында ой толғаңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін анықтап, аннотация дайындаңдар.

Ер қаруының жүйеленуі. Батырлардың қарулануын білдіретін, «бес қаруын асынды», «бес қаруы бойында», «бес қаруын сайланған» деген сөз тіркестері тілімізде, ауыз әдебиетінде жиі қолданылады. Қазақтарда «ер қаруы – бес қару» деген мақал да бар.

Барлық түркі халықтарының қаһармандық эпостарында соғыс кезінде батырлардың жекпе-жек айқастары 5 қару түрімен сайысу – садақ ату, найзаласу, қылыштасу, балталасу мен шоқпарласу түрінде өткен. Ертедегі ұлы жиын-тойларда да осы қару түрлерінен батырлар өзара сайыс өткізген.

Қазіргі заманда да, бұрынғы кездерде де көшпелі халықтардың әскер құрамы қару түрлеріне қарай бөлінген. Өр қаруды жете меңгерген жауынгерлерден арнайы садақшылар, найзашылар, қылышкерлер, айбалташылар, шоқпаршылардан тұратын әскери бөліктер, қосындар құрылған. Мысалы, «Манас» жырында қырғыз, қазақ және басқа түркілерден құралған жетпіс мың әскердің құрамында 20 мың садақшылар қосыны, 30 мың мылтықшылар қосыны, 5 мың гүрзішілер қосыны, 15 мың найзагерлер қосыны және 15 мың қылышкерлер қосыны болғаны айтылады.

Жазба деректер де Абылай, Кенесары әскерлерінде де осындай қару түріне сәйкес бөлінген топтар болғанын көрсетеді.

«Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы» кітабынан



Оқылым

3-тапсырма. Төмендегі мәтіндерді оқып, стилін, тілдік ерекшелігін салыстыра отырып талдаңдар.

Жақтың кірісі жібек жіптен, малдың ішегінен немесе тарамыстан өріліп жасалған. Фазаллах ибн Рузбихан: «Қазақтар кірісті қойдың

ішегінен жасайды», – деп жазады. Кіріс жақтың бір басына мықтап бекітіліп, екінші басына жақты кейде босатып қоюға оңай болу үшін ұшы тұзақ түрінде жасалып ілінген. Кірістің оқтың табаны тіреліп қойылатын тұсы жібек жіппен оралған.

Қазақтар жақты өздері де жасаған, басқа халықтардан да (Қытайдан, Бұхарадан) сатып алып отырған. Орта ғасырларда Бұхарада жасалған жақтар бүкіл Шығыста өте жоғары бағаланды. Қазақтар бұл жақтарды «бұхаржа», «бұхаржай» деп атады. Жақсы жақтың құны бұрынғы кездерде қаншалықты қымбат тұрғанын батырлар жырларында кездесетін «адырнасын атқа алған», «алты атқа алған адырна», «он атқа алған бұхаржа» сөз тіркестерінен байқауға болады.

«Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы» кітабынан

Беркініп садақ асынбай...

Беркініп садақ асынбай,
 Біріндеп жауды қашырмай,
 Білтеліге оқ салмай,
 Қорамсаққа қол салмай,
 Қозы жауырын оқ алмай,
 Атқан оғы жоғалмай,
 Балдағы алтын құрыш болат
 Балдағынан қанға боялмай,
 Қасарысқан жауыңа
 Қанды көбік жұтқызбай,
 Халыққа тентек атанбай,
 Үйде жатқан жігітке
 Төбеден тегін атаң болар ма?!

Махамбет Өтемісұлы



Айтылым

4-тапсырма. Мәтінмен танысыңдар. Қазақ батырлары қолданған қару түрлері жайында ауызша айтыңдар.

Кесу қаруы

Кесу қаруы (қылыш, семсер, сапы) өзіндік ерекше қызметі бар негізгі үш конструктивтік бөліктен тұрады. Қарудың кесу-шабу-түйреу арқылы жарақат салуға арналған негізгі функционалдық бөлігі – «басы», ал қаруды қолға ұстауға арналған бөлігі «сабы» деп аталды. Қарудың басы мен сабының түйіскен жерінде орналасқан, қылыш-тасқанда қарсыластың қаруын қауға және жауынгердің қолына

тіреу болуға арналған элементі – «балдағы». Қылыштың басының негізгі бөліктерінің атауларына келсек, балдақпен түйіскен тұзу жері «алқымы» (мойны), кесетін жағы – «жүзі», қарсы жағы – «сырты», қылыш басының түйреуге арналған жері – «ұшы», сапқа кіргізілетін бөлігі – «жетесі» деп аталады.

Қысқа жүзді кесу қарулары. Бастары қысқа кесу қарулары – қанжар мен пышақ көмекші қаруларға жатады.



Жазылым

5-тапсырма. Төменде берілген кестедегі қылыш атауларын сипаттамасымен сөйкестендіріңдер.

Қылыштың түрлері

1	Алдаспан	А	Жүзі жалпақ, ауыр қылыш
2	Қайқы қылыш	Ә	Жалаң байланатын қылыш
3	Атпа	Б	Қоян-қолтық ұрыста қолданылатын қысқа семсер
4	Аспаһан	В	Парсының Исфахан қылышының қазақша атауы
5	Жалаңқат	Г	Қылыштың екі жүзді тұзу түрі
6	Селебе	Ғ	Алмастан, болаттан соғылған, бас жағы үлкен, жүзі жалпақ, ауыр қылыш
7	Ақинақ	Д	Бір жүзді түрі
8	Семсер	Е	Ұшы үшкір, өткір қылыш
9	Сапы	Ж	Үш түрлі: басы жатаған, орташа қайқы және өте қайқы
10	Ақ алмас	З	Болаттан соғылған Әли халифаның аса қадірлі асыл қылышы
11	Наркескен	И	Болаттан жасалған мықты, өткір қару
12	Зұлпықар	К	Жеңіл, қысқа қылыш

6-тапсырма. Үзінділерді дәптерге жазып, қару атауларының астын сызыңдар.

Атына тұрман болсам деп,
 Жұртына құрбан болсам деп,
 Адырнасын ала өгіздей мәңіреткен...
 Атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен,
 Арыстан еді-ау Исатай...

Махамбет

Көк ала ат жаратып,
Көн дабылды байлатып.
Байлар ұғлы шоралар,
Көл жағалар жаз күні...

«Бес ғасыр жырлайды»

Түріктен өрбіген елді тоғыз дейді,
Тартатын күй аспабын қобыз дейді.
Башқұрт пен қазақ, ноғай, қарақалпақ,
Төртеуін шежірешілер оғыз дейді.

Қожаберген жырау

Қалмақ соғып барабан,
Қазақ ұран шақырды...

Д. Бабатайұлы. «Үш ғасыр жырлайды»

Сөйлеу тілін дамыту жолының бірі – мақал-мәтелдердің мәнін таратып айта білу. Шешеннің айтайын деген ойымен астасып тұратын мақал-мәтелдерді, дәйексөздерді таңдауда оның өз ойымен үйлесімділігіне ерекше ден қойылуы қажет. Тілімізде қолданылатын, мақал-мәтелдердің, нақыл сөздердің шығу тегін зерделеп жүру – шешенге керекті қасиеттердің бірі.

7-тапсырма. Нақыл сөздегі астарлы ойды зерделеп, мәнін түсіндіріңдер.

Кісі аты – тершең, кісі киімі – кіршең

Өзіңдікіндей емес, кісі мүлкінің, бөтен адам дүниесінің қашанда жауапкершілігі бар деген ойды білдіреді.

Бір кедей келіп Айжарыққа:

– Базарға барып келейін, атыңды бере тұршы? – деп өтінеді.

– Атым тершең еді, – дейді Айжарық.

– Мына тұрған жер ғой, терлетпеспін.

– Кісі аты – тершең, кісі киімі – кіршең. Бергім келмеген соң айтып тұрмын ғой. Неге түсінбейсің? – дейді Айжарық.

К. Оразбекұлы. «Қанатты сөз – қазына» кітабынан

Аннотация – баспадан шыққан шығармалардың мазмұны жайында қысқаша түйін, сипаттама. Аннотацияда шығарманың мазмұны, құндылығы, кімдерге арналғаны, авторы туралы қысқаша мәлімет беріледі.

Толық аннотацияда талап бойынша әсіресе монографияда, ғылыми кітапта еңбектің түрі, тақырыбы, ғылыми мәселесі, нысаны, мақсаты, нәтижесі, жаңалығы жазылады.

Аннотация оқушыға екі түрлі қызмет етеді:

1) оқушы монография, ғылыми кітаппен танысқанда, аннотация арқылы кітаптың не туралы екенін біліп, оның өз мәселесіне қаншалықты қатысты екенін түсінеді; 2) өз еңбегіне қалай аннотация жазуды үйренеді.

Бұл ғылыми жұмыспен айналысатын адам үшін өте қажет.

Оқулықтан гөрі ғылыми монографияларда аннотациялар толық беріледі.

Академик Р. Сыздықованың «Абай шығармаларының тілі» деген монографиясында мынадай аннотация берілген: «Кітапта Абай шығармалары тілінің (өлеңдерінің де, «Қарасөздерінің» де) сөздік құрамы мен грамматикалық ерекшеліктері талданады. Қазақ тілінің Абай қолданған байырғы төл сөздерімен қатар, ақын мұрасында кездесетін араб, парсы, орыс сөздері әңгіме болады. Ұлы қаламгер тіліндегі кейбір көне сөздермен бірге, әдеби тілімізге өзі қосқан немесе жандандырған жаңа сөздердің сыр-сипаты танытылды. Қазіргі әдеби нормалармен салыстырғанда, Абайдың поэзиясының тілінде әсіресе прозасында біршама ерекше болып көрінетін кейбір грамматикалық тұлға-тәсілдер талданып, олардың мән-мәнісі, қолданылудағы себеп дәлелі көрсетіледі. Өрине, мұндай нақтылы талдауларға кіріспес бұрын автор қазақ әдеби тілінің ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы жай-күйін, ондағы Абайдың орны мен қызметін баяндайды. Автор өзінен бұрынғы зерттеушілердің Абай – қазақтың қазіргі жазба әдеби тілінің іргетасын қалаушы деген пікірлерін қостап, әрі қарай дәлелдейді».

Бұл аннотацияны талдауда оның өте толық екені, одан кітаптың мазмұнын, ондағы зерттелген мәселелерді аңғаруға болатыны байқалады.

Аннотацияның бұл түрі ғылыми еңбектерге тән екені көрсетілген.

Келесі бір көңіл бөлетін мәселе – оқушы өз жұмысына қажет әдебиет тізімін жасағанда, өзіне өте керек деп санаған кітап туралы аннотация жасауына болады, ол ғылыми еңбек жазуда өте пайдалы.

Сонымен, аннотация туралы мына мәселелер есте сақталуы тиіс:

– аннотация – тақырып бойынша ғылыми еңбекті қысқартудың бір жолы;

– тақырып мазмұны туралы қысқа мәліметпен бірге аннотацияда еңбектің жаңалығы, өзектілігі, тәжірибеде қолданылуы туралы айтылады;

– аннотация мәтіннің мазмұнын білдіреді.

4-сабақ

ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚ ЖӘДІГЕРЛЕРІ

Ойтүрткі:

- Шетелге кеткен қандай тарихи жәдігерлерді білесіңдер?
- Шетел асқан ұлттық жәдігерлерді қайтару маңызды ма?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Өзара пікірлесіп, берілген ақпаратты талқылаңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқып, «Шетелдегі тарихи жәдігерлерді қайтару маңызды/маңызды емес» деген тақырыпта пікірталас өткізіңдер, құрылымы мен ерекшелігін талдаңдар. Интернетті пайдаланып, қосымша мәліметтермен толықтырыңдар.

**Будапешт қаласының этнографиялық мұражайындағы
қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері бұйымдары:
Қоржын. XIX ғасыр**

Көлемі 120×48 см. Материалы – былғары, кенеп, жүн. Жасау тәсілі – тігу, түкті тоқымашылық. Будапешт қаласындағы этнографиялық мұражай.

Жол жүретін адамға қоржын әрқашан қажет болған. Ол аттың арқасына асылады. Екі қалтасына тағам, қымыз, су және шөл басатын сусын, сондай-ақ пышақ, шақпақтас және тағы да басқа қажет заттар салынады. Соғыс кезінде осындай қолдорбамен әскери олжа әкелетін.

Мәні бар зат ретіндегі орны да ерекше. Құдалық кезінде қалыңдықтың туыстарына сый-сияпат салып әкелу дәстүрі болған. Одан бөлек, қоржынның екі басының аузын байлайтын ілмешек жіптеріне сақина, білезік сияқты әртүрлі зергерлік бұйымдарды көбірек байлап, ілмелеп өткізу дәстүрі де бар, ол материалдық байлықтың ғана емес, киелі, шарапатты жайларды ырымдаудың да белгісі болып табылған.

III. Тохтабаева, Р. Каримова. «Қазақтың сәндік-қолданбалы өнерінің шетелдегі жәдігерлері» кітабынан



Жазылым

3-тапсырма. Көнекөз қариялардың әңгімелерін тыңдап, отбасылық тарихи жәдігерлер туралы естелік әңгіме дайындаңдар.

**Айтылым**

4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Тарихи жәдігерлер туралы таныстырылым дайындап, сыныпта талқылаңдар.

5-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Құрылымына назар аударыңдар. Бейнелі сөздерді дәптерге жазып алыңдар.

Досболдың екі бимен қағысуы

Аста бас қосып, қымыз ішіп, дүрілдесіп отырғанда бір би Досболға көңілі толмай: «Қараағаштай қалтия қалған қаралдысы жоқ бұл жатқаның кім?» – дейді. Сонда Досбол: «Рас, мен қараағаштай қатушы едім, сендей талайлардың есінен қалғысыз қылып шымбайына батушы едім, өзімді елеп еңкейгендердің таңдайына балшекердей татушы едім, қарайғанды ескермей, қалқиғанды хош көрмей, қақиғанды хан демей елдің шетінде, жаудың бетінде жатушы едім», – дейді.

Екінші би: – Қанша мақтансаң да ми сыярлық басың, шынашақ айнарлық шекең жоқ екен, – депті Досболға.

Сонда Досбол:

Арам етті, қам желке
Барсаң байдан табылар.
Құлан сирақ, қу шеке
Іздесең қайдан табылар! –

депті. Жауап айта алмай екі би жым болыпты.

«Шешендік сөздер» кітабынан

5-сабақ**ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ ЖАУҒАРЫ****Ойтүрткі:**

- ЮНЕСКО-ның тізіміне енген қандай ұлттық тарихи жәдігерлерді білесіңдер?
- Отбасылық жәдігер дегенді қалай түсінесіңдер?

**Тыңдалым**

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Өлеңнің тақырыбы мен идеясы жөнінде ой толғаңдар.

**Оқылым**

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Құрылымы мен жанрлық ерекшелігіне талдау жасаңдар.

- Уикипедия т.б. сайттардан қосымша мәліметтермен толықтырыңдар.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі

Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі – Түркістан қаласында XIV ғасырдың соңында тұрғызылған архитектуралық ғимарат. Қожа Ахмет Ясауи дүние салғаннан кейін халықтың көп жиылуымен өзіне арнап соғылған кішкене мазарға жерленеді. Кейін бұл кесене мұсылмандардың жаппай төу ету орнына айналды. Қожа Ахмет Ясауидің ескі мазарының орнына жаңа, зор кесене орнатуды ұйғарады. Мұны Әмір Темір Мәулен Убайдулла Садырға жүктеді. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – аса үлкен порталды-күмбезді құрылыс, оның ені – 46,5 метр, ұзындығы – 65 метр. Оның орталық залының төңірегіне түрлі мақсатқа арналған 35 бөлме салынған. Жамағатхана күмбезінің ұшар басына дейін есептегендегі ғимараттың биіктігі – 37,5 метр. Сыртқы қабырғалардың қалыңдығы – 1,8–2 метр, қазандық қабырғаларының қалыңдығы – 3 метр. Келген адам орталық залға бас порталдың сәнді есігі арқылы кіреді. Орталық зал қазандық деп аталады. Қазандық Қазақстан мен Орта Азиядағы кірпіштен өрген күмбездердің ішіндегі ең үлкені, диаметрі 18,5 метрлік күмбезбен көмкерілген. Бұл бөлмеден өткен соң оюмен өрнектелген ағаш есік арқылы Қожа Ахмет Ясауи мүрдесі жатқан бөлмеге кіруге болады. Онда Қожа Ахмет Ясауидің сағана-құлпытасы орнатылған. XVI ғасырдан бастап кесененің жекелеген бөлмелеріне әйгілі адамдардың сүйектері қойыла бастады. Онда Жолбарыс хан, Есім хан, Абылай хан, Әмір Темірдің шөбересі Бабыр хан, Қаз дауысты Қазыбек би, Жәнібек батыр тағы басқа белгілі адамдар жерленген. Кесене ЮНЕСКО-ның «Қызыл кітабына» енгізілген.

«Ежелгі Қазақстан» кітабынан



Айтылым

3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Тыңдалым және оқылым материалдарын пайдаланып, шетелдік қонақтарға арнап, таныстырылым дайындаңдар.

...Ел назарын аударатын жәдігерлер аз емес екен. Тағы бірі, бөлкім бірегейі түркі әлемінің рухани ұлы ұстазы – Қожа Ахмет Ясауидің хатқа түсірген атақты хикметтері. Хикметтер бірнеше мәрте қазақ, өзбек, түрік тілдерінде жарық көрген. Бұл қолжазба көшірмесін өзге нұсқаларымен салыстыра зерттеген ғалым – Қаржаубай Сартқожа. Осы қолжазбадағы өлең жолдары шағатай тілінде жазылған ең көне нұсқасы екені анықталған. Бұл кітап шамамен алғанда XVI–XVII ғасырлар аралығында бұқар қағазына түсірілген. Кітап тілі шағатай тілінің қыпшақ

диалектісіне жатады. Яғни қазіргі қазақтың әдеби жазба тіліне орайлас. Бұрынғы нұсқалар негізінен оғыз диалектісінде жазылған. Музейдегі осы қолжазба нұсқасы – ең көне әрі сирек кездесетін үлгі. Барлығы 90 беттен тұратын қолжазбаны толық аударған жағдайда бұрыннан мәлім үш нұсқамен салыстырудың нәтижесінде транскрипциялық, мәтіндік, көркем поэтикалық үлкен айырмашылықты ашуға болады. Бұл қолжазба қазақ әдебиеті үшін де, тіл тарихы орайында да, ежелгі діни философия тақырыбында да теңдесі жоқ, маңызы зор рухани мұра болса керек.

«Егемен Қазақстан» газетінен



Жазылым

4-тапсырма. Суреттер бойынша «Көне мұралар көрмесі» тақырыбында әңгіме немесе естелік жазыңдар.



Тезистердің де ғылыми және басқа жұмыстарға қатысы бар. Мысалы, адамдар жиналыста сөйлеу үшін, негізгі мәселелерді тезис ретінде алдын ала жазып қояды. Сол сияқты лектор да лекция тезисін даярлайды.

Алайда ғылыми еңбек туралы тезистің өзінің ерекшелігі бар. Тезисте ғылыми еңбектің негізгі мәселесі туралы айтылады. Оқушы ғылыми еңбекті жақсы түсінуі үшін, ондағы әр үлкен мәселенің не туралы екеніне тезис жазса, ол кітаптағы барлық мәселені түсінуіне болады.

5-тапсырма. Өздерің тұратын өңірлердегі тарихи нысандарды негізге ала отырып, «Тарихи жәдігерлер» тақырыбында пікірлесіңдер.

6-сабақ

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫ

Ойтүрткі:

- Ұлттық музыкалық аспаптарды атаңдар.
- «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген сөздің астарында қандай ой жатыр?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сыни тұрғыдан бағалаңдар.



Айтылым

2-тапсырма. Берілген пікірді басшылыққа алып, өздеріңе ұнайтын аспаптар жайлы өңгімелеңдер.

Музыка – музыканттың санасы мен жүрегінде болуы керек. Ал музыкалық аспап сол іштегі сырлы күйді сыртқа шығарудың және тыңдаушымен арадағы дәнекер құралы саналады.

Н. А. Супрун. «Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары» кітабынан



Оқылым

3-тапсырма. Мәтінді оқып, құрылымы мен тілдік ерекшелігін талдаңдар. Тақырыпқа қатысты тілдік оралымдарды жіктеңдер.

Ұрмалы-шулы аспаптарға байланысты ұстанымдар

...Бұл ретте бір ғана ұрмалы-шулы аспаптардың өзі халықтық ұстанымдар қолданысына қарай үш топқа бөлінеді. Олар:

- діни-ғұрыптық;
- жаугершілік-жорықтық;
- тұрмыстық-шаруашылық.

...діни-ғұрыптық қолданысқа ұрмалы-шулы аспаптардың ішінде негізінен асатаяқ, даңғыра, қол дабыл аспаптары жатады. Бұлар – алғашқы қауымдық дәуірде ең әуелі жыртқыш аңдарды үркітіп, қорғанатын қару-құрал ретінде пайда бола отырып, келе-келе діни-ғұрыптық ұстанымдарда басты орынға шықты.

Ұрмалы-шулы аспаптардың жаугершілік-жорық ұстанымдары қолданысына жататын үлгі-нұсқаларына – аттанис (жорық) дабылы, қос дүңкілдек, шың, секілді аспаптар жатады. Жаугершілік-жорық замандарды басынан өткерген халқымыз бұл аспаптарды қорғаныс құралдарының қатарына жатқызған.

Ұрмалы-шулы аспаптардың үшінші – тұрмыстық-шаруашылық ұстанымдарына жататын үлгі-нұсқаларына негізінен – дауылпаз, шыңдауыл, сақпан, кепшік, тоқылдақ, тұяқтас, шартылдауық, дырылдауық, зырылдауық секілді аспаптар қолданыста болып келді.

Көшпелі өмір сүрген халқымыздың өмір сүруінің сән-салтанаты болған саятшылықтың негізгі атрибуттарының бірі болған дауылпаз бен шыңдауыл – ең алдымен халқымыздың салт-дәстүріндегі құсбегілік, саятшылық, аңшылық секілді тұрмыстық қам-қарекетінде дыбыстық құралдар ретінде қолданылған. Ертеде бұлардың үні арқылы аң-құстарды үркітіп, тосынға түсіріп, қаумалап ұстайтын болған. Саятқа шыққан аңшы-құсбегілер дауылпаз бен шыңдауылды ердің қасына іліп алып жүреді. Дауылпазды қаршыға, тұйғын, ителгі сияқты қыран құс ұстайтын қазақ құсбегілері қолданатын болған.

*«Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары»
кітабынан*

4-тапсырма. Мәтін мазмұнымен танысып, өз тезистеріңді ұсыныңдар. Төменде берілген кестені толтырыңдар.

Ыспалы аспаптармен байланысты ұстанымдар

Ыспалы аспаптар әу баста діни-ғұрыптық, культтік, магиялық мақсаттарға сай қолданылып келді.

Тәңірлік дүниені білу, қасиетті Құран қағидаларын қабылдау және насихаттау Ұлы дала төсінде өмір сүрген небір айтулы абыздар мен бақсы-жыраулардың өмірімен де тығыз байланысты болды. Олар өз діни-ғұрыптық ұстанымдарын дыбыстық (музыкалық) құралдардың көмегі арқылы жүзеге асырды. Соның нәтижесінде сазген, қылқобыз, нарқобыз, асатаяқ, даңғыра, қоңырау секілді этнографиялық аспаптар бүгінге жетіп, сақталды. Сондықтан да музыкалық аспаптармен байланысты болып келетін тұрмыс қам-қарекетінен туындаған сан түрлі жосын-жоралар, аңыз-әңгімелер осы бақсы-жыраулардың ғұрыптық ұстанымдары арқылы пайда болып, халықтық өмір-салтқа еніп, шежіретарихы қалыптасты дей аламыз.

*«Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары»
кітабынан*

№	Сипаты/ атаулары	шың- дауыл	нугара	үскірік	боргүй	желбуаз, мес	тас- тауық	бырғы
1	Ежелгі үрмелі аспап							
2	Ұрмалы музыкалық көне аспап, дауылпаздың бір түрі							
3	Үрмелі көне музыкалық аспап							
4	Ұрар ортасы көннен, сырты былғарыдан жасалған әуездік ұрмалы аспап, дабылдың бір түрі							
5	Қауашақ секілді іші қуыс, көнтеріден жасалған көне аспап							
6	Сазбалшықтан күйдіріп жасалған, қолға ұстауға ыңғайлы, шағын, үрлеп ойнайтын аспап							
7	Сазбалшықтан күйдіріліп жасалатын үрмелі аспап							



Жазылым

5-тапсырма. Төменде берілген пікірлермен танысыңдар. Бүгінгі өмірмен байланыстырып «Көне мұралардың маңызы» тақырыбында шығарма жазыңдар.

Кез келген ұлттың музыкалық аспабы – сол ұлттың музыкалық мұрасын дүниеге әкелген және ол мұраны түпнұсқа қалпында сақтай алатын бірден-бір тарихи жәдігер болып табылады.

А. Сейдімбек. «Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары» кітабынан

...Домбыра күйлерінде аса маңызды симфониялық мәдениеттің әлі де ашылмаған ұлан-ғайыр мүмкіндіктері жатыр.

Б. Асафьев, «Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары» кітабынан

6-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Құрылымына назар аударыңдар. Бейнелі сөздерді дәптерге жазып алыңдар.

Жалаңбас батыр мен Сапақтың қағысуы

Сапақ датқа дау болған жерде байлығын айтып, жұртқа сөз бермейді екен. Осындай бір келелі кеңеске Жалаңбас батыр қатысып қалады. Ол кезде әкесіне еріп келіп жүрген Жалаңбас сегіз-тоғыз жасар бала екен. Сонда Жалаңбас әкесінің алдында ойнап отырып, Сапаққа:

– Уа, ер дегенге ерей ме,
Екі мұртың серей ме.
Сенде бар да бес байтал,
Өзге кісі кедей ме? – деген екен.

Сапақ сөзден тоқталып қалады.

Екінші бір жолы сөзден ұтпақ үшін Сапақ тағы да жас Жалаңбасқа қарап:

– Сөйлегенде шешенсің,
Тумай жатып көсемсің,
Кімнен туған көзелсің! – дейді.

Жалаңбастың ататегі белгілі кісілер болмаса керек, ол сонда былай депті:

– Атамды сұрасаң – жетесіз,
Анамды сұрасаң – некесіз.
Өз тұсымда өзім болдым,
Жетемді сұрап не етесіз?!

«Шешендік сөздер» кітабынан

7-сабақ

ШЫҒЫС ПЕН БАТЫСТЫ БАЙЛАНЫСТЫРҒАН КӨПІРЛЕР

Ой түрткі:

- Қазақ даласындағы әлемге танымал қандай көне қалаларды атай ала-сыңдар?
- Сендер тұратын өңірде қандай көне жәдігерлер сақталған?

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, тақырыбы мен идеясын талдаңдар.

Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Құрылымы мен ерекшелігін талдаңдар.

IX–XII ғасырлардағы ортағасырлық авторлар түркі қалалары жайлы мынандай деректер қалдырған. Бұл – қарлұқ, чарұқ, қимақ, оғыз, қыпшақ, жікіл, тухси, қаңғарлардың (көне түркі тайпалары мен халықтары) қалалары еді. Тараз «бата алған түркі-чарұқтар қаласы» деп аталған. Құлан, Көлшөп, Жолшөп т.б. қалаларында қарлұқтар тұрды. Талхир жікіл мен құрлұқтардың шегарасында орналасты. Ал қарлұқтар астанасы Қаялық болды. Алакөл мен Ертіс маңында қимақтардың Гаган, Карантия, Дамурия, Имакия, Сараус, Дахлан, Банжар, Астур қалалары орналасқан. Жетісу мен Сырдария өзендерінің бойында оғыздардың Хиам, Горгуз, Дахлан, Гарбиан, Қарашық, Янгикент қалалары бар.

Отырар, Янгикент, Қарашық, Сүткент, Кедер, Құлан, Төменгі Барысхан, Жікіл, Қаялық қалалары түркіше атауларды иеленген.

Қазақстанның қалалары саяси-өкімшілік орталық қызметін атқарып қана қоймай, қолөнердің, сауда мен ауылшаруашылығының шоғырланған орны да болды. Сонымен бірге олар ғылым, білім мен мәдениет ордасы болып табылды.

К. Байпақов. «Қазақстанның ежелгі қалалары» кітабынан

3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Алдыңғы мәтінмен салыстыра отырып талдаңдар.

Ертіс жағалауындағы қалалар

XI–XIV ғасырларда, орта ғасырлар кезеңінде, Ертіс жағалауы қалалық өмір салтының аса ірі аудандарының бірі болды...

Өзірше XIII–XIV ғасырлардағы Ертіс жазығындағы қалалар жайлы мәліметтер аз, алайда олар туралы әңгімелеуге негіз бар.

Ертіс жағалауындағы сәулет өнерінің теңдесі жоқ туындысы – «Қалбасун мұнарасы». Әрине, оның атауы бұлай болмауы да мүмкін, бірақ оны «Қарабалғасун мұнарасы» деу нақтырақ болар...

1734 жылы Ертістегі Ямышев бекінісінде тоқтаған Ф.И. Миллер мұнара туралы көптеген қызық жайларды естиді. Бұл құрылысты өзінің барып көру мүмкіндігі болмаған соң, онда суретшіні жібереді.

Суретші Ертіс өзенінің жоғары ағысындағы Подпуск стансысының тұсынан күйдірілген кірпіштен салынған ғимаратты қағазға түсіріп алады. Төменгі жағы төртбұрышты келген қабырғалардың биіктігі 9 метрге дейін

жетеді, барлық қабырғалардың ұзындығы бірдей, ал ғимаратты жауып тұрған шатырдың 20 бұрышы болған. Суретшінің есептеуінше, сау қалғаны 12 екен. Қабырғалары берік болу үшін ағаш тіреулер қойылған. Олар ішкі жағынан ерекше қоспамен әктелген. Жоғарыда, шатырдың тұсында бір-біріне қарама-қарсы екі терезе орналасқан. Оң жақта ірге тұста тағы бір терезе бар. Шатырдың ең төбесінде де ойық жасалған, шамасы, ол да терезе болғанға ұқсайды. Ғимарат ашық қызыл кірпіштен қаланған.

Бұл ескерткіш сақталмаған.

К. Байпақов.

«Қазақстанның ежелгі қалалары» кітабынан



Айтылым

4-тапсырма. Қазақстандық көне қалалар жөніндегі мәліметті өз өңірлеріңдегі тарихи орындармен байланыстырып айтыңдар.

5-тапсырма. «Көне мұра ескерусіз қалмасын» тақырыбы бойынша пікірлесіңдер.

8-сабақ

АТАДАН ҰЛ ТУСА ИГІ...

Ойтүрткі:

- «Хан басы» деген қорым жайында естігендерің бар ма?
- «Ел іші – алтын кеніш» деген нақылды қалай түсінесіңдер?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Төле би толғауларының тақырыбы мен идеясын талдаңдар.

Троптың түрлерін – метафораны, эпитеттерді, теңеулерді, басқа да көркемдегіш құралдарды орынды пайдалануға үйрену сөз шеберлігіне жеткізетін қадамдардың бірі. Троптарды екі нәрсенің не құбылыстың бір-бірімен сабақтастығы мен арақатынасын ашу негізінде (метонимия, синекдохалар), не сипатталатын құбылыстың белгілерін екінші бір құбылыстың ерекшеліктерімен ұқсастыру, ауыстыру тәсілі арқылы (метафора, теңеу) пайдалануға болады.

Көркем тілде қолданылатын түрлі метафора, эпитет, теңеулердің сөз бедерін түзудегі қызметі айрықша зор. Олардың басты қызметі сөзге тек бояу дарыту ғана емес. Бұлар – өмір құбылыстары мен шындығын бейнелі түрде танытудың аса тиімді тәсілдері.

Шын мәнісінде, шешеннің ұшан-теңіз білімі мен тәжірибесі сөздің мағыналылығы мен мәнділігін, мәнерлілігін арттырады.

**Оқылым**

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтіннің құрылымы мен тілдік ерекшеліктерін талдаңдар.

Баршаға белгілі, жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ әскерінің тізгінін ұстаған аса көрнекті әскери-саяси қайраткер, әйгілі батыр Әбілқайыр хан болатын. Әбілқайыр ханның бейіті Торғай облысының жерінде, Өлкейек өзенінің Ырғыз жақ қапталында жатыр. Бұл жер – «Хан басы» деп аталатын қалың қорым. Жойқын ұрыс барысында қырылған жауынгерлерге үйілген топырақ төбелердің әрқайсысы 3–5 қанат үйдің ауқымындай болса, мұндай қорым-төбелердің ұзын саны мың қаралы. Көрер көзге үрей ұялататын қорым-төбелердің ұзыны екі шақырымдай, ені үш жүз метрдей болады. Бұл қорымда Әбілқайырдың жатқаны күмән тудырмайды. Ол жөнінде ел ішінде айтылатын көнекөз қарттардың әңгімесі де, жазба деректердің мағлұматтары да бір жерден шығады. Әбілқайыр хан 1748 жылы қайтыс болған. Әкесінің орнына таққа отырған Нұралы хан 1750 жылы Орынбордың генерал-губернаторы И. Неплюевке жазған хатында әкесіне мола соққысы келетінін айта келіп: «...Әкем марқұм көзінің тірісінде қай жерде өлсем, дене топырағым сол жерден бұйыратын болсын деп өсиет етіп еді», – дейді. Орыс саяхатшысы Н.П. Рычков 1771 жылы Әбілқайыр ханның бейітін көзімен көргенін, оның табаны төртбұрышты болып қаланып, көтеріле келе күмбезденгенін, материалы шикі кірпіштен екенін жазған. Осы деректердің қолмен ұстатқан айғағындай болып «Хан басындағы» мың шақты қорым-төбенің ішінде шикі кірпіштен соғылған жалғыз ғана төрткүл моланың құлаған үйіндісі жатыр. Мола іргесінің төртбұрышты болып қаланғаны анық байқалады. Бір кездері осы қорым-төбелердің басым көпшілігінде жазу қашалып, ру таңбалары басылып, арнайы орнатылған көктастар болады екен. Қазір сол жүздеген-мыңдаған тастардың кішігірім отыз шақтысы ғана қалған.

А. Сейдімбек. Шығармалары, 5-том

3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Қазақ мәдениетімен, тарихымен байланыстырып өз ойларыңды айтыңдар.

Абылай ханның алтын зерлі шапаны қолымызға тигелі, өзге де асыл мұраларымыздың дерегі шығып жатыр. Міне, бүгін Астанадан арнайы бір қауым ел болып келіп, Президенттік мәдениет орталығының музейіне салтанатты түрде қабылдап алған Қаз дауысты Қазыбек бидің шапанын да осындай асыл мұраларымыздың бірегейі деп білемін.

Қаз дауысты Қазыбек би бабамыз қазақ тарихына тұтқа болған санаулы тұлғалардың ішінде мемлекет қайраткері, Өз Тәуке хан құрған «Билер кеңесінің» мүшесі, атақты шешен, «Жеті жарғы» аталатын заңдар кодексін жасаушылардың бірі болған.

Елдің амандығы, жердің тұтастығы үшін ең шешуші қиын, күрделі мәселелердің басы-қасында жүріп, хандардың сенімді ақылшысы, халықтың ханға бергісіз биіне айналған Қазыбек бабамыз сарбаз жинап, ел шауып, оқ атпай-ақ, ақылмен жол тауып, ел бірлігінің емшісі болған адам.

«Ел іші – алтын кеніш» дегендей, мұндай асыл мұралар ел арасында әлі де болса бар. Мәселен, Төле бидің шапанының жұрнағы, үйінің маңдайшасы, қолына ұстаған Құраны қазір Оңтүстік Қазақстан облысы Төле би ауданында, ұрпақтарының қолында сақтаулы. Исі қазақты имандылыққа шақырған әулиелердің бірі – Бекет атаның асатаяғы Ақтөбе облысындағы, Жириенқопада тұр. Мұндай асылдар енді көп кешікпей мемлекеттің қолына көшіп, халықтың мұрасына айналса, құба-құп болар еді.

М. Жолдасбеков. «Кісілік кітабы» еңбегінен



Айтылым

4-тапсырма. Тарихи жөдігерлердің маңызы мен сақталуы жөнінде пікірталас ұйымдастырыңдар.



Жазылым

5-тапсырма. Өтілген материалдар бойынша «Ата-баба мұрасы» тақырыбында сыни пікір жазыңдар.

БӨЛІМДІ ҚОРЫТЫНДЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1-тапсырма. Төменде берілген екі мәтінді салыстырып, бірінші мәтін бойынша тезис, екінші мәтін бойынша аннотация дайындаңдар.

«Қорқыт ата кітабы»

«Қорқыт ата кітабы» – түркі тектес халықтардың ежелгі тарихын, байырғы тұрмысын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, ақындық дәстүрін танытатын эпикалық әрі тарихи мұра. Қорқыт ата хикаясы – VII–VIII ғасырларда Сырдария бойын мекен еткен оғыз-қыпшақ тайпалары арасында туып, сан ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа тараған, рухани қазына ретінде бүгінгі күнге дейін өзінің әдеби, тарихи, этнографиялық т.б. мәнін жоймаған аса құнды шығарма.

Қорқыт – жыр мен күйдің атасы, ерте кезде оғыз, қыпшақ және қаңлы тайпаларын басқарған данышпан кісі бейнесінде VIII–IX ғасырларда-ақ аңыз кейіпкері болған жан. Қорқыт ата жөніндегі жыр-дастан алғашында Орта Азия мен Сыр бойында туып, халық эпосының дәстүрі бойынша сан ғасырлар бойы ауызша айтылып келген. Тек XVI ғасырда ғана Қорқыт есімімен байланысты бұл дастан қағазға түсірілген.

Н. Келімбетов. «Ежелгі дәуір әдебиеті» еңбегінен

«Диуани луғат-ат-түріктің» әдеби мәні

Махмұт Қашқари сөздігінің әдеби мәні зор. Бұл кітапты белгілі бір мағынада «көне түркі әдебиет ескерткіштерінің қысқаша хрестоматиясы» деуге болар еді. Өйткені мұнда автор өмір сүрген дәуірде ғана емес, одан сан ғасырлар бұрын өмірге келген халықтық өлең-жырлардың, мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің, көркем теңеулердің, фразеологиялық тіркестердің т.б. ғажайып үлгілері бар.

«Диуани луғат-ат-түрікке» екі жүзден астам өлең, үш жүзге тарта мақал-мәтелдер, толып жатқан қанатты сөздер, көркем теңеулер т.б. енген. Бұл жөнінде Махмұт Қашқари: «Мен бұл кітапты арнайы әліппе тәртібі бойынша парасатты ғибрат сөздер, сажьдар (ақ өлең ұйқасымен жазылған прозалық шығарма), мақалдар, өлеңдер, ражас (ерлік жырлары) және наср (проза) деп аталатын әдеби үзінділермен көркемдедім», – деп жазады.

Н. Келімбетов. «Ежелгі дәуір әдебиеті» еңбегінен

**Айтылым**

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» тақырыбы бойынша өңгіме дайындаңдар.

Қазақ әйелдеріне арналған көркемдік бұйымның тағы бір түрі – сырға. Сырғаны көбінесе бойжеткен қыздар құлаққа тағады. Сондықтан сырғалар әсем де жеңіл жасалады. Сырғаның ай, айшықты, тұмар, қозалы, салпыншақты, тас, алтын, күмісті, қоңыраулы, күмбезді т.б. түрлері болған.

Қазақтың бойжеткендері шолпы таққан. Шолпыны ызған не кестелі бауға тағып, шашпен бірге өріп қойған.

Жас әйелдердің (қыздардың) көп қолданылған әсем бұйымының бірі – шашқалта. Оны тана моншақпен безендіріп, өрген, шашты соған салып қояды.

Қазақ әйелдерінің ең әсем бұйымдарының бірі – алқа. Ол бір-бірімен шығыршық арқылы жалғасады және бірнеше төртбұрыш, үшбұрыш, дөңгелек әшекейлерден құрастырылады. Алқа мойынға тағылып, омырауда көрініп тұратын болғандықтан, асыл тастармен, өңді әйнектермен безендіріледі.

«Қазақ халқының салт-дәстүрлері» кітабынан

3-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырып қойыңдар. Мәтін нормаларының сақталуын түсіндіріңдер.

Қайғың – күл, қуанышың – от

Бөлтіріктің қартайған шағында ақыл сұрай келген бір жас жігіт:

– Ақ ата, келген бақ кімге қонады? Бала ыстық па, байлық ыстық па? – дейді. Сонда Бөлтірік:

– Қарағым, байлық – қолға ұстаған мұзың емес пе, бақ ұшып-қонған құсың емес пе, балаң артта қалған ізің емес пе?! Бәрінен жолдас-жораңмен, ағайын-туғаныңмен, ел-жұртыңмен сіз-біз десіп, өмір сүргенге не жетсін! Осыларға жүрегің жылы болса, қайғың – күл, қуанышың – от, – деп жауап береді.

«Шешендік сөздер» кітабынан

Шешендік сөздер
Айтыс. Сыни пікір

Бұл бөлімде сендер:

- экологиялық қауіпсіздік жөнінде ой толғайсыңдар;
- табиғаттың ғажайып сұлулығы жөнінде қиялдарыңды дамытасыңдар;
- табиғат сырын жете тануға қабілеттеріңді шыңдайсыңдар;
- айтыстың табиғатын танып, сыни пікір беруге үйренесіңдер.

1-сабақ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Ой түрткі:

- Экологиялық проблема не себепті жаһандық сипатқа ие деп ойлайсыңдар?
- Қазақ даласының экологиялық саулығы жөнінде не айтуға болады?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, негізгі ақпараттарды анықтаңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтін идеясын түсіндіріңдер.

Сонымен, Левитан неге құстардың суретін салмаған? Келістіре алмаған ба – мүмкін емес. Ұнатпаған ба – сенбейміз...

Ол суретшінің айта беретін ішкі жан дүниесінде, өзіне ғана тән таным-толғамында болса керек. Ойымызды таратып айту үшін мысалға атақты «Алтын күзді» алайық. Шалғынына әлі шалғы түспеген, балғынына әлі табан тимеген тоғайдағы аққайыңдардың арасында күзгі шуақ еркін қыдырып жүр, өз тоғайына өзі би, өзі қожа, содан болар рұқсатсыз келген мына бір қара-көлеңкелерді оңаша орманнан түре қуып шыққысы келеді. Қаракөлеңкелер болса, бұдан былайғы жерде бұл мекенге біз иеміз дегендей, айылын жимайды. Мұнда да тартыс. Ал енді осы сұлулыққа кенет құстарды қосыңызшы – бүкіл назарыңыз шуаққа да, көлеңкеге де емес, суретшінің көңіл күйіне де емес, қос қанатты періштелерге ауып кетері анық.

Өйткені құстар – Құдай Тағала жаратқан жанды-жансыз мақұлықтар арасындағы адам баласының ынта-ықыласын өзіне бірден тартатын яки адамға ең жақын тіршілік иесі. Жақын болатыны – ол да адам сияқты азаттықты, бостандықты, қозғалысты сүйеді.

Демек, ұлы суретшінің өз пейзаждарына құстарды қоспағаны мақұл болған. Өйтпесе, ешқашан қайталанбайтын, ешкімге ұқсамайтын мынадай жауһар шығармалардың өнер ордасындағы орны ойсырап тұрар еді.

Барлық ұлы нәрселер секілді, құстар да жарым-жарты, жүрдім-бардым ықыластан үркеді. Оған берілсе, бүтіндей берілсін немесе мүлде назар аудармағанның өзі жақсы.

Е. Раушанов. «Құстар – біздің досымыз» кітабынан



Жазылым

3-тапсырма. Берілген мәтіндердің тілдік ерекшелігін және құрылымын салыстыра отырып талдаңдар.

Көкшетау

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.
Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,
Жүреді біліп кетіп есен-сауын.
Сексен көл Көкшетаудың саясында
Өрқайсы алтын кесе аясында,
Ауасы дертке дауа, жұпар иісі –
Көкірек қанша жұтса, тоясың ба?
Ырғалған көкке бойлап қарағайы,
Қасында көк желекті аппақ қайың.
Жібектей желмен шарпып төңіректі,
Балқытып мас қылады иіс майы.

Сәкен Сейфуллин

- «El.kz» сайтынан Көкшетау ұлттық саябағы туралы бейнебаянды көріп, өз пікірлеріңді айтыңдар.
- Уикипедия сайтынан қосымша мәліметтермен толықтырыңдар.

4-тапсырма. «Туған жердің табиғаты» тақырыбында шағын әңгіме құрастырыңдар.

Айтыс

Пікірталастың бір түрі болғандықтан, оған тән жалпы заңдылықтар айтыс бойында да сақталады. Мысалы, айтысушылардың өзіндік ой-көзқарастарын қорғауы, қарсыласын сынауы, сөз орамдарын қорғану құралы ретінде тиімді пайдалануы, ұтқыр ой мен өткір тілді қолдану шеберлігіне ұмтылыс т.б. айтыскер үшін де маңызды.

Айтыскерлер – тыңдаушылардың, қалың қауымның көкейіндегі ойды жеткізуші ел өкілдері. Олардың аузымен қоғамда қалыптасқан пікірлер ашық айтылады. Жалған сөз, артық мақтан айтыскерді орға жықса, батылдық, өрмінез, әдемі әдеп оның беделін биіктетеді.

Айтыстағы ең басты ерекшелік – оның өлеңмен өрілуі, саз аспабымен сүйемелденіп, әнмен, әуенмен астасуы. Бұл ерекшелік айтыстың әсерлілігін арттыра түседі, тыңдарманға жағымды көңіл күй сыйлайды. Әрине, айтыскердің дауысы, ән айту қабілеті қанша ғажап болса да, тыңдаушының күтетіні – терең мағыналы, дәйекті сөз, салмақты ой, сөзді ұйқастыра, ұйыстыра білер шешендік.

Сыни пікір (рецензия) – көркемөнер немесе әдебиет сынының жанры, көркем шығарманы талдап, баға беру, пікір қорыту. Сыни пікір мақалаға ұқсас келеді, бірақ екеуінің елеулі айырмашылығы бар. Мақалада қоғам өмірінен алынған құбылыстар мен әдеби мәселелер қарастырылатын болса, сыни пікірде нақтылы көркем шығарманың мәні, мазмұны, бейнелену өзгешелігі сөз болады. Талданып отырған шығармаға баға беріліп, сол шығармада баяндалған өмір құбылысына сыншылық көзқарас білдіріледі.

Сыни пікірдің өзіне тән ерекшеліктерін айтқанда, онда кейбір газет жанрларының (очерк, хабар, есеп) элементтері болады.

Сыни пікір авторы мәселеге объективті түрде қарауы керек. Шала қорытынды жасап, асығыс шешімге келу оған жат болуға тиіс. Ол шығарманың күшті және әлсіз жақтарын, жазушының (автордың) артықшылығы мен кемшіліктерін дәл көрсетуі керек.

Жүк ауырын нар көтереді немесе «Дарабоз» романы қалай аяқталды?

Біртуар туынды, бізше, кейбір кемшіліктен де құралақан емес. Біріншіден, Қаракерей Қабанбайдан қажыр-қайраты, ақыл-парасаты, даңқы мен дабыры олқы түспейтін, қиын-қыстау заманы тудырған, халқына қадір-қасиеті кең танылған Бөгенбай батыр бейнесі романда қағажу көрген тәрізді. Хан айтқанын күні үшін құптап, үзеңгіге қинала аяқ салатын, бар қуаты тілінде қалған, қажыған, жалтақ, ағайынға кінәмшіл, қарабайыр сананың, эгоистік пиғылдың адамы деңгейінен аспапты. Екіншіден, Қабдеш Барақ сұлтанның бет-беделін, кісілік келбетін, адамгершілік-моральдық бітімін, саяси көзқарасын, құлқы мен құлығын Әбілқайыр ханнан асыра дәріптеңкіреп, тарих үкіміне өзгеріс енгізбекке біраз тер төгіпті.

...Абылай ордасына келген орыс елшісі Угрюмов Көкшенің басына шығып тұрып, қазақ, қалмақ, орыс тарихына қатысты ұзақ толғанып, өзіне-өзі ұзақ «лекция оқитыны» бар. Тегі, басқа романдарда да, мектеп оқулықтарында да баяндалатын қарабайыр, жаттанды жайларды романға енгізуден жазушының, бізше, ұтып тұрғаны шамалы. Қазаққа тән жақсыны, жаманды жұрт Угрюмовсыз да сезіп, біліп жүрген ғой.

Т. Сыдықов. «Өңінде тұлпар мінгендер» еңбегінен

5-тапсырма. Мәтелдегі астарлы ойдың мәнін зерделеп, мағынасын түсіндіріңдер.

Ит иесін арқаланады

Біреудің иті жоғалып кетіпті. «Жақсы ит еді», – деп іздеп жүрсе, «көрші ауылда бір жаман ит бар, сол ауылдың бар иті күнде талайды», – дегенді естиді. Келсе, ит өзінікі екен. Иесін көргенде, аттың үстіндегі кісінің алдына қарғып шығыпты. «Енді осыны талаған иттерді көрсетші, – депті иесі. «Айт!» – деп қоя бергенде, әлгі ауылдың иттерін шетінен алып соғып, бөрідей бөріктіріпті.

Бұл мәтелдің мағынасы – ит иесін ес тұтып, бойына күш-қуат қосады дегенді ұғындырады немесе ауыспалы мәнде адамдарға қатысты да қолданылуы мүмкін. Яғни адамдар да өз жора-жолдастарының, туысбауырларының алдында өздерін күшті сезінбей ме?

К. Оразбекұлы. «Қанатты сөз – қазына» кітабынан

2-сабақ

ТАБИҒАТЫМ – ТАҒДЫРЫМ

Ой түрткі:

- Өзің тұратын өңірдегі шаруашылық түрлеріне құстардың қаншалықты қатысы бар?
- Сен тұратын өңірден қандай «мигрант құстар» өтеді?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Ғаламдық экология жөніндегі өз ойларыңды айтыңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Берілген мәліметтерді жіктеп, бүгінгі күн тұрғысынан ой қосыңдар.

Бүгінде Еуропа елдері құстарға қамқорлық жасаудың үлгісін көрсетіп отыр. Кез келген қаласында әсем хауыздар орналасқан. Хауыз толы құстар үрікпейді, қорықпайды. Тіпті Роттердам (Нидерланд) портында қырғауылдар бағдаршам бағанасына қонатын көрінеді. Қараша қаздар адам қолынан жем жейді. Қараша қаз демекші, бұдан қырық-елу жыл бұрын олар біздің Каспий теңізі жағалауларын, Маңғыстау жарты ара-

лын қыстаған кездері де болған. Олар мұнай өндіру ісі қысы-жазы бір тынбайтын бұл аймақтардан безгелі қашан... Бүгінде Болгар, Румын жерлерін қыстайды. Мигрант құстардың ешқандай мемлекеттік шегараны мойындамайтыны белгілі. Елді елден, дінді діннен, адамды адамнан бөлуге, бөлектеуге бәрімізден бұрын құстар қарсы.

Сонау 1916 жылы АҚШ пен Канада арасында қайтқан құстарға қамқорлық туралы келісім жасалған-ды. «Басқа мәселелердің бәрі шешіліп, ендігі жерде құстардың есен-түгелдігі үшін жұмыс жасау қалған екен ғой» деп күлгендер болған. Іле-шала бұл келісімге Мексика қол қойған. 1972–1973 жылдары Жапон елі Кеңестер Одағына, АҚШ пен Австралияға осы мазмұндас ұсыныс жасап, келісімге келген.

Нәтижесінде, Еуропаның кез келген қаласында елмен бірге емін-еркін сайран салып жүрген қанатты періштелерді көріп отырмыз. Ешкім оларды атпайды, уламайды, үркітпейді. Бәлкім, адамзат адамзат болғалы қол жеткізген үлкен жетістігінің бірі осы болар.

Е. Раушанов. «Құстар – біздің досымыз» кітабынан



Жазылым

3-тапсырма. Ізденіс жұмыстарын жүргізіп, сөз қисынына сәйкес кестені толтырыңдар.

Үлгі: аққу сұңқылдайды

№	Атаулары	Дыбыстауы
1.	Қарсақ	
2.	Борсық, кірпі	
3.	Мысық	
4.	Тышқан	
5.	Жарғанат	
6.	Күзен, зорман, шақылдақ	
7.	Суыр, сарышұнақ	
8.	Бүркіт	
9.	Сұңқар	
10.	Аққу	
11.	Қаз	

12.	Үйрек	
13.	Сұқсұр, шүрегей	
14.	Құр, кептер	
15.	Байғыз, үкі	

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тілімізде қалыптасқан тұрақты теңеулердің тиістісін қойыңдар.

білектей, он, тілін, көзін, ағын, үркердей, аяғын, кәрі, көгенге, сабағындай, көшкен

... арқасында өрген бұрым

... орап алғандай

... тістеп алғандай

... ашып алғандай

... судай ағу

... жиі тізілу

... ор киікше басу

... қойдың тісіндей

... тізген қозыдай

... үзілген алмадай

... таудай жаңғыру

5-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Төменде берілген сыни пікірге сүйеніп, өздерің оқыған шығармалар туралы берілген үлгі бойынша сыни пікір жазыңдар.

Шәрбанудың «Мөлтек әңгімелер» деген атпен берілген шағын этюдтері де бас-аяғы тұтас, белгілі бір ой мен жеке көрініс тұтастығын сақтаған туындылар екен. Олар балалар өміріне де, ересектерге де арналып жазылған.

Шәрбану шығармаларының көркемдігі де көңіл тойдырарлық. Ондағы суреттер мен баяндау құралдары жақсы жымдасып, характер ашуға, оқиға өткен ортаның шындығын тануға мүмкіндік береді. Суреттер де жарқын.

«Бұл өңірде көктем кеш шығады. Көктем кешіккен соң жаз қайдан тез келе қалсын, ол да асықпай жетеді. Қазір маусым айының басы болғанмен, жаздан гөрі көктем дерліктей. Ертеңгілік маужыраған дүние тегіс балауса көкке малынып тұр. Күн жанға жайлы шуағын төгіп, лүп еткен жел жоқ, түп-тұнық. Төңіректе жып-жылы қызғылт сарғыш нұр

шуақ уыздай ұйып қалғандай. Жайма-шуақ күнге бетінді төсеп, бала кездегідей жүгіре берсе, жүгіре берсе ғой...»

Бұл – Жанғанымның туған далаға шыққан сапарында көрген суреті.

Журналистік қызметте жүріп өмір таныған Шәрбанудың шындықты терең түсінуі мен адамдарды тануы жазушылық қаламына жел бергені шығармашылығынан анық байқалады. Қаламгерге тән байқағыштық, құбылысты сурет күйінде көру де оған көмектескен. Сөйтіп, Шәрбанудың сәтті шығармашылық еңбегіне жол ашқан. Оның характерлері де дара, суреттейтін оқиғалары (сюжет, фабула) да нанымды, тілі де құнарлы, ойлы. Айтары бар, ұсынар сабағы мен ғибраты да мол. Оны «қазақ әйелі табиғатының жыршысы» деуге әбден болады.

С. Қирабаев. «Қазақ әйелі және қаламгер» мақаласынан

3-сабақ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҮЙЛЕСІМ

Ой түрткі:

- Қазақ өз баласын қандай құстарға теңейді? Онда не сыр бар?
- Махамбет өлеңдерінде өз тұлғасын қандай құс түрлерімен сипаттайды?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар дайындаңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Қоршаған орта тіршілігі жөнінде өз пікірлеріңді айтыңдар. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

Біздің ақсұңқар да сондай қиялдан туған құс емес пе екен? Жоқ! Ақсұңқар бар. Бақытсыздыққа қарай, оның қазақ даласынан баз кешіп, өзге жаққа ауып кеткеніне көп болды. Соңғы онжылдықта оны ешкім көрмейті. Шынын айтсақ, ол біздің жерге бұрын да көп келмеген. Мүмкін, қазақтың нөқтаға басы сыймаған баяғы арда кезінде, асқақ кезінде көп болса болған шығар, кейінгі ғасырларда сирек көрінетіні шындық. Ащы шындық.

Бұрынғы шалдардың заманнан, арамнан түңілгенде:

Мен ақсұңқар құстың сойы едім,
Шамырқансам тағы кетермін,
Кетпей де нешік етермін, –

дейтіні (Махамбет) сондықтан.

Қазақстанда қазір қандай құстар көп? Біріншіден, қарға көп, көптігі сонша – қарғаға қарғасың деп айтудан қорқатын болдық. Қанатын жайып жібергенде құлашжарым жерді бір-ақ алатын қарақұс, балдырды балықтай, балықты бақадай асайтын су бүркіт, қу медиенде өз көлеңкесіне өзі семіретін құмай, құладың, тазқара, кезқұйрық, жыланбүркіт... Бүгінгі фаунамыз бен флорамыздың қожайындары осы құстар екені сөзсіз. Бәрі өлексе жейді... Ақсұңқар болса, өйтпес еді.

Е. Раушанов. «Құстар – біздің досымыз» кітабынан

Сұрақтар:

1. Ақсұңқар туралы не білесіңдер?
2. Неліктен ақсұңқар қазақ жеріне сирек келеді деп ойлайсыңдар?



Айтылым

3-тапсырма. Тыңдалым және оқылым мәтіндері бойынша талқылау сұрақтарын құрастырыңдар. Мәтіннің тақырыбы мен идеясын сыни тұрғыдан бағамдаңдар.



Жазылым

4-тапсырма. «Айналаң – аялы алтын бесігің» тақырыбында естелік жазыңдар.

5-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтін нормаларының сақталуына назар аударыңдар.

Мына екеуінің татуын қарашы...

Іргелес отырған Жантау және Жантас ауылының екі жігіті шабындыққа таласып қалады. Ақырында бірін-бірі көрмеуге серттесіп, екеуі ат кекілін кеседі. Ай өтеді, жыл өтеді. Бірақ екеуі татуласпай қояды. Өкелері мен аталарының ақыл-кеңесіне мойынсынбайды. Осыны естіген би араздасқан жігіттерді шақыртады. Төленің үйіне екі жақтан келген екі жігіт аттарын бір қазыққа байлап үйге кіреді. Тізе бүгіп қол беріседі. Би ләм-мим демей екі жігітпен сыртқа шықса, екеуінің аттары бірін-бірі қасысып бірге түр дейді.

– Япыр-ай, мынау екеуінің татуын қарашы... – дейді Төле қасынып тұрған аттарды көріп. – Кекілдері де келісті екен.

Бидің осы сөзінен кейін екі жігіт қол алысып, татуласады.

– Жолдарың болсын! – депті оларға Төле би.

«Шешендік сөздер» кітабынан

4-сабақ

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҮТІНІ

Ойтүрткі:

- «Жер-Ана» ұғымын қалай түсінесіңдер?
- Еліміздің экологиялық ахуалын сақтау үшін қандай шаралар жасау қажет?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, өз болжамдарыңды ұсыныңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Берілген мәліметтерді салыстырып, мәтін идеясын түсіндіріңдер.

Табиғат пен адам гармониясы сақтала ма?

Табиғат пен адамның бір гармонияда болуы – жаратылыстың түп-негізі, тірегі.

Өкінішке қарай, Кеңес Одағы кезінде орталықтың теріс саясатының кесірінен, Қазақстан жерінде экологияға теріс әсері бар химия, қорғасын, фосфор, ауыр металл т.б. көптеген өндіріс орындары салынып, ұзақ жылдар бойы ауа райын ластады.

Өндіріс қалдықтарының өзінің көлемі бірнеше млрд тоннаға жетті. Мысалы, тек кен-байыту саласында 20 млрд тоннадан астам өндіріс қалдықтары, оның ішінде 230 млн тонна радиоактивті қалдықтар жиналған. Қазақстанда екінші ресурсты өндіріс қалдықтарын игеру – үлкен сала, ол өз кезегін күтіп тұр. Қазақ жерінде де дүниежүзіндегі сияқты экология мәселесі өте өзекті. Осыған қарамастан, Қазақстанда табиғатты қорғауға бөлінген қаражат жылына бір адамға шаққанда 0,5 АҚШ долларынан аспайды. Бұл – Еуразия елдерінің соңында тұрмыз деген сөз. Дүниежүзілік экологиялық рейтинг бойынша Қазақстан экологиясы өте нашар зонада тұр. Оның халқының физикалық және генетикалық денсаулығына қауіп үлкен, ал екінші жағынан – табиғаты нашарлауда, флора және фауна құрылымы төмендеуде.

О. Сәбден. «Абай және қазақ елінің болашағы» кітабынан



Айтылым

3-тапсырма. «Шықшы тауға, қарашы кең далаға» тақырыбында өз өңірлеріңнің табиғаты жайында шағын өңгіме жазыңдар.



Жазылым

4-тапсырма. Суреттер бойынша әңгімелеп, өз жұптарыңа талқылау сұрақтарын дайындаңдар.



5-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтін нормаларының сақталуына назар аударыңдар.

Тұзаққа түскен бұлбұлдан еркін жүрген торғай артық

Той-тамашада бір жас келіншек төңірегінен именіп, өлең айта алмай отырады. Еріне жаутаңдап қарай береді. Күйеуі жайсыз, оған өлең айтуға тыйым салып қойған екен.

– Қыз кезінде алдына жан салмайтын әнші еді, енді суға түскен тауықтай болып отырғаны, – дейді Төлеге жақындау жайғасқан біреу сыбырлап.

– Тұзаққа түскен бұлбұлдан еркін жүрген торғай артық, – дейді би.

– Ол не дегеніңіз, Төле?

– Торға түскен бұлбұл қайдан сайрасын?

Мұны естіген әлгі келіншектің күйеуі Төле бидің алдына келіп, кешірім сұрайды.

– Биеке, түсіндім сөзіңізге. Бұдан былай бұл мінезімді тастайын, келініңіздің беті ашық!..

«Шешендік сөздер» кітабынан

5-сабақ

ЖЕР МӨСЕЛЕСІ

Ой түрткі:

- Қазақ даласының жусаны не себепті символдық мәнге ие деп ойлайсыңдар?
- «Ұлы дала» тіркесі сендерге қандай ой айтады?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, экологиялық мәселе жайлы өз болжамдарыңды айтыңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтінде берілген негізгі ойды түсіндіріңдер.

Қазақы тіршіліктің қайнар көзі

Төңірім! Оның түркі аты мәңгілік болсын. Әулетін көлігіне тиеп, көсемі алдыңғы түйені бұйдасынан жетелеп, керуен тізбегіне өрелі кілем жауып, түлігін қаптатып табындап өргізіп, Батыстан Шығысқа қарай салқар көш түзегенде, көк теңбіл биіктен ару Күн шұғыла шашып, қарсы алдынан жолықсын. Қолын төбедегі күмбез аспанға қаратып жайған көк бөрі заузаты қолдау тапсын сенен, Күн.

Елдің түркі аты өшпесін. Байыған күннің бетін жасырып, ай жарығында қара домбырасын ұстаған қазақтың қоңыр мінезді табиғатын түн ашады. Қазақты мақпал шымылдық жамылған түн баласында көр, әдетке сіңген салт-дәстүрі қоныс аударған, тегі, көш тоқтатқан мезгілде нақты мән-мағынасын, анық мазмұнын табады. Киіз үйдің түнде жаны кіреді. Құсжолындағы шоқ жұлдыздар шаңырақтан моншақтай үзіліп көшпелі қыздың уысына төгіледі, әсемденіп жіпке тізіліп білегіне байланады, мойнына тағылады. Қиық ай – әшекей сырғаның бедерінде, көкжиектерді қосқан күмбез шатырлы түпсіз ғарыш киіз үйдің өзін береді. Қазақ тіршіліктің қайнар көзі – болмысты киіз үйдің ішіне жинайды. Болмыс дегеніміз – киіз үйдің көрнекті нұсқасы, үлгісі.

Д. Амантай. «Махамбет философиясы» кітабынан



Айтылым

3-тапсырма. Оқылым мәтіні бойынша сұхбат сұрақтарын дайындаңдар.



Жазылым

4-тапсырма. Өздерің тұратын өңірдің көрікті табиғаты жайында естелік жазыңдар.

5-тапсырма. Берілген кестедегі сөз қисындарын сәйкестендіріңдер.

Ақиықтай		үніндей
Аш бүркіттей		аласұру
Бала бүркіт		түйілу
Бүркіттей		топшылы
Көк бүркіттей		түнеру
Көрі бүркітше		бұру
Тау бүркіттей		көз қадау
Ауға түскен бүркіттей		сампылдау

6-сабақ

ТАБИҒАТ ПЕН АДАМ

Ой түргі:

- Экологиялық проблемаларсыз өмір сүру үшін адам баласына қандай шараларды атқару қажет?
- Бүгінгі экологиялық ахуал ұрпақтар тағдырына әсер етуі мүмкін бе? Ойларыңды дәлелдеңдер.



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Берілген үзіндіні өз болжамдарыңмен аяқтаңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқып, маңызды мәліметтер жайлы пікірлесіңдер.

Тұщы су тапшылығы

Бір қарағанда, жерде су қоры мол, жеткілікті сияқты. Алайда су қорының 97% -ын ащы теңіз суы құрайды. Қалған үш пайыздың 2% -ы Гренландия мен Антарктика мұздықтарының еншісіне тиеді. Сонда бүкіл адамзатқа тек 1% әлемдік тұщы су келеді. Адам үшін пайдаланатын негізгі су көздері – өзендер мен көлдер, топырақ ылғалы және жерасты сулары. Тұщы су қорының қайта орнына келуі мұхит бетінің булануына байланысты. Жыл сайын мұхиттардан 505 000 км³, құрлық бетінен 72 000 км³ су буланады. Бір циклде Жер бетіне түсетін жауын-шашын мөлшерінің 79% -ы мұхиттарға, 2% -ы көлдерге, 19% -ы құрлыққа түседі. Ғаламдық деңгейде түскен жауын-шашынның 2/3 жуық бөлігі атмосфераға қайта оралады.

Бүкіл ағатын судың 1/3 бөлігі келетін Латын Америкасы, сосын 1/4 бөлігі келетін Азия су ресурстарымен біршама жақсы қамтамасыз етілген. Одан кейін Еуроодақ елдері – 20%, Сахараның оңтүстігіне қарай Африка елдері және ТМД елдері – 10%. Су қорының тапшылығы Таяу Шығыс елдері мен Солтүстік Америкада қатты білінеді – 1%.

А. Қуатбаев. «Жалпы экология» кітабынан



Айтылым

3-тапсырма. Оқылым мәтінде берілген мәліметтерді Қазақстанның және өздерің тұратын өңірдің экологиялық ахуалы жөніндегі мәліметтермен салыстырып айтыңдар.



Жазылым

4-тапсырма. «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» тақырыбында шығарма жазыңдар.

5-тапсырма. Берілген дәйексөзді басшылыққа алып, өз тұжырымдарыңды ұсыныңдар.

Кімнің бойында табиғат пен мәдениет теңессе, сол қадірлі адам болады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

6-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтін нормаларының сақталуына назар аударыңдар.

Үш жүздің ортасында Қасқакөл бар

Төле би мен Әйтеке би Орманбет биге Қасқакөл дауы жайлы хат жазады. Орманбет екеуіне хатпен жауап қайырады. Халық жиналып бірі олай деп, бірі былай деп, ақырында үй тігіп сөйлесуге келіседі. Қасқакөл жағасына жиырма үй тігіледі. Орманбет келіп Төле мен Әйтекеге сәлемдеседі. Сонда Төле:

– Ей, Орманбет! Мен әлі тірімін, өлгенім жоқ. Бұдан бұрын неше сәлем айтсам да келген жоқсың, ер кетер, жер кетер. Ей, Орманбет, сен бізден кіші боласың, сен ілгері барасың, біз кейін келеміз, сен жас едің, көңілдегіңді аларсың! – дейді.

Әйтеке де Төленің сөзін қостап:

– Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін, батыр болсаң дұшпанға найзаң тисін. Бай болып пайдаң тимесе, батыр болып найзаң тимесе жұрттан ала бөтен үйің күйсін деген, бізге кейінгілер соны айта ма деп қорқамын, – дейді. Сонда Орманбет:

– Екі би, айтқан сөзің жарасады, еншіге әркімдер-ақ таласады, бұл Қасқакөл Орта жүздің көлі еді, айтқандарың қиянатқа жанасады.

Қанағатсыз билерді қабан деген, қамшылатқан жүйрікті шабан деген, біреудің ақысына зорлық қылса, ақыретте мұндай істер жаман деген, – дейді. Төле би айтады:

– Ей, Орманбет, сен бізге Қасқакөлді бер. Қасқакөл, рас, саған жақынырақ. «Бардан – пайда, жоқтан – залал» деген, не берсе, қайырын тілеп көріңіз. Үш жүздің ортасында Қасқакөл бар, әр су ішетін басқа көл бар, үш бөліп, енші қылып алысайық, жер жетер, көңіліңді ұстама тар. Үшеуі олай сөйлесіп, былай сөйлесіп, келісе алмайды. Орманбет екі биге ырық бермеген соң, Төле қатты сөздер айтады. Дау бітпей, Орманбет еліне қайтады. Үйіне келген соң даудың мән-жайын бастан-аяқ сөйлейді. Сонда Орманбет бидің анасы:

– Балам, қарт билерді бекер ренжіткен екенсің, әлі де болса, тілімді алсаң, Қасқакөлді бөліп бер, – дейді. Анасы айтып қоймаған соң, Орманбет көнеді. Үй тігіп, тоғыз бие сойып Төле мен Әйтекені шақырады. Сонда Төле би:

– Билер жақсы болса, білім иесі батыр-дағы; жаман болса, сал бөкселі қатын-дағы. Әйел жақсы болса, елдің басшысы емес пе?! Бұрынғылар осылай демес пе! Қасқакөлді аламын деп келіп едім, Орманбет бермеген соң өліп едім. Жетпіс жасқа келгенде сөзім жерде қалып, мәңгіде тірілмейтін өлік едім, жеңгей! Мені тірілттіңіз, енді балаңызға бата берейін, – дейді. Сөйтіп, билер Қасқакөлді ынтымақпен бөлісіп, ел ризаласып тарқапты.

«Шешендік сөздер» кітабынан

7-сабақ

ТАБИҒАТ СЫРЫ

Ой түргі:

- Үлкен қалаларда қалдықтар неге күрделі мәселе болып саналады?
- Мың жылдан кейінгі Жер бетінің климаттық ахуалын қалай сипаттар едіңдер?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Автордың айтпақ ойын болжап, сыныпта талқылаңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқып, берілген мәліметтерді жүйелеңдер.

Жердегі климат қандай болуы мүмкін?

Шамамен 4,5 млрд жылды құрайтын ғаламшарымыздың геологиялық тарихындағы палеоцен-эоценді термиялық максимум жағдайы ерек-

ше қызығушылық тудырады. 55 млн жыл бұрын геологиялық өлшем тұрғысынан 20 мың жылдан аз уақыт ішінде ғаламшарымыз шамамен 5–7°C жылыған.

Бұл аралықта Жер мұздан тез әрі толықтай құтылған. Ормандар солтүстікке қарай таралған. Алайда көп ұзамай, жағдай қайта өзгеріп, барлығы бастапқы қалпына қайтып оралған. Дегенмен осы уақыт аралығында салыстырмалы түрде ұсақ сүтқоректілердің түрлері пайда болып, белсенді түрде көбейіп, палеоцен аңдарының экологиялық қуаттарына ие болады.

Шамамен 2,6 млн жыл бұрын ғаламшарда мерзімді мұзбасулар басталды. Нақтырақ айтқанда, соңғы 800 мың жылда әрқайсысы шамамен 80 мың жылға созылған 8 мұздықаралық кезең немесе ұзақтығы шамамен 12 мың жыл интергляциалдар болды. Біз голоцен деп аталатын аралықта өмір сүреміз, ол 12 мың жыл бұрын басталған. Бұл – мұздықаралықтарға тән салыстырмалы түрде жылы уақыт.

«Oyla» журналынан



Жазылым

3-тапсырма. Ізденіс жұмыстарын жүргізіп, сөз қисынына сәйкес кестені толтырыңдар.

Үлгі: масақты тереді

№	Атаулары	
1.	Егінді	
2.	Шөпті	
3.	Арамшөпті	
4.	Масақты	
5.	Сабанды	
6.	Шиді	
7.	Ағашты	
8.	Талды	

9.	АҒЫС	
10.	АҒЫН	
11.	Иірім	
12.	Ұйық	
13.	ЖЫЛЫМ	
14.	Қыс	
15.	Көктем	
16.	Жаз	
17.	Күз	



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқып, өз өмірлеріңде болған қызықты оқиғамен байланыстырып айтыңдар.

Соғыстың сұрапыл жылдарында көгершіндердің сенімді қанатты почтальон болғандығын мына мысалдар да айқын аңғартады. 1942 жылдың көктемі болатын. Немістің әскери ұшағы Англияның сүңгуір кемесінің жүзіп жүрген жерін тауып, оны бомба астына алады. Соның салдарынан кеменің рулі мен оны жоғары көтеріп шығаратын жүйесіне едәуір зақым келеді. Оның сыртқы дүниемен байланысы үзіліп қалады. Кемедегі адамдарға сөзсіз өлім қаупі төнеді. Енді бұл апаттан құтылудың тек бір ғана амалы кемедегі екі көгершінге байланысты еді. Мүмкін базамен байланыс жасауға осылар көмектесер? Көгершіндер құтқару камерасы арқылы сыртқа жіберіледі. Бірақ жауапты ұзақ тосуға тура келеді. Екінші тәулік дегенде матростардың көгершіндері қайтып оралады. Мұхит үстінде алай-дүлей соғып тұрған дауылға қарамастан, көгершіндер бірнеше жүз километр ұшып, Англияның соғыс базасына жетеді де, апат болған кеменің қай жерде екенін білдіреді. Осы ерлігі үшін бұл құстар Англияның ең жоғары наградасына ие болады. Оларға ескерткіш орнатылады.

Ж. Шілдебаев. «Қызықты экология» кітабынан

БӨЛІМДІ ҚОРЫТЫНДЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1-тапсырма. Мәтін үзінділерін өз болжамдарыңмен жалғастырыңдар.

**Электрмобильдер мен пластик дорбалардан бас тарту
әлемді құтқара ма?**

XX ғасырдың сексенінші жылдарының соңына қарай автокөліктер санының адам айтқысыз өсуімен байланысты келесі мәселе туындады. Ғаламдық жылынудың басты «қозғаушысы» көмірқышқыл газы болды. Мұндай түйткілді болдырмаудың бір шешімі іштен жану қозғалтқыштары арқылы жүретін машиналарды электрмобильдерге алмастыру болып отыр. Алайда ол шынымен көмектесе ме?..

2018 жылы 380 миллион тонна пластик, ал бұған дейін 8 миллиард өндіріліп үлгерді. Ғалымдардың есебі бойынша адамзат осы уақытқа дейін өндірген пластик әлі күнге дейін сол қалпында қоршаған ортада жатыр. Өрі оның зардабын теңізді мекендеушілер ғана тартып жатқан жоқ.

Сондықтан да пластик пакеттерді сатуды тоқтатып, қағаздан немесе табиғи маталардан (мысалы, мақта) жасалған орамдарға өту – орынды ұсыныс. Еуропалық одақта қазірдің өзінде бір реттік пластик ыдыстар мен асхана аспаптарын өндіруге және сатуға тыйым салынған...

«Oyla» журналынан

Оқылым

2-тапсырма. Төменде берілген сурет мазмұнын талдап, бүгінгі күнмен байланыстырып айтыңдар.



**Жазылым**

3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Курсивпен берілген тілдік оралымдарды қолданып, өз өңірлеріңнің экологиялық проблемасы жайында сыни пікір жазыңдар.

Бұлар аулап жатқан балықтардың негізгі дені: алабұға, шортан. Аты балық демесе, *тұқымы азған*. Өздері арық.

Теңіз ашығалы балықтар тереңге кетті. Тек *ащы суға* төтеп беріп жүрген – жыртқыш балықтар. Олар да қазір *жемін оңайлықпен таба алмай*, көк теңізде сабылып жүр. Таңдай жібітер су іздеп, жаны қыдырып жосып кеткен осы теңіздің азын-аулақ балығын қуа-қуа қазір *арса-арсасы шыққан*. Еті азайып, сүйегі өсе берген. Әсіресе сүйектері арбиған баста *үңірейген қомағай көз бен ауыз ғана*.

Бұрын су астының жайылымы *бай еді ғой*. Қамыс дейсің бе, қопа дейсің бе, ал қоға мен балаусадай балбыраған теңіз түбінің балдыры қандай еді! Бар балық соған жайылатын. Дауыл болып, теңіз түбіне дейін шайқалып кеткенде әлгі қамыс пен қопа, қоға арасының ығы қай балық үшін де құдды киізі бүтін *ақбоз үйден кем болушы ма еді?* Ұйысып өскен сар балақ балдыр арасы тіпті былқ етпейтін. Балық әулеті көктемде үйір-үйірімен келіп ұрығын соның арасына шашатын. Бірер айдан кейін балдыр арасында бауырын көтерген балық әулетінің болашақ ұрпақтары *шүпірлеп толып кететін*. Түк білмейтін аңқау бала балықтар шапқылап кеп жыртқыш балықтың аузына өздері түсуші еді-ау!

Ә. Нұрпейісов. «Соңғы парыз» кітабынан

4-тапсырма. Мәтін құрылымын (абзац, мәтін бөліктері, тақырып) нормаға сай орналастырыңдар. Тақырыбын қойыңдар.

Ұсынылатын тақырыптар:

1. Отын – олжа, су – нұрлық;
2. Он бес жасар ділмар;
3. Сырым мен Нұралы.

Сырым он бес жасында бір құшақ отын құшақтап Нұралы ханның ауылының сыртынан өтіп бара жатса, иығына шапан жамылып далада тұрған хан баланы шақырып алып:

– Тақсыр, даланың отыны олжа, суы нұрлық, біреудің малы мен ақысын жеу – ұрлық, – деп жөніне жүре береді.

– Үй ішінің кемдігі отын-сумен жетіледі, ауыл сыртынан отын ұрлап, бала, есің неден кетіп еді?! – дейді.

«Шешендік сөздер» кітабынан

Шешендік сөздер

Көпшілік алдында сөйленетін сөздің ерекшелігі. Тыныс белгілері

Бұл бөлімде сендер:

- театр мен опера өнері;
- кино өнерінің дамуы;
- қазақ өнерінің өркендеуі жайлы білімдеріңді тереңдетесіңдер;
- көпшілік алдында сөйлеуге машықтанып, тыныс белгілерінің қолданылатын орындарын пысықтайсыңдар.

1-сабақ

ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ ТЕАТР

Ойтүрткі

- Халықтың өмірінде театр қандай рөл атқарады?
- Қандай театр саңлақтарын білесіңдер?
- «Театрда рөл бар, кейіпкер жоқ» дегенді қалай түсіндірер едіңдер?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Театр тақырыбына қатысты терминдер мен ұғымдарды анықтап, үзіндіні талдаңдар.



Айтылым

2-тапсырма. Театр тақырыбына қатысты берілген өнер майталмандарының пікірлерімен танысыңдар. Театр өнері жайында таныстырылым дайындаңдар.

Классикадан сусындамайынша актер біткен тиісті творчестволық деңгейіне көтеріле алмайды. Классика – актердің көкірек күйін қалпына келтіріп, олардың ішкі-сыртқы мүмкіншіліктерін молынан ашып, оларға көл-көсір ой салып, қиялдарын қайрай түседі.

Ә. Мәмбетов

Театр – тәңірім, өнер – өмірім, сахна құдіреті – мен үшін ғажап құбылыс, айрықша тағдыр.

Ә. Мәмбетов



Оқылым

3-тапсырма. Мәтінді оқып, жанрлық ерекшеліктеріне талдау жасаңдар.

Қазіргі қазақ театры біртекті емес, әр театрдың өсу-өркендеу және тоқырау кезеңдері болады және ол белгілі бір кезеңдерде қайталанып отырады. Меніңше, театрдың қоғамға, көрерменге қызғылықты болуы – режиссерлік көшбастаушылық идея, ізденістерге байланысты. Бірер ғана

мысал келтірсек, кезінде Ө. Мәмбетовтің театры, Ж. Хаджиевтің театры деген ұғымдар болды...

Қазір Талдықорған, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облыстық театрларында көркемдік-эстетикалық қызғылықты ізденістер жүріп жатқан сыңайлы. Тоқырау кезеңінде тұрған театрлар да бар, олардың атын атап, түсін түстеудің қажеті аз шығар. Жалпы алғанда, қазіргі қазақ театрының қоғамдық құрылымда өзіндік орны бар.

Мен үшін идеалдағы театр – мемлекет пәрменімен емес, мұраттас адамдардың ішкі бір қажеттілігінен пайда болған эстетикалық театр. Әрине, ондай театр ұжым мүшелерінен өте биік талғамды, терең білім, рухани сергектік және жанкешті еңбек пен көп күш-қажырды қажет етеді. Өкінішке қарай, Қазақстанда жеке топ қазақ театрлары жоқ. Меніңше, идея түрінде пісіп-жетілсе, шағын ғана жеке театр ашуға қалталы кәсіпкерлерді сендіруге, осыған жұмылдыруға, мемлекеттен де қаржы алуға болатын сияқты. Мысалы, «Астана-моторс» президенті Нұрлан Смағұлов суретшілерге галерея ашқаны белгілі.

Ө. Бөпежанова. «Мәдениет – жасампаз сана» еңбегінен



Жазылым

4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Автор көтерген мәселе бойынша сыни пікір жазыңдар. М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов атындағы театр сайттарынан өздерің ұнатқан қойылымдар туралы пікірлерді оқып, өз ойларыңды айтыңдар.

Қазір театрда рөл бар, кейіпкер жоқ

– Иә, театрда кейіпкер жасау деген бар. Рөлді қай артист те ойнай біледі. Сөзді айтып шығады ғой, әйтеуір. Ал кейіпкер жасау кез келгеннің қолынан келе бермейді. Кейіпкер жасамайынша, сенен жақсы артист шықпайды. Серағаңның Қоңқайы, Қаллекидің Абайы, Елағаңның Амангелдісі, Шәкеннің Қобыландысы, Петручиосы, Ақан серісі, міне, солар кейіпкер ретінде тарихта қалды. «Ақан серіде» Қалибек Қуанышбаев мылқаудың рөлінде ойнады. Бір сөзі жоқ. Режиссер алдымен басқа актерге берген екен, «түк сөзі жоқ, мұны қайтем?» – деп, рөлден бас тартыпты. Қаллекең соны қарып алып, трагедияның шыңына шықты. Кейіпкері Ақтоқтының трагедиясын алғашында қайдан түсінсін? Естімейді. Түсінген кезінде бір-екі минут «а-а-а...» деп, бармағын тістеп, өкініп тұратын жері бар. Көзі қанталап, қып-қызыл болып кетеді. Сонда залда жыламайтын адам қалмайтын. Өзім көргендіктен айтып отырмын. «Кішкентай рөл жоқ, кішкентай актер бар», – деген сөз дұрыс айтылған. Ал қазіргі жастардан кейіпкер күту өте қиын. Баяғыдай емес. Сұйықтау.

Басты себеп – білімнің, сөзге мән берудің азайып кеткенінде. Астармен сөйлеу жоғалып барады. Баяғы Серағаң, Қаллекилердің сөз түсінуі

қандай еді, шіркін! Қазіргі жастарда сол жағы төмендеу. Ол заңды да. Негізі, бұл – үлкен әңгіме. Жалпы қазіргі жастардың көбі кітап оқымайды. Өз басым мұны трагедия деп білемін. Интернет заманының осындай жаманшылығы бар екен.

А. Әшімов. «Қазақ әдебиеті» газетінен



Жазылым

5-тапсырма. Суреттер бойынша әңгіме дайындаңдар. Тыныс белгілерінің дұрыс қойылуына назар аударыңдар.



Әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы сөз әдебі

Тұлға сөйлеу мәдениетімен танылады. Ауызекі сөйлеу мен жазба тіл мәдениеті – астасып жататын құбылыс. Сөйлеу тілі де, жазба тіл де адам ойын жеткізуге қызмет етеді. Мәдениетті тұлға күнделікті қарым-қатынаста ойын салиқалы түрде, айқын, байыпты жеткізуге барынша мән беріп, сонымен бірге жазба тіл мәдениетін де сауатты меңгергені жөн. Топта жарып шығып сөз сөйлеу жүйелі ой желісін, пікірдің құндылығы мен дәлелді негізі болуын қажет етеді.

Көпшілік алдында жүрген шешендердің үніне, сөйлеу мәнеріне назар аударып, көпшілікке әсерлі дағды-машықтарына ден қойып, жағымды әдеттерінен үлгі алған жөн.

Жалпы адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынасты екіге бөліп қарауға болады:

1. Әлеуметтік-тұрмыстық қарым-қатынас (дос-жарандар, отбасындағы, туыстар арасындағы);
2. Искерлік қарым-қатынас (қызмет орындарындағы, мәдени-көпшілік мекемелеріндегі);

Күнделікті тұрмыстағы әлеуметтік қарым-қатынас түрлерін былайша жіктеуге болады:

- отбасындағы қарым-қатынас;
- туыстық қарым-қатынас;
- ұжымдық қарым-қатынас;
- көпшілік ортадағы қарым-қатынас;
- медициналық-психологиялық қарым-қатынас;
- аумақтық қарым-қатынас т.б.

* * *

Тыныс белгілері

Мәтіннің тыныс белгілерін қою үшін үш белгіге сүйену керек. Олар: сөйлемнің құрылысына негізделген – грамматикалық принцип; сөйлем және сөйлем құрамындағы сөздердің мағынасын айқындаушы – мағыналық принцип және дауыс ырғағы – сөйлем интонациясы.

Сөйлем соңына қойылатындары даралаушы қызмет атқарады:

- нүкте (.),
- сұрау белгісі (?),
- леп белгісі (!),
- көп нүкте (...)
- үтір (,),
- қос нүкте (:),
- жақша (),

тырнақша (“),
 сызықша (–)
 Сөйлем ішіне қойылатындар
 ерекшеленуші қызмет атқарады:
 Құрмалас сөйлемнің жігіне қойылатындары
 ойдың аражігін ажырату қызметін атқарады:
 үтір (,),
 қос нүкте (:),
 нүктелі үтір (;),
 үтірлі сызықша (, –)

2-сабақ

ӨНЕР – ӨМІР ӨРНЕГІ

Ой түрткі

- Театр сахнасынан қандай қойылымды көргілерің келеді? Неліктен?
- Қандай театр қайраткерінің өнері сендерге ұнайды? Ойларыңды дәлелдендер.



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Жазушының тілдік оралымдарына талдау жасаңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жанрлық ерекшелігін талдаңдар.

«Қош бол, Қараой!»

Махамбет!.. Өрлік пен ерліктің ғана емес, өкініш пен жалғыздықтың да синониміне айналып кеткен есім. Азуын айға білеген қайран ердің ең соңғы демі үзілетін сәтінде күн тұтылған деседі... Ең әуелі көрермен сахнадан алып қызыл күнді, ақ пен қара алмасқан алмағайып шақтың белгісіндей аспанды көреді. Жарым көңілдің жаршысындай кебеже мен текеметтің қиғаш кесілген үшкір бұрышы қанжардай суық заман келбетін білдірсе, кебеже ішінен көрінген шам жарығы жүрек түкпірінде әлі де болса сақталған жылылықтан хабар беретіндей. Жалпы спектакль абстракцияға құрылған. Махамбеттің көрген түсінің өзі сол бойында сахнада тіріліп, барша жансызға жан бітіріп, алапат бір күйге бөлейді. Сөйлемей тұрған бір деталь жоқ. Ақталмай тұрған артық қимыл жоқ.

«Махамбеттің басын шапқанда, қаны кісі бойынан асқан...» Күйік қысқан кейуана Өуестің замана қылмысы болған жерге иінағашпен шелектеп құм тасыған әрекетіне қарап отырып, ешқашан жазылмайтын, үнемі қанталап тұратын ескі жараң солқылдап қоя береді. Екі

дүниеде кешіруге болмайтын сұмдық опасыздық дәл сол күнгідей, осыдан жүз жетпіс үш жыл бұрынғыдай кеуденді кекке толтырады. Ол – ақынның өлімі. Режиссердің айтқысы келгені де – осы. Қараой дертінің жазылмағаны – ғасыр ауысқан сайын жаңа тұрпатпен қайталанып тұратын құрбандық. Заман өзгерді! Қылмыс біреу!

Ә. Дәулетбаева. «Қош бол, Қараой!» мақаласынан

3-тапсырма. Мәтінді оқып, автор көтерген мәселе жайлы өз пікірлеріңді айтыңдар. Сыныпта талқылаңдар.

Жалпы оқырманды театрмен, әдебиетпен тәрбиелеп отыру керек. Біз соған үлгермей қалдық. Өйткені саяси формация қарқынды түрде өзгеріп жатады да, әр кезеңде алдымызда басқаша мақсат тұрады. Сол үшін де оқырмандарымыздың өзі – әртүрлі санаттағы адамдар. Бүгін айтысқа барған кісі ертең түсініксіз қойылымдарда отырады. Театрға адам не үшін барады? Үш нәрсеге бола барады. Авторға, режиссерге, сосын актерге. Бізде көрермендерді тәрбиелейтін қойылымдар әлі күнге дейін жоқ. Әр кезде әр автордың спектаклін қояды да, жүйе бұзылады. Қазіргі Өуезов театрындағы спектакльдердің көбін, егер Мәмбетов болса, қоймас еді. Міне, кеше ғана «Атилань» көрдім. Біз деректерден оқыған Аттила қайда? Мына спектакльдегі Атилань арасы Жер мен Көктей. Мен де Аттила туралы пьеса жазамын деп ойлағанмын, бірақ кілтін таппадым...

Д. Исабеков. «Қазақ әдебиеті» газетінен



Жазылым

4-тапсырма. Берілген пікірлерді басшылыққа алып, өздерің көрген театр қойылымдары туралы эссе жазыңдар.

Театр – ұлттың көмелетке жетуі.

В. Белинский

Театр тобырды халыққа айналдырады.

Т. Манн

Театр – сымбатты өнер. Сондай өнері бар ел бақытты.

У. Шекспир

Өнер дегеніміз – адамның бойындағы қабілеттің ең биік көрінісі.

Л.Н. Толстой

Театр өнеріне келгенде біз өзгеден алсақ, сыртқы үлгіні ғана аламыз. Өз өнерімізді қалыптауға себеп болатын көпке бірдей заңын,

өлшеуін ғана аламыз. Солардан басқа өнердің жаны мен денесі боларлық бұйымның барлығын өз елімізден, өз етімізден өз пішініміз сияқты қылып шығарамыз.

М. Әуезов

5-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. «Ойлы сөз көпті ұтады, ойсыз сөз басты жұтады» деген сөздің мәнін түсіндіріңдер.

Ауызша шешен сөйлеу табиғаты

Әлеумет алдында ойлы сөз сөйлеу – шешеннің биік дүниетанымынан, қабілеттілігінен, өмірлік және өнерпаздық тәжірибесінен туындайды. Тізелескен дауда, ғылым-білім бәсекесінде самарқанды сапырып, алмас қылыштай жарқылдатып сөз айту – кез келген шешеннің маңдайына жазылған бақыт емес. «Ойлы сөз көпті ұтады, ойсыз сөз басты жұтады» – дейді А. Йүгінеки.

Ұлтымыздың даналығы мен текті тұлғалардың тапқырлығын, көрегендігі мен шешендігін, көсемдігі мен көшелілігін, айбындылығы мен айдындылығын алты алашқа паш еткен, «билердің биі», ғұлама-оқымысты Әнет баба, үйсін Төле би, айыр тілді алшын Әйтеке би, Қаз дауысты Қазыбек би есімдері – қазақ тарихындағы сұңқар үнді текті тұлғалар.

Таратып айтсақ, ауызша сөздің алуан-алуан түрлері бар. Бұларға әзірленудің де сипаты әрқилы. Кейбіреулеріне қажырлы ізденістер ауадай қажет болады. Ал әлеуметтік-тұрмыстық тақырыптарға (дастарқан басында, салтанатты жиында) әзірліксіз-ақ сөйлеу дәстүрі кең өріс алған.

Айтулы, азуы бақандай шешендер суырыпсалмалық дәстүрге сүйенгенімен, шын мәнісінде, олардың ұшан-теңіз білімі мен мол жинақталған тәжірибесі, бұрынғы етене таныс дүниелерге ой жарығын түсіре білу қабілеті, оған қоса орындау, айта білу шеберлігі тосыннан болса да жүйріктік таныттары хақ.

С. Негимов. «Шешендік өнер» оқу құралынан

3-сабақ

ОПЕРА ӨНЕРІ

Ойтүрткі

- Қазақстандық опера жұлдыздарының өнері туралы не айтуға болады?
- Өнер саңлақтарының ерекшеліктерін қандай сөзбен сипаттауға болады?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, жанрын, тақырыбы мен идеясын табыңдар.

**Айтылым**

2-тапсырма. Мәтін мазмұнымен танысыңдар. Шетелдік қонақтарға арнап «Астана Опера» жайлы таныстырылым мәтінін дайындаңдар.

«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 2013 жылы ашылды.

Әлемдік сәулет өнерінің ең үздік классикалық дәстүрлері ескеріле салынған театр архитектурасында ұлттық нақыш айқын байқалады, оның техникалық жабдықталуы әлемдік стандарттарға сай келеді.

2013 жылдың 21 маусымында театр өзінің алғашқы шымылдығын түріп, қазақ музыкасының жауһары М. Төлебаевтың «**Біржан – Сара**» операсымен көрерменге жол тартты. Сол жылдың күзінде театр әлемдік тұсаукесерін жасап, халықаралық қауымдастыққа Дж. Вердидің «**Аттила**» операсын ұсынды.

Бүгінгі таңда «Астана Опера» репертуарында А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «**Абай**», Е. Брусиловскийдің «**Қыз Жібек**» опералары, Ф. Жұбанованың музыкасына қойылған «**Қарагөз**» балеті сынды ұлтымыздың атақты композиторларының шығармаларымен қатар, әлемдік опера және балет классикасы: Дж. Вердидің «**Аида**», «**Травиата**», Дж. Пуччинидің «**Богема**», «**Тоска**», «**Мадам Баттерфляй**», Ж. Бизенің «**Кармен**»; П. Чайковскийдің «**Ұйқыдағы ару**», «**Аққу көлі**», «**Щелкунчик**», С. Прокофьевтің «**Ромео мен Джульетта**», А. Хачатурянның «**Спартак**», Б. Астафьевтің «**Бақшасарай бұрқағы**», Л. Минкустың «**Баядерка**» және «**Дон Кихот**», Б. Эйфманның «**Роден**» балеті, Р. Петидің «**Париж Құдай анасының соборы**» балеті, К.Макмилланның «**Манон**» және тағы басқа өнер туындылары бар. Спектакльдер көрнекті сценограф Эцио Фриджеро және костюмдер бойынша суретші – «Оскар» сыйлығының иегері Франка Скуарчапино, Софья Тасмағамбетова және Павел Драгуновтың қатысуымен Франко Дзеффирелли, Юрий Григорович, Борис Эйфман, Алтынай Асылмұратова, Михаил Панджavidзе сынды атақты тұлғалардың қойылымында көрерменге ұсынылуда.

«Астана Опера» сахнасында Бибігүл Төлегенова, Айман Мұсақожаева, Жания Әубөкірова, Нұржамал Үсенбаева, Алан Бөрібаев, Майра Мұхаммедқызы және тағы басқа әйгілі қазақстандық әртістермен бірге әлемдік музыка өнерінің жұлдыздары: Пласидо Доминго, Зубин Мета, Елена Образцова, Валерий Гергиев, Хосе Каррерас, Анна Нетребко, Марсело Альварес, Светлана Захарова, Вадим Репин, Денис Мацуев, Владимир Спиваков, Ильдар Абдразаков өнер көрсетті.

«Abai.kz» сайтынан

 **Оқылым**

3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Туындының жанры мен құрылымдық ерекшелігін түсіндіріңдер.

«Абылай хан» операсы

«Махамбет» операсынан кейін тың шығарма көрмеген опера сахнасы егемен еліміздің ең бірінші туындысы – мемлекеттігіміздің ұйытқысына айналған «Абылай хан» операсымен ашылып, ұлттық операның алғашқы қадамының құтты болғанына бізді сендіргендей.

Опера желісі халқымыздың жоңғарлармен болған шешуші шайқасынан басталатын, бір тудың астына бірігіп, біртұтас мемлекет болуының тарихи қалыптасу кезеңдері кіретін бірнеше онжылдықтар аралығын қамтиды. Дәл сондай оқиғалар легі араға бірнеше ғасырлар салып 1991 жылы Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін жариялаған тарихи даму кезеңінде қайталанып келді. Жас мемлекетті құрудың қиындықтары, ішкі-сыртқы кедергілерді жөнге келтіру, тәуелсіз еліміздің шекарасын бекіту, алыс-жақында орналасқан алпауыт мемлекеттермен халықаралық саяси аренада көп векторлы қарым-қатынастар орнату – өзіміз кәу болған бүгінгі тарихтың жарқын беттері. Қауырт оқиғалар легі, қоғамдық-саяси аренадағы жеңістер мен жетістіктеріміз Абылай ханның заманында ұстанған көреген саясатының ізіне жақын болуы, тәуелсіздік алғаннан кейінгі жас мемлекетіміздің бағытының бабалардың дана жолымен жүрген дәстүрінің жалғастығын айқындап берген секілді.

*«XXI ғасырдағы қазақ театры: дәстүр және инновация»
кітабынан*

 **Жазылым**

4-тапсырма. Театр өнері жайлы берілген пікірлерді басшылыққа алып, сыни пікір дайындаңдар.

Ұғымдылық, шынайылық және табиғилық – күллі өнер шығармаларына тән тамаша қасиеттің ғажайып үш белгісі, міне, осы.

К. Глюк

Театр – біздің ішкі дүниемізге, жан жүйемізге әсер етіп, адамдық қалпымызды тәрбиелейді.

М. Әуезов

Театр өнері – қыздың көз жасындай мөлдір, нағыз хас сұлу өнер.

Ғ. Мүсірепов


Ұлы Мұхтар Әуезов драматургиясы інжу-маржанды тани білуді, өзгеше эстетиканы, нәзік талғамды талап етеді. Мұны мен оның «Қарагөз» трагедиясын қою үстінде бұрынғыдан да гөрі терең түсіндім.

Ә. Мәмбетов

Тіл жеткізбесті ән жеткізері де бар.

Ғ. Мүсірепов

5-тапсырма. Суреттер бойынша шағын мақала жазыңдар.



6-тапсырма. Даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын тыныс белгілерді жіктеп, олардың сөз және сөйлем мағынасына қандай әсері бар екенін түсіндіріңдер.

Әр бұлаққа жол барады

...Алатаудан құм іргесіндегі ауылына оралған жігіт көрген-білгенін дұрыстап айту орнына, «бір шатқалдың бойында қырық бұлақ бар екен» дей беріпті.

- Қырық жол да бар емес пе еді? – депті сонда Бөлтірік.
- Оны қайдан білесіз?
- Әр бұлаққа жол барады. Бұл хақ!

«Шешендік шиырлары» кітабынан

4-сабақ

ЖАУЖҮРЕК ӨРЕНДЕР

Ойтүрткі

- «Жаужүрек мың бала» фильмі сендерге несімен ұнады?
- Қандай тарихи тұлға жөніндегі фильм көруді армандайсыңдар? Неліктен?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Фильм туралы пікірлеріңді айтыңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Автор көтерген мәселені талдап, ортақ тұжырым дайындаңдар.

«Жаужүрек мың бала» – азаттықтың айнасы

Жоңғар шапқыншылығы – азаттық үшін жан берісіп, жан алысқан әрбір қазақ баласының қанымен жазылған тарих. Есімі кейінгі ұрпаққа тарихи жырлар мен аңыздар арқылы жеткен ержүрек сарбаздың бірі – Сартай. Әкесі мен анасын жоңғар әскері көз алдында аяусыз өлтіріп, бауырларымен жетім қалған Сартай кек алсам деген мақсатпен ержетеді. «Жаужүрек мың бала» фильмі Сартай сынды жүздеген боздақтың тағдырынан сыр шертіп, бүгінгі ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеп, намысын шыңдай түсуге түрткі боларлықтай.

Картинада XVIII ғасырда қазақ даласында билік құрған хандық, атақты билер, Әбілқайыр, Бөгенбай сынды хандар мен батырлардың бейнесі де тыс қалмаған. Алайда режиссердің көркемдік шешімі, идеясы бойынша өрімдей жас батыр Сартай мен оның жасағына баса назар аударылып, осы жасақтың атақты «Аңырақай» шайқасында жоңғардың туын жыққаны фильмнің негізгі жүгін көтереді.

Abai.kz ақпараттық порталы

3-тапсырма. Төмендегі кесте бойынша сыныптастарыңнан сауалнама алып, өзіндік тұжырым ұсыныңдар.

Қазақ киносы жаңа кезеңде

Пікірлер	Келісемін	Келіспеймін	Жауап беруге қиналамын	Толықтай келіспеймін
<p>Екі ғасыр тоғысында кинокөрермен мәселесі тығырыққа тірелгені рас. Ұлттық кино өндірісіміз заманауи көрермен талғамын болжай алмай, жеке киностудиялар болса қаржылық жағынан қолдау таппай, үлкен экран кинотеатрлары бос қалған еді. Баржоғы он-он бес жылда жағдай мүлдем өзгерді.</p>				
<p>Телеарналармен бірлестікте жүзеге асырылып жатқан «Өн-аға» сияқты сериалдардың уақыты келген сияқты. Өскелең ұрпаққа үлгі болатын асқақ тұлғалардың өмірбаяндары көркем туындыларға сұранып тұр. Соңғы жылдарда экранға көптеп келіп жатқан заманауи қазақ фильмдерінде биографиялық тақырып жоқ емес, дегенмен қазақ өнеріне ерен еңбегі сіңген елеулі тұлғалар жайлы көркем жанрдағы фильмдер өлі де аз.</p>				

<p>Өлемдік кино легіне аяқ басқан қазақ киносының бүгінгі таңдағы ізденіс бағыттары да жан-жақты. Қазақ кино өнері қазіргі таңда өндірістік қарқынымен де, кинорежиссура саласындағы жаңа есімдермен де ерекшеленуде. Экран өнерінің көркемдік деңгейін бағалайтын Халықаралық кино байқауларында жеңіске жетіп жүрген отандық туындылар да баршылық.</p>				
<p>Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» акционерлік қоғамының құрамындағы «Дебют» студиясы жас кинематографистердің шығармашылық қадамдарына қолдау көрсету бағытында біршама жақсы талпыныстар жасап отыр.</p>				

Г. Құрманғалиқызы. «Қазақ әдебиеті» газетінен



Айтылым

4-тапсырма. Фильмнің тақырыбы мен идеясы жөнінде жұптық таныстырылым дайындаңдар.



Жазылым

5-тапсырма. «Қазақтың батыр ұлдары» тақырыбында фильм желісіне сүйеніп, сыни пікір жазыңдар.

6-тапсырма. Суреттер бойынша мақала дайындаңдар.



6.1-тапсырма. Даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын тыныс белгілерді жіктеп, олардың сөз және сөйлем мағынасына қандай әсері бар екенін түсіндіріңдер.

Адал болсаң – судай бол

Жанқұтты он жеті жасында әкесінің айтуымен Сарым елінің беделді биі Шабанбайға бата алуға келеді.

– Шырағым, дүниеде не адал, әлемде не мықты? – деп сұрайды. Сонда Жанқұтты:

Адал болсаң – судай бол,
Су арамды кетіреді.
Мықты болсаң, жердей бол,
Жер жаһанды көтереді, –

деген екен. Жауабына риза болған Шабанбай бала Жанқұттыны бірнеше күн қонақ етіп, кетерінде:

Аллаңа жағам десең – азанды бол,
 Ағайынға жағам десең – қазанды бол,
 Халқыңа жағам десең – әділ бол,
 Судай таза бол,
 Жердей берік бол,
 Өмірің ұзақ болсын,
 Аймағың суат болсын,
 Сөзің халқыңа қуат болсын, –

деп батасын беріп аттандырған екен.

Шешендік шиырлары

5-сабақ

АҒА СҰЛТАН БЕЙНЕСІ

Ойтүрткі

- «Құнанбай» фильмі сендерге несімен ұнады?
- «Абай жолы» романынан оқыған Құнанбай бейнесі мен аталған фильмдегі образдың айырмашылығы қандай деп ойлайсыңдар?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Автордың сөз қолданысы мен сөз әдебін зерделеңдер.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Автор көзқарасын өз пікірлеріңмен толықтырыңдар.

Аңызға айналған аға сұлтан

Тарихтан белгілі Құнанбай бейнесі қалың бұқара алдындағы қарызы мен парызын терең түсінген тұлға ретінде көпшіліктің жүрегінде сақталған. Фильмде Құнанбайдың көрегендігі, данышпандығы, әділдігі, дәстүрді құрметтейтіндігі анық көрсетіледі. Режиссер кинокартинада Құнанбайдың жеке өзімен шектелмей, сонымен қатар ХІХ ғасырдағы қазақ қоғамының шынайы келбетін көрсетуге тырысқан. «Бұл тың шешімдерге толы туындыда қазақтың өткен өмірін де көруге болады. Фильмде Құнанбайдың өзге де қырларын ашқымыз келді. Құнанбай – аса күрделі тұлға. Билік тізгінін ұстаған кезіндегі қайраткерлігі қарама-қайшылықтарға толы. Ол – би, болыс, аға сұлтан болып биліктің үш тұтқасын қатар ұстап, шарифат жолына тура көзқараспен қараған ұлы

адам. Қүнекеңнің осындай ерекше қырларын барынша ашуға тырыстық... Көрермен қауымның қазақтың өткен өміріне саяхаттап қайтқандай әсер алатынына сенімім мол», – деді Досхан Жолжақсынов.

«...Жалпы Құнанбай образы – өте күрделі образ. Тіпті Құнанбайдың образы қандай екенін оның Абайдың әкесі болғанынан да аңғаруға болады. Бір Абайдың өзі Құнанбайдың басына жетеді. Бірақ Құнанбай өз алдына қайраткер, тұлға болған. Ол – орыстың низамын, дала тәртібін және шарифат жолын қатар ұстанған, ел басқарған, қазақты ілгері оздырамын, ел қыламын деп еңбек еткен ұлы тұлға. Құнанбай образы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романынан көрінеді. Бірақ Досхан ағамыздың фильмі – «Абай жолының» желісі бойынша емес, Құнанбай туралы деректерден құралған сценарий. Тіпті романтикалық сарындағы сағынышқа толы фильм деп баға беруге де болады. Бұл – даланың сол кездегі алмағайып заманда, жаугершілік дәуірі аяқталып, қазақтың жаңа заманға аяқ басқан кезіндегі Абайдың дәуірін анықтайтын фильм», – дейді Дидар Амантай.

turkystan.kz

• El.kz сайтынан «Құнанбай» фильмі жайындағы мәліметтерді алып, өз пікірлеріңмен толықтырыңдар.



Айтылым

3-тапсырма. Мәтінге логикалық және стильдік түзетулер енгізіңдер.

Режиссер пьесадан форма таба алуы керек

Қазір кино да қалып барады. Интернет бәрінен озып тұр. Кейде адамды еркінен тыс немесе саналы түрде болсын, тұрмыс билеп кетеді. Тұрмыстық уайым-қайғы басқан кейбір адамдар үшін комедиялық бағыттағы фильмдерді көріп, бір сәтке болса да, сергіп қайту тиімді шығар, бәлкім. Театрдың қалыптасқан көрермені болмаса, көпшілік қауымның киноға жиі баратыны жасырын емес. Бірақ, түбінде барлығы театрға келетін болады. Себебі, театрдан адам катарсис алады. Ол міндетті түрде. Өзім режиссура саласының маманы болғандықтан, көрерменге де, өнертанушы мамандарға да түсінікті, сапалы қойылымым арқылы көрерменді тарта аламын деп ойлаймын. Режиссер пьесаны формаға салмау керек, пьесадан форма таба алуы тиіс.

Ә. Ақанов. «Қазақ әдебиеті» газетінен

 **Оқылым**

4-тапсырма. Мәтін мазмұнымен танысыңдар. Тыныс белгілерінің қойылуына назар аударып, түсіндіріңдер.

Құнанбай – өз басы бір шешеден жалғыз, бөйбішенің жалғызы. Қара шаңырақ иесі. Қалың дәулет пен өмір, билік иесі. Жасқа да көп туысынан өзі үлкен. Сол себепті, үлкен әкесі Ырғызбайдан тараған осы мына жиырма ауылдың мынандай топтарының ішінен бірде-бір жан әлі күнге Құнанбайдың алдынан көлденең шығып көрген емес. Тіпті өкпе-назы болса да, ашып-жарып айта алмайтын. Ал бірақ Құнанбай сойыл соғарды, қол қимылды, тізе мен ызғарды керек қылған жер болса, бұл қауымның іркілетін бірі жоқ. Шоқтай жиын – мықты топ. Жер алуда, ел алуда, оңайдан мал табуда бұлар Құнанбайдың қабағын қалт еткізбей түсінеді. Неше қабат бөйбіше-тоқал боп жатқанмен, Құнанбай бұлардың араларындағы араздық болса, лезде жойып отырады. Араздық ұстағанын әлденеше рет пайдадан, олжадан қалдырып, жазалап отырып, өз ырқына көндіреді.

Өзара бірлігі – табыс екенін жете танытқан. Соны ұққалы осы Ырғызбай шетінен бай болып алды.

М. Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясынан

5-тапсырма. «Талдап оқу» стратегиясын қолдана отырып, мәтіннің стилі мен жанрын анықтаңдар. Мақаланың кімдерге арнап жазылғанын болжаңдар. Өздеріңнің сүйікті кейіпкерлерің туралы мақала дайындаңдар.

Ыдырыс Ноғайбаев

Соғыс кезінде Алматыға шоғырланған киностудиялардың бірлескен орталығы жаудың беті кері қайтқаннан кейін өздерінің негізгі тұрағы Мәскеу мен Ленинград қалаларына қайта оралды. Алматыға келген кино мамандары мен техникалық жабдықтардың бір бөлігі негізінде пайда болған «Қазақфильм» киностудиясы өз бетінше қазақ киносын түсіру ісін қолға ала бастады. Ы. Ноғайбаевтай келбетті актердің кино мамандарының көзіне бірден ілінуі заңдылық болатын. Жазушы Сәбит Мұқановтың «Ботагөз» романының желісі бойынша түсірілген картинаның бас кейіпкері Амантай рөлі жас актер Ыдырысқа бұйырды. Жас та болса елінің қамқор ағасы боларлық толымды бейне сомдаған Ы. Ноғайбаевтың Амантайы қазақ көрермендерінің есінде жатталып қалды. Шығарманың негізгі кейіпкерлері Ботагөз бен Асқарға, олардың жанындағы қарапайым халыққа қорған болған нар тұлғалы басшы,

ақылшы, дос ретінде танылған кейіпкер халықтың жүрегінен орын тапты. Актер 1955 жылы колхоз бастығы Темірбековтен («Бұл шұғылада болған еді», 1955) бастап, колхоз бастығы («Біз осында тұрамыз», 1956), тракторшы («Мазасыз көктем», 1956), Амантай («Ботагөз», 1957), машинист Оспан («Өмір соқпақтары», 1965), («Шыңдағы шынар», 1965), Данияр (Қырғызфильм туындысы «Асу», 1965), Тоқтар («Қилы кезең», 1966), Бейімбет («Менің арманым», 1966), Қален («Қан мен тер», 1976), Қаршыға («Қыз Жібек», 1970), Кемелов («Нанның дәмі», 1979), Бөгенбай батыр («Жаушы», 1980), Мұрат Бей (Қырғызфильм туындысы «Толқын жағада өледі», 1986), «Қала қалқаны», «Теңізде жүргендер үшін» т.б. Ол әр алуан мінездер жиынтығынан тұратын жиырмадан астам образдарды сомдады. Оның кейіпкерлері қарапайым шаруа, жұмысшы, колхоз басшысы, қоғамдық қайраткер, тарихи батыр тұлға т.б. болып келгенімен, бастысы өзіндік адами келбеті, қайталанбас мінез-құлқымен ерекшеленетін өмірдің өзінен ойып алынған бейнелер болып шыққанын баса айту керек. Әр кейіпкердің сол тарихи-қоғамдық ортасы ұсынған шеңберінен шықпай психологиялық дәлдік пен эпикалық кеңдік, романтикалық жалын мен тұрмыстық дәлдікті көркемдік биік үлгіде бере білген актер Ыдырыс Ноғайбаевтың кинодағы жасаған бейнелері – қазақ-қырғыз киносының алтын қорына енген қымбат мұралар.

А. Мұқан. «Oner.kz» сайтынан

6-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Шешен сынаған белгілерді дәптерге жазып алыңдар. Мәтіндегі тыныс белгілерінің қызметін түсіндіріңдер.

Бөлтірік пен Тезек төре

Бірде Бөлтірік Тезек төремен сөз жарыстырады. Ол былай өрбіген екен:

- Бөлтірік, ысты қанша ел болады? – депті Тезек төре.
- Ысты аз болса, дулаттан ғана аз болар. Алайда алпыс үйлі төреден аз емес қой, – депті суырылған Бөлтірік.
- Бөлтірік, менің шаңырағымның дәмі қандай екен? – деп сұрапты төре. Шынында да, сары алтындай балқыған қазы-қарта, жал-жая көзді де, көңілді де сүйсіндіреді екен. Солай болса да, «ақылы бай, нақылы сай», «құланның ұшқыр, қудан жүйрік» Бөлтірік шешен:
- Төрем, сіздің үйдің дәмінен елдің көз жасының соры татып тұр ғой! – деп, тілімен түйрепті. Бөлтіріктің біздей, удай тілінен біраз дағдарып қалған Тезек төре:
- Атымды сынап көріңізші, – дейді.

– Бұл сенің ұстаған жылқыларыңның тұқымынан емес. Құлан мойын, күлте құйрық қара көк осындай жылқылар Ыстыдағы Таздар елінікі, – деп, төбеден жай түсіргендей айтып салады Бөлтірік шешен. Ондағысы төренің сонау бір жылдарда сол елден бір үйір жылқы қосып алғанын кінәлау, яки мойындату еді.

– Босағада жатқан тазымды сипатташы! – дейді әлгіні мойнына алмаған, төзімі бордай тозған Тезек төре.

– Тазың құмайға ұқсас жүйрік екен. Тал бойында тарыдай бір мін жоқ. Ит иесіне тартады ғой. Бірақ та көзі бір орнында тұрмайды екен. Ойнақтап, жүйткіп тұр. Әр үйден ет ұрлап жеуді дағды қылған ба деймін, – депті шыншыл шешен.

Сөзбен шарпысудан шаршаған Тезек төре:

– Япырым-ай, басымның мәңгіріп тұрғаны- ай! – дегенде, Бөлтірік:

– Құдай-ай, сақтай гөр, төре баласы мен түйе ботасының басы қисайса, мал болмаушы еді, – деп түйіндепті.

Сонда сөзге де, ойға да ұста қас жүйрікке таңданған Тезек төре:

– Қазақтан сендей ғажайып семсер тілді дүлдүл туа берер ме екен! – деп шешеннің қанды қақпандай сарт етіп қауып түсетін алғырлығына разы болыпты.

«Шешендік сөздер» кітабынан

6-сабақ

ӘН ПАТШАСЫ – ӘМІРЕ

Ой түрткі

- Әлемдік деңгейде танымал қандай қазақ өнерпаздарының шығармашылығы сендерге ұнайды?
- Д. Құдайбергеннің әлем сахналарына домбырамен шығуы қаншалықты маңызды деп ойлайсыңдар?



Тыңдалым

1-тапсырма. Ақан Серінің «Балқадіша» әнін тыңдап, тақырыбы мен идеясын түсіндіріңдер.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтінге сүйеніп, фильм жөніндегі пікірлеріңді ортаға салыңдар.

Әлемге танылған Әміре

Фильм Еуропа жұртшылығына қазақтың қара домбырасы мен дәстүрлі ән орындау өнерін таныстырған біртуар әншінің қысқа да жар-

қын ғұмырын баяндайды. Кинотуындыда Өміренің 1925 жылы Парижде өткен «ЭКСПО» көрмесіндегі қайталанбас өнері, Мұстафа Шоқаймен кездесуі және танымал америкалық композитор Жорж Гершвинмен достығы көрініс тапқан.

Фильмнің қоюшы режиссері Джеффри Веспаның айтуынша, Қазақстанда фильм түсіру туралы ой үш ұйықтаса түсіне кірмеген. «Ең алғаш осы картинаны түсіру туралы ұсыныс түскенде жауапкершілігінің өте зор екенін түсіндім. Түсірілімге кіріспей тұрып, Қазақстанға ұшып келдім. Жұмыс тобымен танысып, Өміренің бейітіне барып Құран оқыттық. Өнші туралы бірнеше кітап жазған Жарқын Шөкәрімнің еңбектерінің арқасында Өміренің өмір тарихымен таныстық», – деді режиссер. Фильмді тамашалау барысында шетелдік режиссердің қиын міндет үдесінен шыққанына куә болдық.

Фильмді түсіру барысында белгілі өнертанушы, күйші, руханиятымыздың жоқшысы Жарқын Шөкәрімнің еңбегі зор. 40 жылдан бері Өміренің өмірі мен шығармашылығын зерттеп, алты кітап жазған, Өміренің ұнтаспаға жазылған дауысын тапқан ол өнші туралы фильмге бас кеңесші ретінде қатысты. «Ел болса ер туғызбай тұра алмайды» деген, Өміренің бір өзі бүкіл елді әлемге танытты. ЭКСПО-ға дүниенің әр түкпірінен келген әлем халықтарының өкілдері қазақ өншісінің дауысына таңғалды. Сондықтан Өміре туралы айту, бүгінгі ұрпаққа жеткізу – біздің парызымыз», – деді Ж. Шөкәрім фильмнің тұсаукесерінде.

«Ана тілі» газетінен

• El.kz сайтынан «Өміре» фильмі жайындағы мәліметтерді оқып, өз көзқарастарыңмен салыстырыңдар.



Айтылым

3-тапсырма. Шетелдік қонақтарға өнші Өміре жайында таныстырылым мәтінін дайындаңдар.



Жазылым

4-тапсырма. «Еуропа жұртын таңғалдырған тұлға» тақырыбында сыни пікір жазыңдар.

5-тапсырма. Мәтінді оқып, тыныс белгілерінің қызметіне назар аударыңдар.

Өмірқан тымағын қыңырайта киіп тағы барды. Тағы соқты. Тағы да ескектете, желпіндіре, желіктіре, ышқындыра, құлшындыра соғып, тыңдаушының айызын әбден қандырды. Өмірқан бөйгеден келді. Зал

сарт-сұрт, айғай-ұйғай, гуілдеп, толқындап барып басылды. Өмірқанды құшақтап алып, арқадан қағып, бетінен сүйіп жатырмыз.

Өмірқандай әнді ешкім сала алмайды. Жай жүргенде Өмірқанды ешкім де елемейді. Өмірқан өн салса, сонда кім екенін білесің. Өн салса, ол өзін-өзі ұмытады, әннің әуеніне төңкеріледі, оның дауысы көмейінен, жүрегінен шығады. Ол әннің әр нақысын ұғады, әнді ғана сүйеді. Ол – төтті үнге, топқа бола жаралған адам. Өн салса рақаттанып, гүл-гүл жайнайды. Көзі де, аузы да, денесі де, қолы да бірге салады. Өмірқан кісі емес, өнге айналады. Оның өн салғандағы түріне қарап отырсаң, тоясың.

Әнін ұғушы, тыңдаушы болса, шабыттанып айтады. Тыңдамай, жыбырлап сөйлесе бастаса, Өмірқан тұрып кетеді, айтпайды.

Ж. Аймауытов. «Әнші» әңгімесінен

6-тапсырма. Мәтіндегі тыныс белгілерінің қызметін түсіндіріңдер. Нақыл сөзді дәптерге жазып алыңдар.

Тұз сөздің де дәмін кіргізеді

Бір күні ауылдың даңғой жігіттерінің бірі тұзды әбден мақтапты.

– Тұз – жеті қазынаның бірі, онсыз еттің де, нанның да дәмі болмайды, – дей беріпті әлгі жігіт.

– Бір нәрсені айтпай кеттің, – дейді сонда шешен, – тұз сөздің де дәмін кіргізеді.

«Шешендік шиырлары» кітабынан

7-сабақ

ӨН САЛСАҢ, ӨЗІМДЕЙ САЛ...

Ой түрткі

- Қазақ киносының қандай туындыларын әлемдік деңгейдегі фильмдермен салыстыруға болады?
- «Біржан сал» фильміне қатысты қандай ой түйдіңдер?



Тыңдалым

1-тапсырма. Ұнтаспадан Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін тыңдап, Біржанның «Ләйлім шырақ» әнімен салыстырыңдар. Әндердің тақырыбы мен көркемдік ерекшелігін талдаңдар.


Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтінде айтылған пікірлеріңді өз көзқарастарыңмен салыстырыңдар.

«Біржан сал» фильмі

«Біржан салдың» теледидар арқылы жалпақ жұртқа жеткені осы мерекенің ең айшықты табысы, ең дұрыс шешімі дер едік. Біржан – Біржан ғой. Хатқа түспеген әндері ауызша-ақ кейінгіге мұра болып келді. Халық жүректен шыққан дүниені жүрекпен қабылдайды...

Ал енді бір фильмге неге соншалықты қызығып отыр дерсіз. Бұл киноның ең алдымен сүйегі мықты. Сүйегі дегеніміз – сценарийі. Кинохикаятты алғаш «Алтын тамыр» журналынан оқып шыққанда-ақ көз алдымнан Біржан өмір сүрген кезеңнің картиналары жөңкіліп жүре берген. Сценарий авторы – белгілі жазушы, күйші Таласбек Әсемқұлов. Тәкең, естуімше, Арқаның қазағы. Оның үстіне өзі күйші, халық мұрасын зерттеуші-жинаушы болса, жұмыр, ширақ, қою тілді шығарманың өрімі түсінікті. Досхан Жолжақсынов болса, аталған фильмнің режиссері ретінде де, бас рөлді ойнаушы ретінде де өзінің кәсіби биігін тағы бір мысқал көтермесе, төмендетпеген. Бұған себеп, оның сал-серінің өміріне, Біржанға деген ынтықтығында, қазақы тылсым жақындығында болса керек деп топшылаймыз. Осы іңкәрлік Алматыдағы «Алатау» кинотеатрында өткен тұсаукесер рәсімінде үш залға сыятын көрерменді екі сағат аяғынан тік тұрғызып, арқансыз тұсаған...

Бұл фильмнің қазіргі можантопай, тілсіз, ділсіз, отарлау құрмалдығының шырмауынан шыға алмай және соны өзінің артықшылығы санайтын бауырларымызға берер рухы бар. Қанындағы ұйып қалған ұлттық танымның түйіршіктерін қозғар қуаты бар. Бар гөп сонда.

Д. Анаш. «Алматы ақшамы» газетінен


Жазылым

3-тапсырма. «Алмас қылыш», «Анаға апарар жол», «Томирис» фильмдерін көріп, өздерің ұнатқан кейіпкер жөнінде сыни пікір жазыңдар.

Сал мен серінің ерекше қасиеттері – әрі ақындығы, әрі өншілігі, әрі күйшілігі, әрі сауыққойлығы, елге қуаныш беретін, олардың жүрегіне жарық сәуле түсіретін зиялылығы.

Ә. Марғұлан. «Күйді ерттеп, әнді мінген кемеңгерлер» мақаласынан

**Айтылым**

4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. «Біржан сал» фильмі жайлы таныстырылым дайындаңдар. Төмендегі кестені толтырыңдар.

Қазақты өзіне таныту миссиясы

«Біржан салды» тамашалап отырып, бұл туынды соңғы жылдардың кино ауылындағы тәуір төлі екенін түйсінесің. Оның «ең бірінші бақыты» – сценарийі. Біржан әндерінің мәні жақсы ашылады. Сосын Мүсірепов пен Өуезов дәуірінен кейін дәл осылай, көркем тілдесетін кейіпкерлерді көрген емеспіз...

Мына детальға қараңыз: фильм соңында Біржанға аруақ-ана елестейді. Оның ақ киінген ақсақал немесе батыс танымындағы қанат байлаған періште емес, қошқармүйізді бейнесі тапқырлығымен тәтті қылады. Кейінгі кезде киноның өнер екені ұмытылып бара жатқаны жасырын емес. Д. Жолжақсынов пен Р. Өлпиевтің «Біржан салы» осы қағиданы қайтадан есімізге салғандай. Бұл фильмде астарлап жеткізу шеберлігі сөзге ғана емес, көрініске де тән: жалп етіп сөнетін шам, айырбасталған белдік, су түбіне құлайтын әшекейлер, қораға сыймай, азаттық тілейтін Біржанмен рухтас қара жорға... Яғни мазмұн мен пішін бір-біріне сақадай сай. Салдың сандырақтайтын сәттері батыстың үрейлі фильмдерін еске түсіреді. Камера әр көріністен ең сұлу, таптаурын болмаған ракурстарды іздейді. «Арқаның кербез сұлу Көкшетауында» түсірілген картинадағы табиғат көріністері тамсандырады.

Ә. Бағдәулетқызы. «Дала мен қала» газетінен

№	Фильм мазмұны	Актерлер мақсаты	Тұжырым
1.			
2.			
3.			

5-тапсырма. Даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын тыныс белгілерін жіктеңдер.

Жаратылыс Біржан салға жоғары дәрежелі рухани қабілет, парасат-білік, суреткерлік қасиет, ұшқыр қиял, телегей шабыт сыйлаған. Тектілігі тағы бар. Ол орыс, қырғыз, башқұрт, ноғай, шүршіт тілдерінде шырқата өн айтқан. Егер де бір апта бойы жыр толғап, өн шырқаса бірде-

бір қайталау болмайды екен. Тайбурылдың шабысындай дауылша үдеп кетеді екен. Тұран баласы Ысмайыл қария: «Біржанның дауысы он-он бес шақырым отырған ауылға жетіп, даланы жаңғырықтырып жіберуші еді», – деп еске түсіреді.

«Дауысының күштілігі сонша – терезе әйнегі зіркілдеп, ілулі тұрған поднос, от басындағы құман-легендер бірге күңіреніп тұрушы еді» дегенді айтушылар: «Біржанның шырқаған дауысы естілгенде, мал сауып отырғандар дереу сауынын қоя қойып, сазды сарынға, күйге елтіп, сөйтіп, сауын малдарын исіндіріп алушы еді» дейді. Өсіресе керемет өншінің «Ләйлім шырақ», «Көлбай-Жанбай», «Айтпай», «Адасқақ», «Жонып алды», «Көкек», «Ал қара көк», «Жамбас сипар», «Он саусақ», «Он екі взвод», «Телқоңыр», «Жалғыз арша», «Бурылтай» секілді өндері замандастарының аузында аңыздай айтылатын-ды.

С. Негимов. «Қазақтың сал-серілері» кітабынан

6-тапсырма. Көркемдегіш құралдарды пайдаланып, өлең, өңгіме, естелік, шығарма ұсыныңдар.

8-сабақ

БАЛУАН ШОЛАҚ

Ойтүрткі:

- Қазақ киносын әлемдік деңгейге қалай жеткізуге болады?
- Бүгінгі экраннан беріліп жатқан фильмдердің артықшылығы неде?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Өз сөздеріңмен балуанның портретін жасаңдар.



Айтылым

2-тапсырма. Мәтінде берілген ақпаратты өздерің білетін қазақ балуандарының ерекшеліктерімен байланыстырып айтыңдар.



Оқылым

3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. «PEST» талдау стратегиясын қолданып, мәтінде айтылған ойларға қатысты өз пікірлеріңді дәлелдендер.

Балуан Шолақ экранға шықты

Балуан Шолаққа қатысты бірде-бір фотоқұжат сақталмаған. Фильмнің өзірлік жұмыстары кезінде Алматы, Павлодар қалаларындағы му-

зейлер мен архивтерді қарастырдық. Туыстары Қайролла, Шайдолла Шолақовтармен кезігіп, кейбір тың деректерді жазып алдық. Одан соң балуанның авторлық өндеріне көбірек мән бердік. Қазір бізде бары – Өбілхан Қастеевтің «Балуан Шолақ» портреті. Балуанның немересі «міне, мынау атама ұқсайды» дегенше суретші 500-ден астам эскиз салып шықты», – деп режиссер тұлғаның экрандық бейнесін жасауда қолда бар тарихи деректерге жүгінгенін айтады.

Бас кейіпкерді классика мен заманауи драматургияда негізгі сахналық рөлдерді сомдап жүрген, көпке танымал талантты актер Еркебұлан Дайыров сомдаған. Оның айтуынша, фильмде Балуан Шолақтың өнші-композиторлығынан бөлек күрескерлігін, әділетке адалдығын көрсетуге ден қойылған.

«Бұл шығармамен 2010 жылдан бері таныспын. Дулат Исабековтің «Жаужүрек» қойылымы М. Өуезов атындағы академиялық драма театрында сахналанып келеді. Пьесаны алғаш қолыма алған кезде осы туындыға кино түсірілсе екен деген ой болды. Араға жеті жыл салып, фильмде басты рөлді ойнап шықтым. Кейіпкер маған өте таныс, жатық образ», – дейді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, актер Еркебұлан Дайыров.

«Балуан Шолақтың өндері осы кезде радиодан, концерт сахналарынан, кеңес композиторлары туындылары ішінен үнемі естіліп отырады. Өнші, балуан жайлы белгілі жазушымыз Сәбит Мұқанов повесть жазды. Өлі де Балуан Шолақ туралы көркем туындылар жарыққа шығады. Өйткені оның өмірі мен шығармашылық істері өнегелі», – деп Ахмет Жұбанов жазғандай, тарихи тұлғалардың тағдыры мен олар өмір сүрген дәуірдің көркемдік бейнесін ұсынар тарихи-биографиялық фильмдер қатары жаңа бір картинамен толығып отыр.

«Егемен Қазақстан» газетінен



Жазылым

4-тапсырма. БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерге сүйене отырып, «Балуан Шолақ бейнесі» атты әдеби эссе жазыңдар.

Көркем шығармалардан дәйексөз алып, сілтеме жасау үлгісі:

Арыстан мен Кенесары арасындағы қарым-қатынасты әйгілі жазушы І. Есенберлин «Қаһар» романында әсерлі баяндайды. Ақынға мынадай мінездеме береді: «Арыстан деген – атығай руынан шыққан кедей ақын.

Бір кезде Саржанның да жасағына ерген. Тілге шешен, сөзге бай өсіресе қазақтың қисса-дастандарын жақсы білетін, түні бойы жыр айтуға болдырмайтын, қарадан шыққан дарын» (Есенберлин Ілияс. Он томдық шығармалар жинағы, 7-том, Алматы, 1986, 138-бет).

С. Негимов. «Қазақтың сал-серілері»

Ғылыми еңбектерден, сөздіктен дәйексөз алып, сілтеме жасау үлгісі:

Кескек, кескекті сөзінің Махамбет контексіне тән мағынаға жуық қолданысы Ө. Жақыповтың «Түйе өсірушінің түсіндірме сөздігінде» қамтылған: «Кескек – жас түйелерді, көбіне тайлақ кезінде бас білдіру үшін қолданылатын жұмыр таяқша. Бас білдіру үшін мұрындықталған түйе өрісі екі жетіден соң қайта ұсталып, мұрындық бүлдіргісіне екі құлаштай мықты таяқша байлап, оны түйе үстіндегі бас білдіруші кісіге ұстатып шөгеріп, тіздеген орнынан барлық жіптен босатады да, түйені тұрғызып жібереді. Үстіндегі адам түйені сол кескек арқылы басқарып, бағыттап отырады. Сөйтіп, ақыры бас білдіреді». (Жақыпов М. Түйе өсірушінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Қайнар, 1989. 192-бет.)

Б. Момынова. «Шәкәрім поэзиясының тілі»

5-тапсырма. Берілген мәтінді оқып, үзінді бойынша оқиғаның қалай аяқталатынын болжаңдар.

Ағараңдап тыпырлағанға ол жетіп келсе – аты!.. Оның үстінде қимылдай қараңдаған бірдеңеге үңілсе – ұзын құйрық бір аңның бөксесі!.. Бас жағы аттың кеудесіне кіріп кеткен. Бұл мақұлықты жолбарыс деп жобалаған Балуан Шолақ, ұзын құйрықтың түбінен шап беріп ұстай алды да, мықшия тартып, зорға дегенде аттың кеудесінен суырып алды... Жолбарыс!.. Ол қайырылып тап беруге ыңғайланғанда, Балуан сілтей лақтырып жіберді... Ұшып барып құлаған тайыншадай жолбарыс тұра сала Балуанға тап бере ұмтылды. Екеуі айқаса кеткенде, Балуанның қолы аңның жұтқыншағына ілікті. Қылғынған аң мұрны бырылдап, тілін сала құлаш шығарып, аузын аңырайта ашып бұлқынып еді, Балуанның қатып қалған уысы жазылмады. Жанталасқан аң Балуанның денесін тырнақтарымен бүрді. Дес бергенде, киімі қалыңдау еді оның, бүрген тырнақтардың шеңгеліне киім жентектеліп,

етіне кейбір тырнақтардың істік ұшы ғана тиді... Тиген жерін ол ыстық ұстарадай тіліп түсті... Сол кезде жолбарыстың кеңірдегінен қысқан қолы жазылып кете жаздады. «Өйтсем, өлем! – деген ой келді оған. – Одан да, айырылмайын!..»

Буынған аң Балуанның қолы кеңірдектен айырылмасын сезгендей, бассауға қылмақ болып, сүйрелей қашуға тырысты, бірақ тырмыса тартқан Балуанды әкете алмады, екеуі ұмар-жұмар жығылды. Балуан алқымдағы уысын толғай түсті!..

Бір кезде жолбарыс қимылсыз сұлық жата қалды.

С. Мұқанов. «Балуан Шолақ» повесінен

6-тапсырма. Мәтінді оқуда «түсініп оқу» стратегиясын қолданып, автордың айтпақ болған ойын, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну үшін әр ақпаратты ұғынып оқыңдар.

Жаңағы ашумен күйген Байдалы енді майда қоңыр үнге түсіп:

– Осы өздерің көріп жүрген Қаратай бар ма? Тап соның ішінде көп қойма жатыр, не керек! Шіркін, тек қана азғантай Көкшеден шықты ғой... Егер Олжайдан туса, өрісін көрер ең! – деп біраз отырды да... – Тақауда, өне бір күндерде Қаратай, Бөжей, Байсал бар – барлығымыз Қаумен үйінде түстеніп отыр едік. Жиын бір сөзден бір сөзге түсіп, шалқып отырып, ақыр аяғы: «Жә, өзіміз көргенде мырза кім?» дегенге келді. Жұрт ойланып қалды. Байсал күншуақта жатқан тағыдай көзін бір ашып, бір жұмып, бүк түсіп сырт қарап жатқан. Жаңағы сөзге ол қатысқан жоқ-ты. «Мырза кім?» дегенге Қаратай жауап беріп: «Мырза – Құнанбай», – деді. Тағы біраздан соң ол жиын: «Шешен кім?» – деді. Тағы Қаратай жауап беріп: «Шешен – Құнанбай», – деді. Екі бел асты. Аздан соң және бір оралып кеп: «Жақсы кім?» – десті. Өлгі Қаратай және жауап беріп: «Жақсы – Құнанбай», – деді. Сол кезде Байсал басын жерден жұлып алып, саңқ етіп: «Уай, Көкше, не оттап отырсың өзі?» – деп, Қаратайға қадала түсіп: – Мырза Құнанбай екен, шешен Құнанбай екен, жақсы Құнанбай екен! Ендеше, не көкіп алысып жүрміз онымен? – деді. Соған Қаратай іле жауап беріп: «Уай, тәйір-ай, мен Құнанбайдың өзге жағынан мін тауып алысып жүрмін бе? Жалғыз-ақ, «не қылайыны» жоқ қой, сондықтан кетіп жүргем жоқ па?

М. Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясынан

9-сабақ

ҰЛТ ТАРИХЫНЫҢ КӨРКЕМ ШЕЖІРЕСІ

Ойтүрткі:

- Қазақ хандығы жайындағы фильмдер тарихымызды түгендеп бере алды ма?
- Бүгінгі қазақ киносынан қай актердің шығармашылығы сендерге ұнайды?

Неліктен?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Үзіндіні талдап, Қазақ хандығының тарихы жөнінде ортақ тұжырым құрастырыңдар.



Айтылым

2-тапсырма. Тыңдалым мәтіні негізінде сауалнама жүргізіңдер.



Оқылым

3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. «Жылдам кездесу» стратегиясын қолданып, қорытындылаңдар.

«Алтын тақ» – Қазақ хандығының көркем шежіресі

Шынын айту керек, қазақ киносы соңғы жылдары даму үстінде. Егеменді елдігіміз бен бірлігіміздің арқасында осындай дүниелер өмірге келді. Ақ түйенің қарны жарылған күн деп айтуға болады. Ұлттың өкелері болған Жәнібек пен Керей, шын мәнінде, елдің негізін қалаған биік хандар. Біз – расында да, мың өліп, мың тірілген елміз. Әр дәуірдің аласапыран оқиғаларының бәрін ғылыми негіздерге сүйеніп, барынша шынайы беруге тырыстық.

Тарихи фильмдер жасағанда, туларды, байрақтарды түсірген кезде олардың желдей желпіп, әдемі болып тұруы өте қиын. Кейде жел соқпай қалғанда, желдеткіш арқылы жасанды жолмен желбіретуге тура келеді. Қаншама әскердің байрағының бәрін желбірету қиын. Ал осы фильмде, бір қызығы, біздің көтерген байрақтардың бәрі де күнмен таласа желбіреп, көзге шоқтай басылып тұрды. Осыған өзім таңғалдым.

Өкелеріміз тілдің, ұлттың тағдырын ту етіп көтеріп өтті. Біз соны барынша жалғастыру үстіндеміз. Осы фильмді бастаған кезде Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин ағаларымыздың еңбектерін қайталап оқып

шығуға тура келді. Біз жыршы-жыраулардың өмірін зерттеу арқылы киноға көп материал таптық. Деректерді рухани тірілтуге көп көмек етті деуге болады. Бізге ескі замандардан деректі фильмдер де, сапалы фотолар да қалған жоқ. Бірақ сол сөз өнерінің күші арқылы біз бұл фильмге көп тұздық таптық.

Р. Әбдірашев. «Қазақ әдебиеті» газетінен



Жазылым

4-тапсырма. «Қазақтың қилы тарихы» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.

5-тапсырма. Даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын тыныс белгілерін жіктеңдер.

Арманым жету үшін орта жолда ажалым тұрса, одан қорқып, бас тартпай. Он сегізімде найза ұстап, жауға шапқанымда, түбі жау қолынан өлетінімді білгенмін. Несіне ойлан дейсің маған?

Артыңызда ерген жұртыңыз бар ғой... Оның тағдырын қайтесіз?

Мақсатына жете алмаған жұрт енді маған ермейді. Ал ере қалғаны мен не көрсем, соны көреді. Бір қайыққа мінсек, ажалымыз да, амандығымыз да бір болады.

Таймастың іші мұздап кетті. «Япыр-ай, бар халық қырылып қалса да, Кенекең жартастай мызғымас. Мұндай да тастай қатты адам туады екен!» Бірақ Кенесары өзінің сөзінен шықты. Осыдан екі жылдай өткен соң, Кекілітау бауырында бар қолын қырғыз, қоқан, орыс әскері қоршап алып, құтылу жолы жалғыз ғана қоршауды бұзып шығу болғанда, ол: «Аттарымыз мықты, біз қоршауды бұзып шығармыз, ал аттары нашар өзге жұрт не істейді? Жоқ, соңымнан ерген серіктерімді тастап, ажалдан құтылмағаным-ақ болсын!» – деп өзі қолға түскенше әскерімен бір болды, оларды тастап бас сауғалап қашпады.

І. Есенберлин. «Қаһар» кітабынан

БӨЛІМДІ ҚОРЫТЫНДЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР



Айтылым

1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтіннің тілдік оралымдарын, терминдер мен ұғымдарды түсіндіріңдер.

Журналист Қ. Сімәділ:

– Көңіліңізден шыққан, тіпті ұмыта алмай жүрген, қандай театрлық қойылымды атап бере аласыз?

Режиссер Қ. Қасымов:

– М. Өтемісұлы атындағы академиялық қазақ драма театры ұсынған Рахымжан Отарбаевтың «Жалғыздық» драмасы ұнады. Режиссері – Мұқанғали Томанов. Жазушы Р. Отарбаевтың анасына арналған әңгімесінен алынған жып-жылы дүниені әлгі театрдың өнер ұжымы соншалықты нанымды етіп ойнап шықты. Режиссер М. Томанов театрды жаңа бір биікке шығарған, өте бір ғажап дүние қойды деп есептеймін. Қойылым соңында фестивальдің қазылар алқасы бірауыздан сол драмаға оң бағасын беріп, «Шекспирлік мәңгілік сауалды көтерген кесек дүние» дегенін «Жалғыздықты» мойындағаны, режиссердің еңбегін бағалағаны деп есептеймін. Жалпы мұндай жақсы туындылардың бізде көптеп көрсетілуі театр ұжымы үшін де, көрермен үшін де өте маңызды.

Менің ойымда театр анықтама бюросы емес. Ол – адам тағдырының алуан қырын, психологиялық тартысын, сезім иірімдерін көзі қарақты, ойлы, саналы көрерменге ұсынады. Көрермен одан нәр ала ма, жоқ жүрегі айни ма, оны өзінің жеке басына, қабылдау-қабылдамау парасатына қалдыру керек. Сұрақ көп болғанымен, жауап болмауы да мүмкін.

Театр актерге көрерменмен күнделікті сырласып, іштегі шерін тарқатып, шынайы ләззат алуға мол мүмкіндік береді. Мұны ешқандай өнер саласы алмастыра алмайды.

«Ана тілі» газетінен

Сұрақтар:

1. Соңғы рет қандай қазақ киносын көрдіңдер?
2. Фильмді түсірген режиссерді атай аласыңдар ма?
3. Оның басқа қандай фильмдерін білесіңдер?
4. Фильм не жайында?
5. Фильмде басты рөлде кімдер ойнайды?
6. Фильм ұнады ма, жоқ па? Қандай дәлелдер келтіресіңдер?

**Жазылым**

2-тапсырма. Мәтінді оқып, өздерің ұнатқан өнер тұлғалары жөнінде сыни пікір дайындаңдар. Мәтіндегі тыныс белгілерінің қолданылуын түсіндіріңдер.

Біржан сал Шал, Шөже, Арыстан, Орынбай, Толыбай сал, Тоғжан, Шәрке сал, Нүркей сынды дарабоз дарындардан үлгі-өнеге алған. Замандас би-шешендер де оның өнерін өрге өрлеткен, ойын да, бойын да өсірген. Мысалы, Зілғара, Шағырай, Бабаназар, Тоқсанбай сияқты елдің сөзін сөйлеген естілер. Біржан салдың мектебінен шыққан, оның салдық-серілік өнерін жалғастырушылар: Жаау Мұса, Құлтума, Қанапия, Доскей, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Ағашаяқ, Балуан Шолақ, Шашубай, Өздембай сал, Ғазиз, Иман Жүсіп, Кемпірбай, Сабырбай тәрізді өнерлілер. «Кең сабаның қорындай, Бертағының баласы – Орынбай, екі аяқты адамның ділмары, улы тілді соқыр Шөже, Тойлыбай бидің ұлы – Арыстан, үні зарлы – Атығай, соқыр – Тоқжан, терең ойлы – Атығай шал, аспанға өрлеп ән шырқайтын Біржан сал, өмірі ертегідей «әдемі Ақан сері – осылардың бәрі сол күңіренген Көкшенің маңайында туып-өскен ақындар» (Жұмабаев Мағжан. Шығармалары. Алматы, «Жазушы», 1989, 318-бет).

Қырманың дөңге салған, пейілін кеңге салған ұлы әнші-композитордың «Мен – Біржан алтын тудай айқындалған» деген лебізінде терең сыр, зор мағына барын байқауға болады.

С. Негимов. «Қазақтың сал-серілері» еңбегінен

3-тапсырма. «Қазіргі және бұрынғы отандық фильмдердің деңгейі қандай?» деген тақырып бойынша мектептегі жоғары сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізіңдер.



- Сауалнама жауаптарына сыныпта талдау жасап, пікірлерді салыстырыңдар.
- Ортақ тұжырым ұсыныңдар.

Шешендік сөздер Сөйлеу мәнерлілігі туралы

Бұл бөлімде сендер:

- еңбек нарығының ерекшеліктері туралы;
- сұраныс заңы, әлеуметтік мәселелер жайында;
- мамандық түрлері, жұмыс күші т.б. мәселелер турасында талдау жүргізесіңдер;
- шешендік мәтіндердің табиғатын терең түсінуге, сөйлеу мәнерлілігіне үйренесіңдер.

1-сабақ

ЕҢБЕК НАРЫҒЫ

Ойтүрткі

- «Еңбек нарығы» терминін қалай түсінесіңдер?
- «Еңбектің наны төтті» деген мақалдың мәні неде?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Сыныпта талқылаңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтіндегі тыныс белгілерін қызмет түрлері бойынша жіктеңдер.

Еңбек нарығының субъектілері – қызметкерлер мен олардың одақтары, жұмыс берушілер мен кәсіподақтар, мемлекет және оның органдары.

Жалдамалы қызметкерлер – бұл өздерінің еңбек қуатын қоғамдық өндіріс иелеріне және менеджер-ұйымдастырушыларға сататын немесе осындай акционерлік қоғамның жалдамалы басшылары бола алатын қоғамдық өндірістің қатысушылары. Қызметкерлердің мүдделерін қорғайтын әртүрлі мекемелер бар. Кәсіподақтар қызметкерлердің жалпы әлеуметтік-экономикалық мүдделеріне сәйкес болып келеді.

Жұмыс беруші – өз бетінше жұмыс істейтін және әрдайым бір немесе бірнеше адамды жалдайтын субъект. Әдетте шағын жұмыс берушілер өндіріс құралдарының иелері болып табылады. Ірі компанияларда, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарда жұмыс берушінің өздері мемлекеттік немесе акционерлік қоғамдардың жалдамалы жұмысшылары болып саналады. Акционерлік қоғамдарда жұмыс беруші ретінде компания акциясының бөлігі бар менеджер бола алады. Мемлекеттік кәсіпорындарда басшылар (директорлар) өндіріс құралдарына иелік етпейді. Менед-

жерлер мен директорлар акционерлік қоғам мен мемлекеттің атынан қызметкерлерді жалдайды және жұмыстан босатады, өндірісті басқарады.

Г.Н. Траисова т.б. «Еңбек нарығы экономикасы» кітабынан

Айтылым

3-тапсырма. Еңбек нарығы бойынша талқылау сұрақтарын құрастырыңдар. Сыни тұрғыда бағамдаңдар.

Жазылым

4-тапсырма. «Қазақстандық еңбек нарығындағы мен үлгі тұтатын тұлғалардың ерекшелігі» деген тақырыпта аргументативті эссе жазыңдар.

5-тапсырма. Мәтіндегі тыныс белгілерінің қызметін түсіндіріңдер. Нақыл сөзді дәптерге жазып алыңдар.

Қадірсіз десең, халқымнан сұра

Сырым сынамаққа Бөкен биге сәлем бере барса, қарт:

– Қай баласың? – депті.

– Даттың баласымын, – депті Сырым.

– Қой баға алмайтын жаманнан да қолақпандай ұл туады екен-ау! – дейді Бөкен.

– Отындық ағаштан оқтық мүсін шығады деген қайда? Шалдың үш түрі болады деуші еді: қадірсіз шал, қазымыр шал, қыдырма шал. Өзің соның қайсысың? – депті Сырым.

Сонда Бөкен қарт селк етіп:

– Бала, қадірсіз десең, халқымнан сұра, қазымыр десең қатынымнан сұра, қыдырма десең, көршімнен сұра, – деген екен.

«Шешендік сөздер» кітабынан

6-тапсырма. Төменде берілген мәтін бойынша тезистік жоспар дайындаңдар.

Еліміздегі еңбек нарығы және «Жұмыспен қамту – 2020»

Еңбек нарығының ерекшелігі мынада: оның реттегіштері тек экономикалық қана емес, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық факторлар болып табылады. Олар ұдайы өндіріс сипаты мен және тауар ерекшеліктерімен, жұмыс күшімен байланысады.

Еңбек нарығының мынадай ерекшеліктері бар:

- Тауарға – жұмыс күшіне меншіктік құқық оны иеленушіден бөлінбейді, сатып алушы (жұмыс беруші) көптеген тауарлардың бірі ретінде жай ғана жұмыс күшін сатып алмайды, адаммен істес болады.

- Сатушы мен сатып алушының өзара қатынасы ұзаққа созылады, яғни еңбек нарығында сатушы мен сатып алушының өзара қатынастары қызметкерді жалдау шарты жасалған уақытқа дейін жалғасады.

- Жұмыс күшінің әртүрлі кәсіптік-біліктілік деңгейі, технологиялармен, еңбекті ұйымдастырудың саналуандылығы, жалдаудың келісімшарттық (контрактілік) жүйесіне көшу және т.б. тауар-жұмыс күшін сатып алу кезінде мәмілелерді жекешелендіру қажеттігін туындатады.

- Еңбек нарығына кәсіптік одақтардың, еңбек заңнамасының, жұмыспен қамту мен кәсіптік дайындықтың мемлекеттік саясатының, кәсіпкерлер одақтары мен басқаларының елеулі ықпал етуі.

- Ақшалай емес факторлар – жұмыстың күрделілігі мен беделділігі, еңбек жағдайлары, оның денсаулық үшін қауіпсіздігі, жұмыспен қамту мен кәсіптік өсуге кепілдіктер, ұжымдағы моральдық ахуал және басқаларының орын алуы.

Ж. Иманқұл,

«Жалын» журналының қызметкері

Сөйлеу мәнерлілігі

Шешен сөзін «әсем де әсерлі» етіп ұсынуы үшін, ең алдымен, айтар сөзін стильдік ернеуден асырмауы, яғни стильдердің әрқайсысына тән элементтер мен тәсілдерді шатастырмауы, араластырмауы керек. Айталық, белгілі бір мамандық иесі радиодан не теледидардан сөйлегенде немесе жиналыста өз жұмысы жайында әңгімелегенде, «мен пәлендей жеңіске ие болдым», «мен пәлендей іске ынталылық көрсеттім» деп ресми ақпарат стилінің сөз орамын (жеңіске ие болу, ынталылық көрсету) пайдалануы орынсыз болар еді. Немесе көтеріңкі үнде, пафоспен айтылатын ақпарат пен жай баяндауда қолданылатын тұлға-тәсілдерді шатастыру да айтылар сөзді стиль арнасынан шығарып жібереді.

Шешендер сөзі әсерлілік сипатына қарай үш түрлі болып келеді:

1. Рационалды стиль, бұл – айтылмақ ойдың қатаң тәртіппен, байыпты талдаумен, «салқынқандылықпен» ұсынылуы; бұл мәнерде айтылған сөздерде эмоциялы-экспрессивті элементтер өте сирек қолданылады.

2. Темпераментті немесе романтикалық бояулы стиль; мұнда аудиторияның сезіміне әсер ететін, белгілі бір ассоциациялар тудыратын көркемдеуіш-бейнелеуіш элементтер көбірек болады, «айшықты сөздердің» орынды жері де осындай романтикалық үндегі ауызша әңгімелер.

3. Орта немесе синтетикалық стиль. Мұнда ретіне қарай жоғарыдағы екі стильдің де элементтері қолданылады.

Р. Сыздықова. «Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі» еңбегінен

2-сабақ

СҰРАНЫС ЗАҢЫ

Ой түрткі

- «Сұраныс заңы» деген тіркесті қалай түсіндірер едіңдер?
- Сұраныс тек тауарға байланысты айтыла ма?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Автор көзқарасын бүгінгі қоғам өмірімен байланыстырып талдаңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Еңбек нарығындағы сұраныс жайлы өз болжамдарыңды айтыңдар.

Сұраныс, ұсыныс және тепе-теңдік баға – бұлар нарықтық экономиканың басты мәселелері.

Сұраныс тек тауарды сатып алу тілегіне ғана емес, сонымен қатар сатып алушының осы тауарды сатып алу мүмкіндігіне де тәуелді болады. Демек, сұраныс – қажеттілік пен мүмкіндік арасындағы, яғни тұтынушы сатып ала алатын тауардың саны мен бағасы арасындағы қатынас.

Сондықтан сұраныс заңы тауарды сатып алу тілегі мен мүмкіндігінің арақатынасын анықтайды. Тауардың бағасы қаншалықты төмен болса, басқа жағдайлар бірдей болғанда, сатып алушылар сатып ала алатын немесе алғысы келетін тауардың саны соншалықты көп болады. Бұл сұраныс көлемі – осы екі жақты тиімді бағада сатып алынатын тауар саны екенін білдіреді.

О. Сәбден. «Бәсекелестік экономика» еңбегінен



Айтылым

3-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтіндер бойынша талқылау сұрақтарын құрастырыңдар.



Жазылым

4-тапсырма. Оқылым мәтіні бойынша тірек-сызба түріндегі жоспар дайындаңдар.

5-тапсырма. «Бүгінгі еңбек нарығы» тақырыбында пікірталас өткізіңдер.

6-тапсырма. Мәтіндегі тыныс белгілерінің қызметін түсіндіріңдер. Нақыл сөзді дәптерге жазып алыңдар.

Табалдырықтан биік тау жоқ

Нұралыны шаппақ болғанда, ағайыны бөгет жасай беріпті, сонда Сырым: «Табалдырықтан биік тау жоқ», – деген екен.

«Шешендік сөздер» кітабынан

3-сабақ

ЕҢБЕК ЕТСЕҢ ЕРІНБЕЙ...

Ойтүрткі

- Бай болу әркімнің қолынан келетін нәрсе ме?
- Мемлекет бай болуы үшін табиғат байлығының болуы жеткілікті ме?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Автор көзқарасын сол кездегі қоғам өмірімен байланыстырып талдаңдар.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқып, мәтінде берілген мәліметтерді бүгінгі күнмен байланыстырып дамытыңдар. Мәтіндегі тыныс белгілерін қызмет түрлері бойынша жіктеңдер.

«Өзіміз өндірмей, өзіміз өспейміз» деген қағиданы ұстанған жөн. Өрине, ондай жағдайда үлкен инвестиция-қаражат керек. Өсіресе ғылым мен техниканы қолдау арқылы инновациялық үдерістерді өндіріске енгізу – кезек күттірмейтін міндет. Себебі жаңа технологияға байланысты ғылымның басымдылығы дүниежүзінде 4–5 жылда бір өзгеріп тұрады. Біз осы өзгерістерге ілесе отырып, бастаған істі өзіміздің менталитетімізге, қазақтың ұқыптылығына, алғырлығына, білімділігіне сай етіп жасауымыз керек.

Бізде әрбір кәсіпорынның тек 6% -ы ғана инновациялық қызметпен айналысатын болса, шетелде 60–70% -ға дейін, оның ішінде Германияда 82,5%, Швецияда 75% -ды құрайды екен. Сондықтан жаңа технологияларды енгізу арқылы инновацияны көтеру керек. Бұларды өндіріс, өнеркәсіп орындары мен ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындары бірігіп жасағаны жөн.

Біздің ел жаңа технологияны меңгермей және информациялық білімін көтермей, өндірістің инновациялық пәрменділігін дамыта алмайды. Керісінше ғылыми техникалық прогресті және интеллектуалдық дамуды тежейді. Ал әлем көп алға кетіп қалды. Оны ескеруіміз керек. Қазіргі әлем – информация: компьютер, адам, бизнес, заңдар, саясат,

қауіпсіздік, экономика, қаржы, технология, мәдениет т.б. Бұл – адамзат дамуының бір сатысы ретінде жаңа информациялық қоғам пайда болады деген сөз.

О. Сәбден. «Абай және қазақ елінің болашағы» еңбегінен



Оқылым

3-тапсырма. Кестеде берілген мәліметтерге сүйеніп, қоғам өмірімен байланыстырып талдаңдар.

Экономикалық қызмет түрлері бойынша ұйымдар қызметкерлерінің орташа айлық есептелген жалақысы

	2017 жыл			2013–2011 жж. орташа жылдық арту (%)
	мың т.	2016 ж.	Орташа еңбек- ақыдан ауытқу	
Барлығы	150,8	5,5	100	8,42
Өнеркәсіп	214,2	9,7	42,0	11,43
Ауыл, орман және балық- шаруашылығы	91,1	11,7	-39,6	11,80
Құрылыс	194,2	8,4	28,8	12,96
Көтерме және бөлшек сауда	145,7	11,1	-3,4	8,96
Көлік және сақтау қызметі	193,6	9,5	28,3	8,11
Қоғамдық тамақтандыру қызметі	140,1	9,6	-7,1	11,08
Ақпарат және байланыс	221,7	8,6	47,0	9,187
Қаржылық және сақтандыру қызметі	298,7	5,1	98,1	9,78
Жылжымайтын мүлікке қатысты қызмет	147,6	19,7	-2,1	10,20
Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет	268,7	-17,0	78,1	6,16
Өкімшілік және көмекші қызмет көрсету	151,8	31,9	0,6	10,71
Мемлекеттік басқару және қорғаныс	125,2	5,4	-17,0	4,89
Білім	96,6	2,2	-35,9	8,59

Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	108,7	2,5	-27,9	7,64
Өнер, ойын-сауық және демалыс	119,9	8,0	-21,0	10,29
Өзге де қызметтерді ұсыну	210,9	-3,6	39,8	8,60

4-тапсырма. Төменде берілген даналық сөздерді басшылыққа алып, «Ең басты құндылық – еңбек» тақырыбында пікірталас ұйымдастырыңдар.

Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап.

Абай Құнанбайұлы

...біліміңді еңбек пен өмірдің өзінде шыңдап отыр. Сонда ғана білім деп аталатын асыл тас ешқашан тот баспастан жалтырай да жарқырай береді.

Қаныш Сәтбаев

Алтын, күміс секілді тастарға бағалылық беріп тұрған нәрсе – оны өндіру жолындағы еңбек қана.

Махатма Ганди



Жазылым

5-тапсырма. «Өмірдің мәні еңбекте» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.

6-тапсырма. Мәтіндегі тыныс белгілерінің қызметін түсіндіріңдер. Нақыл сөзді дәптерге жазып алыңдар.

Тасып жүргенім жоқ

Сырым Нұралыға наразы болып жүргенде: «Аз бен көпті, ақ пен қараны, нашар мен мықтыны теңгере алмадың, біреу-біреуді шауып жеп жатыр, елді басқара алмадың», – деп өкпелепті. Нұралыға бір кез келгенде Сырым амандаспай жүре береді. Сонда Нұралы:

– Батыр, қайырылып сәлем бергің келмейді, тасып жүрсің-ау! – депті. Сонда Сырым:

– Хан, тасып жүргенім жоқ, қазақ баласының басын қоса алмай тасып жүрмін, – депті.

«Шешендік сөздер» кітабынан

4-сабақ

ЕҢБЕК БӘРІН ЖЕҢБЕК

Ой түргі

- Болашақта қандай мамандық иесі болғыларың келеді?
- Кәсіптің бәрі бірдей ме? Неліктен?

**Тыңдалым**

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Негізгі ойды өз болашақтарыңмен байланыстырып талдаңдар.

**Айтылым**

2-тапсырма. Мәтінмен танысыңдар. Мәтін мазмұны бойынша өз жұптарыңа сұхбат сұрақтарын дайындаңдар.

Жасөспірім қайда жұмыс істей алады?

Бәрінен бұрын алғашқы жұмыстың шығармашылықпен немесе қоғамдық қызметпен байланысты болғаны жақсы. Жазғы демалыстар кезінде тұрғындарды жұмыспен қамту орталығы оқушыларға осындай жобаларға атсалысуды ұсынады.

Жалақы аса үлкен емес – ең төменгі еңбекақы деңгейінде ғана, есесіне ақша мемлекет бюджетінен төленеді әрі ресми түрде еңбек шарты жасалады.


Егер жеткіншек өздігінен жұмыс істеуді қаласа, алдағы уақытта алаяқтардың уысына түсіп, қылмысты әрекеттерге байланысты болып шықпауы үшін әр ұсынысты ата-анасымен талқыға салуы керек.

«Oyla» журналынан

**Оқылым**

3-тапсырма. Кестеде берілген мәліметтерді алдыңғы мәтінмен байланыстырып талдаңдар.

Халықтың ақшалай кірістері құрылымының динамикасы, %



ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің деректері бойынша құрылды:// <http://stat.gov.kz>

**Айтылым**

4-тапсырма. Төменде берілген нақыл сөздерді басшылыққа алып, «Еңбекке қабілеттілік» тақырыбында пікір алмасындар.

Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек.

Ахмет Байтұрсынұлы

Сіз елім маған не істей алады деп сұрамаңыз, еліме мен не істей алар екенмін деп толғаныңыз.

Джон Кеннеди

Өлімнен қорқуға болмайды. Еңбекке қабілеттіліктен айырылудан қорқу керек.

Бауыржан Момышұлы

**Жазылым**

5-тапсырма. «Менің болашаққа бағдарым» тақырыбында аргументативті эссе жазыңдар.

6-тапсырма. Мәтіндегі тыныс белгілерінің қызметін түсіндіріңдер. Нақыл сөзді дәптерге жазып алыңдар.

Кенжетай мен Нияз

Абылай ханның Кенжетай, Нияз деген екі биі болыпты, басқа он биі бұларды күндеп «Кенжетай мен Нияз ханды қалжақтайды, ал оларды хан жақтайды», – деп мөтел қылып халыққа таратыпты. Мұны Абылай есітіп бір күні күндеуші он биден: «Жердің құты, елдің құты, ауылдың құты, аймақтың құты не?» – деп сұрапты. Билер шеше алмайды. Сөйтіп отырғанда Кенжетай, Нияз келіпті. Келіп отырысымен Абылай: «Белдеріңді шешпес бұрын мына жұмбақты шешіңдер», – деп әлгіні айтты. Нияз: «Меніңше, жердің құты – жаңбыр, елдің құты – азамат, ауылдың құты – жақсы әйел, аймақтың құты – әділ басшы», – депті.

«Шешендік сөздер» кітабынан

5-сабақ

МАМАНДЫҚТЫҢ БӘРІ ЖАҚСЫ

Ойтүрткі

- Бүгінгі қоғамда қандай мамандықтар жоғары сұранысқа ие деп ойлайсындар?
- Алдағы он жылда қандай мамандық түрлері жойылатынын болжай аласындар ма?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Негізгі ойды анықтап, өз көзқарастарыңды білдіріңдер.



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Ғылыми-көпшілік материалдарымен толықтырып талдаңдар. Мәтіндегі тыныс белгілерін қызмет түрлері бойынша жіктеңдер.

Болашақтың мамандығы қандай?

...«Иә, өмір тез өзгеруде, сондықтан бүгінгі күні мектепте оқып жүрген балаңыздың келешекте жақсы табыс табуы үшін қандай мамандықты оқығаны дұрыс?» деген сауалға қазірден бастап жауап іздестіре берген жөн секілді. Осы ретте Ресейдегі «Сколково» бизнес мектебі және Стратегиялық бастамалар агенттігі мамандары еңбек нарығында таяу онжылдықта мүмкін болар өзгерістерге болжам жасап, жаңа мамандықтар Атласын дайындағанын айта кету керек. Атлас – бұл алдағы 15–20 жылда қажеттілікке ие болатын салалар мен мамандықтар альманағы.

Олардың айтуынша, алдағы жарты ғасырлықта IT-технологиясы саласының мамандары сұранысқа ие болатын көрінеді. Қазіргі таңда білім саласынан бастап, саудаға дейін онлайн режимге көшіп жатыр. Бұл сала мамандары қазірдің өзінде сұранысқа ие және олардың табысы да жоғары. Өйткені желілермен жұмыс істейтін мекемелердің ісін жүргізіп тұруға осы саланың мамандары қажет-ақ. Бағдарламаны дайындаушылар ағылшын тілін және бағдарлама тілін меңгеруі тиіс. Веб-дизайнерлерге де сұраныс көбейе береді. Жалпы компьютер мен интернетке қатысы барларды осы топқа жатқызуға болады.

Әрине, тіршілік тек компьютермен, интернетпен шектеліп қалмайды. Адамзат тіршілігінде электр энергиясы аса маңызға ие. Қалай дегенмен де бүгінге дейін мұнай энергия өндірудің басты көзі болып отыр. Алайда жыл өткен сайын оны өндіру қиындап келеді. Болашақ мұнайшылар мұнайды фонтан болып атқылап тұрған скважинадан емес, сарқылған

кеніштерден, теңіз шельфінен алуды жолға қоятын болады. Сол себептен осы сала мамандары мен мұнай-химия өндірісі инженерлері алдағы кезеңдері де қажет болатынын ескерген жөн. Сонымен бірге балама энергияны жолға қоятын мамандардың қатары арта түспек. Өйткені жыл өткен сайын баламалы энергия көздері көбейе беретін болады.

Өндірісте импорттық тауарларды алмастыратын жергілікті тауарларды өндіру басымдыққа ие болатын мерзім жақындай түсуде. Соған орай инженерлер мен технологтарға сұраныс ұлғая бермек.

Ы. Тәжіқылы. «Сыр бойы» газетінен



Жазылым

3-тапсырма. Оқылым мәтіні бойынша тезистік жоспар дайындаңдар.



Айтылым

4-тапсырма. Суретте берілген мамандықтардың біреуін таңдап, өз жобаларыңды қорғаңдар.



5-тапсырма. «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында сыныпта дөңгелек үстел өткізіңдер.

6-сабақ

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Ойтүрткі

- Жұмыссыздықтың артуы қоғам үшін қауіпті ме? Неліктен?
- Жаңадан еніп жатқан қандай мамандық түрлерін білеміз?



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, негізгі ойды анықтаңдар. Талқылау сұрақтарын құрастырыңдар.

 **Оқылым**

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтінде берілген сандық мәліметтерді салыстырып талдаңдар.

Жұмыс орындарын ашудағы бизнестің маңызы жоғары

Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде жүзеге асырылған химия зауыты ауылшаруашылығы үшін фторсыздандырылған минералды тыңайтқыш шығарады. Президентке өндірістің қазіргі көрсеткіштері мен экспорт көлемін ұлғайту жөнінде есеп берілді. Сонымен қатар 1951 жылы іргесі қаланған кәсіпорын – «Қазфосфат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры, Қазақстанның Еңбек Ері Мұқаш Ескендіров 2016 жылы жүргізілген зауытты қайта жабдықтау жұмыстары өндіріс көлемін екі есеге ұлғайтуға мүмкіндік бергенін атап өтті. Жыл басынан бері зауыт 29,1 миллиард теңгенің өнімін өндірген. Оның 24 мың тоннасы азот тыңайтқышы болса, 122 мың тоннаға жуығы – фосфор тыңайтқышы.

Өнім ішкі нарықты толық қамтамасыз ете отырып, Америка Құрама Штаттары, Қытай, Біріккен Араб Әмірліктері, Ресей сияқты елдерге экспортталады. Бүгінгі таңда аталған кәсіпорында барлығы мыңнан астам адам жұмыс істейтін болса, оның 344-і – әйел адам. Мұндағы орташа жалақы мөлшері 148 мың теңгеден асады. Айта кетейік, еліміз бойынша Жамбыл облысы химия саласының дамыған аймағының біріне жатады. Өңірдің химия өнеркәсібін дамыту саласындағы әлеуеті жоғары. Химия саласы өңірдің бүкіл өнеркәсіп өндірісінің 20 пайыздан астамын құрайды. Қазіргі кезде аймақта заманауи химия кластерін құру жөнінде жұмыстар атқарылуда. Сонымен қатар Қаратау және Жаңатас қалаларындағы жобаларды, «Химпарк-Тараз» арнайы экономикалық аймағын іске қосу арқылы облыстың өнеркәсіп өндірісінің көлемін едәуір арттыру шаралары қолға алынған.

– Бұл – химия өнеркәсібінде, соның ішінде сары фосфор өндіруге маманданған халықаралық деңгейдегі жетекші кәсіпорын. Халықаралық нарықтарға өз тауарларыңызбен шығуға осы артықшылықтарыңыз септігін тигізеді. Бәсекелестікке қабілеттілікті одан әрі арттыру қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Егемен Қазақстан» газетінен



Жазылым

3-тапсырма. Оқылым мәтіні бойынша күрделі жоспар жазыңдар.

**Айтылым**

4-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіндер бойынша талқылау сұрақтарын құрастырыңдар.

5-тапсырма. «Бәсекеге қабілеттілік – басты мәселе» тақырыбында пікірталас өткізіңдер.

6-тапсырма. Мәтіндегі тыныс белгілерінің қызметін түсіндіріңдер. Нақыл сөзді дәптерге жазып алыңдар.

Тұрлымбет қу мен саудагер

Ертеде ел қыдырған саудагерлер қазақтан жалға үш түйе алыпты. Сөйтсе, өлгінің екеуі жуас та, ал бірі бақырауық болыпты. Өбден мазалары кетіп жүрген саудагерлер Тұрлымбетке кезіккенде:

– Өй, қазақ, мына түйе неге бақыра береді, тілін білесің бе? – дейді.

– Білемін, – дейді Тұрлымбет.

– Білсең айтшы, бір шапан берейін, – дейді саудагер.

Сонда Тұрлымбет:

Аш иттей ел қыдырған сен бір кезбе,
Үстіме таудай қылып арттың бөзді.
Тынысымды алдырмай жүргізесің,
Тұра қалсам, ұрасың басқа, көзге.
Құтылсам, осы қудан, уа, Құдайым,
Шалқақтап жүрер едім жапан түзде! –

деп тұр.

– Мұны босат та, маған шапаныңды бер, – депті.

«Шешендік сөздер» кітабынан

7-сабақ**ЖҰМЫС КҮШІ****Ой түрткі**

- Сендер тұратын өңірде кәсіптің қай түрі ерекше дамыған? Неліктен?
- Өздерің тұратын өңірде қандай кәсіп түрін ашу тиімді деп санайсыңдар?

**Жазылым**

1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтін мазмұны бойынша тезистік жоспар дайындаңдар. Мәтіндегі тыныс белгілерін қызмет түрлері бойынша жіктеңдер.

Еңбек нарығында ескеретін ерекшелік көп

Жалақы дер кезінде төленбесе, жұмысшының мүддесі мен құқығы тапталса, заң жүзінде еңбек адамын қорғайтын жалғыз ұйым – кәсіподақ. Еңбек туралы заңнамалардың орындалуына қоғамдық бақылау жасайтын, әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктер көзделген келісімдер, ұжымдық шарттар жасап, оның орындалуын қадағалайтын да әзірге осы ұйым. Сондықтан кәсіподақтың халықаралық ұйымдармен интеграциялануы – өзекті мәселе.

Аталған саланың өкілдері біздің елдің бұл қадамға үлкен дайындықпен келгенін айтады. Бүгінгі таңда Қазақстан халықаралық еңбек ұйымының 189 конвенциясының 24-ін, оның ішінде негізгі конвенцияны бекітті. Халықаралық еңбек ұйымдарымен арадағы тиімді ынтымақтастықтың дәлелі – Қазақстанның ұлттық заңнаманы еңбек саласындағы халықаралық нормаларға сәйкестендіруі және еліміздің осы халықаралық ұйымдағы ұстанымының нығайғаны.

Мемур-Сен ұйымының (Түркия) халықаралық қарым-қатынастар департаментінің директоры осы мәселелер жайлы: «Оңтүстік Кореядағы, Жапониядағы өндіріс орындары жасанды интеллектінің көмегіне жүгіне бастады, бұл жұмыс орындарының қысқаруына әсер етті. Бұған дейін еңбек адамдарының әлеуметтік жағдайы, жалақысы толғандырып келсе, енді біз әлемдік деңгейдегі мәселемен бетпе-бет тұрмыз. Жұмыс күші жұмыс көзі болса ғана керек. Егер адамның орнын робот басса, адам екінші орынға ысырылады. Сондықтан жұмыс күшінің сақталып қалуы үшін күресуіміз керек. Жасанды интеллект, робот адамның орнын алмастыра алмайды. Роботтардың адамдарды басқаруына жол бермеуіміз керек», – дейді.

«Егемен Қазақстан» газетінен



Айтылым

2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша талқылау сұрақтарын құрастырыңдар. Сыныпта талдаңдар.



Оқылым

3-тапсырма. Кестеде берілген мәліметтерді талдап, негізгі үрдісті анықтайтын мәтін дайындаңдар.

Жалпы ішкі өнімнің, халықтың ақшалай табыстары мен жалақысының динамикасы



ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша құрылды://<http://stat.gov.kz>

4-тапсырма. «Адам қызметін робот ауыстыра ала ма?» тақырыбында сыныпта ойталқы өткізіңдер.

БӨЛІМДІ ҚОРЫТЫНДЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР



Айтылым

1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтін соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер. Өз жауаптарыңды сыныпта қорғаңдар.

Нарық (рынок) – тауаршаруашылығының санаты. Ол тауар-ақша айырбасының саласы болып табылады және өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы экономикалық қатынастар жүйесін білдіреді. Бұл қатынастардың негізгі элементтері – құн, баға, бәсеке, сұраныс пен ұсыныс. Нарықтың жұмыс істеуі тауар өндірушілердің арасындағы байланыстарды реттейтін, сондай-ақ адамдардың арасындағы экономикалық қарым-қатынас олардың еңбегінің өнімін сатып алу мен сату арқылы көрініс табатын тауар өндірісі жағдайында қоғамдық еңбекті бөлу мен ынталандыруды реттейтін заңға бағындырылған.

Нарықтық инфрақұрылым – тауар мен көрсетілетін қызметтердің нарықтағы (рыноктағы) қозғалысын қамтамасыз ететін ұйымдар мен мекемелер жүйесі. Оның құрамы: ұйымдық база – биржа, жабдықтау-өткізу, делдалдық ұйымдар, коммерциялық фирмалар т.б.; материалдық база – көлік құралдары, қойма, ыдышаруашылығы, ақпараттық жүйелер т.б.; несие-есеп айырысу базасы – банктер, басқа да несие-қаржы мекемелері.

Нарықтық экономика заңдары – нарықтың объективті түрде қолданылып жүрген заңдары. Оларға мыналар жатады:

- толық өкімшілік тәуелсіздік және тауар өндірушілердің дербестігі;
- тауар өндіруші өз еңбегінің нәтижелерін меншіктенуші болуға тиіс;
- шикізатты жеткізушілердің және өнімді тұтынушылардың еркін таңдауы;
- тауарлар өндірісін монополиясыздандыру;
- үдемелі салық саясаты т.б.


«Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы» басылымынан

Талқылау сұрақтары:

1. Біздің қоғамнан қандай өнім өндірушілердің өндірген заттарын пайдалануды артық санайсыңдар?
2. Өздерің тұратын өңірде, қалада өнім өндірудің қандай саласы ерекше дамыған?
3. Жастарға арналған қандай депозит түрлерін білесіңдер? Өздерің пайдаланасыңдар ма?
4. Қазақстандық нарықта қай саланы дамытуға күш салғыларың келеді?
5. Сенің болашаққа таңдаған мамандығыңның нарықтағы сұранысты реттеу мүмкіндігі жайында өңгімелеп бер.

Оқылым

2-тапсырма. Білім беру саласы мен денсаулық сақтау саласы бойынша атқарылып жатқан еңбек нарығындағы үрдістерді түсіндіріңдер.



Жазылым

3-тапсырма. Оқылым мәтіндегі ақпараттарды орынды қолдана отырып, «Білім беру саласының жарқын болашағы» тақырыбында аргументативті эссе жазыңдар.

4-тапсырма. Бүгінгі күнгі еңбек нарығы жайында баспасөз материалдарынан, энциклопедия, ғылыми-көпшілік әдебиеттерден дәйексөз алып, хабарлама дайындаңдар.



ТЫҢДАЛЫМ МӘТІНДЕРІ

ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕСІ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨТКЕНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ

1-сабақ

Көшпелілер мәдениеті



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Үзіндіден негізгі ақпаратты анықтап және болжам жасап, қазақ тарихымен байланыстырып айтыңдар.

Көшпелілердің үш мыңжылдық мәдениеті Жерорта теңізінен Қиыр Шығысқа дейінгі халықтарға қарағанда күрделі эволюциялық тарихи даму жолынан өткен.

Көшпелі қоғамда техникалық даму болмайды деу – қате түсінік. Көшпелілер, атап айтқанда, ғұндар мен түріктер бүгінгі таңда адамзат тіршілігінен берік орын алған заттарды тұрмыста қолданған. Киімнің алғашқы үлгілері сонау ежелгі замандарда-ақ пайда бола бастаған. Дөңгелек киіз үй сол замандардағы ең қолайлы баспана болып саналған.

Орталық Азияда үзеңгі 200 және 400 жылдар аралығында қолданылды. Тік семсердің орнын басқан қисық қылышты, жебесін 700 метрге дейін жіберетін құранды садақты ойлап тапқандар да – көшпелілер.

«Менің елім Қазақстан» кітабынан

2-сабақ

Мен қазақтың



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Автор идеясына сүйеніп, төмендегі талқылау сұрақтарына жауап беріңдер.

Мен қазақтың мың өліп, мың тірілген,
Жергегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.

...

Мен – қазақтың, биікпін, байтақ елмін,
Қайта тудым, өмірге қайта келдім.
Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске –
Айта бергім келеді, айта бергім!

Ж. Молдағалиев. «Мен қазақтың» поэмасынан үзінді

3-сабақ

Шежірелі Қазақстан



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Автор ойына қатысты талқылау сұрақтарын құрастырыңдар.

Елу жаста «Елім бар» деп айта алмай,
Кетпес естен күйінгенің мұңлы Абай.
Елім бар деп айтатын бір туды күн,
Елім бар деп шырқатайын мен бүгін.
Қойсын енді Қорқыт күйі сарнамай.
Кең далалы, кеңпейілді қазақпыз.
Құл емеспіз, еркін жанбыз, азатпыз.
Ел намысын ешбір жауға бермейміз!
Өмірді алға бастырамыз, өрлейміз!
Сертің осы азат жігіт, азат қыз!

Қ. Аманжолов. «Қазақстан» өлеңінен үзінді

4-сабақ

Тәуелсіздік туы астында



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, оқиғаның қалай аяқталатынын болжаңдар.

1991 жылдың 1 желтоқсанында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Тұңғыш рет Президент болып сайланды. Қуанышымызда шек болған жоқ. Толқыдық, Республика сарайында Елбасын таққа отырғызу рәсімін өткіздік.

Хан тұсында қан шашылмасын деп ақсарбас, боздақтар аман болсын деп бозқасқа шалдырдық, басына мұрақ кигізіп, иығына шапан жаптық; үш жүздің таңбасын салдырып, беліне кемер белдік соқтырдық. Ақ киіздің үстінде тұрып халыққа ант берді.

Өлі есімде, артында тұрған ту құлап бара жатты. Түрлі ырымға жүйрікпіз ғой, сол сәт жүрегіміз өкшемізге кеткендей болды. Қалай, қайтіп сезгенін қайдам, Президент туды ұстап қалды. Кейін бірде:

– Құлап бара жатқан туды ұстап қалдыңыз, Нүреке! Қазақтың туы енді жығылмайтын шығар, – дедім.

Құдайға шүкір, егемендігіміздің нұрлы келбетіндей, болашақтың айғағындай, елдігіміздің айбарындай азаттық туы содан бері қисайған жоқ, асқақтап желбіреп тұр.

М. Жолдасбеков. «Шың мен шыңырау» кітабынан

5-сабақ

Ұлттық құндылықтар

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Берілген ақпараттарды өз білімдеріңе сүйеніп толықтырыңдар.

Құдіретті төрт ана

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала!
 Өр адамда өз анасынан басқа,
 Жебеп жүрер, демеп жүрер арқада
 Болу керек құдіретті төрт ана:
 Туған жері – түп қазығы, айбыны,
 Туған тілі – сатылмайтын байлығы,
 Туған дәстүр, салт-санасы – тірегі,
 Қадамына шуақ шашар үнемі.
 Және туған тарихы, еске алуға қаншама,
 Ауыр әрі қасіретті болса да.
 Төрт анаға өнін жалғай алмаған,
 Пенделердің басы қайда қалмаған?
 Төрт анасын қорғамаған халықтың,
 Ешқашан да бақ жұлдызы жанбаған.
 Қасиетті бұл төрт ана – тағдырыңның тынысы,
 Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы.

М. Шаханов

6-сабақ

Алтын ұяң – Отан қымбат

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Толғауда айтылған ойды жалғастырып, «Отан» деген тақырыпта ой толғаңдар.

Алтын ұяң – Отан қымбат,
 Құт-берекең – атаң қымбат.
 Аймалайтын анаң қымбат,
 Мейірімді апаң қымбат.
 Асқар тауың – өкең қымбат,
 Туып-өскен елің қымбат.

Кіндік кескен жерің қымбат,
 Ұят пенен ар қымбат
 Өзің сүйген жар қымбат.

Қазыбек би

7-сабақ

Қазақстан – әлем назарында



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Автор ойын қазақ тарихымен байланыстырып, өз пікірлеріңді айтыңдар.

Үш бидің жер бөлуі

Қазақта үш би болыпты ел қалаған,
 Аузына не айтар деп жұрт қараған.
 Өз Төле, Қаз дауысты Қазыбек би,
 Өйтеке – үшеуінен сөз тараған.

Үшеуі ақылдасып жер бөледі,
 Үлкен деп Ұлы жүзге жол береді.
 «Өз Төле, қалау сізге берілді», – деп,
 Өйтеке, Қазыбек би тең келеді.

Төле би таңдап апты Алатауды,
 Ол кезде мекендеген Қаратауды.
 Сол заман халық қандай ынтымақты,
 Қазаққа үш-ақ кісі айтқан қаулы.

Қазыбек Сарыарқаға ие болыпты,
 Айтқаны елге сондай жүйе болыпты.
 Жайық пен Маңғыстауды Өйтеке алып,
 Халыққа құтты қоныс майдай жақты.

Үш бидің толып жатыр өсиеті,
 Үлгі болып елге істеген әділеті.
 Болса да талай ғасыр өлгеніне,
 Қалған жоқ ел аузынан қасиеті.

«Шешендік сөздер» кітабынан

8-сабақ

Қазақ ренессансы

Тыңдалым

1-тапсырма. Өлеңді тыңдап, алған әсерлерің жайлы айтыңдар.

Туған жер

Шықшы тауға, қарашы кең далаға,
Мәз боласың, ұқсайсың жас балаға.
Ол шеті мен бұл шетіне жүгірсең,
Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма?!

Уа, дариға, алтын бесік – туған жер,
Қадіріңді келсем білмей, кеше гөр!
Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей,
Ақын болмай, тасың болсам мен егер.

Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің,
Неңдей күйге жүрегімді бөледің!
Сенде тудым, сенде өстім мен, сенде өлсем,
Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім!

Мен де өзіңдей байтақ едім, кең едім,
Қызығыңды көріп еркін келемін.
Сен де аямай бердің маған барыңды,
Мен де аямай барым саған беремін.

Болдым ғашық, туған дала, мен саған,
Алыс жүрсем арманым сен аңсаған.
Жақын жүрсем, мен төрінде рақаттың,
Алтын діңгек – өзім туған босағам!

Қ. Аманжолов

1-сабақ

Жүрегі жылы, бойы – құрыш...



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Берілген ақпаратты әлемдік деңгейде танымал болған қазақстандық өнерпаздар мен талантты жастар туралы мәліметтермен салыстырыңдар.

Кешегі өткен ер Әбіш

Кешегі өткен ер Әбіш
Елден бір асқан ерек-ті.
Жүрегі жылы, бойы – құрыш,
Туысы жаннан бөлек-ті.
Өнері оның жұрт асқан,
Ғылымға көңілі зерек-ті.
Аямаған ғаріптен
Қолдан келген көмекті.
Кісіге сідет жүктетпей,
Еңбекпен тапқан қоректі.
Біреудің қылған қарызын
Айтқызбай артық төлепті.
Боямасыз ақкөңіл,
Кірлетпей кетті жүректі.
Ойламаған өлімнен
Жасқанамын демек-ті.
Тағдырға тәбділ бола ма,
Сабырлық қылсақ керек-ті.

А. Құнанбайұлы

2-сабақ

Жастар жылы аясында



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, стиль ерекшелігіне тән тілдік оралымдарды түсіндіріңдер. Мәтіндегі ойды бүгінгі күнмен байланыстырып айтыңдар.

Саққұлақ бидің Шоқанға берген батасы

Саққұлақ би Шоқанның білімі мен мінезіне қатты риза болып, аттарда былай деп бата береді:

– Біліп тұрған бала екенсің,
Туысындағы дана екенсің.
Айла-ақылы дарыған,
Атаң Абылайдың тап өзіндей хан екенсің.
Өсе берсін бақытың!
Үстінде ағар тақыттың!

Сонда Шоқан: «Ақсақал, тақыт дегеніңіз артық болар», – деп жымып, езу тартқан екен. Саққұлақ шешен оған іркілмей: «Мынаны қазақ тақ дейді ғой, білімпазым», – деп, қасында тұрған орындықты көрсетіпті. Бұл – тұғырыңнан таймай өт деген сөзі екен.

«Шешендік шиырлары» кітабынан

3-сабақ

Мен жастарға сенемін

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Өлеңнің идеясын өз болашақтарыңмен байланыстырып айтыңдар.

Нар тәуекел

Нар тәуекел! Құлаш ұрдым қиынға,
Қайрат шіркін алып шықса қиын ба!
Бұл сапарда сүрініп те қалармын,
Сонда, досым, мені айыпқа бұйырма!

Жығылам деп жүре алмаймын жай басып,
Жүгіремін киіп-жарып, айқасып.
Мүлги берсін, ілби берсін қорқақтар,
Іш пыстырып, жалт-жалт қарап, жай басып.

Жығылсам да жүгірумен өтемін,
Аяңшылдың ақылын мен не етемін?
Жығылармын, алқынармын, шаршармын,
Барар жерге бұрынырақ жетермін.

Қ. Аманжолов

4-сабақ

Ел ертеңі – білімді жастар



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Ондағы ұғымдар мен жаңа тілдік оралымдарды түсіндіріңдер.

Өкем тірі, ағам ірі болды...

Шоңға сәлем берем деп Байдалының бір жас баласы келіпті.

– Қай баласың? – дейді Шоң.

– Байдалының баласымын, – дейді бала.

– Байдалының мен көрмеген қай баласысың?

– Жалға жүріп бұланбаған баласымын.

Өкем тірі, ағам ірі болды, сондықтан билік құра алмаған баласымын, – дейді.

Сонда Шоң балаға тура қарап: «Қасқа айғырдың баласы қасқа тумаса да, төбел туады» деген осы екен-ау», – депті.

«Шешендік сөздер» кітабынан

5-сабақ

Ұлт болам десең...



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Ақын ойын бүгінгі отандық және ғаламдық мәселелермен байланыстырып айтыңдар.

Жасөспірім замандас қапа қылды

Жасөспірім замандас қапа қылды,

Сабыр, ар жоқ, аял жоқ, ілді-жұлды.

Тұрлау қылып еш нәрсе басқара алмай,

Сенімі жоқ серменде өңкей жынды.

Жамандық, жақсылық пен – оған бір бәс,

Дін ісін, Құдай ісін айыра алмас.

Арын сатып, ант ұрып іздегені –

Бір семіз ат, аяғы бір табақ ас.

Тұрлаусыздың қолынан не келеді?

Ынтасыз қайтіп өнер үйренеді?

Еңбегі жоқ, еппенен мал табам деп,

Сендіре алмай, сене алмай сенделеді.

Онда оны алдайды, мұнда мұны,
 Жанын берсе, табылмас сөздің шыны.
 Алты жақсы жүз жылқы болған басы
 Бір семіз ат болады оның құны.

А. Құнанбайұлы

6-сабақ Ел тірегі

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтінде берілген ақпаратты бүгінгі күнгі қоғамдық мәселелермен байланыстырып айтыңдар.

Әлихан Бөкейхан үшін оқу мен білім біртұтас, оқу ұлғая келе білімге айналады. Бірақ «біліммен мақсат шықпайды», – дейді ол. Яғни қандай білім пайдалы, адамды қайсысы бақытқа жетелейді? Алған білімін өз «халқының өмірімен бірлестіре» алған адам ғана бақытты, оның жиған білімі баянды.

Әлекеңнің пікірінше, қазынаның басы мал және басқа материалдық байлық емес, оқу, білім арқылы келетін «адам ақылы, адам қолы, адам жаһиты». Адам баласының атқарып жүрген ісі алдымен ақыл-ой болып құрылады, сонан соң ол толғағы піскен сөзге айналады, яғни сөз болып ауыздан шығады, ең ақыры жасампаз іске ұласады. Өмірдегі әрекетіміз, міне, осы үш сатыдан тұрмақ: ақыл, сөз, іс.

М. Қойгелді. «Алаштану мәселелері»

7-сабақ Өнер, оқу – жастықтың қаруы

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Тақырыпқа қатысты шешендік оралымдарды тауып, талдау жасаңдар.

Үлкен тазға айтасыз ба...

Абайдың тәрбиесінде өскен таз бала Қатпа бірде атқосшы болып жүріп, байлар бас қосқан бір жиынға тап келіпті. Ел билерінің ішінде Тойшыбек деген басы таз бай да бар екен. Ол басының таз екенін жасырып, бұл жөнінде сөз шыға қалса, үйде отыра алмайтын болса керек. Өзінен дәрежесі төмендерге, атқосшыларға маза бермейтін тілі ащы, тынымсыз адам екен.

Бір шонжар отырып Қатпаға:

– Өй, таз! Бар атты қара! – депті.

Сонда Қатпа бала жұлып алғандай:

– Үлкен тазға айтасыз ба, кіші тазға айтасыз ба? – депті.

Үй толы жан ду күліпті. Бұған шыдамаған Тойшыбек не дерін білмей, үйден ата жөнеліпті.

«Шешендік сөздер» кітабынан

8-сабақ

Ұрпақтар сабақтастығы



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Өлеңде айтылған ойды бүгінгі күнмен байланыстырып айтыңдар.

Мүлт жібермейтін жанар жоқ,
 Қателеспейтін адам жоқ.
 Алай да түлей тірлікте
 Жаңсақ баспауға шамаң жоқ.
 Көл-көсір болма күндікке,
 Ерлердің көркі бірлікте,
 Жарасымы жарты жалғанда –
 Жүйріктер аз да, шабан көп,
 Сұңғыла сирек, надан көп.
 Сәулең болса санаңда,
 Жаңсақ басқан жандарға
 Шалқаңнан түсіп шамданба.
 Еліне тұлға – жақсы адам,
 Кешірімді келер басқадан
 Жағада жалғыз қалғанға.
 Адамзат тылсым жолсызда,
 Шытырман тірлік онсыз да.
 Кеңдік жоқ мынау әлемде,
 Қусырылып барады от жалған.
 Көңілінде кеңдік жоқтардан
 Мейірім күтпе, нұр күтпе,
 Сыздатпай жанын ел мұңы,
 Қайырымы мен ерлігі –
 Қара басынан аспаған.

Ф. Оңғарсынова. «Жігіттерге» өлеңінен үзінді

1-сабақ
Дүние сыры

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Ақын өлеңінің идеясы мен тақырыбы жайлы пікірлеріңді айтыңдар. Өлеңдегі тірек сөздерді пайдаланып, брифингте сөйленетін сөз мәтінін дайындаңдар.

Адамдық борышың

Адамдық борышың –
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай –
Ар сақта, оны біл.
...Талаптан да білім мен өнер үйрен,
Нәпсіңе билетпе,
Басыңның бағы үшін.
Өміріңді сарп қыл өлгеніңше,
Жоба тап,
Жол көрсет,
Келешек қамы үшін.
Қайтадан қайырылып
Қауымға келмейсің.
Барыңды,
Нәріңді
Тірлікте бергейсің.
Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң –
Шын бақыт,
Осыны ұқ,
Мәңгілік өлмейсің!

Ш. Құдайбердіұлы

2-сабақ
Әлем таныған Қазақ елі

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтіндегі тілдік оралымдарды талдаңдар. Ақын өлеңінде келтірілген көркемдегіш құралдарды пайдаланып, Тәуелсіздік күніне орай баяндама дайындаңдар.

Қазақстан

Арыстандай айбаттым,
Жолбарыстай қайраттым,
Аспандаған байрақтым,
Қанша жұлдыз жайнаттың,
Қанша бұлбұл сайраттың,
Қазақстан – ардақтым!
Өрбір тасы – киелім,
Өр уығы – жүйелім,
Өн кернеген жүрегін,
Күй кернеген тиегін,

Сары алтыннан сүйегің,
Қазақстан – жыр елім!
Шаңырағың – шырағым,
Топырағың – тұмарым,
Ғаламда жоқ сыңарың,
Ғажайыбым, жұмағым,
Басы таза бұлағым,
Басылмайтын құмарым,
Қазақстан – қыраным!

Ү. Есдәулет

3-сабақ Өнерліге өріс кең



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, ғалым тұжырымын сыныпта талдаңдар.

Кездейсоқ ашылған жаңалық

Күнделікті тұрмыста пайдаланылып жүрген кейбір заттардың қай-қайсысын алсақ та, олардың бір кездері адам өмірінде ашылған жаңалық екенін байқай бермейміз.

Қазіргі кезде кеңінен қолданылып жүрген темір бетонның ашылу тарихы өте қызық. Оны алғаш рет жасаған құрылысшы емес, бағбан болған.

Иә, кәдімгі гүл өсірумен айналысатын бағбан. Бұл оқиға өткен ғасырдың (XIX ғ.) 60-жылдары Францияда болған еді.

Бірде Париж бағбаны Монье гүл өсіретін күбілерді ағаштан емес, басқа заттан жасауға болмас па екен деп ойлайды. Өйткені ол кезде Францияда ағаш өте қымбат тұратын. Ол күбі жасау үшін әуелі құм мен цемент қоспасын пайдаланып көрді. Тәжірибе нәтижесі жаман болған жоқ. Осындай қоспадан жасалған күбілер берік өрі түрлі атмосфералық әсерге төзімді болып шықты. Бірақ Моньені бұл жетістіктер қуантпады. Өйткені мұндай күбілердің салмағы өте ауыр болғандықтан, оларды орнынан ауыстыру оңайға соқпады.

Монье енді күбілердің беріктігін, түрлі әсерлерге төзімділігін сақтай отырып, олардың салмағын жеңілдету үшін бірнеше тәжірибе жасап көрді. Әуелі сым темірден торлап, күбі формасын істеді, оны цементпен сылады. Монье мұндай күбілердің қабырғаларын қалың жасамаса да өте берік болатынын көрді. Біраз уақыт өткен соң бағбан бұл әдісті тек

күбілер жасауға ғана емес, басқа да көптеген құрылыс жұмыстарына да кеңінен пайдалануға болатындығын анықтады. Сөйтіп, Монье өзінің құрылыс материалдарын дайындаудың жаңа әрі тиімді әдісін ойлап тапқанын білді.

М. Құлбеков. «Өнертапқыш болу оңай ма?» кітабынан

4-сабақ Қиялыңа ерік бер

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, өздеріңе керекті мәліметтерді жазып алыңдар. Сыныпта мәтінді талдаңдар.

Оң жақ ми сыңарын іске қосудың екі әдісі

Оң жақ ми сыңарын қолдану мүмкіндігіміз артқан сайын, қиялымыз биіктей түседі. Синтездеу, яғни ағымдық ахуал мен бүгіннен сәл биік қарап, өмірімізде не істегіміз келетінін, қандай болмақ керек екенін толық түйсіну жеңілдей түседі.

Бәрін егжей-тегжейлі елестетіңіз. Эмоция мен сезімге мейлінше көбірек беріліңіз. Сезім мүшелеріңізді барынша толық пайдаланыңыз.

Доктор Чарльз Гарфилд спортта, бизнесте ең жоғары рекордтық көрсеткіштерге жетіп жүрген адамдар арасында ауқымды зерттеу жүргізді.

Зерттеу нәтижесінен шыққан басты түйіннің бірі – әлемдік деңгейдегі спортшылар мен үздік нәтижелерге жеткен басқа да танымал тұлғалар жоғары визуалдау қабілетіне ие. Олар әрекет жасаудан бұрын алдағыны қиялмен шолып, сол жағдайда «өмір сүреді». Олар түпкі мақсатты жол басында елестетіп алады.

Шығармашыл, образды оң жақ ми сыңары – сіздің жеке миссияңызды түзуге және оны жүзеге асыруға қажет ең маңызды ресурстарыңыздың бірі.

С. Кови. «Жасампаз жандардың 7 дағдысы» кітабынан

5-сабақ Зияткерлік миграция

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Айтылған пікірлер мен көзқарастарды салыстырып, сыныпта талдаңдар. Абайдың оқу-білім турасындағы даналық сөздерін негізге алып, «Абай ізімен...» тақырыбында үндеу дайындаңдар.

Ойлау өлшемдері

Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Дана ойлар жазирада жайылып жүрген қарақұйрықтар секілді. Кімде-кім оларға иелік етсе, сол ойлар оның меншігіне өтеді», – деген екен. Ал ойдың айтылмағаны жоқ. Мәселе сол ойды кім қалай ұққанына, қабылдағанына байланысты жүзеге асырылатынында...

Сондықтан ой, сөз мәселесіне өте абай болған жөн. Егер адамдар өткір пікір айтуды үйренгісі келсе, хакімдерді көп оқығаны абзал. Сонда адамдардың пікірі қалыптасады. Конфуций: «Адам тек ой ойлап, оқымаса, онда ол адамның басын жояды», – деген екен. Қазақта «ойлай, ойлай дана боласың, ойнай, ойнай бала боласың» деген жақсы сөз бар. Яғни ойлау – тынымсыз ми еңбегінің жемісі. Оның белгілі бір жүйелері бар. Терең ойлы дара, дана адам болу өмір мектебінен өтуді талап етеді.

О. Жәлелұлы. «Жақсы» кітабынан

6-сабақ

Білімді мыңды жығады

Тыңдалым

1-тапсырма. Даналық сөздерді тыңдаңдар. Ғұламалардың пікіріне қатысты өз ойларыңды айтыңдар. Сыныпта талқылаңдар.

Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де ақымақтық.

А. Құнанбайұлы

Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім.

М. Әуезов

Білім ұлы адамды жуасытады, орташа адамды таңырқатады, күйкі адамды ісіріп-кептіреді.

Л.Н. Толстой

Ең бастысы – адамды ойлауға үйрету.

Л.Н. Толстой

7-сабақ

Интеллектуалды ұлт

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтіннің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

Интеллектуалды ұлт – жаңа формация негізі

Дуалы ауыз сарапшылардың пікірінше, ХІХ ғасырға дейін мемлекет негізі қара күшке тәуелді болса, ХХ ғасырда ақша үстемдік құрады, ал ХХІ ғасыр білім мен интеллект ғасыры болмақ. Яғни біз өмір сүріп отырған ғасырда мемлекетіміздің экономикасын, әлеуметтік әлеуетін және саясатын, бір сөзбен айтқанда, болашақ дамуын интеллектуалды адам капиталы айқындайды. Жаппай жаһандану дәуірі қоғам дамуының жаңа талаптары мен міндеттерін алға тартуда. Ғылыми-техникалық жетістіктердің жылдам қарқынмен дамуы қоғамдық сананы өзгертті, жаңа құндылықтар пайда болды. Білім мен ғылымның қоғаммен байланысы мүлде жаңа арнаға ауысты. Міне, сондықтан ақпарат тасқынына шайылып кетпей, бәсекелестік бәйгесіне ілесу үшін интеллектуалды әлеуетті арттырудың маңызы зор.

«Егемен Қазақстан» газетінен

8-сабақ

Өнерпаз он кісімен тең



Тыңдалым

1-тапсырма. Даналық сөздерді тыңдаңдар. Дәйексөз ретінде мақал-мәтелдерді алып, «Ел үмітін ақтаймыз» тақырыбына қатысты өз ойларыңды айтыңдар.

Өнер – он іспен тең,
Өнерпаз – он кісімен тең.

Өнер өшпейді,
Өнерпаз өлмейді.

Жігіт болсаң – жеті өнер біл,
Қыз болсаң – қырық істің қисынын біл.

Ағадан – ақыл,
Данадан – нақыл.

Өнерліден өнеге ал, таланттыдан тәлім ал.

Өнерлі адам – өмірлік адам.

Асылды қайрақ ұштайды,
Ақылды білім ұштайды.

Білімді – ашық күн,
Надан – қараңғы түн.

1-сабақ

Ғылым таппай мақтанба



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Ақын көзқарасын ғаламдық (отандық) мәселелермен байланыстыра отырып талдаңдар.

Ғылымсыз адам – айуан,
Не қылсаң да ғылым біл.
Ғылымға да керек жан,
Ақылсыз болма, ғылым тұл.

Ақылға еркін ой керек,
Матаудан ойды азат қыл.
Әдеттеніп ертерек,
Өрісін кеңіт жылма-жыл.

Дұрыс деме құры ойлап,
Ақылға сынат, сабыр қыл.
Жығылмайтын дәлел тап,
Бір езу болма өзімшіл.

Тікенің болса бойыңда,
Ауырса да өзің жұл.
Сергек болсын ойың да,
Еріншек болма, құр масыл.

Адамның ең асылы –
Қиянатсыз ақ бейіл.
Ең зиянкес жасығы –
Тайғақ мінез, екі тіл.

III. Құдайбердіұлы

2-сабақ

Өнертабыс және жаңашылдық



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Терминдер мен ұғымдарды түсіндіріңдер.

Тағы бір маңызды жаңалық – іштен жану қозғалтқышы еді, ол бір ұрпақ буынының көз алдында орын ауыстыру мен тасымалдау тәсілдерін

толықтай жаңғыртып, мұнайды сұйық отын түріндегі саяси билік етіп қойды. Мұнайды адамдар баяғы замандарда тапты, онымен жауын суы өтпеу үшін үй шатырын бояп, арбасының дөңгелек өзегін майлады, бірақ 100 жыл бұрын оны басқа мақсатқа қолдана білмеді...

Ю. Харари. «Адамзаттың қысқаша тарихы»

3-сабақ Дәуір перзенттері

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Ғалымның нақыл сөздерін сыныпта талдаңдар.

Томас Эдисонның қанатты сөздері:

- Ең үлкен қателік – тез берілетіндігімізде. Қалағаныңа қол жеткізу үшін тағы бір көруге болады ғой.
- Мүсіншіге мәрмәр қандай керек болса, адам жанына да білім сондай қажет.
- Сенім – ойлай білмейтін адамдарға арналған сылдырмақ.
- Жұмыс жасаған кейіп таныту – жұмысты тындыру емес.
- Көпшілік ойланбау үшін тек еңбектен бергенді таңдайды.
- Мен де сәтсіздік болған емес. Мен тек он мыңнан аса тәсілдің дұрыс еместігіне көз жеткіздім.
- Ғұлама – 1% дарын, 99% маңдай тер.
- Мақсатқа тек қателік жасап, тәжірибе жинау арқылы жетесің.
- Ғұлама болудың құпиясы – жұмыс, бірбеткейлік, сананың саулығы.
- Өркениеттің ең маңызды мақсаты – адамға ойлануды үйрету.

Аударған Ш. Әбілді

4-сабақ Білім – ұлы күш

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Автордың ойын бүгінгі ғаламдық мәселелермен байланыстырып талдаңдар.

Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді;

әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады.

Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтеміннен басқа ойының жоқтығынан, өзге егін, сауда, өнер, ғылым – солар секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді.

Абай. Үшінші қарасөзі

5-сабақ

Әлемді өзгерткен өнертапқыш



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Өз өмірлеріңмен байланыстырып талдаңдар.

Әлемді өзгерткен өнертапқыш

Стивен Пол Джобс 1976 жылы Стивен Вознякпен бірге «Apple Computer» компаниясының негізін қалады. Компанияның бірінші компьютері шыққан кезде Джобс небәрі 21 жаста болатын. Тек ғылыми жұмыстарға арналған орасан үлкен машинаның орнына кез келген адам өз үйінде пайдалана алатын шағын ғана құрылғы шығарды. 1984 жылы «Apple» компаниясы шығарған «Macintosh Apple» компьютері бірінші рет қолданушының графикалық интерфейсін және манипулятор тінтуірді пайдаланды. 1980 жылы «Apple» компаниясы қоғамдық корпорацияға айналып, Джобс оның директорлар кеңесін басқарды.

6-сабақ

Таңғажайып табыстар иесі



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Өнертапқыштың өмірі мен шығармашылығы жайлы сұрақтар дайындап, сыныпта талдаңдар.

Біздің заманымыздың қаһарманы

Илон Рив Маск – америкалық инженер, өнертапқыш, кәсіпкер, инвестор, миллиардер. Оны бүкіл әлем шынайы өмірдің «Темір адамы», бөріне өз күшімен қол жеткізіп, әлем бейнесін өзгерткен әйгілі миллиардерлер Билл Гейтс, Стив Джобстың лайықты ізбасары санайды. Бастапқыда интернет-бизнес арқылы миллиондарды қанжығасына басқан жас кәсіпкер бүгінде адамзаттың жарқын болашағы толғандыратын ізгі қаһарманға айналды. Интернет-банкинг, зымыран-тасығыш және электромобиль

өнеркәсібі сынды жаңа салаларда өзінің басқалардан ерекше ойлай білетінін дәлелдеген Илон Маск небәрі 46 жасында таңғажайып табысқа қалай қол жеткізді?

Кішкентайынан-ақ кітапты ажырамас серігіне айналдырған Илон демалыс күндері қатарынан бірнеше кітап оқитын.

Соның нәтижесінде есте сақтау қабілеті өте жоғары деңгейде дамыды. Ол мектепте білімпаздығымен, зеректігімен қатарластарының алды болды.

«Аңыз адам» журналынан

7-сабақ Асыл мұра

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Терминдер мен тірек ұғымдарды білдіретін тілдік оралымдарды талдаңдар.

Білім артық па, байлық артық па?

VI ғасырда өмір сүрген, мұсылмандардың алғашқы төрт халифасының бірі Өзірет Әлидің (Әли ибн Әби Талиб) ел ішінде «ілім қақпасы» атанып кеткендігінің рас-өтірігін сынау мақсатында жерлестері оған он адамды кезекпен жібермекші болған. Олардың бәрі Әлиге: «Білім артық па, байлық артық па?» – деп бір ғана сұрақ қоятын болып келіскен. Егер осы сұраққа он түрлі жауап берсе ғана оны шын мойындамақ болыпты. Сонда Әли әр адам қойған бір сұраққа былай деп жауап берген екен:

1. Білім артық, өйткені ол – пайғамбарлардан қалған мирас, байлық – бақылдардан қалған мұра.

2. Білім артық, білімдінің жанында адал достар көп болады, ал бай адамның қасында амал достар көп болады.

3. Білім артық, ол досыңды көбейтеді, ал байлық дұшпаныңды арттырады.

4. Білім артық, оны қанша жұмсағанмен азаймайды. Байлықты жұмсай берсең, бір күні түгесіледі.

5. Білім артық, оны ұры-қарыдан сақтаудың керегі жоқ, ал жиған дүниенді сырт көздерден қорғаштаумен өтесің.

6. Білімнің көп болса ел саған қызығады, байлығың көп болса, ел сені қызғанады.

7. Білім артық, білімнің көп болғанмен есеп-қисап жүргізбейсің, ал байлығыңа ұдайы есеп жүргізіп тұруың керек.

8. Білім қанша көп болса да іріп-шірімейді, дүние-мал болса бүлінеді.
 9. Білім артық, ол кісілігің мен кішілігіңді арттырады. Байлық болса сараңдық пен қомағайлығыңды арттырады.
 10. Шынайы білімді адам орнымен сөйлейді, ізеттілігі де артады. Байлығы мол адам оған мастанып, астамшылық көрсетеді.

8-сабақ Өнер сарқылмайды

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, даналар сөзіндегі ойларды бүгінгі күн тұрғысынан талдаңдар.

Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазақтың төресі сол.

А. Құнанбайұлы

«Басқадан кем болмау үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болу үшін оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Ал күшті болуға бірлік керек».

А. Байтұрсынұлы

1-сабақ

Біріккен Ұлттар Ұйымы және Қазақстан



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. БҰҰ қызметі жөніндегі терминдерге сүйеніп, үзіндіні талдаңдар.

1948 жылдан бастап әлемнің 118 елінің 750 мың әскери мамандары, азаматтық полиция қызметкерлері мен халықаралық бақылаушылар БҰҰ-ның бейбітшілікті сақтау іс-қимылдарына қатысты. 1650-ден астам жауынгер БҰҰ туы астында әлемде баянды бейбітшілікті сақтау жолында өз өмірлерін қиды.

БҰҰ-ның бейбітшілікті орнату іс-қимылы үш бағытта жүзеге асырылды.

Біріншіден, халықаралық және өңірлік жанжалдардың алдын алу, қарама-қарсы тараптарды татуластыру. Бұл тұрғыда дипломатиялық тәсілдердің барлық мүмкіндіктерін толық пайдалану.

Екіншіден, бүгінгі қалыптасқан әлемдегі бейбітшілік жағдайды нығайту. Халықтар мен мемлекеттер арасында шынайы достық пен бейбітшілік қарым-қатынасты одан әрі дамыту.

Үшіншіден, аймақтық соғыс ошақтарының отын сөндіру. Қарсылас тараптарды өзара ымыраға келтіру, соғыс өрті шарпыған елде баянды бейбітшілік орнату.

БҰҰ-ның бұл принциптері халықаралық құқық негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

А. Арыстанбекова. «Ұлттар ұйымы және Қазақстан» кітабынан

2-сабақ

Жаһандық ядролық қауіпсіздік



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, тақырыпқа қатысты өз пікірлеріңді айтыңдар.

Ядролық қауіпсіздік

Бүгінде ядролық қауіпсіздік мәселелері – дүниежүзілік саясаттағы ең жетекші орындардың бірінде.

Тәуелсіз Қазақстан тек өзі үшін қауіпсіздікке жетуді еш уақытта мақсат қылған емес. Ядролық қарусыздану мен қауіпсіздік туралы мәселені біз әрдайым кең мағынада қарастырып келдік.

Мәселен, 2000 жылғы қыркүйекте болған БҰҰ-ның Мыңжылдық саммитінде-ақ мен талқыланатын мәселелердің қатарына ядролық қауіптің таралуы проблемасын да қосуды ұсынған болатынмын. Неге десеңіз, ядролық қаруға ие базбір елдердің текетіресі сол кезде де болған, қазір де бар. Дүниедегі біраз елдер ядролық жалмауыздың құпиясына ие болудың табалдырығында тұр.

Ядролық қауіпсіздікті үшбірлікті тұтастық деп қарастырамын, олар: 1) проблеманың әскери-саяси қыры, яғни адамзатты ядролық қарудан сақтау; 2) ықтималды ядролық лаңкестікке қарсы әрекет; 3) атом энергетикасының қауіпсіздігі.

Бірінші мәселе бойынша Қазақстанның ұстанымы айнымайды: тарихи мақсат – ядролық қарусыз дүниеге ұмтылу.

Соңғы 20 жылда ядролық қарусыз дүниеге қарай аса маңызды қадамдар жасалды.

Н. Назарбаев. «G-GLOBAL XXI ғасыр әлемі» еңбегінен

3-сабақ

Жаһандық экономика

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, үзіндіде берілген негізгі ойды анықтаңдар. Төмендегі терминдермен қысқартылған сөздердің мағынасын түсіндіріңдер.

Еуразиялық интеграция

Еуразиялық интеграцияның тұғырнамасы мейлінше кең. Ол ТМД, ЕурАзЭҚ, ҰҚШҰ, Қазақстанның, Беларусьтің және Ресейдің Кеден одағы – БЭК және басқалар сияқты формасы, мақсаттары мен міндеттері жөнінен әртүрлі халықаралық бірлестіктерді қамтиды.

Неғұрлым кең халықаралық пішімде алғанда Еуразиялық ынтымақтастық дегеніміз – ЕҚЫҰ, АӨШК, ШЫҰ, Ислам ынтымақтастығы ұйымы, Түркітілдес мемлекеттер кеңесі шеңберіндегі ынтымақтастық.

Бұл ұйымдардың қызметіне Қазақстан барынша белсенді түрде қатысады.

Біздің белсенділігіміздің жалпы өлшемі – Еуропа мен Азия, Батыс пен Шығыс, Солтүстік пен Оңтүстік елдерінің жақындасуына,

ынтымақтастығына және қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған кең ауқымды еуразиялық идея.

XXI ғасырда еуразиялық интеграция G-GLOBAL дүниесінің шындығына айналуы керек, бұған менің күмәнім жоқ.

Н. Назарбаев. «G-GLOBAL XXI ғасыр әлемі» еңбегінен

4-сабақ

Қазақстан және әлем елдері

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, мазмұнын зерделеңдер. Төменде берілген кестені толтырыңдар.

Біз БСҰ-ға кіруге үлкен мән береміз, яғни бұл зор мүмкіндіктері бар ел ретінде Қазақстанды әлемге жария етуге ықпал етеді. Жаһандану үдерісінің күшеюі жағдайында Қазақстанның Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіруі экономикалық саясаттың басты проблемаларының біріне айналады. БСҰ-ға кіру Қазақстанның өнімдері үшін нақты нарықтардың ашылуына мүмкіндік беріп қана қоймай, республика экономикасында одан анағұрлым тереңірек өзгерістерге алып келуі мүмкін.

Бүгінде әлемдегі 140-тан астам ел БСҰ-ға мүше болып табылады, таяу жылдарда олардың саны ұлғаяды. Бұл дегеніміз – іс жүзінде осы заманғы тиімді экономика құрғысы келетін және әлемдік саудада тең құқылы қатысушы болудан үміттенетін кез келген мемлекет БСҰ-ға мүше болуға ұмтылады. Бұл мағынасында Қазақстан да тыс қалмайды.

БСҰ-ға мүше болу отандық өнімдерді сыртқы нарықтарға жылжыту үшін өзіндік бір құрал екендігі фактісі айқын, бұл өз кезегінде Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттырудың механизмі болып табылады. Бірақ Қазақстан Республикасының БСҰ-ға кіруі Қазақстанға импортқа жол ашатындығын да естен шығаруға болмайды.

О. Сәбден. «Бәсекелестік экономика» еңбегінен

5-сабақ

Жаһандық экономиканың көшбасшылары

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтінде айтылған пікірге қатысты өз ойларыңды айтыңдар. Сыныпта талқылаңдар.

Тәуелсіз қала-мемлекет болып тұрған Сингапурдың жоғалып кетуі мүмкін бе? Рас, арал жоғалмайды. Алайда әлем бойынша өзіндік рөл атқарып, тәуелсіз ел ретінде өзіндік жол таба білген мемлекеттің жоғалуы мүмкін.

Сингапур өркендеді, гүлдеді. Себебі Сингапур дамыған елдердің кәсіпкерлері өз кәсіптерінің негізін салған қалалардың жаһандық желісінде бүкіл әлемге керек еді. Сингапурдың тәуелсіз мемлекет болып қалуы үшін мұндай әлемдік орта қажет. Мұндай ортада әртүрлі күштер өз тепе-теңдігін сақтайды. Бұл – шағын мемлекеттің үлкен мемлекеттерге жұтылып кетпеуіне немесе өзгелердің оны басып алмауына, сөйтіп сақталып қалуына мүмкіндік жасайды.

Азия-Тынық мұхиты аймағындағы бейбітшілік пен тұрақтылық – АҚШ, Жапония және Қытайдың арақатынасына байланысты. Қытай мен Жапония, өздерінің геосаяси мүдде тұрғысынан алғанда, өзара бәсекелес. Жапония көп ретте АҚШ-пен мүдделес. АҚШ пен Жапонияның арасындағы тепе-теңдік, екінші жағынан, Қытай Шығыс Азия елдерінің арасындағы қарым-қатынастың тұтас жүйесі мен құрылымын анықтайды.

Жалпы алғанда, осы аталған елдер арасындағы күштер тепе-теңдігі сақталар болса, онда Сингапурдың болашағын бұлт шалмайды және ол бүкіл әлемге пайдасын тигізе береді.

«Жаһан таныған жеті тұлға» кітабынан

1-сабақ

Ғажайып мұра



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Тақырыбы мен идеясын және көркем айтылған тілдік оралымдарды талдаңдар.

Күлтегінің көктасы

Ұлы таулар, тебірен, жата бермей шалқалап,
Ұлы Дала рухына басын иді шартарап.
Төңірінің біздерге көктен түскен сыйындай,
Көктас көшіп келеді тарихымды арқалап.

Аруағыңнан айналдым, бабаларым, хас батыр,
Көз жасындай мөлдіреп қасиетің таста тұр.
Күн астында күңіреніп, құлпытасың қалмаса,
Мың жылдардың үңірейіп арғы жағы бос жатыр.

Исі түркі жұртының тұмарындай көктасым,
Бұзып жеттің бүгінге ғасырлардың қақпасын.
Түмен-түмен қол ертіп, тік көтеріп даланы,
Түзегендей Күлтегін астанама ат басын!

Екеніміз шын болса Ер түріктің ұрпағы,
Бізге қымбат көктастың ұшып түскен ұнтағы.
Құдіретін өз тұтып Күлтегіндей киенің,
Ұл жасасын ұлтының бола білген ұлтаны!

Н. Айтұлы

2-сабақ

Өркениет бесігі



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Қазақстан аумағынан табылған тарихи-мәдени ескерткіштерге нақты мысалдар келтіре отырып, үзіндіні талдаңдар.

Қазақстан аумағында арийлер қалдырған құнды мәдениет ескерткіштері өте көп. Мысалы, жартастарға салынған суреттер. Мұндай сурет галереяларын ғалымдар петроглифтер деп атайды. Осыдан 4 мың жыл бұрын тасқа қашалған суреттер Үстірт даласы, Қаратау, Жетісу, Орталық және Шығыс Қазақстан өңірлерінен көптеп табылған.

Суреттерден арийлердің дүниені қалай түсінгені, қандай рәсімдік билерді билегені, қалай аң аулағаны, қандай мал баққаны, екі доңғалақты арбалары, абыздар мен батырлар туралы түсініктері т.б. туралы толық мағлұмат алуға болады.

Мысалы, «Арба үстіндегі жауынгер» – Қаратау шимайлы тастарының аса құнды туындыларының бірі. Бұл сурет ерлік рухын көрсетеді. Ат жегіп, арба міну, оны өз Отанын қорғау үшін әскери жорықтарға пайдалану қазақ даласын мекендеген тайпалардан бастау алғанына осы таңбалы тастардағы суреттер дәлел бола алады.

К. Байпақов. «Ежелгі Қазақстан» кітабынан

3-сабақ

Қазақтың дәстүрлі қару-жарағы



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Жыраулар поэзиясы жайында ой толғаңдар.

Қоғалы көлдер, қом сулар
Қоныстар қонған өкінбес.

* * *

Кілең бұздай кілшейтіп,
Көбелер киген өкінбес.
Жұпарын қардай боратып,
Арулар құшқан өкінбес.
Торы төбел ат мініп,
Той тойлаған өкінбес.

Құрама шапшақ көп қымыз
Құйып ішкен өкінбес.
Екі арыстан жау шапса,
Оқ қылқандай шаншылса,
Қан жусандай егілсе,
Аққан судай төгілсе,
Бетегелі Сарыарқаның бойында
Соғысып өлген өкінбес!

*Доспамбет жырау.
«Бес ғасыр жырлайды». 1-том.*

4-сабақ

Шетелдегі қазақ жәдігерлері



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Өзара пікірлесіп, берілген ақпаратты талқылаңдар.

Қазақтың қолданбалы өнерінің көптеген үздік туындылары, этнографиялық сирек заттары XVIII–XX ғғ. басына дейінгі орталықта шетелдік зерттеушілердің тұрмыс, әдет-ғұрып, дәстүрлерді зерттеп, зерделеуі нәтижесінде Францияның, Германияның, Венгрияның, Англияның және басқа да көптеген шетелдік мұражайлардың қорына түскен. Көбінесе бұл

экспонаттар Қазақстанға да, сондай-ақ дүниежүзілік қоғамдастыққа да белгісіз халық шығармашылығы, жәдігерлері болып отыр.

Қыпшақтар Еуропаға қоныс аударғанға дейін Еуразия даласындағы көшпелілерге тән мәдениеттің өкілдері еді. Орта ғасырлардағы қыпшақтардың қазіргі ұрпақтары өздерінің шығу тегін, өз мәдениетінің ортаазиялық түптамырларын бүгінге дейін ұмытпай, естерінде сақтаған.

Қарсақ қаласы венгр қыпшақтарының бас қаласы болып есептеледі. Қарсақтың тұрғындары христиан дінін ұстануына және венгр тілінде сөйлегендеріне қарамастан, өздерін түркілер деп санайды. Қала елтаңбасында төждің төменгі жағында жасыл беткейде жайылып жүрген қозы бейнеленген.

Қарсақта қыпшақ мәдениетінің мұражайы бар. Мұражай экспонаттары аймақ халқының отырықшылық-егіншілік мәдениетімен синтезделу үдерісінде венгр қыпшақтарының өзгеріске ұшыраған көркем қолөнер кәсібінің молдығы мен әралуандығын көрсетеді.

Тохтабаева Ш.Ж., Каримова Р.У. «Қазақтың сәндік-қолданбалы өнерінің шетелдегі жәдігерлері»

5-сабақ

Түркі жұртының жауһары



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Өлеңнің тақырыбы мен идеясы жөнінде ой толғаңдар.

Түркістан екі дүние есігі ғой,
Түркістан ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің Тәңірі берген несібі ғой.
Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен.
Тұранның тарихы бар отты желдей,
Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей.
Тұранның жері менен суы да жат,
Теңіздей терең, ауыр ой бергендей.
Тұранның егі-шексіз шөлі қандай,
Теңіздей кемері жоқ көлі қандай!

Мағжан Жұмабаев. «Түркістан» өлеңінен үзінді

6-сабақ**Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары****Тыңдалым**

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сыни тұрғыда бағалаңдар.

Қытайдың белгілі аспап зерттеушісі Ли Юан Цин ертедегі көне түріктерден Қытайға тарап сіңіп кеткен қазақ аспабының бірі шертер жөнінде былай дейді: «...Орта Азия мен Үндістаннан Қытайға көптеген аспаптар ауысып келген мысалдар бар. Таң династиясы (618–906) дәуірінде көптеген елдер, соның ішінде Орта Азия елдері де Қытаймен тығыз саудасаттық, мәдени қарым-қатынастар орнатты. Сол алмасулар нәтижесінде жекелеген музыкалық аспаптар да ауысып келді. Орта Азиядан ауысқан қазіргі кезде Қытайда пипа аталатын көне аспап, уақыт өте келе қытай музыканттарының жетілдіруімен біршама өзгеріске ұшырады. Қазіргі кезде пипа қытайдың музыкалық аспабы саналады».

«...Хан династиясының соңғы кезеңдерінде өмір сүрген Қытайдың атақты тіл маманы Лю Шидің жазбасында: Кейінгі замандарда Қытайдың ұлттық музыкалық аспабына айналып кеткен пипа әу баста ғұндардан шыққан. Ат үстінде ойнауға арналған аспап», – деп көрсетілгендігін жазады зерттеуші-ғалым Ә. Дәулетхан.

«Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары» кітабынан

7-сабақ**Шығыс пен Батысты байланыстырған көпірлер****Тыңдалым**

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, тақырыбы мен идеясын талдаңдар.

Түркі қалалары – ғылым мен мәдениет орталығы

Ұлы Жібек жолы – адамзат баласы өркениетінің теңдесі жоқ тарихи ескерткіші. Ол көп ғасырлар бойы өз құрамына кіретін елдер мен халықтардың экономикасының, мәдениетінің дамуында басты рөл атқарды. Құрлықтарды жалғап жатқан бұл жол II ғасырдан бастап Еуропа мен Азия арасын біріктірген көпір болды, Шығысты Батыспен байланыстырды.

Орта ғасырлар кезеңінде Қазақстанда гүлденген ондаған қалалар өмір сүрген. Олардың тамаша архитектуралық үйлесімділіктері, сарайлары, мешіттері, кесенелері, медреселері, ұстаханалары, шеберханалары кімді болмасын таңғалдырмай қоймаған.

Қазақстан археологиясындағы жарқын оқиғалардың бірі – жазба деректерде көрсетілген ортағасырлық қалалық мәдениет пен қалалардың

табылуы болды. Қазақстан тек көшпелілер отаны деп кешегі күнге дейін айтылып келген пікір жоққа шығарылып, жеріміздің өзіндік, далалық өркениеттің бесігі болғандығы айқындалды. Ол өркениет диқан мен малшы, қала мен дала мәдениеттерін бойына сіңіріп, кіріктіре білген. Мұндай дәстүрлі бірлестіктің ізі тіптен қола дәуірі кезінде болғаны байқалады.

К. Байпақов. «Қазақстанның ежелгі қалалары» кітабынан

8-сабақ

Атадан ұл туса игі...



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Төле би толғауларының тақырыбы мен идеясын талдаңдар.

Ел арасында Төле би айтты дейтін шешендік сөз үлгілерінің бір төркіні былай болып келеді. 1740 жылы қалмақ билеушісі Қалдан Цереннің қолшоқпарлары Ұлы жүздің ханы Жолбарысты өлтіреді. Төле бастаған ел Ташкенттен қуылады. Жау жағы Ташкентке Қоқым манапты әкімдікке тағайындайды. Бұл кезде Сыр бойы қалаларының біразы жоңғарлардың қол астында қалады. Осы тұста Күлтөбенің басында үлкен жиын ашылып, оған ел басылары түгел жиналады. Сонда Қарабек батыр: «Жауға тізе бүгуден басқа амал жоқ» деген пікір айтады. Қарабекке ашуланған Төле би:

– Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі.
Өзіне келер ұятын
Өзі біліп тұрса игі.
Жаудан бұққан немені
Ортасынан қуса игі! –

деп шырық бұзғандарды жиыннан қудырып жібереді. Содан соң айналасындағыларға қарап:

– Уа, көсіле шабар жерің бар,
Ту көтерген ерің бар,
Қол боларлық елің бар,
Атадан қалған сара жолың бар,
Құлдық ұрсаң дұшпанға,
Арылмайтын сорың бар...
Құлдық ұрсаң дұшпанға,
Еркек болып туды деп,
Мына сені кім айтар? –

деп толғайды. Төленің осы төрелік сөзін өзгелер түгел құп алып, жауға қарсы күш біріктіріпті деседі.

«Ел аузынан» кітабынан



ТАБИҒАТ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ

1-сабақ

Экологиялық қауіпсіздік



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, негізгі ақпаратты анықтаңдар.

Қазақстан үшін экологиялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері айрықша маңызды.

Жиырмамыншы ғасырдың соңғы он жылында әлемде «тұрақты даму» концепциясы қалыптасты. Ол алғаш 1983 жылы БҰҰ құрған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бүкілдүниежүзілік комиссия баяндамасында ұсынылды.

Қоршаған ортаны қорғау жөнінде де Конференция 3-14 маусым аралығында Рио-де-Жанейрода өтті. Ол «Жер саммиті» немесе «Рио Конференциясы» атымен мәлім.

Рио-де-Жанейродағы кездесуде «XXI ғасырдың күн тәртібі» бағдарламасын қабылдады, ол тұрақты дамудың барлық саласындағы ғаламдық әрекеттерді түгелдей қамтитын жоспар түрінде енді. Онда Жердің жұқарып бара жатқан экологиялық ресурстарын сақтауға, атмосфераны қорғауға, ауа мен судың ластануына құрғақшылықтың алдын алуға, балық қорының азаюына қарсы қолданылатын шаралар мен негізгі әрекеттер көрсетілген.

«XXI ғасырдың күн тәртібіне» қосымша ретінде «Қоршаған орта жөніндегі Рио Декларациясы» және «Орманды тиімді пайдалану туралы мәлімдеме» қабылданды.

А. Арыстанбекова. «Ұлттар ұйымы және Қазақстан» кітабынан

2-сабақ

Табиғатым – тағдырым



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Ғаламдық экология жөніндегі өз ойларыңды айтыңдар.

ЮНЕП-тің арнайы сессиясындағы баяндамада ғаламдық экологиялық ахуалдың одан сайын нашарлағаны атап өтілді. Сессияда қабылданған қорытынды құжатта БҰҰ-ға мүше мемлекеттер климаттың күрт өзгеру қаупін тудырмас үшін газ бөлуді азайту жөнінде заңдық міндеттемелер қабылдау мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

1997 жылы 11 желтоқсанда БҰҰ-ның Киото қаласында өткен Конвенциясында климаттың өзгеруі туралы Киото хаттамасына қол қойылды. Осы хаттама да әрбір мемлекет парникті әсері бар газдардың атмосфераға бөлінуін азайту мақсатында, қуат пен экологиялық қауіпсіз технологияның жаңа және ұмыт қалған түрлерін табу мен кеңінен қолдану шаралары көрсетілген.

Мемлекет басшысының тапсыруы бойынша 1999 жылы 12 наурызда мен Біріккен Ұлттар Ұйымында Қазақстан Үкіметінің атынан Киото хаттамасына қол қойдым.

А. Арыстанбекова. «Ұлттар ұйымы және Қазақстан» кітабынан

3-сабақ

Экологиялық үйлесім



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар дайындаңдар.

Айналаң – аялы алтын бесігің

...Экология – адамдардың бақытты өмір жолында өзін қоршаған табиғи, рухани ортамен жарастықты қарым-қатынас жасай білуі. Ендеше ол барша тіршілік әрекеттің бәрін біріктіреді. Сол әрекеттер үстінде қалыптасатын барша әлеуметтік ынтымақтастықтың бәрі қатынасады. Бірақ бұл күресте де біреуге сенуге, өзгеге иек артуға болмайды. Қорек айыру жолында қалай қол қусырып отыра алмайтын болсақ, экологиялық үйлесімде де дәл солай қарекеттенген ләзім.

Ал ендігі жерде өз бауырымыздан шыққан бүлдіршіндерден басталатын болашақ адамзаттың бақыты жолында бел шешіп, білек сыбанып күресуге тұратындай жалғыз майдан – осы. Жарастықты өмір, сау-саламат тіршілік жолындағы күрес. Өйткені айналаң – аялы алтын бесігің. Бесігің ардақ тұтпаған береке қайтіп таппақшы?!

Ә. Кекілбаев. «Заманмен сұхбат» кітабынан

4-сабақ

Туған жердің түтіні



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, өз болжамдарыңды ұсыныңдар.

Атыңнан айналайын, Қарқаралы!

Қарқаралының шөбі шүйгін, суы мол, орманы қалың, түнде жайылған жылқы алысқа ұзамай, жусап жата беретін құйқалы жер.

Төңірегі қу медиен дала. Құдай сөйтіп жаратыпты. Іргесінде Мәдидің Үшқарасы, кейінгі уақ геологтар суырдың ініндей тұрткілеп, шұқылап тесіп тастаған Кент таулары бар.

Қарқаралы үнсіз тұрады. Танауыңды қышқылтым дәмді, майы бетіне қалқыған қымыздың жұпар иісі қытықтап бара жатады. Адасып, қайдан қаңғалақтап келгені белгісіз, кеңсірігіңді жарады. Бір жақтан келіп жатқан қымыз иісі жоқ, елтітіп, желіктірген, еліктіріп, желпіндірген – кешегі балалық шақтың елесімен жадыға қайта түсіп жатқан сол таныс иістер. Тобылғы иісті қымыз, кәдімгі тобылғы ше, жылдамдата жүрсең, қаудырап етегіңді ілетін. Таңсық болып кетіпсің, тобылғы иіс.

Көп нәрсені есіме түсіріп жатырсың, Қарқаралы.

Д. Амантай. «Махамбет философиясы» кітабынан

5-сабақ

Жер мәселесі



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, экологиялық мәселе жайлы өз болжамдарыңды айтыңдар.

Жер мәселесін кеңірек қарастырған жөн. Жалпы адамзат тарихта Жер планетасы биологиялық негізінің бұзылуына себепші бірінші фактор саналады. Планетаның биологиялық принциптерін бұза отырып, шынында да, өз-өзімізді құрта бастадық. Адамзаттың бір жартысы тек бауды ойлап, өздерінің сол табиғаттың бір бөлігі екенін ұмытып кетті. Табиғатты аялау біздің жан дүниемізге, психологиямызға, денсаулығымызға тікелей әсер етеді емес пе? Өкінішке қарай, біз өзімізді жоғары санаймыз да, ал жалпы бүкіл тіршіліктің дамуына қызмет етуді ұмытып кетеміз.

Айтар болсақ, дүниежүзілік қоғам адам қоғамынан оқшау болса да, әлемдегі барлық тіршілікпен, тау мен жан-жануар, жәндік, өзен-су, өсімдіктермен т.б. жаһандық және биологиялық байланыста. Сол себептен тұрақты даму – ол бүкіл тіршіліктің қайнар көзі. Ал біз болсақ, солардың бір бөлігіміз. Табиғат барда біз де бармыз. Табиғат – ол біз. Осыны ұмытпайық, ағайын!

О. Сәбден. «Абай және қазақ елінің болашағы» кітабынан

6-сабақ

Табиғат пен адам



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Берілген үзіндіні өз болжамдарыңмен аяқтаңдар.

Әкесінің әңгімесі Нұрғисаны қатты қызықтырса керек, бар ықыласымен ынтыға тыңдап келеді.

Ал құстар ше?

– Құстардікі тіпті ерекше. Күзде жылы жаққа қайтқанда құс біткеннің бәрі қиқулап қоштасу әніне салады. Аққу да, тырна да ұя салып, балапан шығарған жерлерімен қимай қоштасады. Ал көктемде сағынышқа толы әуенмен келеді. Құстардың ішіндегі керемет әншісі – бұлбұл.

– Әке, сонда бәрі де ән сала ма?

– Әрине, балам. Тек соны зейін қоя тыңдай білу керек.

Күн екіндіге еңкейген сәтте әкелі-балалы жолаушылар Қарауылтөбенің тұсына жетіп, сәл тынығып алу үшін аттан түсті.

*Жарқын Шәкерім, Дарига Тілендікеліні.
«Нұрғиса Тілендиев» еңырнамалық деректі хикаятынан*

7-сабақ

Табиғат сыры



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Автордың айтпақ ойын болжап, сыныпта талқылаңдар.

Көктем еді. Абай елінің көктемі. Өлеңге айналған өмірдей керемет көрікті көктем!

Әрине, әр жердің өз көктемі бар және көктем әр елде де көрікті. Дей тұрғанмен, Шыңғыс атырабының Абай әшекейлеген көктемі бәрінен де көркем:

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,
Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып.
Шаруа қуған жастардың мойны босап,
Сыбырласып, сырласып, мауқын басып.

Безендіріп жержүзін тәңірім шебер,
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.
Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне өкендей үстіне аспан төнер.

Жылдың төрт мезгілінің ішінде Мұхтардың ерекше қадір тұтатын кезі – көктем, ең жақсы көретін айы – мамыр.

Сол әлгі сәби шағынан солай.

Шыңғыс атырабындағы күллі жаз-жайлау, күз-күзеу секілді Бөрлінің қыс-қыстауы да жыл сайын табиғаттың тамылжыр тұсы – көкке көксіл атқан көкпеңбек көктемді сағына, сарғая күтеді...

З. Қабдолов. «Менің Әуезовім» романынан



ЖАҢА ӘЛЕМДЕГІ ТЕАТР МЕН КИНЕМАТОГРАФИЯ

1-сабақ

Жаңа замандағы театр



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Театр тақырыбына қатысты терминдер мен ұғымдарды анықтап, үзіндіні талдаңдар.

Суреткерлік еркіндік

Егемендік алу жылдары, сөз жоқ, қуаныш әкелді. Ел-жұртымыз Орталық әмірінен арылып, өз бетінше тіршілік жасауы әлбетте үлкен салтанат еді. Өнеріміздің да арқа-басы кеңіді. Бұйрық, жарлық жоқ. Жоспар, міндеттеме дегендер атымен жойылды. Жоғарыдан арнайы үкіммен бекітіліп берер қасаң репертуардан құтылған еркін театрдың іркілген тұстары да жоқ емес еді.

Ең бастысы, творчестволық ұжымға суреткерлік еркіндік берілді. Көркемдік кеңес жағынан драматургиялық лаборатория құрылды, өйткені драматургия – сапасы жағынан да, саны жағынан да мәнсіз еді...

Өйтсе де, театр бұл жылдары өзіне тиген бостандықтың арқасында қандай тығырықтан да шығармашылық намыспен шыға білді. «Абылай хан», «Томирис», «Мәңгілік бала бейне», «Қабыл – Адам-ата перзенті», «Турандот ханшайым», «Абылайдың ақырғы күндері», «Абай», «Ревизор» сынды күрделі қойылымдарға иек артты.

Ә. Сығай, Е. Жуасбек. Қазақтың мемлекеттік М. Әуезов атындағы академиялық драма театры. «Өнер» баспасы

2-сабақ

Өнер – өмір өрнегі



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Жазушының тілдік оралымдарына талдау жасаңдар.

«Балалы болсам, әдемі өмірім бұзылады-ау», – деп ойлайтын еді Шолпан... Бала туса күйеуімен екеуінің ортасында бір тікенек өсетіндей болушы еді... Қиюласып қосылған екі жанның арасына жат бір үшінші жан түскен соң, екеуінің де жалынды, екпінді махаббаты бүлінер, бөсеңдер, суынар деп қорқушы еді Шолпан.

Осы ойлармен талай түндерде, талай таң мезгілінде Тәңірден: «Бала берме!» – деп тілеп еді. Күншығыстан ақ жібектей таң атып келе жатқан

мезгілде, өзге адам сөздеге құлап, маңдайын топыраққа былғап, тасқа ұрып Төңірден бақытты тұрмыс, өшпес бақыт, кетпес байлық әсіресе бала сұрайтын кезінде, Шолпан күрсіне-күрсіне, Жасағанға: «Бала бере көрме!» деп жалынып еді...

М. Жұмабаев. «Шолпанның күнәсі» әңгімесінен

3-сабақ Опера өнері

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, жанрын, тақырыбы мен идеясын табыңдар.

Ау, халайық, халайық,
Алатауда – Ақарыс,
Сарыарқада – Жанарыс,
Еділ-Жайық – Бекарыс,
Қазаққа біткен шартарап,
Одан арғы алты Алаш,
Одан да арғы ағайын,
Жар шашамын, құлақ ас!
Талауға түсер малың бар,
Таласқа түсер жерің бар,
Тағдырдан талқы көп көріп,
Талықсып жатқан елің бар,
...Іргесі ашық төрің бар,
Қайраңдаған қайықтай,
Қалтақтаған күйің бар,
Көремісің, әлеумет?!
Сол күйімді білетін,
Сорлы санап күлетін,
Сыртыңнан тұзақ құратын,
Жалақтаған жауың бар.
Жағаңнан алып тайталас,
Аяқтан шалып бақталас,

Быт-шыт қылған басыңды,
Пыш-пыш қылған сөзіңді
Бітпейтұғын дауың бар –
Білемісің, әлеумет?!
Сол дауыңды тыймасаң,
Айылыңды жимасаң,
Жаманның жолын кеспесең,
Жақсыңа тізгін қимасаң,
Тілекке тілек қоспасаң,
Көптен теңдік ала алмас,
Аздан елдік көре алмас,
Аяқтыға жол болар,
Азулыға жем болар,
Кер заманға кезігіп,
Боларсың тіпті бұған зар,
Сеземісің, әлеумет?!
Теңдіктің тезі теңселме,
Еркіндік жолы егесті,
Бақыттың жолы – бөсеке,
Ырыстың жолы – бейнетті,
Азаттық жолы – азапты,
Төземісің, әлеумет?!

*Ә. Кекілбаев. «Абылай хан»
драмалық дастанынан үзінді*

4-сабақ Жаужүрек өрендер

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Фильм туралы пікірлеріңді айтыңдар.

«Жаужүрек мың бала» – тарихи деректі емес, көркем фильм. Сондықтан картинада тарихи оқиғалар образды түрде берілді. Мұнда көркемдік әрлеу, мәнерлеу және сюжет бар. Тарихта нақты «Мың бала» деген оқиға жоқ. Бұл – арманнан туған аңыз. Алайда жер-жерде ауыздан ауызға тараған жырларда Сартай батыр туралы, «Мың бала» оқиғасына қатысқан адамдар туралы аңыздар бар. Мен бұл фильмге кеңесші ретінде қатыстым. Осы фильмді жасаған топтың ең үлкені – мен. Негізінен, «Жаужүрек мың бала» режиссердің, актерлердің қабілеттілігінің арқасында сәтті шықты деп ойлаймын. Қазіргі жастарымыздың қабілет-қарымына шын риза болдым.

Қ. Зардыханұлы. Abai.kz ақпараттық порталынан

5-сабақ Аға сұлтан бейнесі

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Автордың сөз қолданысы мен сөз әдебін зерделендер.

Өкесінің ат жақты келген, ұзын сопақ басының құлақтан жоғарғы жері қаз жұмыртқасындай көрінеді. Онсыз да ұзын, үлкен бетіне үп-ұзын боп дөңгелей біткен сақалы қосылғанда, басы мен беті бір өңірдей. Сонда Құнанбайдың жалғыз сау көзі, оның көтеріңкі жал-түмсығының сол иығына шығып алып, қалғымай, сақшыдай бағып, осы өңірді қалт етпей күзетіп тұрған сияқтанады. Қоя берсін, салғырттығы жоқ сергек, қатал күзетші.

Жалғыз көз шұңет емес, томпақша. Тесіле, сыздана қарайды. Кірпігін де сирек қағады. Иығына бота ішігін жамылып, шалқия отырып сөйлеген Құнанбай осы үйде әркімге қарамайды. Қарсысына таман отырған Сүйіндікке ғана қадалып сөйлейді.

М. Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясынан

6-сабақ Ән патшасы – Әміре

Тыңдалым

1-тапсырма. Ақан серінің «Балқадіша» әнін тыңдап, тақырыбы мен идеясын түсіндіріңдер.

7-сабақ Ән салсаң, өзімдей сал...

Тыңдалым

1-тапсырма. Ұнтаспадан Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін тыңдап, Біржан салдың «Ләйлім шырақ» әнімен салыстырыңдар. Әндердің тақырыбы мен көркемдік ерекшелігін талдаңдар.

8-сабақ

Балуан Шолақ



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Өз сөздеріңмен балуанның портретін жасаңдар.

Сосын... Иә, сосын Балуан Шолақ атты алып күш иесі денесі таудай дейтіндей соншалықты жойқын адам болмапты. Рас, сұсты еді, денесі ортадан биік сидам болып көрінгенімен, мойны мығым, жауырынында алапат күш жатқан жан еді дейтін әкем. Ғажобы сол, жай кездері атамыздың денесіндегі еттері тым бос, терілері салбырап тұрғандай олпы-солпы боп көрінеді екен. «Балуанмын дейсіз. Қолыңыздың терісін ұстап көрсем ылбырап созыла береді. Күшіңіздің қай жерде жатқанын көре алмай тұрмын батырекесі», – дейді Үйсін ауылын күйеусініп ойнаған бір қыдырмашы. Сонда атамыз: «Ал онда білегімді тістей ғой. Қырши алсаң – бөсіңе қырық серкеш. Оны үйіңдегі жиеніме бүгін-ақ айдатып жіберейін», – депті. Мұны естіген күйеу білекке ауызды салып кеп жібереді. Байқайды, Балуанның еті манадағыдай бос емес, қатып қалған бір қаратас. Сөйтсе, қандай да бір рефлекс туа қалғанда жай кездегі бос терілердің арасы буылтық-буылтық бұлшық етке толып шыға келуі ол кісінің денесінің туа бітті әдеті екен. Ақыры батырдың білегін қыршымақ түгілі, оның терісіне тісінің табын да түсіре алмаған қонақ ағат айтқан сөзі үшін атамыздан кешірім сұрапты.

«Ана тілі» газетінен

9-сабақ

Ұлт тарихының көркем шежіресі



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Үзіндіні талдап, Қазақ хандығының тарихы жөнінде ортақ тұжырым құрастырыңдар.

Тағы да екі жүз жылдай мезгіл өтті. Алтын Орданың негізгі жерінде – Батысы Жайық өзенінен асып жатқан, Шығысы Ертіс өзенінен өтіп кеткен, Күнгеі-батысы Иранға, Күнгеі-шығысы Қытайға жеткен, ал Шығысы сонау көне Үбайра-Сұбайра Сібір ормандарын аймалаған, ал Теріскей-Шығысы Тобыл мен Тара өзендері құятын Ертістің сағасына дейін шектескен, теріскейі Орал тауының күнгеі жағыменен Тобыл өзенінің бас жағына жеткен Ұлы Далада – Сақ, Қыпшақтан тараған, ежелден, адам болып жаралғалы, осы араны мекендеген қазақ елі қалды...

Бәріне де шыдады, жалғыз жаңқасы қалғанша күресті, ақыры жерін де, суын да ешкімге бермеді. Сол көне қонысында қалды.

І. Есенберлин. «Алтын Орда» роман-трилогиясынан

1-сабақ

Еңбек нарығы



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап сыныпта талқылаңдар.

Осы белгілері бойынша еңбек нарығының құрылымында келесі құрамдас бөліктерді бөліп көрсетуге болады:

- Еңбек нарығының субъектілері.
- Экономикалық бағдарламалар, шешімдер және пән бойынша қабылданған құқықтық стандарттар.
- Нарықтық механизм (еңбек, сұраныс пен ұсыныс, еңбектегі бәсекелестік, баға).
- Жұмыссыздық және онымен байланысты әлеуметтік жәрдемақы.
- Нарықтық инфрақұрылым.

Г.Н. Траисова т.б. «Еңбек нарығы экономикасы» кітабынан

2-сабақ

Сұраныс заңы



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Автор көзқарасын бүгінгі қоғам өмірімен байланыстырып талдаңдар.

Қазақ мәдениетіндегі еңбек құндылығы

Кез келген қоғамның оның әлеуметтік қарым-қатынастарында көрініс табатын құндылықтар сатысы барлығы мәлім.

«Даламыз – дөнге, өрісіміз – малға, үй ішіміз – жанға» толсын десек, расында, еңбекті дәріптеуден бастаған жөн. Өйткені жоғарыда айтылғандардың барлығы – мейлі білек күшін қажет етер мал мен дән өсіру болсын, сол қара жұмысты жеңілдетер технологиялар даярлауға керек ой еңбегі болсын, мейлі жан баулу сынды нәзік дүниелер болсын – еңбекті қажет етеді. Біле білген адамға өмір сүрудің өзі де үлкен еңбек.

Еңбек адамды қоршаған ортамен байланыстырушы дәнекер буын, сол себептен оның адам болмысы үшін өзінің құндылығын жоғалтуы мүмкін емес. Керек десеңіз, адам тұлғасын еңбексіз көзге елестету де қиын, тіпті бүгінде еңбек адам инстинктіне айналды десе де болады. «Тірі жан

тіршілік етеді» дейді қазақ. Осы бір тұрақты сөз тіркесінен қазақтарда өмірдің баламасы болып табылатын «тіршілік» сөзінің кей контексте жасалған еңбекті, іс-әрекетті білдіретіндігін де байқаймыз.

А. Құлсариева. «Қазақ мәдениетіндегі еңбек құндылығы» мақаласынан

3-сабақ Еңбек етсең ерінбей...

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Автор көзқарасын сол кездегі қоғам өмірімен байланыстырып талдаңдар.

Әлихан Бөкейхан сол мезгілде-ақ қазақ жерінің кең және бай екенін, бұл жағдайлардың елдің игілігіне жағымды әсер ететінін жақсы түсінген. Сонымен бірге ол болашақта әрбір ұлттың байлығы жерінің кеңдігі және қазба берекесінің молдығымен өлшенбейтінін, ертең-ақ білім мен озық технологияға ие жұрттың алға шығатынын анық байқаған. Ол «жүйріктік – ақылда, ұсталық – жаһитшілікте» дейді. «Мал бағып, малының артынан еріп көшкен қазақ сияқты халық байлық, қазына мал кіндігінде деп біледі. Қазынаға қуат беретін адам ақылы, адам қолы, адам жаһиты екенін білмейді».

Өлекең түсінігінде тек өзгеру, өсу жолына түскен халық қана ертеңіне сенімді. «Бұрынғы кеңшілікте қазақ қошқарға сыйынып та күнелтті, өтірікші, өсекші, Құдай қарғағанды да болыс, би, ауылнай һәм елубасы қойды. Ол заман енді өтті. Жаңа заман адамнан ақыл, ұсталық, жаһитшілік күтеді. Қазақ жері тарылды, қазынаны күшті жалдап іздемегенге бәйге мүше жоқ».

М. Қойгелді. «Әлихан Бөкейхан: таласып-тартыспаған кісіге де, халыққа да...бәйге жоқ» мақаласынан

4-сабақ Еңбек бәрін жеңбек

Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Негізгі ойды өз болашақтарыңмен байланыстырып талдаңдар.

Мұны білгенің жөн...

Егер кәмелетке толмаған балалар өздері ақша табуды қаласа, Қазақстанда 14 жасқа толмаған балаларға тек кинода, театрда және

цирке жұмыс істеуге рұқсат етілетінін білулері тиіс. Ал 14 жастан бастап, оқудан бос уақыттарында ғана жұмыс істей алады. Он бес жасар жасөспірімдер жұмысқа тек негізгі немесе жалпы орта білім алғанда, яғни кем дегенде 9-сыныпты тәмамдағанда ғана жұмысқа тұра алады.

Жоғарыдағы жағдайлардың барлығында еңбек шартына кәмет жасқа толмаған баламен бірге оның ата-анасының немесе қамқоршысының біреуі қол қоюы тиіс. Еңбек шартын тікелей жасасуға он алты жасқа толған азаматтарға рұқсат етіледі. Сондай-ақ Еңбек кодексі бойынша 18 жасқа дейінгі жеткіншектер күніне ары кетсе алты сағат немесе аптасына 36 сағат жұмыс істей алады.

«Oyla» журналы

5-сабақ

Мамандықтың бәрі жақсы



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Негізгі ойды анықтап, өз көзқарастарыңды білдіріңдер.

Қазақстанда сұранысқа ие 100 мамандық

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік бағдарламалар мен кадрлық қажеттілікті болжау негізінде 2025 жылға дейін 100 сұранысқа ие сервистік және индустриялық кәсіптер тізбесін әзірледі.

Ведомство баспасөз қызметінің ақпараты бойынша мамандықтар тізбесі Елбасының «Жас маман» бағдарламасын әзірлеу жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде дайындалды. Жоғары білімді қажет ететін 35, техникалық және кәсіптік білім деңгейіндегі 65 мамандық енгізілді, оның ішінде 10-ны жаңа мамандықтар. Олардың ішінде: IT-мамандар, 3D модельдеу жөніндегі инженерлер, машинааралық оқыту жүйелері мен жаңартылатын энергия көздері мен өндірістің аддитивті технологиялары бойынша инженерлер, өндірісті автоматтандыру кезеңінде талап етілетін «ақылды» қала құрылысы, пилотсыз авиациялық жүйелер инфрақұрылымының сәулетшілері мен жобалаушылары және графикалық және мультимедиялық дизайнер мамандықтары бар.

Kaz.tengrinews.kz сайтынан

6-сабақ

Жұмыспен қамту



Тыңдалым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, негізгі ойды анықтаңдар. Талқылау сұрақтарын құрастырыңдар.

Еліміздегі еңбек нарығының жағдайы қандай?

Республика экономикасында 2019 жылғы қаңтардағы дерек бойынша 8,7 млн адам жұмыспен қамтылды. Қызметкерлер саны аталған кезеңде 6,6 млн адамды (жұмыспен қамтылғандардың жалпы санынан 76,1%) құрады.

2018 жылғы IV тоқсан деректері бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жалпы санынан жұмыспен нәтижелі қамтылғандар үлесі 90,9%, жұмыспен нәтижесіз қамтылғандар 9,1% болды.

2018 жылғы қаңтарда жұмыссыздар саны, бағалау бойынша 442,5 мың адамды, жұмыссыздық деңгейі 4,8%-ы құрады. Жұмыспен қамту органдарында 2019 жылғы қаңтар айында 111,0 мың адам ресми жұмыссыз ретінде тіркелген. Жұмыссыздар үлесі елдегі жұмыс күші санының 1,2%-ын құрайды.

Жасырын жұмыссыздық деңгейі 2018 жылғы IV тоқсанда жұмыс күшінің санының 0,3% -ына (25,1 мың адам) жетті.

«Егемен Қазақстан» газетінен

ГЛОССАРИЙ МЕН ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

Аккаунт – сервердің мәлімет базасында сақталатын келушінің теңестіру (идентификациялық) нөмірі.

Ақсарбас шалу – қуанышта, қайғыда, ауырғанда, сапарға аттанғанда мал атап, құрбандық шалу салты.

АӨСШК – Азиядағы Өзара Ықпалдастық және Сенім Шаралары.

АСЕАН – Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің ассоциациясы.

АТЭС – Азия-Тынық мұхиты елдерінің экономикалық ынтымақтастығы.

БАӘ – Біріккен Араб Әмірліктері.

Бодо Шефер – әлемге белгілі қаржы кеңесшісі, жазушы, кәсіпкер.

БСҮ – Бүкіл дүниежүзілік сауда ұйымы.

БҮҮ – Біріккен Ұлттар Ұйымы.

Ғұндар – ежелгі дәуірдегі тайпалар одағы, түркі халықтарының арғы тегі.

ЕҚЫҮ – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы.

ЕурАзЭҚ – Еуразия Экономикалық қауымдастығы.

«Жеті жарғы» – Тәуке хан тұсында қабылданған қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының жинағы.

Жерұйық идеясы – шұрайлы, қолайлы қоныс.

Зияткерлік миграция – ақыл-ой, өнертабыс иелерінің өзге елдерге қоныс аударуы.

Меморандум – қол қойылмайтын, мөр басылмайтын құжат.

МЕРКОСУР – Оңтүстік Америка елдерінің жалпы нарығы.

НАСА бағдарламасы – аэроавтика және ғарышқа ұшу саласында зерттеулер жасау үшін 1958 жылы құрылған АҚШ үкіметінің агенттігі.

НАФТА – Канада, АҚШ және Мексика арасындағы Еуропалық Одақ модельдеріне негізделген еркін сауда жөніндегі келісім.

Персонификация – адам бейнесіндегі бөлінген түсініктерінің адам қасиеттерін, табиғи құбылыстарды бейнелеу.

Петарда – ертедегі жарылғыш снарядтың бір түрі, отшашу үшін қолданылатын оқ-дәрі заряды бар қағаз снаряд.

Ренессанс – қайта өрлеу дәуірі.

Сайттағы лонгридтер – мәтін, видео, инфографика, таныстырылым мен музыканы талап ететін жиынтық ақпарат.

Саммит – сыртқы саяси келісімдер жүргізіп, шешімдерге келу үшін мемлекеттердің жоғарғы басшыларының кездесуі.

Сідет жүктетпей – міндет артпау.

Тағдырға тәбділ – өмір ауысады.

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы.

ҰҚШҰ – Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы.

Хакім – өртүрлі ғылымды меңгерген, сол ілімімен адамға ізгі қызмет қылуды мақсат еткен ғұлама.

Һәмма – баршасы.

Шаттл – көп рет пайдаланылатын ғарыш кемесі.

ШЫҰ – Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы.

IBM PC – жеке микрокомпьютерлер.

Эмоционалды интеллект – адамның өз эмоциясын қабылдап, кәдеге жарата білуі. Кез келген тапсырманы тиімді шешу үшін эмоциясын игеру қабілеті.

Көптілділік, мультилингвизм, полилингвизм – нақтылы коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш, одан да көп тілде сөйлей білушілік.

Мультимәдениеттілік – өзгешелікті ортада өз бейнесін сақтап қалуға қолайлы жағдай туғызу.

Фундаменталды (концентуалды) білім – негізгі ғылым салалары бойынша жинақталған білім жүйесі.

Когнитивті икемділік – танымдық қызығушылықтың басым болуы.

Сын тұрғысынан ойлау – өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.

Креативтілік – шығармашылықпен жұмыс істеу дағдысының жоғары болуы.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

1-бөлім. Қазақстан бейнесі. Қазақстанның өткені мен келешегі

1-сабақ. Көшпелілер мәдениеті	4
2-сабақ. Мен қазақтың	7
3-сабақ. Шежірелі Қазақстан	9
4-сабақ. Тәуелсіздік туы астында	11
5-сабақ. Ұлттық құндылықтар	13
6-сабақ. Алтын ұяң – Отан қымбат	15
7-сабақ. Қазақстан – әлем назарында	17
8-сабақ. Қазақ ренессансы	19

2-бөлім. Жастар мәдениеті және мәселесі

1-сабақ. Жүрегі жылы, бойы – құрыш	26
2-сабақ. Жастар жылы аясында	31
3-сабақ. Мен жастарға сенемін	34
4-сабақ. Ел ертеңі – білімді жастар	36
5-сабақ. Ұлт болам десең	37
6-сабақ. Ел тірегі	39
7-сабақ. Өнер, оқу – жастықтың қаруы	41
8-сабақ. Ұрпақтар сабақтастығы	43

3-бөлім. Қазіргі қоғам. Миграция. Зияткерлік миграция

1-сабақ. Дүние сыры	48
2-сабақ. Әлем таныған Қазақ елі	52
3-сабақ. Өнерліге өріс кең	54
4-сабақ. Қиялыңа ерік бер	57
5-сабақ. Зияткерлік миграция	59
6-сабақ. Білімді мыңды жығады	62
7-сабақ. Интеллектуалды ұлт	64
8-сабақ. Өнерпаз он кісімен тең	67

4-бөлім. Әлемді өзгерткен өнертабыстар

1-сабақ. Ғылым таппай мақтанба	76
2-сабақ. Өнертабыс және жаңашылдық	79
3-сабақ. Дәуір перзенттері	81
4-сабақ. Білім – ұлы күш	83
5-сабақ. Әлемді өзгерткен өнертапқыш	87
6-сабақ. Таңғажайып табыстар иесі	90
7-сабақ. Асыл мұра	91
8-сабақ. Өнер сарқылмайды	93

5-бөлім. Бейбітшілік, қауіпсіздік және жаһандық экономика

1-сабақ. Біріккен Ұлттар Ұйымы және Қазақстан	99
2-сабақ. Жаһандық ядролық қауіпсіздік.....	103
3-сабақ. Жаһандық экономика.....	105
4-сабақ. Қазақстан және әлем елдері	108
5-сабақ. Жаһандық экономиканың көшбасшылары.....	109

6-бөлім. Ұлттың тарихи жәдігерлерін сақтау

1-сабақ. Ғажайып мұра	120
2-сабақ. Өркениет бесігі	124
3-сабақ. Қазақтың дәстүрлі қару-жарағы	126
4-сабақ. Шетелдегі қазақ жәдігерлері	131
5-сабақ. Түркі жұртының жауһары	132
6-сабақ. Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары	135
7-сабақ. Шығыс пен батысты байланыстырған көпірлер	138
8-сабақ. Атадан ұл туса игі.....	140

7-бөлім. Табиғат және экология

1-сабақ. Экологиялық қауіпсіздік	145
2-сабақ. Табиғатым – тағдырым	148
3-сабақ. Экологиялық үйлесім	151
4-сабақ. Туған жердің түтіні.....	153
5-сабақ. Жер мәселесі	155
6-сабақ. Табиғат пен адам.....	156
7-сабақ. Табиғат сыры.....	158

8-бөлім. Жаңа әлемдегі театр мен кинематография

1-сабақ. Жаңа замандағы театр.....	163
2-сабақ. Өнер – өмір өрнегі.....	167
3-сабақ. Опера өнері.....	169
4-сабақ. Жаужүрек өрендер	173
5-сабақ. Аға сұлтан бейнесі	177
6-сабақ. Өн патшасы – Өміре.....	181
7-сабақ. Өн салсаң, өзімдей сал... ..	183
8-сабақ. Балуан Шолақ	186
9-сабақ. Ұлт тарихының көркем шежіресі.....	189

9-бөлім. Еңбек нарығы және сұраныс

1-сабақ. Еңбек нарығы	194
2-сабақ. Сұраныс заңы	197
3-сабақ. Еңбек етсең ерінбей... ..	198
4-сабақ. Еңбек бәрін жеңбек	201
5-сабақ. Мамандықтың бәрі жақсы.....	203
6-сабақ. Жұмыспен қамту	204
7-сабақ. Жұмыс күші.....	206
Тыңдалым мәтіндері	211
Глоссарий	252

О қ у б а с ы л ы м ы

**Балтабаева Жаңалық Қылышқызы
Арын Ержан Омарұлы
Әбдіраман Гүлназ Ыбырайқызы**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы
11-сыныбына арналған оқулық**

*Редакторы Г. Нұрланқызы
Көркемдеуші редакторы З. Аульбекова
Техникалық редакторы Ү. Рысалиева
Корректорлары Ү. Бахова, Е. Амангелді
Компьютерде беттеген Э. Омарова*

ИБ № 067

Теруге 23.03.2019 берілді. Басуға 25.06.2020 қол қойылды. Пішімі 70x90^{1/16}.
Офсеттік қағаз. Мектептік әріп. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 18,72.
Есептік баспа табағы 15,58. Таралымы 6000 дана. Тапсырыс № 5185.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.



Оглавление

page1
page2
page3
page4
page5
page6
page7
page8
page9
page10
page11
page12
page13
page14
page15
page16
page17
page18
page19
page20
page21
page22
page23
page24
page25
page26
page27
page28

page34

page35

page36

page37

page38

page39

page40

page41

page42

page43

page44

page45

page46

page47

page48

page49

page50

page51

page52

page53

page54

page55

page56

page57

page58

page59

page60

page61

page62

page63

page64

page69
page70
page71
page72
page73
page74
page75
page76
page77
page78
page79
page80
page81
page82
page83
page84
page85
page86
page87
page88
page89
page90
page91
page92
page93
page94
page95
page96
page97
page98
page99

page104
page105
page106
page107
page108
page109
page110
page111
page112
page113
page114
page115
page116
page117
page118
page119
page120
page121
page122
page123
page124
page125
page126
page127
page128
page129
page130
page131
page132
page133
page134

page139

page140

page141

page142

page143

page144

page145

page146

page147

page148

page149

page150

page151

page152

page153

page154

page155

page156

page157

page158

page159

page160

page161

page162

page163

page164

page165

page166

page167

page168

page169

page174
page175
page176
page177
page178
page179
page180
page181
page182
page183
page184
page185
page186
page187
page188
page189
page190
page191
page192
page193
page194
page195
page196
page197
page198
page199
page200
page201
page202
page203
page204

page209

page210

page211

page212

page213

page214

page215

page216

page217

page218

page219

page220

page221

page222

page223

page224

page225

page226

page227

page228

page229

page230

page231

page232

page233

page234

page235

page236

page237

page238

page239

page244

page245

page246

page247

page248

page249

page250

page251

page252

page253

page254

page255

page256